

Экономиканың жекелеген салаларында (аясында) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасын және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 724 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 желтоқсанда № 12495 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 84 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 03.10.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Экономиканың жекелеген салаларында (аясында) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Білім саласындағы (балабақша) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы ;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Көлік саласындағы (автовокзал) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдеу зауыты) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Білім саласындағы (балабақша) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Білім саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Көлік саласындағы (автовокзал) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдеу зауыты) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

министрінің міндетін атқарушы

М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
1-қосымша

ұйымдастырушының толық
атауын және осы
конкурстық құжаттаманы
бекіткен лауазымды
тұлғаның Т.А.Ә. (болған
жағдайда) көрсету қажет)
20__ жылғы "___" _____
№ _____ шешім
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

(Заңның 20-бабының 4) тармақшасында
көзделген жағдайларда көрсетіледі)
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

(Заңның 21-бабының 3) тармақшасында
көзделген жағдайларда көрсетіледі)

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ЖОБАСЫНЫҢ ҮЛГІЛІК КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫ

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының атауы

(мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының атауын көрсету қажет)

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің орналасқан жері

(мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің орналасқан жері
көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, БСН,
банктік деректемелерін көрсету қажет)

Конкурсты ұйымдастырушы

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін,
БСН, банктік деректемелерін көрсету қажет)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны

(конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын болмаса егер конкурстық құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі".).

1. Жалпы ережелер

1. Осы _____ өткізу жөніндегі
(конкурс түрі көрсетіледі)

(мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының атауын көрсету) бойынша конкурстық құжаттама әлеуетті жекеше әріптестерге (бұдан әрі - конкурстық құжаттама) олардың конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

2. Конкурс _____ (мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының атауын көрсету) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын (бұдан әрі –МЖӘ жобасы) іске асыру үшін жекеше әріптесті айқындау мақсатында өткізіледі.

3. МЖӘ жобасының толық сипаты осы конкурстық құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген.

4. Конкурсқа Заңға сәйкес мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін (бұдан әрі – әлеуетті жекеше әріптестер) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы тұлғаларды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жай серіктестіктер, консорциумдар немесе заңды тұлғалар қатыса алады.

5. Конкурстың ұйымдастырушымен әріптестік мемлекеттік-бөлінді туралы заңмен сәйкестікте дербес әріптес анықтау бойынша конкурстық комиссия жасалып жатыр (бұдан әрі - Комиссия).

2. Конкурстық құжаттаманың көшірмесін ұсыну

6. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап әлеуетті жекеше әріптеске (оның уәкілетті өкіліне) қағаз немесе электрондық жеткізгіште (әлеуетті жекеше әріптестің сұрау салуы бойынша) ұсынады.

3. Конкурстық құжаттаманың мазмұны

7. Осы конкурстық құжаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

1) әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің орналасқан жері;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісім шартылар жобасы (конкурстық құжаттамаға қосымшамен көрініп жатыр);

5) үздік конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаты;

6) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының өлшемдері көрсетілуге тиіс валютаны (валюталарды) көрсету және оларды салғастыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта (валюталар) бағамы;

7) конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) әлеуетті жекеше әріптестің өз конкурстық өтінімін конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) конкурстық өтінімнің мазмұны, конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

4. Конкурстық құжаттаманы түсіндіру

8. Конкурстық құжаттаманы алған, өздері туралы мәліметтер тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген тұлғалар конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, қажеттілікте конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінуге құқылы. Конкурс қайта өткізілген жағдайда конкурстық құжаттаманы алған, тұлғалар конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, қажеттілікте конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінуге құқылы.

Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салу тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауапты жібереді және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама ұсынған барлық әлеуетті жекеше әріптестерге осындай түсіндіруді хабарлайды.

9. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, өз бастамасымен немесе әлеуетті жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде хаттама әзірлеу арқылы конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді, ал қайтадан конкурсты өткізген кезде - күнтізбелік 10 (он) күннен кеш емес мерзімде.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей барлық әлеуетті жекеше әріптестерге конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімді ұсыну мерзімін әлеуетті жекеше әріптестердің конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, күнтізбелік 30 (отыз) күнге, ал конкурс қайта өткізілсе, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнге ұзартады.

10. Конкурсты ұйымдастырушы қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманы түсіндіру үшін әлеуетті жекеше әріптестермен кездесу өткізуге құқылы. Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы кездесу барысында ұсынылған конкурстық құжаттаманы оның қайнар көзін көрсетпей-ақ түсіндіру туралы сұрау салуларды қамтитын хаттаманы, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптар дайындайды.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттаманы рәсімдеу және қол қою күнінен бастап, 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей конкурсты ұйымдастырушы Комиссияға және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық әлеуетті жекеше әріптестерге көрсетілген хаттаманың көшірмесін жолдауға.

11. Егерде әлеуетті жекешелік әріптеспен конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесу конкурстық құжаттамада белгіленген кездесуді өткізу ережелерін уақытында және күнінде олардың немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, онда конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

5. Біліктілік іріктеу

12. Әлеуетті жекеше әріптестердің олардың белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы

(әдіс, орын, құжаттарды ұсыну мерзімі көрсетіледі) дейін жүзеге асырылады.

13. Әлеуетті жекеше әріптес өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін конкурсты ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды ұсынады: _____

— (мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларында көзделген құжаттар (талап) көрсетіледі (бұдан әрі - Рет).

14. Біліктілік іріктеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

_____ (реттерге сәйкес біліктілік іріктеу рәсімдері көрсетіледі).

Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді _____ мерзіміне (мерзімі көрсетіледі, бірақ күнтізбелік 10 (он) күннен көп емес) дейін жоюды хабарлайды.

Хабарлама жіберілген күннен бастап және тиісті құжаттар ұсынылғанға дейін біліктілік іріктеу өткізу мерзімі тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада көзделген мерзімнен кеш ұсынған әлеуетті жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген болып танылады.

15. Оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын әлеуетті жекеше әріптестер тізілімінен әлеуетті жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі.

6. Конкурстық өтінім

16. Конкурстық өтінім осы конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша ресімделеді және өзіне қосады:

_____ (конкурстық мәлімдемелер мазмұн көрсету керек).

17. Конкурстық өтінім және осыған байланысты әлеуетті жекеше әріптестер ұсынған барлық корреспонденция және құжаттама _____ (ұсынылатын конкурстық өтінімнің тілі (тілдері) көрсетіледі) ұсынылады.

18. Конкурстық өтінімде көрсетілген ақша сомалары, сондай-ақ МЖӘ жобасының параметрлері _____ (сомаларды білдіретін валютаны көрсету) көрсетіледі.

19. Конкурстық өтінімді әлеуетті жекеше әріптестер мынадай тәртіппен ұсынады:

Конкурстық өтінімді әлеуетті жекеше әріптес оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, парақтары нөмірленген және әлеуетті жекеше әріптестің қолы әрбір бетіне қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған (егер мұндай болса жеке тұлғаға) түрінде әлеуетті жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (мерзімге көрсеткен болмайды, конкурстық өтінімді ашпай қайтару мақсатында), конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы, конкурстың атауы жазылып жабылған "конвертке" салынған, сондай-ақ " _____ (конкурстың атауын көрсету) ЖӨНІНДЕГІ

КОНКУРС" және "(конкурстық өтінімнің күні мен уақытын көрсету) ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" деген мазмұндағы мәтін жазылған конкурстық өтінімді жолдайды.

20. Белгіленген мерзім өткеткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімі бар конверт конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және әлеуетті жекеше әріптеске қайтарылады.

21. Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды.

22. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) әлеуетті жекеше әріптес атынан өтінімі бар конвертті ұсынған әлеуетті жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген конкурстық өтінімдері бар конвертті қабылдайды және конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) конкурстық өтінімдерді ұсынудың түркілікті мерзімі өткенге дейін егер оны кері қайтару керек болса, онда конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

23. Әлеуетті жекешел әріптестің конкурстық өтінімі мынадай:

1) әлеуетті жекеше әріптес осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) конкурстық өтінім осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

24. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген конкурстық өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

2) өзі енгізген конкурстық өтінімді олар қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

Өзгертілген конкурстық өтінімді әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, нөмірленген және әлеуетті жекеше әріптестің қолы әрбір бетіне қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған (егер мұндай болса жеке тұлғаға) түрінде әлеуетті жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланса, конкурстық өтінімді ашпай қайтару мақсатында), конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы, конкурстың атауы жазылып жабылған "конвертке" салынған, сондай-ақ " _____ (

конкурстың атауын көрсету) ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ" және "(конкурстық өтінімнің күні мен уақытын көрсету) ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" деген мазмұндағы мәтін жазылған конкурстық өтінімді жолдайды.

Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушының атына әлеуетті жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған (егер болған жағдайда жеке тұлғаға) еркін түрде ресімделетін конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

25. Әлеуетті жекеше әріптестер ұсынған конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдерді ашу сәтінен бастап _____ (конкурстық өтінімнің жалпы қолданылу мерзімі күнтізбелік күндерде көрсетіледі) кем болмауға тиіс.

26. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және (немесе) толықтырмайтынына;

2) өзін конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

27. Конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша көзделетін инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

28. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) конкурсты ұйымдастырушы үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдауға құқылы.

Әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы конкурстық құжаттаманың 29-тармағында көрсетілген әрекеттерді қоспағанда, конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті жекеше әріптестер енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

29. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған кезде:

1) әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алғанда не өзгерткенде және (немесе) толықтырғанда;

2) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жекеше әріптес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасудан жалтарғанда қайтармайды.

30. Осы конкурстық құжаттаманың 29-тармағында көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

31. Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске ол енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат ету туралы хаттамаға қол қойылғанда қайтарады. Көрсетілген жағдай конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғанда қайтарады. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының күшіне енуі;

5) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

7. Конкурстық өтінімдерді қарау және таңдау

32. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді мына өлшемшарттарды ескере отырып Комиссия жүзеге асырады:

(Ретпен сәйкестікте белгілерден тізімнен көрсетіліп жатыр).

Көрсетілген өлшемшарттарға қатысты мына параметрлер белгіленеді:

(әрбір өлшемшартқа қатысты өлшемшарттың бастапқы сандық мәні; өлшемшарттың бастапқы мәнінің азаюуы немесе ұлғаюуы; конкурс өлшемшартының маңыздылығын ескеретін салмақ коэффициенті көрсетіледі).

Өлшемшарттарды бағалау үшін мына тәсілдер белгіленеді:

(белгіленген өлшемшарттарды бағалау тәсілдері көрсетіледі).

33. Комиссия конкурстық өтінімдері бар конвертті _____
_____ (конкурстық өтінімдерді ашудың орны, күні және уақыты көрсетіледі) комиссияның басым көпшілігінің, конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің (мемлекеттік әріптес), сондай-ақ әлеуетті жекеше әріптестің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

Конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамаға конкурстық өтінімдерді ашу орны, уақыты және күні туралы, егер басым көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен өзгерістер енгізуіне жол беріледі.

Енгізіліген өзгерістер міндетті күшке ие және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық әлеуетті жекеше әріптестерге, сондай-ақ комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қосқанда мүдделі мемлекеттік органдарға және ұйымдарға, осы туралы кідірмей хабарлайды.

Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларды жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы _____ (интернет-ресурс (веб-портал) немесе басқа электрондық амалы көрсетіледі) арқылы хабардар.

34. Конкурстық Комиссияның жұмыс органы конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

35. Комиссия барлық конкурстық өтінімдерді қарайды.

Егер бір конкурстық өтінім ғана ұсынылған жағдайда, бұл өтінімді конкурстық Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

36. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

37. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан әлеуетті жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның көрсетілген отырысыннан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға-олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданылады.

38. Комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерді қарайды және әлеуетті

жекеше әріптестерге конкурсқа қатысуға (конкурсқа қатысушы деп таниды) рұқсат беру туралы шешімді, біліктілік іріктеу нәтижелерін ескере отырып қабылдайды

Әлеуетті жекеше әріптестерге конкурсқа қатысуға (конкурсқа қатысушылар деп тану) рұқсат беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға отырыстыққа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әр парағына қол қояды. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға болған жағдайда сараптамалық қорытынды немесе Комиссия мүшесінің ерекше пікірі, сарапшының (сараптама комиссиясының мүшесі) ерекше пікірі қоса берілуі мүмкін.

Конкурсқа қатысу жөніндегі өтінімде қамталған мәліметтерді нақтылау комиссия жазбаша нысанда тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратады. Комиссия конкурстық өтінімдерді ашқан кезден бастап 5(бес) жұмыс күні ішінде Комиссия біліктілік талаптарына және талап етілетін құжаттардың болмауы немесе олардың тиісінше ресімделуі бөлігінде (ресімді белгілері) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жекеше әріптестерді қажет болған жағдайда Жұмыс органы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын жасай алады.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында мынадай ақпарат болуға тиіс:

біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесі және конкурсқа қатысу өтінімін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру үшін әлеуетті жекеше әріптестің ұсынуы және біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестікке келтіруі қажет құжаттар тізбесі;

құжаттарды ұсынудың түпкілікті мерзімі.

Комиссия хатшысы немесе жұмыс органы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының көшірмесін әлеуетті жекеше әріптеске қол қойылған күні жолдайды.

Белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған құжаттама қабылданбайды.

39. Комиссия отырысын өткізусіз конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

Сондай конкурстық мәлімдеме мойындау туралы Комиссияда бұл шешімде жақсы жойып жатыр және осы конкурсқа енгізген қалған конкурстық мәлімдемелердің ортасында, жақсы конкурстық мәлімдеме қайтадан сайланып жатыр.

Конкурстық құжаттамаға
1-қосымша

МЖӘ жобасының сипаты	
МЖӘ жобасының атауы	МЖӘ жобасының толық атауы көрсетіледі
МЖӘ жобасының қысқаша сипаты	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	мемлекеттік әріптестің атауы, мекенжайы, деректемелері, байланыс деректері көрсетіледі
МЖӘ объектісі	Заңның 1-бабының 13-тармақшасында айқындалған МЖӘ объектісі көрсетіледі
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	МЖӘ жобасын іске асыратын орын (мекенжайы немесе орналасқан жерінің сипаты) көрсетіледі
МЖӘ жобасын іске асырудың мерзімдері және кезеңдері	МЖӘ жобасын іске асырудың мерзімдері және кезеңдері көрсетіледі
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ жобасының құны көрсетіледі
Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері	Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері	Шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері көрсетіледі
Байланыс деректер	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, байланыс телефоны және электрондық почтасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

Нысан

Конкурстық өтінім

_____ (конкурстың атауы көрсетіледі) конкурстық құжаттаманы қарап _____ (әлеуетті жекеше әріптес көрсетіледі) осы конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ шарты бойынша жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы конкурстық өтінім _____ (конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі көрсетіледі) жарамды.

Біздің конкурстық өтіміз жеңген деп танылған жағдайда, біз МЖӘ шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарысыз конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес рәсімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз конкурстық өтімізді қайтарып алмайтынымыздың болмаса конкурстық құжаттамада көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтіміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді жеңімпаз деп айқындаған жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшері теңгемен көрсетіледі) мөлшерінде конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы конкурстық өтінімге мынадай құжатта қоса беріледі: _____
_____ (конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

_____ (әлеуетті жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә.
(болған жағдайда) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

_____ (конкурстық өтінім берілген орны және күні).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 725 бұйрығына
2-қосымша

**Экономиканың жекелеген салаларында (аясында)
мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері
бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты**

_____ 20__ жылғы "___" _____

_____ (қол қоятын қаланы көрсету) (жасалған күні көрсету)

Бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

_____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы "___" _____

№ _____ шешіміне сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Осы Экономиканың жекелеген салаларында (аясында) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі – МЖӘ) үлгілік шартында (бұдан әрі – Үлгілік шарт) мынадай ұғымдар қолданылады:

1) арнайы қаржы компаниясы 2006 жылғы 20 ақпандағы "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" (бұдан әрі – Заң жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жекеше әріптес құратын компания;

2) баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға;

3) жеке әріптес – жеке кәсіпкер, консорциум немесе заңды тұлға, басқа, мемлекеттік серіктестермен сәйкес мен заңмен "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" (бұдан әрі - Заң) сөйлеушілердің беттердің жеке кәсіпкер, МЖӘ келісім шарты жапқан.

4) жобалау құжаттамасы – МЖӘ объектісін құру және/немесе реконструкциялау үшін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес әзірленуі мен бекітілуі талап етілетін құжаттама;

5) жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) жергілікті қамту – жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарларда, шарттың және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі;

6) кадрлар – Жекеше әріптестің сол немесе өзге қызмет саласындағы даярланған, білікті қызметкерлерінің негізгі (штаттық) құрамы;

7) кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны;

8) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде тауарлар өндіру және (немесе) жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

9) МЖӘ объектісін басқару – МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару;

10) МЖӘ объектісі – МЖӘ объектісінің атауы;

11) МЖӘ жобасын басқару – жобаны басқару рәсімдерінің орындалуы: жобаның шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау;

12) МЖӘ жобасы – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие МЖӘ-ні жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы;

13) тауардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы;

14) тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт;

2. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

2. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі _____

(МЖӘ жобаны атауың көрсету)

қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

3. МЖӘ объектісін сипаттау, мүлік құрамы, техникалық жай-күйі, қызмет ету мерзімі, МЖӘ объектісінің болжанған бастапқы, қалдық және қалпына келтіру құны, технология мен технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді қоса алғанда, техникалық-экономикалық ерекшеліктер мен басқа да мәліметтер Үлгілік шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

4. Мемлекеттік әріптес/Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген қызметті Мемлекеттік әріптестің/Жекеше әріптестің жүзеге асыруы үшін _____

(МЖӘ объектісімен біртұтас болады және (немесе) МЖӘ объектісімен жалпы тағайындау бойынша пайдалануға арналған – керегін көрсету) мүлікті (бұдан әрі – өзге мүлік) басқа тарапқа беруге құқылы.

Өзге мүліктің құрамы және оның сипаттамасы, оның ішінде техникалық-экономикалық ерекшеліктер, мүліктің құрамы, техникалық жай-күйі, қызмет ету мерзімі, берілетін мүліктің бастапқы, қалдық және қалпына келтіру

құны туралы мәліметтерді қоса алғанда, өзге мүліктің құрамына кіретін объектілер тізбесі егер МЖӘ жобамен бұл ескерған, бір Үлгідегі келісім шартыға жеке қосымшада суреттеліп жатыр қосып жатыр.

Мемлекеттік әріптес/Жекеше әріптес иелену және пайдалану құқығы Үлгілік шартқа сәйкес басқа тарапқа берілетін өзге мүліктің меншік иесі екендігіне кепілдік береді.

Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер _____.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын орындау үшін тартылатын тұлғалардың құқықтары мен міндеттері _____.

Егер бұл МЖӘ жобасымен қарастырылса, қоса беріледі.

5. МЖӘ объектісі және өзге мүлік осы Үлгілік шарт жасалған кезде, _____ (құқық белгілеуші құжаттардың және/немесе өзге мүлікке қатысты меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде меншік құқығында Мемлекеттік әріптеске/Жекеше әріптеске тиесілі. Меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары Үлгілік шартқа қоса беріледі.

6. МЖӘ объектісінде мынадай ауыртпалықтар мен пайдалану шектеулері бар және/немесе тіркелген _____ (керегін көрсету).

7. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметін жүзеге асырған кезде пайдалануға арналған МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, жылжымайтын мүлік объектілерін құрады, олардың сипаттамасы, мүліктің құрамы, техникалық жай-күйі, қызмет ету мерзімі, мүліктің болжамды бастапқы, қалдық және қалпына келтіру құны, технология мен технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді қоса алғанда, техникалық-экономикалық ерекшеліктері Үлгілік шартқа МЖӘ жобасымен қарастырылса, қоса беріледі.

8. МЖӘ жобасын іске асыру мерзімі.

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Жобаның жүзеге асырулары кестелері МЖӘ, бұл мерзімге ұзартуларға пайдаланымға, және ретке объект МЖӘ, оның енгізу құрылыс, жасау, қайта құру, жаңғырту бойынша жұмыстарға орындауларға мерзімге сол санда (немесе бір үлгідегі келісім шартыға жеке қосымшада қажеттілікте көрсетілген).

9. МЖӘ жобасы өнімдерінің, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің көлемдері мен түрлері _____ (керегін көрсету) және оларды өткізу нарығы.

10. МЖӘ жобасының өндірістік бағдарламасы МЖӘ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінің (бұдан әрі – ТЭН) қаржылық-экономикалық бөлімінде көрсетілген.

11. МЖӘ жобасын іске асырудың негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері МЖӘ жобасының басты негіздемелері мен базалық шарттары көрсетілетін, сондай-ақ:

1) МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесіне сәйкес рұқсаттар мен лицензиялар алу үшін көзделген болжамды мерзімдерді;

2) МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесіне сәйкес жұмыстарды орындау үшін көзделген мерзімдерді;

3) мемлекеттік қолдау шараларының төлемдері мен мемлекеттік бюджет қаражатынан өзге де төлемдердің сомасы мен кестесін;

4) МЖӘ объектісін пайдалану кезіндегі коммерциялық табыс пен таза пайданың сомаларын;

5) МЖӘ жобасына арналған жылжымайтын мүлікті және жер учаскелерін иеліктен айырулар бойынша өтемақыларды төлеуге арналған жалпы соманы;

6) МЖӘ жобасын іске асыруға кедергі болатын жағдайларды жоюға арналған шығындардың жалпы сомасын;

7) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде өндірілетін өнімдердің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары мен мәнін (МЖӘ жобасын іске асырған жағдайда енгізіледі);

8) тарифтерді қалыптастыру тәртібін және мыналардың:

тарифке (баға, алым мөлшерлемесі) енгізілген шығындар көлемдерінің тарифті қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстардың;

тарифте ескерілетін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер тозуының жыл сайынғы сомаларының;

реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) болжамды көлемінің;

инвестицияланған капиталды қайтарудың жыл сайынғы сомаларының;

инвестицияланған жеке қаражатқа жыл сайынғы пайданың есептеулерін қамтитын тарифке (баға, алым мөлшерлемесі) енгізілетін жыл сайынғы пайда болжамын;

9) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуын есептеу әдістерін, негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізу мерзімдерін және амортизациялық аударымдар қаражатын пайдалану бағыттарын;

10) нормативтік техникалық шығындар болжамы мен шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының болжамды техникалық және технологиялық нормаларын;

11) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталатын шығындардың жыл сайынғы болжамды сметасын;

12) штат кестесін және еңбекақы төлеудің шекті деңгейін;

13) инвестицияланған капиталды тартудың болжамды шекті мөлшері мен алдын ала шарттарын (пайыздық мәнінде инвестицияланған капитал құрылымындағы қарыздық және меншікті қаражаттың арақатынасы, қарыз капиталының сыйақы мөлшерлемесі және меншікті қаражат пайдасының мөлшерлемесі, нысаналы пайдалану, игеру кестесі, инвестицияланған капиталды қайтару шарттары) қамтиды.

12. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес осы Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

3. Жекеше әріптеске жер учаскелерін беру тәртібі

13. Жекеше әріптеске осы Үлгілік шартты орындау мақсатында жер учаскелеріне құқық беру шартты жасау, бұзу және тоқтату тәртібі 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес айқындалатын тиісті шарт негізінде іске асырылады.

14. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесін сипаттау, (сипаттама көрсету қажетті ГЧП жер бөлімше объект жасау және пайдаланым үшін, сол санда шекаралар оның кадастр нөмір, құн, тұрған орыны, аудан, сипаттама, мемлекеттік жер кадастр көшірме).

15. Жер бөлімшенің сипаттама көрсету керек, қажетті жылжымайтын дүние жасау және пайдаланым үшін, сол санда шекаралар оның кадастр нөмір, құн, тұрған орыны, аудан, сипаттама, мемлекеттік жер кадастр көшірме.

16. Жер учаскелері МЖӘ объектісін салу кезеңінде уақытша өтеусіз пайдалану шартымен беріледі.

17. Егер Жер учаскесі шартында _____ (жалдау, қосалқы жалдау – керегін көрсету) өзгеше көзделмесе, Жекеше әріптестің жер учаскесіне өзінің құқықтарын басқа адамдарға беруге және жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

18. Үлгілік шартты тоқтату Жекеше әріптестің жер учаскесіне құқықтарын тоқтау үшін негіз болып табылады.

4. МЖӘ жобасының инвестициялары

19. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері, құрылымы, көлемі, мерзімдері, кестесі және шарттары _____ (жобаның қаржыландырулары

Көздер, құрылым, мөлшерлер, мерзімдер, кестелер және шарттары көрсету керек ГЧП, негізгі қорларға, шарттарға инвестицияларға сол санда қаржыландырулар сыртқы қаржыландырулар, схема және ұйымы).

20. Аяқталуда, көлемдерде, нысандар мен мерзімде МЖӘ объектісінің _____

(салынуы, құрылуы, реконструкциялануы және жаңғыртылуы – керегін көрсету) шығыстарын қаржыландыруға Жекеше әріптеске қаражат жіберуге міндетті.

21. Инвестициялар, оның ішінде МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау және жаңғырту бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру Үлгілік шарттың 12-бөлімінде көрсетілген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері есебінен өтеуге жатады.

22. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

23. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың үлгі есепшоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

24. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

5. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

25. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық (МЖӘ жобамен басқарулар институциональная схемасы толық көрсетіліп жатыр).

26. Рұқсатпен серіктестіктермен МЖӘ, ретпен (қатысушылармен) акционерлермен арасында уставного капиталы серіктестіктер МЖӘ, қатынастар құрастырулар және толықтырулар серіктестіктер МЖӘ, реті органдардың құрастырулары Реті институционального МЖӘ іске асыруда бірлескен споралық _____ көрсетіліп жатыр).

27. Операторды (операторларды) тағайындау тәртібі _____
_ (операторды (операторларды) тағайындау тәртібі).

28. Мемлекеттік меншікке берілетін немесе мемлекеттік меншіктегі МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы _____ болып табылады (заңды тұлғаның деректемелерін көрсету).

Баланс ұстаушы Үлгілік шарт бойынша Мемлекеттік әріптес мүддесіне орай МЖӘ объектісіне қатысты мынадай құқықтар мен міндеттерге ие:

(керегін көрсету)

29. МЖӘ объектісінің техникалық жай-күйін бақылау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: _____

(бақылаудың, беттің реті көрсету керек және құзырлары олардың құзырын, және негіздерін (келісім шарты, сенімхат және басқа) көрсету.

МЖӘ жобасы бойынша өндірілетін өнімдердің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады _

(бақылаудың, беттің реті көрсету керек және құзырлары олардың құзырын, және негіздерін (келісім шарты, сенімхат және басқа (шарт, сенімхат және басқалары) көрсету.

30. МЖӘ жобасы бойынша өндірілетін өнімдердің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тарифтері мен бағаларын бақылау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады _____

(бақылаудың, беттің реті көрсету керек және құзырлары олардың құзырын, және негіздерін (келісім шарты, сенімхат және басқа) көрсету.

6. МЖӘ объектісін салуды, құруды, реконструкциялауды және/немесе жаңғыртуды ұйымдастыру

31. МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту Жекеше әріптестің материалдары, күші және қаражатын пайдалану арқылы ол тартатын қаражат есебінен жүзеге асырылады. МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту кезеңінде пайда болатын тәуекелдер Жекеше әріптеске жүктеледі.

Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына, сондай-ақ үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығымен ұсынылған материалдар мен жабдықтарды ұсынуға жауапты болады.

32. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 7-тармағында көрсетілген МЖӘ объектісін және жылжымайтын мүлік объектілерін салады, құрады, реконструкциялайды және/немесе жаңғыртады, Үлгілік шартқа

жобалау құжаттамасында көрсетілген шарттар мен талаптарға сәйкес объектілерге қажетті жақсартулар жүргізеді.

33. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

34. Жекеше әріптес осы Үлгілік шарттың 28-тармағында көрсетілген тұлғамен келісу бойынша, оның іс-қимылына жеке өзінікі секілді жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) _____ (салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту - керегін көрсету) МЖӘ объектісі бойынша жұмыстарды орындауға тартуға құқылы.

35. _____

(Жекеше әріптес, Мемлекеттік әріптес – керегін көрсету)

20__ жылғы " __ " _____ дейінгі Үлгілік шарттың 7-тармағында көрсетілген МЖӘ объектісін және жылжымайтын мүлік объектілерін _____

_____ (салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту – керегін көрсету) қажетті жобалау құжаттамасын _____ (әзірлеуге және Мемлекеттік әріптеспен келісуге, _____ әзірлеуге және Жекеше әріптеске беруге – керегін көрсету) міндетті.

36. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеспен келісусіз әзірленетін жобалау құжаттамасын беруге немесе өзге тәсілмен пайдалануға, сондай-ақ жобалау құжаттамасын немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаларға иеліктен шығарып беруге құқығы жоқ.

37. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін _____

_____ (салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту – керегін көрсету) бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске мынадай іс-қимылдарды: _____ (нақты іс-қимылдарды көрсету) жүзеге асыру жолымен жәрдем көрсетуге міндетті.

38. Жекеше әріптес жобалау құжаттамасының осы Үлгілік шартта белгіленген талаптарға, техникалық регламенттердің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес бұл туралы Мемлекеттік әріптесті дереу ескертуге және Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалау құжаттамасына қажетті өзгерістер енгізгенге дейін МЖӘ объектісін _____

_____ (салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту – керегін көрсету) бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау құжаттамасының осы

Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде жобалау құжаттамасын _____ әзірлеген жағдайда осы Үлгілік шартта (Жекеше әріптес, Мемлекеттік әріптес керегін көрсету) көрсетілген тәртіппен және мөлшерде _____ (Жекеше әріптес, Мемлекеттік әріптес керегін көрсету) алдында жауапты болады.

39. Жекеше әріптес объектілерді сәулет және қала құрылысы қызметі туралы заңнамада белгіленген тәртіппен және Үлгілік шартқа

техникалық-экономикалық ерекшеліктерге сәйкес пайдалануға береді.

40. Жекеше әріптес осы Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін _____

(салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту - керегін көрсету) пайдалануға беруді және (немесе) МЖӘ объектісін пайдалануды (эксплуатациясын) мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес осы Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында көрсетілген жағдайлар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

41. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғыртудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

42. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 35-тармағында көрсетілген, бірақ күтпеген мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін бастапқы жобалау құжаттамасында көрсетілмеген қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқығы бар.

43. Жекеше әріптес күнтізбелік _____ күн мерзімде немесе Тараптардың келісуі бойынша басқа мерзімде Үлгілік шарттың 42-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап 20 күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді. Қосымша жұмыстардың құны мынадай тәртіппен айқындалатын болады: _____ (тәртібін көрсету).

44. Жекеше әріптес, егер:

1) қосымша жұмыстар бастапқы жобалау құжаттамасы мен Үлгілік шартқа көрсетілген талаптарға айтарлықтай өзгерістерге әкелмейтін болса;

2) қосымша жұмыстар МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау және/немесе жаңғырту шығындарының _____ артыққа (сомасын көрсету) ұлғаюына, Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптестің міндеттерін

орындау мерзімінің _____ артуына (мерзімін көрсету) алып келмесе, өз есебінен жоғарыда көрсетілген Мемлекеттік әріптеске қажетті, Үлгілік шарттың 42-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындауға міндетті.

45. Үлгілік шарттың 42-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген және Жекеше әріптес үшін _____ асатын сомаға қосымша шығындар алып келетін қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынан туындамаған қосымша жұмыстар шығыстарын Жекеше әріптестің осы шығындарды төлеуге қаржы ресурстарын тарту мүмкіндігі болмаған жағдайда, Мемлекеттік әріптес өтейді.

46. Егер Үлгілік шарттың 42-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Үлгілік шарттың 119-тармағына сәйкес Тараптардың көрсеткіштерді қалпына келтіруге құқығы бар.

47. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

7. МЖӨ объектісін пайдалану

48. МЖӨ объектісін пайдалану мынадай құқықтық режим негізінде жүзеге асырылады: _____

(керегін көрсету: сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау және басқалары).

МЖӨ объектісін, өзге де мүлікті, сондай-ақ құрылуы Үлгілік шарттың 7-тармағында қарастырылған объектілерді пайдалану тәртібінің ерекше шарттары, техникалық және өзге де сипаттамалары Үлгі шартқа

2-қосымшада көрсетілген.

49. МЖӨ объектісі _____

(мерзімін көрсету) мерзімге пайдалануға беріледі.

50. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді. Егер МЖӨ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

51. Пайдалануға берілген мүлік Жекеше әріптестің жеке балансында көрсетіледі және ол бойынша дербес есеп жүргізіледі. Егер МЖӨ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

52. _____ МЖӨ объектісін (Мемлекеттік әріптес/Жекеше әріптес) пайдалану кезінде дербес және өз есебінен (керегі көрсетілсін):

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдағы жөндеуді жүзеге асырады;

3) инженерлік желілер мен электр жабдықтарын пайдалануды жүзеге асырады;

4) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

5) қолданыстағы заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

53. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді, МЖӘ объектісінің нысаналы мақсатын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдағы және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ, сондай-ақ: _____

_____ құқығы жоқ.

(қажетті шектеулерді көрсету)

54. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің бейініне сәйкес МЖӘ объектісін пайдаланады және мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: _____

_____ (экономика саласына (аясына) байланысты барлық қызмет түрлері (негізгі және өзге де қызмет) көрсетіледі)). Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

55. МЖӘ объектісін пайдалану сапасының өлшемшарттары: _____

_____ (өлшемшарттарын көрсету)

56. МЖӘ объектісін пайдалану сапасын айқындау тәртібі: _____

_____ (МЖӘ объектісін пайдалану сапасын айқындау тәртібін көрсету)

57. МЖӘ объектісін шектелген нысаналы пайдалану құқығы үшінші тұлғаларға мынадай тәртіппен беріледі: _____

(үшінші тұлғаларды және МЖӘ объектісін нысаналы пайдалану

_____ тәртібін көрсету)

58. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 54-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы үшін Мемлекеттік әріптес мынадай шаралар қабылдайды: _____

(экономиканың тиісті саласында (аясында) қызмет түрлерін Жекеше әріптестің жүзеге асыруына қойылатын талаптарына, сондай-ақ Мемлекеттік әріптестің құзыретіне байланысты шаралар көрсетіледі). Егер Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануы МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

59. МЖӘ объектісін шектелген нысаналы пайдалану құқығын ұсыну мақсатында Үлгілік шарттың 57-тармағына сәйкес Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес мынадай шаралар қабылдайды: _____

(экономиканың тиісті саласында (аясында) Жекеше әріптестің қызмет түрлерін жүзеге асыруына қойылатын талаптарға, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес _____

пен Жекеше әріптестің құзыретіне байланысты шаралар көрсетіледі).

Егер Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануы МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

60. Негізделген қажеттік болған кезде Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін пайдалану шарттарына түзету жүргізуді талап етуге құқылы. Мұндай жағдайда Тараптар Мемлекеттік әріптестің талаптарына сай келетін МЖӘ объектісін пайдалану жөніндегі түзетулерді келісуге міндеттенеді.

Егер МЖӘ объектісін пайдалану жөніндегі шарттарды қайта қарау

ТЭН-нің қаржы-экономикалық жоспарының және инвестициялық бағдарламаның көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар оны Үлгілік шарттың 121-тармағына сәйкес оны қайта қарауға құқылы.

8. Жекеше әріптестің меншігіндегі МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға, оның ішінде МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптестің сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру

61. Жекеше әріптестің меншігіндегі МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға мүліктік жалға (жалдауға) берудің жалпы шарттары: _____ Мемлекеттік әріптеске (жалдауға) дербес әріптеске, мүліктік жалдануға меншікте болған объекттің жалдаулары ортақ шарттары (көрсету керек МЖӘ немесе уәкіл лицуонымен.).

62. Жекеше әріптестің меншігіндегі МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптестің сатып алуының жалпы шарттары: _____ Мемлекеттік әріптеске дербес әріптеске меншікте болған объекттің сатып алудың ортақ шарттары МЖӘ көрсету керек.

9. Салық салу

63. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің шеңберінде мынадай салықтық міндеттемелерді атқарады: _____.

(керегін көрсету)

Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіндегі қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Үлгі шарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу және жаңғырту

64. МЖӘ объектісін пайдалануға бергеннен кейін әрбір _____ мерзімнің соңында Тараптар МЖӘ объектісін күрделі жөндеу, жаңғырту жүргізу қажеттігіне, қызмет көрсету және күтіп-ұстау бойынша шарттарды өзгерту және тиісті шығындар қажеттілігі тұрғысынан МЖӘ объектісін тиісті бағалауды орындайды.

65. МЖӘ объектісін оны пайдалану кезеңінде күрделі жөндеуді: _____ (Мемлекеттік әріптес/Жекеше әріптес) жүзеге асырады.

66. _____ пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін (Мемлекеттік әріптес/Жекеше әріптес) жаңғыртуды объектіні жетілдіру, жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

67. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу мен жаңғыртуды қаржыландыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: _____.

(керегін көрсету)

68. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу және жаңғырту Мемлекеттік әріптеспен келісілген техникалық тапсырма мен жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады. МЖӘ объектісіне күрделі жөндеу және/немесе жаңғырту жүргізілген кезеңде Мемлекеттік әріптеспен келісу немесе оның тапсырмасы бойынша МЖӘ объектісін пайдалануды жүзеге асыру МЖӘ объектісін күрделі жөндеу және жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезеңінде толығымен немесе ішінара тоқтатылуы мүмкін.

11. Мемлекеттік қолдау шаралары

69. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске мынадай мемлекеттік қолдау шараларын ұсынады: _____

(мемлекеттік қолдау шараларының тізбесін және ұсыну тәртібін көрсету)

12. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

70. Мыналар:

1) МЖӘ объектісін пайдалану процесінде өндірілген тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізу;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда мемлекеттен алынатын субсидиялар;

3) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жекеше әріптестің инвестициялық шығындарын өтеу;

4) МЖӘ шартына сәйкес жекеше әріптестің операциялық шығындарын өтеу;

5) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес МЖӘ объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеу;

6) МЖӘ объектісінің қолжетімділігі үшін төлем Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады (бұл бөлімде қажетті шарттар көрсетіледі).

71. Жекеше әріптеске инвестициялық шығындарды өтеу осы Үлгілік шарт бойынша _____ аспауы қажет.

(сомасын көрсету)

Өтемақыны төлеу МЖӘ объектісі пайдалануға берілгеннен кейін жүзеге асырылады.

72. Жекеше әріптеске осы Үлгілік шарт бойынша операциялық шығындарды өтеу _____ аспауға тиіс.

(сомасын көрсету)

73. МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақы _____ кұрайды. (сомасын көрсету)

74. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске инвестициялық шығындардың өтемақысын, операциялық шығындардың өтемақысын және мемлекеттік меншіктегі МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақыны, сондай-ақ МЖӘ объектісін басқарғаны үшін жалдау ақысын, МЖӘ объектісінің қолжетімділігі үшін төлемді (керегін көрсету) осы Үлгілік шарттың 22-тармағына сәйкес ашылған Жекеше әріптес есеп шотына мынадай тәртіппен және мерзімде төлейді : _____

(қажетті деректерді, оның ішінде төлемдер мөлшерін есептеу және өзгерту тәртібін көрсету)

Жекеше әріптестің есеп шотынан ақша қаражатын есептен шығару талаптары банк пен Жекеше әріптес арасындағы жеке шартта Мемлекеттік әріптеспен келісусіз белгіленуі мүмкін (МЖӘ жобасында көзделген болса енгізіледі).

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.11.2016 № 480(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Инвестициялық шығындардың өтемақысын, операциялық шығындардың өтемақысын және сыйақыларды төлеу кезінде осы Үлгілік шартта және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген МЖӘ объектісін құру (реконструкциялау) және пайдалану сапасының өлшемшарттары мынадай тәртіппен _____ есепке (тәртібін көрсету) алынады.

76. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, бұзу күніне нақты инвестициялық шығындардың өтемақысы мынадай тәртіппен және мөлшерде жүргізіледі: _____.

77. Осы Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған жылжымалы мүлік, өнім мен кірістер _____ (Мемлекеттік әріптес/Жекеше әріптес) меншігі болып табылады.

78. МЖӘ объектісін пайдалану процесінде өндірілген тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізу нәтижесінде алынған пайда мынадай тәртіппен _____ (деректер, тұлғалар мен шығындар элементтері бойынша көрсетіледі) бөлінеді.

79. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдаланғаны үшін төлемді мынадай тәртіппен және мөлшерде төлейді: _____

(қажетті деректерді, оның ішінде төлемді есептеу және оның мөлшерінің өзгерту тәртібін көрсету).

80. Тараптардың шығыстары МЖӘ келісімшарты мерзімінен бұрын тоқталған кезде мынадай тәртіппен өтеледі: _____

_____ (қажетті деректерді көрсету).

13. Кадрларды оқыту

81. Кадрларды оқыту, біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

82. Жекеше әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және Мемлекеттік әріптеске ұсынады.

Егер Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануы МЖӘ жобасында көзделген болса, бұл бөлім енгізіледі.

14. Жергілікті қамту

83. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

1) бірінші санат – басшылық құрам – _____ %;

2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар _____ %;

3) үшінші санат – білікті жұмысшылар - _____ %.

84. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – _____ %;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда _____ % құрауға тиіс.

85. Жергілікті қамтуды есептеу Үлгілік шартқа тәртіппен жүзеге асырылады бір үлгідегі жергілікті мазмұндар есептеулер әдістемені толық көрсету (көрсету керек (немесе жеке қосымшаға қажеттілікте келісім.)).

Егер Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануы МЖӘ жобасында көзделген болса, бұл бөлім енгізіледі.

15. МЖӘ объектісіне және өзге де жылжымайтын мүлікке меншік құқығы және оны беру тәртібі

86. Құрылған және пайдалануға берілген МЖӘ объектісі _____ (объектінің меншікке кімге берілетінін көрсету) меншікке берілуге жатады.

МЖӘ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдауды және одан әрі мемлекеттік МЖӘ объектісін Жекеше әріптеске пайдалануға беруді (МЖӘ жобасында көзделген болса, енгізіледі) республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган (меншік деңгейіне байланысты: республикалық немесе коммуналдық) жүзеге асырады. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке ресімдеу кезеңінде және МЖӘ объектісін пайдалануға беру кезеңінде МЖӘ объектісін ұстауды және сақтауды қамтамасыз ету міндетін өзіне алады. МЖӘ жобасында көзделген болса, енгізіледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.11.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Үлгілік шарттың 7-тармағына сәйкес құрылған жылжымайтын мүлік объектілері _____

меншігіне (негіздемесі мен қабылдап алатын тұлғаны көрсету) мынадай тәртіппен беруге жатады _____

(тәртібін, оның ішінде мүліктің құнын, _____

_____ ауыртпалықтардың болуын айқындау тәртібін көрсету)

88. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда Жекеше әріптес МЖӘ объектісін және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы Мемлекеттік әріптеске береді, ал Мемлекеттік әріптес _____ (мерзімін көрсету) мерзім ішінде қабылдайды.

Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

89. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Үлгілік шартқа, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға және Үлгілік шарттың (егжей-тегжей сілтеп жібер - МЖӘ нысанының сипаттамасын, технико-экономикалық маманданымдарды, маулұматтының туралы дүние-мүліктің құрамының, техникалық күйде, қызметтің, алғының, және восстановительной МЖӘ нысан мөлшерлі қалдық құн мерзім, технология және технологиялық жабдық (қарамастан әлде қажет болған жағдайда жеке аддендумде к үлгі шартқа) ішіне ала 6-тармағында көрсетілген ауыртпалықтарды қоспағанда, оған үшінші тұлғалардың құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

90. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Үлгілік шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне Үлгілік шарттың 6-тармағында көрсетілген ауыртпалықтарды қоспағанда, оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

91. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа дүние құрам туралы объектінің МЖӘ, технико-экономикалық жағдаят спецификацияның, мәліметтің қоса сипаттамасы _____ (толық көрсету керек, объектінің МЖӘ, технологияның қызметтер, шамаланған бастапқы, қалдық және қалпына келтіргіш құндары техникалық күйге, мерзімге және оборудовании.) технологиялықсанда өзге мүлікті және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталған, ол мерзімінен бұрын бұзылған күннен бастап _____ күн ішінде (мерзімін көрсету) және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда Мемлекеттік әріптеске қайтарады, ал Мемлекеттік әріптес оларды қабылдайды. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

92. МЖӘ объектісінің, сондай-ақ Үлгілік шарттың 7-тармағына сәйкес құрылған объектілердің құны мынадай тәртіппен айқындалады: _____

(тәртібін көрсету)

93. Мемлекеттік әріптестің _____
_____ (олар басталған жағдайда Мемлекеттік әріптес _____

_____ ол
қоюдан бас тартуға құқылы мән-жайларды көрсету) жағдайда МЖӘ объектісін, өзге де мүлікті, сондай-ақ Үлгілік шарттың 7-тармағына сәйкес құрылған объектілерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюдан бас тартуға құқығы бар.

94. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 93-тармағының негізінде объектілерді және/немесе өзге де мүлікті қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 93-тармағында көрсетілген мән-жайларды жою жөнінде шаралар қабылдауға міндеттенеді.

16. Арнайы қаржылық компания

95. Арнайы қаржылық компанияның жарғылық капиталына қатысу үлестері (акцияларға құқықтары) _____

_____ (қатысушылар және жарғылық капиталдағы үлесінің немесе акцияларға құқықтарының көлемін көрсету).

96. Арнайы қаржылық компания Үлгілік шартты орындау мақсатында осы Үлгілік шартта айқындалған мерзімге және шарттарға сәйкес құрылады. Арнайы қаржылық компания Үлгілік шарттан туындайтын міндеттемелерді орындауға Жекеше әріптеспен ортақ толық жауапкершілікте болады. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 144-тармағында белгіленген тәртіппен арнайы қаржылық компанияның ортақ жауапкершілігі туралы міндеттемелерді ресімдеуге міндетті.

97. Арнайы қаржылық компанияға, сондай-ақ Мемлекеттік әріптеске қатысты құрылтайшылардың қатынастары мен міндеттемелері "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес реттеледі.

98. Жекеше әріптес пен Арнайы қаржылық компания осы Үлгілік шарт бойынша, сондай-ақ "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" Заңында талап етілетін МЖӘ жобасында көзделген техникалық, экономикалық және қаржылық сипаттағы сапа мен кепілдіктерді сақтауға міндетті.

99. Арнайы қаржылық компанияның жарғылық капиталындағы (акцияларға құқықтарындағы) үлестерін иеліктен шығару "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" Заңында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

100. Жекеше әріптестің жарғылық капиталынан бір немесе бірнеше қатысушының шығуына немесе бір немесе бірнеше қатысушының кіруіне алып келетін Жекеше әріптестің жарғылық капиталдағы (акцияларға құқықтарының)

үлестерін иеліктен шығаруы Мемлекеттік әріптесті алдын ала хабардар ету арқылы жүргізіледі. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы бөлім енгізіледі.

17. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

101. Мемлекеттік әріптес:

1) жекеше әріптеспен және МЖӘ шартының өзге де тараптарымен оның талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) өзі конкурсты не тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы болған кезде МЖӘ компаниясының басқару органдарына қатысуға;

3) МЖӘ шарты шеңберінде жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүзеге асыруға;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және МЖӘ шарты талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

6) МЖӘ объектісі бойынша жекеше әріптестің кінәсінан туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

7) МЖӘ шартының талаптарын жекеше әріптес не МЖӘ шартының өзге де тарапы бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына және МЖӘ шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

102. Мемлекеттік әріптес:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында көзделген жағдайларда және мерзімдерде мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісіне құқықтарды жекеше әріптеске беруге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті.

18. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

103. Жекеше әріптес:

1) МЖӘ шартының талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

2) МЖӘ шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде МЖӘ шартында белгіленген жағдайларда және тәртіппен төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

3) МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өз қалауы бойынша пайдалануға;

4) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды МЖӘ шартында көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына және МЖӘ шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

104. Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектілерінің бейінін сақтауға, сондай-ақ МЖӘ шартының талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін тиісті техникалық күйінде мемлекеттік әріптеске беруді қамтамасыз етуге;

2) жасалған МЖӘ шарты шеңберінде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ жобасын іске асыру үшін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және МЖӘ шартында белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті.

19. Археологиялық олжалар

105. Егер МЖӘ объектісін салу және/немесе реконструкциялау жұмыстарын орындау кезінде археологиялық олжалар табылса, археологиялық қызығушылықты алдын ала тексеру мақсатында Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұрады және бұл туралы уәкілетті мемлекеттік органға және Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлайды. Жұмыстар уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша рұқсаты бойынша ғана жалғастырылуы мүмкін. Олжалардың табылу себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық мән-жайлар болып саналады.

106. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

20. МЖӘ шартының орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

107. Мемлекеттік әріптес Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт

бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін (егер Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануы МЖӘ жобасында көзделген болса, енгізіледі), сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

108. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектілерін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемін ұлғайту мен сапасын жақсарту;
- 3) қызметтің өзіндік құнын төмендету және кіріс бөлігін арттыру;
- 4) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 5) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

109. Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптестің уәкілетті органдарының өкілдеріне МЖӘ объектісіне, сондай-ақ Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

110. Жекеше әріптес _____ (ай сайын, тоқсан сайын, әр жартыжылдықта, күн сайын – керегін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап _____ күн ішінде ұсынады. Есеп мынадай деректерді қамтуға тиіс: _____.

(Тараптармен келісілген деректер көрсетіледі)

111. Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды Мемлекеттік әріптес анықтаса, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің жіберілген бұзушылықтарын күнтізбелік _____ күн ішінде жоюы туралы талабын жазбаша түрде жібереді.

112. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

113. Жекеше әріптес жыл сайын _____ кешіктірмей Мемлекеттік әріптеске өзінің МЖӘ объектісін басқару қызметі туралы есеп береді.

114. Жекеше әріптес жыл сайын сатып алуды өткізу үшін жоспарланған жылдың алдағы жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын және сатып алынған тауарлар

, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті органына белгіленген нысанда және мерзімде ұсынуға міндетті.

21. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар

115. МЖӘ жобасы бойынша міндеттемелердің орындалмауы және қосымша шығыстар тәуекелдері, оның ішінде МЖӘ шарты бойынша берілетін мүлікті күтіп-ұстау ауыртпалығының, сондай-ақ көрсетілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелдерінің өту шарттары мен мерзімдері шарт тараптарының келісуі бойынша "Мемлекеттік-жекешілік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы " " _____ Заңының ___ бабына сәйкес айқындалады.

116. Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді ескере отырып, Тараптар тәуекелдерді былайша бөлу туралы келісімге келді:

_____.
(керегін көрсету)

117. Тәуекелдерді басқару мүмкіндігін бағалау Үлгілік шартқа белгіленген тәртіппен тұрақсыздандыратын және қолайлы оқиғаларды талдау негізінде жүзеге асырылады тәуекелдердің бағалар және шектеулері әдістемені _____ (көрсету керек. Ықпал баға үшін нақтылы Тыныштық бұзатын немесе қаржы-экономикалық жағдаят тепе-теңдікке Қолайлы оқиғалар, ағымдағы сәтке МЖӘ жобаның қаржы табыстылықтары өлшемдер тетігі қажетті ескеру керек. Келесі бейімделуге Тыныштық бұзатын немесе Қолайлы оқиғаға Тыныштық бұзатын шабуылдан айтар-айтпаста кейін ағатын күй қалпына келтіруге тиісті немесе Қолайлы оқиғаны, уақыт қалай болғанын онда бейімделуге тараптардың құқықтардың бағаны ер ақылсыз өндіріп алар еді, үлкеюлерге тарапқа маңызды айырмашылығы бола алатын бір үлгідегі келісім шартыларға шешімдерге датаға қойылған табыстылыққа сілтеп немесе кейіннен қойылған нақты табыстылықтан кішірейтулар).

118. Мыналар:

1) Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы;

2) Үлгілік шарттың 12-бөлімінде көзделген _____ асатын төлемдер (мерзімін көрсету) мерзімін бұзу;

3) мемлекеттік органдардың тарапынан лицензиялар, аккредиттеу және Үлгілік шартты орындау үшін қажет өзге де рұқсат беру құжаттарын беру бойынша белгіленген мерзімдердің бұзылуы;

4) заңнамаға және осы Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес міндеттемелерін, формальдылықтар мен міндеттерін уақтылы орындау бойынша оң тарихы бола тұрып, Мемлекеттік әріптестің немесе өзге де мемлекеттік органдардың іс-қимылы нәтижесінде Мемлекеттік әріптес осы Үлгілік шартқа сәйкес өзінің міндеттемелерін орындай алмауы;

5) Үлгілік шарттың 33-бөліміне сәйкес еңсерілмес күшінің кез келген мән-жайы (Мемлекеттік әріптес шығындары асатын мөлшерде) _____ (сомасын көрсету);

6) Осы Үлгілік шартты жасасқаннан кейін қолданысқа енгізілген:

Үлгілік шартта көзделген МЖӘ объектісін салудың, құрудың, реконструкциялаудың, жаңғыртудың мерзімдері мен шарттарына, МЖӘ объектісін экономикалық басқаруға және оның функционалдылығына немесе инвестициялар мен төлемдердің тетіктері мен шарттарына теріс әсер ететін;

Үлгілік шарттың талаптарына өзгерістер енгізу қажеттігін туындататын;

Жекеше әріптес үшін салық режимінің теріс өзгеруіне алып келетін;

Үлгілік шарт бойынша көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды, тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерге, тауарларға, жұмыстарға қол жеткізуді ұсынудың көлеміне не орындау тәртібі мен ұсыну шарттарына әсер ететін;

Үлгілік шартты жасасу сәтінде қолданылған бухгалтерлік қағидаттарды өзгертуге әкелетін немесе МЖӘ жобасы шеңберінде берілетін негізгі құралдарды амортизациялаудың, инвестицияларды есепке алудың жаңа тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының бюджеттік, салықтық және басқа да заңнамасының кез келген ережесі;

7) Жекеше әріптестің кінәсіз болған, МЖӘ объектісінің дайындығына теріс әсер ететін және МЖӘ объектісін пайдалануға беруді кідірте алатын орындалу мерзімінің (_____) кез келген бұзылуы (қосымша маңызды жұмыстарды көрсету, мысалы: кіреберіс жолдары немесе жол желісін ұйымдастыру жұмыстары);

8) Үлгілік шарттың 19-бөліміне сәйкес кез келген археологиялық олжа;

9) жобалық құжаттаманы бекіту мерзімінің бұзылуы немесе Жекеше әріптес кінәсіз болған _____ астам күннің ішінде (күндерін немесе айларын көрсету) бекітпеуі;

10) Жекеше әріптес кінәсіз болған, МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту кезінде мерзімінің бұзылуы мен шығындардың _____ сомаға ұлғайту;

(сомасын көрсету)

11) Жекеше әріптес кінәсіз болған қажетті лицензияларды, рұқсаттарды жою немесе олардың күшін жою;

12) МЖӘ жобасын сақтандыру шығындарын _____

_____ мөлшерінде ұлғайту;

(сомасын көрсету)

13) Үлгілік шарттың 42-тармағына сәйкес қосымша жұмыстар;

14) МЖӘ жобасының ерекше сипаттамаларына байланысты басқа да тұрақсыздандыратын ықтимал оқиғаларды қосу тұрақсыздандыратын оқиғалар болып табылады.

119. Мыналар:

1) қаржы-экономикалық жоспарда көзделген деректерге қатысты осындай төмендету жалпы сомасы _____ асатын мөлшерде шығындарды төмендету;

2) жобалық құжаттамада көзделген деректерге қатысты МЖӘ объектісін құру шығындарын төмендетуге алып әкелетін, осындай төмендету жалпы сомадан _____ асатын мөлшерде Мемлекеттік әріптес мақұлдаған техникалық және технологиялық өзгерістер;

3) МЖӘ объектісін пайдалану шығындарын _____ астам сомаға төмендету;

4) теріс нәтиженің орнына оң нәтижеге және қаржы-экономикалық параметрлердің жақсаруына алып келетін тұрақсыздандыратын оқиғалар анықтамасында аталған кез келген оқиға немесе мән-жай;

5) МЖӘ жобасының ерекше сипаттамаларына байланысты басқа да ықтимал қолайлы оқиғаларды қосу қолайлы оқиғалар болып табылады.

120. Егер:

1) қолайлы оқиғаның; және/немесе;

2) тұрақсыздандыратын оқиғаның нәтижесінде баланстың бұзылуы орын алатын болса, Тараптар қаржы-экономикалық жоспарға сәйкес қаржылық балансты қалпына келтіруге құқылы.

121. Егер қандай да бір жағдай немесе Үлгілік шарттың 118,

119-тармақтарында аталған мән-жайлардың бірі оң мағынадағы өзгерістерге алып келсе, балансты қалпына келтіру Мемлекеттік әріптестің пайдасына жүргізіледі.

122. Қарсы Тарапқа қолайлы және/немесе тұрақсыздандыратын оқиғаның пайда болуы туралы растайтын құжатты берген сәттен бастап күнтізбелік _____ күн мерзімде Тараптар МЖӘ жобасының қаржылық шарттарын тексеруді орындайды және қаржылық параметрлері баланстың бұзылуы туындаған күннің алдындағы күні болған деңгейіне қайтып келетіндей етіп қаржы-экономикалық жоспардың көрсеткіштерін қалпына келтіруді көздейтін шарттарды қайта қарау бойынша бірлескен, баламалы немесе бірлескен шешім қабылдайды:

- 1) Мемлекеттік әріптеске және/немесе Жекеше әріптеске сыйақыларды және өзге де төлемдерді ұлғайту немесе азайту;
- 2) Мемлекеттік әріптеске және/немесе Жекеше әріптеске өтемақы ретінде сомаларды (біржолғы төлем немесе кезеңдік сомалар) төлеу;
- 3) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын тоқтату немесе мерзімін ұзарту;
- 4) Басқа (көрсету әсерлер ерекшеліктен) тәуелділікте.

22. Тараптардың жауапкершілігі

123. Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Үлгілік шартта және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

124. Тараптардың бірі жобалау құжаттамасының Үлгілік шартта белгіленген талаптарға, Қазақстан Республикасы заңнамасының, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған кезде, осы сәйкессіздікті анықтаған Тарап екінші Тарапқа бұл туралы дереу ескертеді және Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде жобалау құжаттамасына қажетті өзгерістер енгізген сәтке дейін Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту жұмыстарын тоқтата тұрады.

Жобалау құжаттамасының Үлгілік шартта белгіленген талаптарға, Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде, жобалау құжаттамасын әзірлеген _____
_____ Үлгілік шартта (Жекеше әріптес, Мемлекеттік әріптес – керегін көрсету) көрсетілген тәртіппен және мөлшерде _____
_____ (Жекеше әріптес, Мемлекеттік әріптес – керегін көрсету) алдында жауап береді.

125. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында объектіні _____
_____ кезде Үлгілік шартта (салған, құрған, реконструкциялаған, жаңғыртқан және пайдаланған - керегін көрсету) белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, жобалау құжаттамасының талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауап береді.

126. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап _____ күн ішінде (күнтізбелік күндер саны, өзге мерзім – керегін көрсету) Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік

әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзім _____
_____ кұрайды.

(күнтізбелік күндер саны, өзге мерзім – керегін көрсету)

127. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін _____
_____ жөніндегі жұмыстардың сапасы үшін МЖӘ объектісін (салу, құру,
жаңғырту, реконструкциялау, пайдалану – керегін көрсету) Мемлекеттік
әріптеске берген күннен бастап _____ жыл ішінде жауапты болады.

МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз _____
туындаған ақаулықтар анықталған кезде, Жекеше әріптес (салудан, құрудан,
жаңғыртудан, реконструкциялаудан, пайдаланудан – керегін көрсету)
Мемлекеттік әріптестен анықталған ақаулар туралы хабарламаны алған күннен
бастап күнтізбелік _____ күннің ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген
өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

128. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы
немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындаған Тараптардың шығындарын
өтеу мынадай тәртіппен жүргізіледі: _____

(Тараптармен келісілген тәртіп көрсетіледі)

129. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске осы Үлгілік шартта көзделген
міндеттемелерді Жекеше әріптес орындамаған немесе тиісінше орындамаған
жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау
мерзімдері бұзылған жағдайда _____ түрінде тиісті бюджетке (
айыппұл, өсімақы – керегін көрсету) тұрақсыздық айыбын төлейді.

130. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше
орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді
орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес _____

(айыппұл, өсімақы – керегін көрсету) түрінде Жекеше әріптеске тұрақсыздық
айыбын төлейді.

131. Айыппұлдарды, өсімақыларды төлеу мөлшерлері, тәртібі және
мерзімдері мынадай тәртіпте және мөлшерлерде көрсетілді: _____

(айыппұлдарды, өсімақыларды төлеу мөлшерлерін, тәртібін және
мерзімдерін толық көрсету немесе қажет болса, бөлек қосымшада
көрсету).

**Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің
22.11.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

132. Жекеше әріптес _____

(Үлгілік шарттың күшіне енген, өзге – керегін көрсету)

күнтізбелік _____ күннен бастап (МЖӘ жобасына сәйкес көрсетіледі) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді мынадай нысандарда: _____ (МЖӘ жобасына сәйкес көрсетіледі) ұсынады.

133. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

134. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Мемлекеттік әріптестің мүдделеріне тиісті қамқорлық көрсетпесе, оның табиғи тозуын, сондай-ақ жіберіп алған пайдасын ескере отырып, МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару кезінде жіберіп алған пайдасын және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған шығындарды өтейді. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.11.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Егер Жекеше әріптес осы шығындар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің іс-қимылынан пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген шығындар үшін жауапты болады.

136. МЖӘ объектісін басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлігі және оған тиісті төлемдер есебінен өтеледі. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

137. Жекеше әріптес осы Үлгілік шарттың тиісінше орындалмауымен Мемлекеттік әріптеске келтірілген шығындарды өтеуді қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынады. Егер МЖӘ жобасында көзделген болса, осы тармақ енгізіледі.

Үлгілік шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну шарттары Үлгілік шартта көрсетілген.

23. Құқықтар мен міндеттерді беру

138. Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы Заңында, Азаматтық кодексте және осы Үлгілік шартта белгіленген шарттарды сақтай отырып, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтарын немесе оның бір бөлігін басқа адамдарға беруге құқылы.

Үлгілік шарт бойынша талаптар басқаға берілген немесе борышы аударылған жағдайда Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттерінің басқа адамға/адамдарға ауысуы осындай адамның/адамдардың Қазақстан Республикасының Заңында және осы Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі

конкурстың конкурстық құжаттамасында белгіленген конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

139. Заңды тұлға Жекеше әріптесті қайта ұйымдастырған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттерінің қайта ұйымдастырылған немесе пайда болған заңды тұлғаға ауысуы қайта ұйымдастырылған немесе қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған заңды тұлға Заңында және осы Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың конкурстық құжаттамасында белгіленген конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

140. Құқықты беру:

1) өтеулі не өтеусіз азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде басқа адамға құқықты ішінара немесе толық иеліктен айыру;

2) құқықты басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталына беру;

3) банкротқа ұшыраған кезде конкурстық іс жүргізу процесінде құқығынан айыру;

4) құқыққа ақыны, оның ішінде кепілдік кезінде өндіріп алу жолымен жүзеге асырылады.

141. Барлық жағдайларда, Үлгілік бойынша құқықтар мен міндеттерді басқа адамға/адамдарға беру Мемлекеттік әріптестің жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

142. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына Жекеше әріптес болып табылатын заңды тұлға акцияларының немесе акцияларға меншік құқығын растайтын өзге де бағалы қағаздардың не акцияға айырбасталатын құнды қағаздардың айналымға бастапқы шығарылуы, оның ішінде қосымша эмиссия шеңберінде шығарылған осындай бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бастапқы орналастыру Мемлекеттік әріптесті алдын ала хабардар ете отырып, жүзеге асырылады.

143. Үлгілік шарт бойынша құқықты (оның бір бөлігін) кепілге беру Мемлекеттік әріптестің жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

Үлгілік шарт бойынша құқық кепілдік ретінде алынған кредитті Үлгілік шартта көзделген мақсаттарға Жекеше әріптестің өзі немесе арнайы қаржылық компаниясы пайдалануға тиіс.

144. Құқық ішінара басқа адамға берілген жағдайда Жекеше әріптес пен осындай адам құқықтарды бірлесіп жүзеге асыру және Үлгілік келісімшарт бойынша міндеттерді орындау кезінде туындайтын өзара міндеттемелер бойынша келісімге келулері тиіс. Бірлескен қызмет туралы шарт не Жекеше әріптес пен үшінші тұлға арасындағы Үлгілік шарт бойынша қызмет шеңберінде

өзара құқықтар мен міндеттерді белгілеу туралы өзге де шарт Мемлекеттік әріптеспен келісіледі және Үлгілік шарттың Тараптары үшін міндетті күші бар Үлгілік келісімшартқа қосымша болып табылады.

145. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық берілетін үшінші тұлға Үлгілік келісімшарт бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

146. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

147. Құқықты беру бойынша барлық шығыстар, егер беру шарттарында өзгеше көзделмесе, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

148. Үлгілік шарт бойынша құқықты беру Үлгілік шарттың

162-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқығын беруден бас тартуға құқылы.

149. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсаты болмай тұрып жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

150. Үлгілік шарттың 149-тармағында көрсетілген мәмілелерді жасасу туралы Мемлекеттік әріптесті оны жасасқаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етпеу мәмілелерді жарамсыз деп тануға негіз болады.

24. Қолданылатын құқық

151. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

152. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

153. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

154. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға қайшы келмесе, Қазақстан Республикасы мемлекеттік-жекешелік туралы заңнамасының нормалары қолданылады.

25. Дауларды шешу тәртiбi

155. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

156. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар алты айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шешуге құқылы

26. Үлгілік шарт тұрақтылығының кепілдіктері

157. Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік туралы заңнамасына сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

158. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

159. Егер Үлгілік шарт осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалса және заңнамада нормативтік құқықтық актінің кері күші тікелей көзделмеген болса, Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін нашарлататын Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістері мен толықтырулары Үлгілік шартқа қолданылмайды.

160. Үлгілік шарттың 161-тармағында белгіленген кепілдіктер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс қабілеттілігі саласындағы, экологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, салық салу және кедендік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне қолданылмайды.

27. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу шарттары

161. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша Үлгілік шартқа объектіні МЖӘ-ға беру жөніндегі конкурстың шарттарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен енгізуге құқықтары бар.

Үлгілік шартқа объектіні МЖӘ-ға беру жөніндегі конкурстың шарттарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу оларды Үлгілік шарттың кіріспесінде көрсетілген Конкурстық комиссиямен және мүдделі мемлекеттік органдармен келіскеннен кейін рұқсат етіледі.

162. Үлгілік шарт:

- 1) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 2) Тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылған;
- 3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасында және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданылуын тоқтатады.

163. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін _____ (салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және пайдалану - керегін көрсету) ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, денсаулық сақтауға және адамгершілікке қауіп төндіретін жағдайда, атап айтқанда:

_____ экономика саласына (аясына) байланысты жағдайлар көрсетіледі) жағдайларда Үлгілік шарттың талаптарын біржақты өзгерту және/немесе оған толықтырулар енгізу немесе оны бұзу туралы шешім қабылдай алады.

МЖӘ шартын орындаудан біржақты бас тартудың айрықша жағдайлары _____ (қажет болған жағдайда көрсету)

164. Мемлекеттік әріптес осы тараудың 164-тармағында көрсетілген құқықты іске асырған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және/немесе оған толықтырулар енгізуге байланысты қосымша шығындарды өтейді, сондай-ақ Үлгілік шартты бұзу немесе талаптарын өзгерту және/немесе оған толықтырулар енгізу Жекеше әріптестің дөрекі салғырттығынан не оның Үлгілік шарт талаптарын бұзушылығынан туындаған жағдайлардан басқа, Үлгілік шартты бұзуға байланысты Жекеше әріптес шеккен шығындарды өтейді.

165. Егер Тараптар МЖӘ объектісін _____ іске (салуды, құруды, реконструкциялауды, жаңғыртуды және пайдалануды - керегін көрсету) асыру үшін мемлекеттің инфрақұрылымдық облигациялар бойынша кепілгерлігін таңдаған болса, онда инфрақұрылымдық облигациялар айналысының мерзімі ішінде облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасауға әкеп соғуы мүмкін Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және/немесе оған толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

28. Үлгілік шарттың тілі

166. Үлгілік Тараптар үшін қолайлы тілде, заңды күші бірдей _____ _ түпнұсқа данада жасалды, олардың ішінде _____ данасы Мемлекеттік әріптес үшін және _____ данасы Жекеше әріптес үшін жасалды.

167. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым.

168. Тараптар қазақ (немесе) орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

169. Үлгілік шарт күшіне енген күннен бастап Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат жасалады.

29. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі

170. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және _____ қолданылады (мерзімі МЖӘ жобасына сәйкес көрсетіледі).

171. МЖӘ объектісін салу, құру, реконструкциялау мерзімі 20__ жылғы " __ " _____.

172. _____ (моральдық жағынан ескірген және іс жүзінде тозған жабдықты _____ жаңғырту, жаңа, неғұрлым өнімді жабдықпен ауыстыру, өзге мүліктің _____ сипаттамалары мен пайдалану қасиеттерін жақсарту жөніндегі _____ іс-шараларды жүзеге асыру – керегін көрсету) мерзімі 20__ жылғы " __ " _____

173. (Егер Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалануы МЖӘ жобасында көзделген болса, енгізіледі) Жекеше әріптестің объектіні пайдалану мерзімі 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығында.

174. Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске тиесілі Үлгілік шарттың 187-тармағында көрсетілген шартқа сәйкес зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды пайдалану мерзімі – _____ құрайды.

(күн, ай, жыл – керегін көрсету)

30. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

175. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындаған кезде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің мынадай нәтижелеріне айрықша құқықтар тиесілі: _____

(зияткерлік меншік объектілерінің атауы) Зияткерлік қызметтің көрсетілген нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен _____ (Мемлекеттік әріптес немесе Мемлекеттік әріптестен алынған өкілеттіктердің негізінде _____ Жекеше әріптес – керегін көрсету) жүзеге асырады.

176. Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы мақсатында Мемлекеттік әріптес Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Үлгілік шарттың 176-тармағында көзделген зияткерлік қызметтің нәтижелерін пайдалану құқықтарын өтеусіз негізде Жекеше әріптеске беру туралы шарт жасасады.

177. Үлгілік шарттың 177-тармағында көзделген зияткерлік қызметтің нәтижелерін пайдалану құқығын өтеусіз негізде Жекеше әріптеске беру туралы шартты тоқтату үшін Үлгілік шартты тоқтату негіз болып табылады.

178. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 176-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүлктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына, Жекеше әріптестің үшінші тұлғалардың зияткерлік қызмет нәтижелеріне берілген құқықтарына қатысты барлық өзара қарым-қатынастарды реттегеніне және зияткерлік қызметтің нәтижелері үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос екендігіне кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

179. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүлктік құқықтары ауысады.

Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, қайта жасау немесе басқаша түрде автормен жазбаша келісім бойынша коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (өзгерту құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүлік құқықтарын іске асыруға құқылы.

180. Үлгілік шарттың 176-тармағында көзделмеген және Жекеше әріптеске тиесілі зияткерлік қызмет объектілерін пайдалану құқығын Мемлекеттік әріптеске беру мынадай: _____ (шарттарды

көрсету) шарттарға сәйкес келуге тиіс жекелеген шарттар мен келісімдердің негізінде жүзеге асырылады.

31. Сақтандыру

181. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

182. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің _____ (салуда, құруда, реконструкциялауда, жаңғыртуда және пайдалануда-керегін көрсету) пайдаланылатын мүлкіне;

3) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

4) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

183. Мемлекеттің қарыздар бойынша кепілгерлігін алуға үміткер Жекеше әріптестің осы Үлгілік шартқа мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарызды қайтаруды қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты болуға тиіс.

184. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасының сақтандыру қызмет туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша таңдайды.

32. Құпиялылық

185. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да болмасын Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

186. Тараптардың мына жағдайларды:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық процестік және қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беру;

2) ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілген жағдайда;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану

міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілген;

4) институционалдық инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін институционалдық инвесторға ақпарат берілген жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

187. МЖӘ объектісін _____ (салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту, пайдалану – керегін көрсету) жүргізуге жатқызылған барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша _____ жылға құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

33. Еңсерілмеген күш мән-жайлары (форс-мажор)

188. Тараптар Үлгілік шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер осындай орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмеген күш мән-жайларынан туындаса, жауапты болмайды.

189. Үлгілік шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен әскери жанжалдар, дүлей зілзалалар сияқты осындай мән-жайлар кезіндегі төтенше және күтпеген жағдайлар жатады. Келтірілген тізбе толық болып табылмайды. Осындай мән-жайларға, атап айтқанда, жұмыстарды орындау үшін қажетті көрсетілетін қызметтердің немесе материалдардың болмауы немесе тапшылығы жатпайды.

190. Еңсерілмеген күш мән-жайлары туындаған жағдайда, олардан зардап шеккен Тарап форс-мажорлық мән-жайлардың басталған күнін нақтылайтын және сипаттайтын жазбаша хабарламаны табыстау не почта арқылы жіберу жолымен 5 (бес) күн ішінде ол туралы екінші Тарапты хабардар етеді.

191. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде, Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығу шешімін іздестіру үшін тез арада келіссөздер жүргізеді және осындай мән-жайлардың салдарын мейлінше азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

192. Форс-мажорлық мән-жайлардан туындаған Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды толық немесе ішінара тоқтату кезінде осы жұмыстарды жүргізу кезеңі форс-мажордың әрекет ету мерзіміне ұзартылады және форс-мажор тоқтатылған сәттен бастап жаңартылады.

34. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

193. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӨ объектісін салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде МЖӨ объектісін салуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға, пайдалануға тартылған персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауға және олардың сақталуын бақылауға;

2) МЖӨ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тартылған персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нормалар мен талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес МЖӨ объектісінің жұмыс істеуі нәтижесінде атмосфераға шығарындылардың саны мен химиялық құрамы бойынша нормалардың сақталуын қамтамасыз етуге;

4) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ жеке меншікті жоюға қауіп төндіретін авариялар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

5) МЖӨ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

194. Егер МЖӨ объектілерін салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту, пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

195. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) жарылғыш заттар мен жарылу құралдарын есепке алу, тиісінше сақтау және жұмсау, сондай-ақ оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалану;

5) жұмыстардың технологиялық циклын қамтамасыз ету және қауіпті жағдайларды болжау үшін қажетті және жеткілікті геологиялық, маркшейдерлік және өзге де бақылаулар кешенін жүргізу, қауіпті аймақтарды уақтылы айқындау және оны тау-кен жұмыстары жоспарына түсіру;

6) атмосфераның жай-күйін, ондағы оттегінің мөлшерін, зиянды және жарылғыш қауіп бар газдар мен тозаңдарды жүйелі түрде бақылау;

7) техникалық құжаттаманы және аварияларды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

8) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

196. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптестің лауазымды тұлғалары жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

197. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы жергілікті атқарушы органдарды дереу хабардар етуге міндетті.

198. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

199. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Жекеше әріптес алдында шарттық міндеттемелер мен еңбек міндеттерін орындаумен байланысты, Жекеше әріптестің кінәсінен азаматтардың денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

200. Жекеше әріптес авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалау құжаттарының құрамында бекітуге міндетті.

35. Қорытынды ережелер

201. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың өкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

202. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес _____

Жекеше әріптес _____

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

203. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде хабардар етуге міндетті.

36. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан

_____ (телефон және факс) (телефон және факс)

Аты-жөні Аты-жөні

Осы Үлгілік шарт Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында туындаған құқықтық қатынастарды реттейді. Мемлекеттік әріптес, осы Үлгілік шартты пайдалана отырып, жекеше әріптесті белгілеу жөніндегі конкурс қорытындылары не тікелей келіссөздер негізінде өзінің МЖӘ шартының соңғы жобасын әзірлеуге тиіс. Бұл ретте, осы Үлгілік шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына, Мемлекеттік әріптестің конкурстық құжаттамасына, Жекеше әріптестің конкурстық өтінімі мен Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келулері тиіс. Осы Үлгілік шартта курсивпен бөлінген түсіндірмелерді Мемлекеттік әріптес толтыруға тиіс.

Ескерту. 36-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.11.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2015 жылғы

МЖӘ объектісі

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан

Ескертпе: қосымшада құрылатын, реконструкцияланатын, жаңғыртылатын МЖӘ объектісінің сипаттамасы, МЖӘ объектісі мүлкінің құрамы, техникалық жай-күйі, қызмет ету мерзімі, болжамды бастапқы, қалдық және қалпына келтіру құны, технологиялары мен технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді қоса алғанда, техникалық-экономикалық ерекшеліктері толық көрсетіледі.

2015 жылғы

Экономиканың әртүрлі салаларында МЖӘ объектісін пайдалану шарттары

1. МЖӘ объектісін жалдаудың жалпы шарттары

1. МЖӘ объектісін жалға беру қабылдау-тапсыру актісі (беру сәтіндегі МЖӘ объектісінің іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) бойынша жүзеге асырылады, оған Жекеше кәсіпкердің, баланс ұстаушының өкілдері қол қойып, Мемлекеттік кәсіпкер бекітеді және ол осы Үлгілік шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Үлгілік шартқа қол қою арқылы Мемлекеттік кәсіпкер және жазбаша келісіммен баланс ұстаушы жалға берілетін МЖӘ объектісінің беру кезінде кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және Үлгілік шарттың қолданылуы кезінде Үлгілік шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалар талап етпейтіндігін айғақтайды.

3. Үлгілік шарт "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады және МЖӘ объектісін жалдау жөніндегі шарттар осындай тіркеу сәтінен бастап күшіне енген деп есептеледі.

Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу Жекеше кәсіпкердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Жекеше кәсіпкер өрт және электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалға алынған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттардың тиісінше орындалмауының салдарына толық жауап береді.

5. Мемлекеттік кәсіпкердің:

1) баланс ұстаушымен келісім бойынша МЖӘ объектісін, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге Жекеше әріптеске жазбаша рұқсат беруге;

2) жалдау ақысын аударудың уақтылылығы мен толықтығына бақылауды жүзеге асыруға;

3) жалдау ақысын уақтылы енгізбегені үшін өсімпұлды есептеуге;

4) МЖӘ объектісінің нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

6. Жекеше әріптестің:

1) жалдау ақысын аванспен төлеуге;

2) баланс ұстаушының жазбаша келісімімен МЖӘ объектісін, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалдауға беруге рұқсат алу үшін Мемлекеттік әріптеске жүгінуге құқығы бар.

7. Мемлекеттік әріптес:

1) баланс ұстаушының МЖӘ объектісін Жекеше әріптеске қабылдау-тапсыру актісі бойынша беруін және шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде оны бекітуді қамтамасыз етуге;

2) шартпен белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін иеленуіне және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3) жалдау ақысының мөлшерін өзгерткен жағдайда, бұл туралы Жекеше әріптесті жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін бір ай бұрын жазбаша хабардар етуге;

4) Жекеше әріптеске жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, мерзімі өткен жалдау төлемдері үшін өсімпұл мен айыппұлдар есептегені туралы хабарламаны жіберуге міндетті.

8. Жекеше әріптес:

1) ай сайын жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да жалдау төлемдерін (айыппұлдарды, өсімпұлды) төлеуге;

2) жалдау ақысын (айыппұлдарды, өсімпұлды) төлегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем тапсырмаларының (түбіртектердің) көшірмелерін

ұсына отырып, тоқсан сайын Мемлекеттік әріптеспен есеп айырысуларға салыстырып тексеру жүргізуге;

3) қабылдап алынған МЖӨ объектісін Үлгілік шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

4) МЖӨ объектісін тиісті тәртіппен ұстауға, МЖӨ объектісіне немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін іс-қимылдарды жасамауға;

5) МЖӨ объектісін жарамды күйінде ұстауға, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізуге және мүлікті ұстау бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеу жүргізуге;

6) МЖӨ объектісінің жекелеген элементтері, инженерлік жабдық Жекеше әріптестің кінәсынан, сол сияқты табиғи тозуына байланысты істен шыққан жағдайда, өз есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

7) Мемлекеттік әріптестің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз МЖӨ объектісін, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;

8) МЖӨ объектісіне және МЖӨ объектісі орналасқан жер учаскесіне Мемлекеттік әріптес, санитариялық қадағалау қызметтері және Қазақстан Республикасы заңнамасының және МЖӨ объектісін пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;

9) Үлгілік шарт бойынша өз құқықтарын кепілдікке бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде енгізбеуге;

10) Үлгілік шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл бұрын МЖӨ объектісін жалдауды ұзарту ниеті туралы жазбаша өтініш беруге міндетті. Мұндай өтініштің болмауы Мемлекеттік әріптеске МЖӨ объектісін басқа заңды немесе жеке тұлғаларға мүліктік жалға (жалдауға) беруіне негіз береді;

11) Үлгілік шарт бұзылған немесе мерзімі аяқталған жағдайда, Жекеше әріптес мен баланс ұстаушының қолдары қойылған және Мемлекеттік әріптес бекіткен қабылдау-тапсыру актісі бойынша баланс ұстаушыға күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде МЖӨ объектісін қайтаруды қамтамасыз етуге;

12) МЖӨ объектісі Жекеше әріптестің кінәсінен пайдалануға жарамсыз күйге келтірілген жағдайда, өз қаражатының есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;

13) МЖӨ объектісін жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық күйде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозуымен) қайтарған жағдайда, шығынды өтеуге міндетті.

9. Мемлекеттік әріптестің талабы бойынша мынадай:

1) егер Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың талаптарын елеулі бұза отырып, мұндай іс-қимылдарды тоқтату туралы Мемлекеттік әріптестің жазбаша ескертуіне қарамастан, пайдаланған;

2) егер Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша берілген МЖӘ объектісін мақсатқа сай пайдаланбаған;

3) егер Жекеше әріптес қасақана немесе байқаусызда МЖӘ объектісін елеулі нашарлатқан;

4) егер Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдаланғаны үшін жалдау ақысын Үлгілік шартта белгіленген мерзім өткеннен кейін екі реттен астам төлемеген;

5) егер Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған кезде, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына немесе шартқа сәйкес күрделі жөндеу міндеті Жекеше әріптеске жүктелген жағдайларда ақылға қонымды мерзімде МЖӘ объектісіне күрделі жөндеу жүргізбесе, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өз міндеттемелерін ақылға қонымды мерзімде орындау мүмкіндігін бергеннен кейін ғана үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы;

6) Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін алып қою туралы шешім қабылдаған ;

7) баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптестің атына Үлгілік шартты бұзу себептерін негіздей отырып жазбаша өтініш жасаған жағдайларда, Үлгілік шарт бұзылуы және МЖӘ объектісі баланс ұстаушыға қайтарылуы мүмкін.

10. Шарт Жекеше әріптестің талабы бойынша мынадай:

1) баланс ұстаушы шарттың талаптарына немесе МЖӘ объектісінің мәніне сәйкес Жекеше әріптестің пайдалануына МЖӘ объектісін бермеген, не МЖӘ объектісін пайдалануға кедергі жасаған;

2) МЖӘ объектісінің баланс ұстаушысы Үлгілік шартпен белгіленген мерзімде, ал олар Үлгілік шартта болмаған жағдайда – оған жүктелген міндеттің ақылға қонымды мерзімінде МЖӘ объектісіне күрделі жөндеу жүргізілмеген;

3) Жекеше әріптеске берілген МЖӘ объектісінің Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасасқан кезде айтпаған, Үлгілік шартты жасасқан кезде Жекеше әріптеске алдын ала белгілі болмаған және МЖӘ объектісін қарап тексерген немесе оның ақаусыздығын тексерген уақытта оның табуы мүмкін болмаған, пайдалануға кедергі жасайтын ақаулары болған;

4) егер МЖӘ объектісі Жекеше әріптес сай келмейтін мән-жайлар салдарынан пайдалануға жарамай қалған жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

11. Егер Жекеше әріптес өз қаражаты есебінен және баланс ұстаушының келісімімен және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдардың) жазбаша рұқсатымен МЖӘ объектісі үшін зиянсыз ажыратылмайтын жақсартулар жүргізген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Жекеше әріптес Үлгілік шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқығы бар.

Жекеше әріптес жүргізген МЖӘ объектісінің ажыратылатын жақсартулары оның меншігі болып табылады.

Мемлекеттік әріптес пен баланс ұстаушының келісімінсіз Жекеше әріптес жасаған ажыратылмайтын жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

12. Мүліктік жалға (жалдауға) тапсырғаны үшін жалдау ақысын есептеу МЖӘ объектісін қабылдау-тапсыру актісі бойынша МЖӘ объектісін баланс ұстаушыға қайтару сәтіне дейін жүргізіледі.

Жекеше әріптес пен баланс ұстаушы қол қойған және Мемлекеттік әріптес бекіткен қабылдау-тапсыру актісі мүліктік жалға алудың (жалдаудың) аяқталу фактісін растайтын құжат болып табылады.

2. МЖӘ объектісін сенімгерлік басқарудың жалпы шарттары

1. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін сенімгерлік басқаруға береді, ал Жекеше әріптес осы Шарт бойынша пайда табушы болатын Мемлекеттік әріптестің мүддесінде МЖӘ объектісін басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. МЖӘ объектісі Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының МЖӘ туралы заңнамасында және Үлгілік шартта көзделген тәртіппен және шарттарда сенімгерлік басқаруға беріледі.

3. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін сенімгерлік басқаруды иеліктен шығару және оны кепілге беру құқығынсыз жүзеге асырады.

4. Осы Шарт Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру құқығын куәландыратын негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі Жекеше әріптеске берілген күні:

1) кепілде тұрмағанын;

2) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынғанын/ салынбағанын;

3) сатуға қойылмағанын растайды.

6. МЖӘ объектісін сенімгерлік басқаруға беру Жекеше әріптеске оның меншік құқығының өтуіне әкеп соқтырмайды.

7. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару құқықтары мен міндеттері МЖӘ объектісі Жекеше әріптеске берілген сәттен бастап туындайды. МЖӘ

объектісін беру (қабылдау-тапсыру актісін жасау, Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңнамасына сәйкес акционерлердің, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың тізіліміне тиісті жазбаларды енгізу немесе сенімгерлік басқаруға берілетін МЖӘ объектісіне байланысты өзгесі) арқылы жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік әріптестің:

1) жазбаша сұрау салу бойынша МЖӘ объектісін басқару жөніндегі Жекеше әріптестің қызметі туралы ақпаратты (есеп) алуға;

2) Жекеше әріптестің қызметіне араласпай, осы Шарт бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерінің орындалуын, оның ішінде МЖӘ объектісін басқару тиімділігіне мониторинг жүргізу, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі Жекеше әріптестің есебін тыңдау жолымен бақылауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген іс-қимылдарды жасауға құқығы бар.

9. Жекеше әріптестің:

1) Мемлекеттік әріптес мүддесінде Сенімгерлік басқаруға берілген МЖӘ объектісіне қатысты заңды және іс жүзіндегі іс-қимылдарды жасауға;

2) МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару кезінде жүргізілген қажетті шығыстарды оған сенімгерлік басқаруға берілген МЖӘ объектісінің мүлкін пайдаланудан түскен кірістер есебінен ғана өтеуге;

3) сыйақы беру құқығын қоспағанда, осы Шартта белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының МЖӘ туралы заңнамасымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған сенімгерлік басқаруға берілген МЖӘ объектісін сатып алуға құқығы бар.

10. Мемлекеттік әріптес:

1) Жекеше әріптеске осы Шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін беруге;

2) Жекеше әріптеске осы Шарт бойынша оның міндеттемелерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды беруге;

3) осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жекеше әріптесті хабардар етпей, МЖӘ объектісін сенімгерлік басқаруға үшінші тұлғаларға беру туралы шешімдер қабылдамауға;

4) МЖӘ объектісін кепілдікке бермеуге, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салмауға, әрі осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде үшінші тұлғалар арқылы сатуға қоймауға міндетті.

11. Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін тиімді басқаруды жүзеге асыруға;

2) МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз етуге;

3) сенімгерлік басқаруға берілген МЖӘ объектісімен өз атынан, бұл ретте Жекеше әріптес ретінде іс-қимыл жасап отырғанын көрсете отырып, мәмілелер жасауға;

4) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қажетті болып табылатын барлық рұқсат беру құжаттарын уәкілетті мемлекеттік органдардан алуға;

5) осы Шартқа сәйкес Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға;

6) МЖӘ объектісін іс жүзінде иеліктен шығаруға, оның ішінде оны кепілге беруге әкеп соғатын кез келген заңды және іс жүзіндегі іс-қимылдарды жасамауға;

7) Мемлекеттік әріптеске өзінің Шартты тиісінше орындамауы салдарынан келтірілген шығындарды өтеуге;

8) Шартты тиісінше орындау мақсатында сенімгерлік басқару бойынша іс-қимылдар нәтижесінде туындайтын міндеттерді орындауға;

9) Мемлекеттік әріптеске _____ өз қызметі туралы есеп беруге; (ұсыну мерзімдері)

10) жылжымайтын мүліктің сенімгерлік басқаруға берілуін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға;

11) осы Шарт тоқтатылған (шарттың мерзімі аяқталған, мерзімінен бұрын бұзылған) кезде МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске беруге;

12) өзге де міндеттерге (сенімгерлік басқаруға берілетін МЖӘ объектісіне байланысты) міндетті.

12. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқару кезінде ол мемлекеттік әріптестің мүддесіне, еңсерілмейтін күш әрекетімен келтірілген зиянды немесе залалды есепке алмағанда, келтірген кез келген зиян немесе залал үшін жауапты болады.

13. Тараптар осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

14. Осы Шарт талаптарының орындалуын бақылауды Мемлекеттік әріптес жүзеге асырады.

Осы мақсатта Мемлекеттік әріптес басқа да мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен комиссия құра алады. Жекеше әріптес осындай комиссияның қарауына қажетті құжаттар мен есептерді комиссияның өзі белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде беруге тиіс.

15. Осы Шартта көзделмеген қалған барлық жағдайларда тараптар Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасын басшылыққа алады.

16. Осы Шарттың қолданылу мерзімінің тоқтатылуы, ол бойынша Тараптар міндеттемелерінің тоқтауына әкеп соқтырады, бірақ Тараптардың осы Шарт талаптарын орындауы кезінде бұзушылықтар орын алса, ол үшін осы Шарттың Тараптарын жауапкершіліктен босатпайды.

3. Объектіні пайдалану кезіндегі бірлескен қызметтің жалпы шарттары

1. Үлгілік шарттың Тараптары (серіктестер) мүлік пен күш-жігерді біріктіру негізінде мынадай _____

өнімдерді, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бірлесіп өндіру мен өткізуді ұйымдастыру саласында ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

2. Серіктестердің бірлескен қызметі мынадай тәртіпте жүзеге асады: _____ (бірлескен қызметтің кезеңдерін, мерзімдерін және басқа да шарттарын толық көрсету немесе қажет болса бөлек қосымшада көрсету). МЖӘ жобасында көзделген болса, енгізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 22.11.2016 № 480 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тараптар мынадай мөлшерде міндеттемелерді орындау бойынша шығыстарды өздеріне алады:

1-ші серіктес салым ретінде: _____ енгізеді;

2-ші серіктес салым ретінде: _____ енгізеді.

4. Тараптар арасындағы келісілген бағалау бойынша серіктестердің ортақ мүлкі _____ %, 2-нікі _____ % құрайды. Тараптар ортақ мүліктегі үлестерге жалпы келісіммен ғана иелік етеді.

5. Ортақ мүлік 1-ші серіктестің жеке балансында ескеріледі, ақша салымдары есеп шотқа ақша аудару арқылы жүргізіледі.

6. Бірлескен қызмет нәтижесінде дайындалған өнімдер _____ арқылы өткізіледі.

7. Өнімдерді өткізуден түскен кірістер, тараптар арасында серіктестіктер үлестеріне пропорционалды түрде бөлінеді.

8. Тараптар басқа тарап алдында олардың іс-қимылдары үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып, өз міндеттемелерін орындауға үшінші тұлғаларды тарта алады.

9. Құжаттаманы ресімдеу және бірлескен істі жүргізуге жалпы басқаруды _____ өзіне алады.

10. Барлық серіктестердің келісімі мынадай мәселелерді: _____

_____ шешу үшін талап етіледі.

11. Тараптар бір-біріне, жұмыстарды жүргізу үшін қажетті құжаттаманы қоса алғанда, техникалық және өзге де ақпаратты беруге міндеттенеді.

12. Серіктестер, құпия сипатының бар екендігі арнайы айтылған, алынған ақпараттарға, сондай-ақ білімге, тәжірибеге қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

13. Бірлескен қызмет нәтижесінде туындаған шығындарды бөлу серіктестер үлестеріне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

14. Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған Тарап, тез арада басқа тарапты бұл туралы хабардар етуге және бұзушылықты жою үшін оған байланыстының барлығын жасауға міндеттенеді.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан

Ескертпе: қосымшада төменде көрсетілген талаптардан басқа МЖӘ объектісін пайдаланудың қажетті өзге де талаптары толық көрсетілуі мүмкін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
3-қосымша

Білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
орынға

арналған балабақша салу және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

_____ (МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер Конкурстық құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты

мынадай редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін Үлгілік КҚ белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) Білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы (бұдан әрі – Үлгілік КҚ) – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

4) білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушысы шешім негізіндегі Конкурс жеңімпазымен жасалған шарт;

5) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап өзіне қаржылық жабуды, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді және бекітуді

қосатын, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі кезең;

6) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

7) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

8) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

9) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

10) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

11) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

12) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

13) конкурсты ұйымдастырушы – "_____ " мемлекеттік мекемесі;

14) қағидалар -Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12717 болып тіркелген) МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

15) мемлекеттік әріптес – "_____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

16) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

17) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша (бірнеше балабақша жоспарланған жағдайда оларды көрсету қажет);

18) МЖӘ объектісінің қызметін тұтынушылар (бұдан әрі – тұтынушылар) – (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) тұратын, _____ қаласында " _____ " мемлекеттік мекемесі мемлекеттік балабақшасынан орын алуға кезекте тұрған ата-аналар (оларға теңестірілген тұлғалар) және мектепке дейінгі жастағы (___ жасқа дейінгі) балалар;

19) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

20) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

21) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

22) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Үлгілік КҚ белгіленген, оның негізінде Конкурсқа қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

23) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

2. Үлгілік КҚ Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

3. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

4. МЖӘ жобасының сипаттама нысаны Үлгілік КҚ 1-қосымшада көрсетілген.

5. Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/ Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/ Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ

жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы " __ " _____ №__ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға – тиісті жергілікті атқарушы органы әкімі/әкімінің орынбасары басқарады. Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына тиісті жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы,

жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы хаттаманың көшірмесін отырысқа қатысқан мүдделі тұлғаларға, аталған отырыс күнен кейінгі, 2 (екі) жұмыс күні ішінде жолдайды, ал қатыспағандаға- олардың жазбаша сұрау салуы бойынша, сұрау қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күніне кешіктірмей жолданады.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс Үлгілік КҚ 2-қосымшада көрсетілген негізгі шараларды көздейді.

5. Үлгілік КҚ мазмұны

22. Үлгілік КҚ мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы үшін ұсынатын құжаттар тізбесіне сәйкес ұсынылады;

- 2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері;
- 3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;
- 4) МЖӘ Үлгілік шартының жобасы;
- 5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;
- 6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;
- 7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;
- 8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;
- 9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;
- 10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;
- 11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Үлгілік КҚ мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Конкурстық құжаттаманың қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ___ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттаманың көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Үлгілік КҚ түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Конкурстық құжаттаманың көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Конкурстық құжаттамада және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Конкурстық құжаттаманың 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот

тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Конкурстық құжаттаманы алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі, № ____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20 __ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ кабинетте кездесу өткізеді .

33. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Конкурстық құжаттаманың 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір)

жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшасында көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға сәйкес МЖӘ жобасының талдауында көрсетілген көздерден мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Занда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Үлгілік КҚ 3 -қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурсқа қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Үлгілік КҚ 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

мектепке дейінгі білім беру саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі; білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурс ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурс өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурс ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурс өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурс өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурс өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурста қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурста қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурста қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурс өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурста қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурс өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурс құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурс өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № _____ кабинет, тел. 8 (____) ____ - ____ - ____;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ ОРЫНҒА АРНАЛҒАН БАЛАБАҚША САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ __-00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының

халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Конкурстық құжаттамада көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) ____ - ____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ ОРЫНҒА АРНАЛҒАН БАЛАБАҚША САЛУ ЖӘНЕ

ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық

қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшасына сәйкес, үздік Конкурстық өтінімдерді іріктеудегі көрсетілген өлшемшарттарды және оларды бағалау параметрлерін қарау және іріктеу, Конкурстық өтінімдерді өлшемшарттарын және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссиямен жүзеге асырылады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Білім беру саласындағы
(балабақша)
МЖӘ Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	"_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша салу және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
	"_____" мемлекеттік мекемесі ,

Мемлекеттік әріптес	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	__ орынға арналған балабақша
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі – 20_ - 20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Білім беру саласындағы
(балабақша)
МЖӘ Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында	20__ ж. " __ " _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын

	мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Үлгілік КҚ көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Үлгілік КҚ көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы "___" _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ж. "___" _____ __:00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Білім беру саласындағы (балабақша) МЖӨ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттаманы алған сәттен бастап 20__ жылғы "___" _____ __:00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы "___" _____ __:00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10		Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу

	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ж. " __ " _____ :00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес

Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы

Білім беру саласындағы
(балабақша)
МЖӘ Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурса жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Білім беру саласындағы
(балабақша)
МЖӘ Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӨ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

_____ (Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ө. (болған жағдайда) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

_____ (Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Білім беру саласындағы
(балабақша)
МЖӨ Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

Р/с №	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
1	МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ теңге	МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің азаюының әрбір _____ (санын көрсету) % _____ (санын көрсету) үшін ұпай қосылады*. МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік	K ₁

			міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің ұлғаюының әрбір __ % (санын көрсету) __ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.	
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	__ (санын көрсету) жыл	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әрбір __ (санын көрсету) жылына __ (санын көрсету) ұпай қосылады* МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің азаюының әрбір __ (санын көрсету) жылына __ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*	K ₂
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен не қатысушы ретіндегі өзге тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әрбір жобаға __ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
			Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір	

4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₄
5	МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӨ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӨ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша мерзімді қысқартудың әрбір айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
			Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) %	

	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі кірістілік нормасы	___ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу дәрежесі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
12	Көрсетілетін қызметтердің шекті бағалары, Үлгілік шартта көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде осындай бағаларға (тарифтерге) үстемелер	Ата-аналық төлем = ___ (санын көрсету) теңге	Әрбір ___ (санын көрсету) теңгеге төмендегені үшін ___ ұпай қосылады. Әрбір ___ (санын көрсету) теңгеге ұлғайғаны үшін ___ ұпай шегеріледі.	K ₁₂

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

"Баға" Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалауы әрбір Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11} + K_{12}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₃ – бұл жағдайда білім беру объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру

саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш Білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісі құрылысының құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ____ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен ниет шартын, сондай-ақ ниет шартын жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_{12} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады.

Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
машина-

орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты
тұрғын үй кешенін

салу және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

_____ (МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

_____ (мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін,
бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

_____ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-
сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

_____ (Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер
Конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты
мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

5) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

6) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

7) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

8) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

9) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

10) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

11) конкурсты ұйымдастырушы – "_____ " мемлекеттік мекемесі;

12) қағидалар - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне 2015 жылы

31 желтоқсанда № 12717 болып тіркелген) МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

13) мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

14) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

15) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешені;

16) МЖӘ объектісінің қызметін тұтынушылар (бұдан әрі – тұтынушылар) – тұрғын үй жағдайларымен қамтамасыз етуге мұқтаж қала халқы;

17) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

18) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

19) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

20) тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

21) тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

21) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурсқа қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

22) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

2. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

3. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

4. МЖӘ жобасының сипаттамасы Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жоба сипаттамасы Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

5. Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;
3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға – тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі/әкімінің орынбасары басқарады. Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына тиісті жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс заңнамаға және Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға қарастырылған негізгі шараларды көздейді.

5. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады.

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері (Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымша);

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) МЖӘ Үлгілік шартының жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ___ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/ _____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Тұрғын үй құрылысы саласындағы (

тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының " Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, №__, " _____ " мемлекеттік мекемесі , №_____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, №__ кабинетте кездесу өткізеді .

33. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті

және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік

конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ :00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың

орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурса қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурса қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурса қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

тұрғын үй құрылысы саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;

білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі
_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
_____ көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша
Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті
ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

- 3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;
- 4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;
- 5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ МАШИНА-ОРЫНҒА АРНАЛҒАН ЖЕРАСТЫ ТҰРАҒЫ БАР _____ ПӘТЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІН САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға мемлекеттік және орыс тілдерінде апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурста қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) ____-____-____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ МАШИНА-ОРЫНҒА АРНАЛҒАН ЖЕРАСТЫ ТҰРАҒЫ БАР _____ ПӘТЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІН САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20 ____ ж. " ____ " ____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Тұрғын үй құрылысы
саласындағы (тұрғын үй кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану "
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
	" _____ " мемлекеттік мекемесі ,

Мемлекеттік әріптес	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешені
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_-20_жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_-20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Тұрғын үй құрылысы
саласындағы (тұрғын үй кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында	20_ж. " _ " _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта

	мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы "___" _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ж. "___" _____ :00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттаманы алған сәттен бастап 20__жылғы "___" _____ :00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы "___" _____ :00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен

	әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ж. " __ " _____ __:00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (токсан) күнтізбелік күннен көп емес

18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік Үлгілік шарт жасасқаннан кейін ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде
----	--	--

Тұрғын үй құрылысы
саласындағы (тұрғын үй кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің

мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурсқа жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Тұрғын үй құрылысы
саласындағы (тұрғын үй кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі

конкурстық құжаттаманы қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
__ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)
) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Тұрғын үй құрылысы
саласындағы (тұрғын үй кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

№ р/с	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
			Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысының)	

1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ теңге	көлемінің төмендеуінің әр ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысының) көлемінің артуының әр ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	___ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әр ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің кемуінің әр ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₂
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен немесе қатысушы ретіндегі басқа тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әр жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
			Жекеше әріптес қосымша	

4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	қабылдаған әр тәуекел үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әр тәуекел үшін ____ (санын көрсету) ұпай алынады	K ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	____ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша құрылыс мерзімін қысқартудың әр айына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ____ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % кемуіне ____ (санын көрсету) алынады	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ____ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % кемуіне ____ (санын көрсету) алынады	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉

	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі табыстылық нормасы	____ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әр ____ (санын көрсету) % төмендеуіне ____ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әр ____ (санын көрсету) % өсуіне ____ (санын көрсету) ұпай алынады	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу деңгейі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысканы үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
12	Көрсетілетін қызметтерге шекті бағалар, Үлгілік шартта көзделген қызметтерді жүзеге асыру кезінде осындай бағаларға (тарифтерге) үстемелер	Баға = _____ (санын көрсету) теңге	Әр ____ (санын көрсету) теңгеге төмендеуге ____ ұпай қосылады. Әр ____ (санын көрсету) теңгеге өсуге ____ ұпай алынады.	K ₁₂

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалау "Баға" әр Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11} + K_{12}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₃ – бұл жағдайда тұрғын үй құрылысы объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. тұрғын үй құрылысы саласында

іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Тұрғын үй құрылысы саласындағы (тұрғын үй кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ___ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылатын болса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен алдын ала Үлгілік шартты, сондай-ақ алдын ала шарт жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, жұмысын, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_{12} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)
көшелерді

жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

(МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін,
бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-
сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер
Конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты
мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысанға сәйкес ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап жаңғырту бойынша жұмыстарды жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін жаңғыртуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) жаңғырту бойынша жұмыстар – жаңғыртуға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізуге қажетті жұмыстардың барлығы;

5) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

6) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

7) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

8) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

9) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

10) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

11) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

12) конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі;

13) көшелерді жарықтандыру желілері – шамдарды ауыстыру көзделетін, саны __ құрайтын (жазумен көрсету) электр желісін тіреуіштермен ұзақтығы __ шақырым көшелерді жарықтандыру желілері;

14) қағидалар -Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12717 болып тіркелген) МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

15) қызметтерді тұтынушылар - " _____ " мемлекеттік мекемесі;

16) Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

17) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару бойынша МЖӘ жобасы;

18) МЖӘ объектісі – жаңғыртылуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған көшелерді жарықтандыру желілері (бірнеше көшелерді жарықтандыру желілері жоспарланған жағдайда оларды көрсету қажет);

19) МЖӘ объектісін жаңғырту – қолданыстағы көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғырту, оның ішінде жаңа технологиялар негізінде жаңа жарықдиодты жабдықты орнату, сондай-ақ МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

20) МЖӘ объектісін жаңғырту мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін жаңғыртуға көзделген, жаңғырту жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

21) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

22) МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару – егер шартпен және заңнамалық актілермен өзгеше көзделмесе, пайда алушының мүддесінде сенімгерлік басқарушы өзінің атынан оған иелік етуге, пайдалануға және билік етуге берілген мүлікті басқару міндетін алады;

23) мүліктік кешен - _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) орналасқан, көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы және пайдаланылуы Жобалау-сметалық құжаттамаға және Үлгілік шарт талаптарына сәйкес көзделетін жер учаскелері;

24) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

25) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасалған шарт;

26) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурсқа қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

27) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

3. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

4. МЖӘ жобасының нысан сипаттамасы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген .

5. Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/ қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/

Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін жаңғыртуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №__ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі/әкімінің орынбасары басқарады. Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына тиісті жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс заңнамаға және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшада негізгі шаралар көрсетілген.

5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшаға сәйкес беріледі;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері (Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымша);

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) МЖӘ Үлгілік шартының жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Конкурстық құжаттаманың қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ___ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттаманың көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Конкурстық құжаттаманың көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Конкурстық құжаттамада және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Конкурстық құжаттаманың 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Конкурстық құжаттаманы алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі, № _____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, №__ кабинетте кездесу өткізеді.

33. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Конкурстық құжаттаманың 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 ___ жылғы " ___ " _____ ____:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы

құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурсқа қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурса қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін жаңғырту мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану кезеңінде);

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;

білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) __ - __ - __;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) КӨШЕЛЕРДІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУМЕН СЕНИМГЕРЛІК БАСҚАРУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға мемлекеттік және орыс тілдерінде апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін жаңғырту құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Конкурстық құжаттамада көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:
" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) ____-____-____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) КӨШЕЛЕРДІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУМЕН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ ж. " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен

Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкур өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымша Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	Саны __ бірлікті құрайтын электр желісінің тіреуіштері бар ұзындығы __ шақырым көшелерді жарықтандыру желілері
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Жаңғырту мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_ -20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_ -20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін жаңғырту құны: _____ теңге, оның ішінде: - шамдарды ауыстыру және монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі

Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі
--------------------	---

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымша Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	20__ ж. " __ " _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен"	20__ ж. " __ " _____ :00 сағаттан кешіктірмей

4	Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	(Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған сәттен бастап 20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ ж. " __ " _____ __:00 сағат
	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған	

12	түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. "___"____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20____ жылғы "___"____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20____ жылғы "___"____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20____ жылғы "___"____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік Үлгілік шарт жасасқаннан кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымша Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурсқа жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
(көшелерді жарықтандыру
желілері) МЖӘ жобасының
Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
 __ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

_____ (Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

_____ (Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымша Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

№ р/с	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ теңге	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің азаюының әрбір _____ (санын көрсету) % _____ (санын көрсету) үшін ұпай қосылады*. МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің ұлғаюының әрбір _____ % (санын көрсету)	K ₁

			___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.	
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	___ (санын көрсету) жыл	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады* МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің азаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*	K ₂
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен не қатысушы ретіндегі өзге тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әрбір жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әрбір тәуекел үшін ___ (K ₄

			санын көрсету) ұпай шегеріледі	
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша мерзімді қысқартудың әрбір айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	
			Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету)	

10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі кірістілік нормасы	___ (санын көрсету) %	% азайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу дәрежесі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
	БАРЛЫҒЫ			Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

"Баға" Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалауы әрбір Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₃ – бұл жағдайда білім беру объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K₄ – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K₅ – осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы (көшелерді жарықтандыру желілері) МЖӘ

жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӨ объектісі құрылысының құны болып табылады;

K_6 – МЖӨ объектісін салу мерзімі ___ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӨ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӨ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен ниет шартын, сондай-ақ ниет шартын жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
6-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӨ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӨ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)
ауысымына _____

келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану"
МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

(МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін,
бизнес-сәйкестендіру
нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)
Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-
сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер
Конкурстық
құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты
мынадай
редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;
2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурса қатысу үшін Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап қайта құру жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін қайта құруға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

5) денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

6) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

7) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

8) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

9) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

10) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

11) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

12) конкурсты ұйымдастырушы – "_____" мемлекеттік мекемесі;

13) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген);

14) қызметті тұтынушылар – дәрігерлік амбулатория қызметтерін тұтынатын халық;

15) мемлекеттік әріптес – "_____" мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

16) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

17) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулатория;

18) МЖӘ объектісін қайта құру мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін қайта құруға көзделген, қайта құру жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

19) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

20) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін қайта құру, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде қайта құру, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

21) мүліктік кешен – қайта құру және пайдалану Жобалау-сметалық құжаттамаға және Үлгілік шарт талаптарына сәйкес көзделетін, жер учаскесі және сол жерде орналасқан _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулатория ғимараты;

22) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурса қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

23) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурса қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін қайта құруға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады. Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс заңнамаға және Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері (Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымша);

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) МЖӘ Үлгілік шартының жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ____ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Денсаулық сақтау саласындағы (

дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі, № _____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жақайта құруы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20 __ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ кабинетте кездесу өткізеді.

33. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

- 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;
- 3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;
- 4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;
- 5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы

құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурсқа қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурса қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін қайта құру мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану кезеңінде);

денсаулық сақтау саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;

білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі
_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) __ - __ - __;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫСЫМЫНА _____ КЕЛУГЕ АРНАЛҒАН ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жақайта құруы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӨ объектісін қайта құру құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурса қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген, Конкурса қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жақайта құруы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:
" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) ____-____-____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫСЫМЫНА _____ КЕЛУГЕ АРНАЛҒАН ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20____ж. " __ " _____ :00 сағатта мына

мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____
_____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында,
_____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Денсаулық сақтау саласындағы
(дәрігерлік амбулатория)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	Ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулатория
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Қайта құру мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі – 20_ - 20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ жыл)
	МЖӘ объектісін қайта құру құны: _____ теңге , оның ішінде:

МЖӘ жобасының құны	- құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Денсаулық сақтау саласындағы
(дәрігерлік амбулатория)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	20__ ж. " __ " _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын)
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)

4	<p>Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы</p> <p>Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурста "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі</p>	<p>20__ж. "__"______ __:00 сағаттан кешіктірмей</p> <p>(Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)</p>
5	<p>Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі</p>	<p>құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде</p>
6	<p>Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі</p>	<p>біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде</p>
7	<p>Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі</p>	<p>Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттаманы алған сәттен бастап 20__жылғы "__"______ __:00 сағатқа дейін</p>
8	<p>Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы</p>	<p>20__ жылғы "__"______ __:00 сағат</p>
9	<p>Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу.</p> <p>Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша</p>	<p>Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей</p> <p>сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей</p>
10	<p>Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы</p>	<p>Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде</p>
11	<p>Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі</p>	<p>20__ж. "__"______ __:00 сағат</p>

12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. "__"____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20____ жылғы "__"____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20____ жылғы "__"____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20____ жылғы "__"____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін __ __ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Денсаулық сақтау саласындағы
(дәрігерлік амбулатория)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурсқа жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӨ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Денсаулық сақтау саласындағы
(дәрігерлік амбулатория)
МЖӨ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану" МЖӨ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӨ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӨ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӨ Үлгілік шартын

жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі)
мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның
39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі
көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын
растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
_____ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда
) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Денсаулық сақтау саласындағы
(дәрігерлік амбулатория)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

Р/с №	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ (санын көрсету) теңге	Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің азаюының әрбір _____ (санын көрсету) % _____ (санын көрсету) үшін ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің ұлғаюының әрбір _____ % (санын көрсету) _____ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.	K ₁

2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	__ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әрбір __ (санын көрсету) жылына __ (санын көрсету) ұпай қосылады* Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің азаюының әрбір __ (санын көрсету) жылына __ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*	K ₂
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді қайта құру, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен не қатысушы ретіндегі өзге тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әрбір жобаға __ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір тәуекел үшін __ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әрбір тәуекел үшін __ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға		Меншікті қаражат көлемінің әрбір __	K ₅

	жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін қайта құру құны	(санын көрсету) % _ _ (санын көрсету) ұпай қосылады	
6	МЖӘ объектісін қайта құру мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша мерзімді қысқартудың әрбір айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі кірістілік нормасы	___ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін _	K ₁₀

			__ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу дәрежесі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін __ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін __ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
	БАРЛЫҒЫ			Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

"Баға" Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалауы әрбір Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₃ – бұл жағдайда білім беру объектілерін қайта құру бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Денсаулық сақтау саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K₄ – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K₅ – осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш Денсаулық сақтау саласындағы (дәрігерлік амбулатория) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісін қайта құру құны болып табылады;

K₆ – МЖӘ объектісін қайта құру мерзімі __ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында

ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

К₇ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

К₈ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

К₉ – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін қайта құруды жүзеге асыратын ұйыммен ниет шартын, сондай-ақ ниет шартын жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

К₁₀ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

К₁₁ – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
7-қосымша

**Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы**

Ескерту. Бұйрық 7-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)
ауысымына _____

келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

(МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер Конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты

ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

5) дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

6) жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

7) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

8) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

9) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

10) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

11) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

12) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

13) конкурсты ұйымдастырушы – "_____" мемлекеттік мекемесі;

14) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген);

15) қызметті тұтынушылар – тұрғызылған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің қызметтерін тұтынатын халық;

16) мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

17) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

18) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені;

19) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

20) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

21) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

22) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурса қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

23) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурса қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/ қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/ Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады . Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге

асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері;

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) Шарт жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ____ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені)

МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Конкурстық құжаттаманың 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Дене

шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда , Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, №__, " _____ " мемлекеттік мекемесі , №__ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, №__ кабинетте кездесу өткізеді.

33. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін

түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ :00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті

мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурса қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурса қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурса қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

дене шынықтыру және спорт саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі; білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі
_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
_____ көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша
Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті
ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӨ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурса қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурса қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурса қатысушыға қолданылмайды;

- 4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;
- 5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫСЫМЫНА _____ КЕЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІН САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық

құжаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурса ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурса ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурса ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) ____-____-____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫСЫМЫНА _____ КЕЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІН САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті

Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20____ ж. " ____ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
	" _____ " мемлекеттік мекемесі ,

Мемлекеттік әріптес	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	Ауысымына __ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_-20_жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_ -20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және	20__ж. " __ " _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн

	мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы "___"_____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ж. "___"_____ __:00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған сәттен бастап 20__ жылғы "___" _____ __:00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы "___" _____ __:00 сағат
	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының	

9	көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ж. " __ " _____ :00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (

	Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін – __ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурса жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)
ауысымына _____ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу

және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманы карап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
__ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)
) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

Р/с №	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі

1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ (санын көрсету) тенге	Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің азаюының әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) үшін ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің ұлғаюының әрбір ___ % (санын көрсету) ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	___ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады* Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің азаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*	K ₂
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен не қатысушы ретіндегі өзге тұлғалармен	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әрбір жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃

	бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)			
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша мерзімді қысқартудың әрбір айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₈

		Білікті мамандардың бар болуы		
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ____ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ____ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі кірістілік нормасы	____ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әрбір ____ (санын көрсету) % азайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әрбір ____ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу дәрежесі	Өзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Өзірленген құжат үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
БАРЛЫҒЫ				Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

"Баға" Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалауы әрбір Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₃ – бұл жағдайда спорттық объектілерді салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Дене шынықтыру және спорт саласында іске

асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш Дене шынықтыру және спорт саласындағы (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісі құрылысының құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ____ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен ниет шартын, сондай-ақ ниет шартын жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады.

Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 8-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған емхана салу және пайдалану"
МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

_____ (МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

_____ (мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)
Конкурсты ұйымдастырушы:

_____ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

_____ (Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер
Денсаулық

сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын бергені

үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай редакцияда жазу қажет:

"Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

5) денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

6) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

7) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

8) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

9) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

10) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

11) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

12) конкурс – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған емхана салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

13) конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі;

14) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген);

15) қызметтерді тұтынушылар – тұрғызылған емхана қызметін тұтынатын халық;

16) мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

17) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған емхана салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

18) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған емхана;

19) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

20) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

21) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

22) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурскә қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

23) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурса қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады. Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері;

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) Шарт жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ____ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасындан) көшірме түрінде беріледі. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Денсаулық сақтау саласындағы (

емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі, № _____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ кабинетте кездесу өткізеді .

33. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурсқа қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

Денсаулық сақтау саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;

білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір

бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78 -тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫСЫМЫНА _____ КЕЛУГЕ АРНАЛҒАН ЕМХАНА САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурса ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурса ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:
" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) ____ - ____ - ____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫСЫМЫНА _____ КЕЛУГЕ АРНАЛҒАН ЕМХАНА САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20____ ж. " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен

Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурстыққа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Денсаулық сақтау саласындағы
(емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған емхана салу және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	Ауысымына __ келуге арналған емхана
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_ -20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_ -20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі

Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі
--------------------	---

Денсаулық сақтау саласындағы
(емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	20__ж. "__" _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы "__" _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ж. "__" _____ :00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)

5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған сәттен бастап 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы " __ " _____ :00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ ж. " __ " _____ :00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ ж. " __ " _____ дейін

13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20____ жылғы " ____ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20____ жылғы " ____ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20____ жылғы " ____ " _____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін _ ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Денсаулық сақтау саласындағы
(емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің

түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін

құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурса жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Денсаулық сақтау саласындағы
(емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған емхана салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
_____ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)
) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Денсаулық сақтау саласындағы
 (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік
 конкурстық құжаттамасына
 5-қосымша
 Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

№ р/с	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ (санын көрсету) теңге	Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің азаюының әрбір _____ (санын көрсету) % _____ (санын көрсету) үшін ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің ұлғаюының әрбір _____ % (санын көрсету) _____ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	_____ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әрбір _____ (санын көрсету) жылына _____ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық	K ₂

			шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің азаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*	
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен не қатысушы ретіндегі өзге тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әрбір жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша мерзімді қысқартудың әрбір айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
			Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады;	

7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі кірістілік нормасы	___ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу дәрежесі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
БАРЛЫҒЫ				Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

"Баға" Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалауы әрбір Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11}$$

K_1 – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_2 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_3 – бұл жағдайда білім беру объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Денсаулық сақтау саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш Денсаулық сақтау саласындағы (емхана) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісі құрылысының құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ___ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен ниет шартын, сондай-ақ ниет шартын жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол

қойған, жұмыс өтілін, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
9-қосымша

**Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының
Үлгілік конкурстық құжаттамасы**

Ескерту. Бұйрық 9-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
орынға

арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

_____ (МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

_____ (мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін,
бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

_____ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-
сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

1) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

2) білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

3) білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

4) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

5) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

6) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы

Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

7) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

8) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

9) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

10) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

11) конкурс – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

12) конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі;

13) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген);

14) қызметті тұтынушылар – колледждің бағыттауы бойынша жатақханада тұратын студенттер және/немесе оқытушылар;

15) мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

16) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

17) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана;

18) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

19) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

20) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

21) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурсқа қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

22) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/ Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы " __ " _____ №__ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады . Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері (Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымша);

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) Шарт жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ____ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасынан) көшірме түрінде беріледі. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі , № _____

кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, №__ кабинетте кездесу өткізеді.

33. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы

хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі

үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Занда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Бұрышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурсқа қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

білім беру саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;

білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша
Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті
ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № _____ кабинет, тел. 8 (____) ____ - ____ - ____;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
ОРИНҒА АРНАЛҒАН СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА САЛУ ЖӘНЕ

ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ __-00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті

органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген, Конкурста қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:
" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ____ ОРЫНҒА АРНАЛҒАН СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ ж. " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды.

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

жобасының Үлгілік конкурстық
құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	__ орынға арналған студенттік жатақхана
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_-20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_-20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

	Іс-шараларды өткізу мерзімі
--	-----------------------------

№ р/с	Іс-шаралар атауы	(уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	20__ж. "__" _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын)
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы "__" _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ж. "__" _____ __:00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
		Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік Білім

7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған сәттен бастап 20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ ж. " __ " _____ __:00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ	

	жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20____ жылғы "____"____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін _ ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы

осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының

қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурса жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған білім беру ұйымының жатақханасы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
_____ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

№ р/с	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ (санын көрсету) теңге	Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысының) көлемінің төмендеуінің әр ____ (санын көрсету) % ____ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысының) көлемінің артуының әр ____ (санын көрсету) % ____ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	__ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әр ____ (санын көрсету) жылына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің кемуінің әр ____ (санын көрсету) жылына __ _ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₂

3	<p>Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен немесе қатысушы ретіндегі басқа тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)</p>	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әр жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	К ₃
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әр тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әр тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай алынады	К ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	К ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша құрылыс мерзімін қысқартудың әр айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	К ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % кемуіне ___ (санын көрсету) алынады	К ₇

8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % кемуіне ___ (санын көрсету) алынады	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі табыстылық нормасы	___ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әр ___ (санын көрсету) % төмендеуіне ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әр ___ (санын көрсету) % өсуіне ___ (санын көрсету) ұпай алынады	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу деңгейі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
БАРЛЫҒЫ				Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалау "Баға" әр Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше

әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_2 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_3 – бұл жағдайда білім беру объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Білім беру саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ____ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылатын болса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен алдын ала Үлгілік шартты, сондай-ақ алдын ала шарт жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, жұмысын, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

К₁₁ – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
10-қосымша

Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 10-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

"_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)
автовокзал салу
және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

(МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін,
бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-
сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер
Конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурста қатысу үшін Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Үлгілік шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

5) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері – Жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабында көзделген қаражатты Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеу;

6) жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

7) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

8) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

9) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

10) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

11) конкурсты ұйымдастырушы – "_____ " мемлекеттік мекемесі;

12) көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шарты (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

13) көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің Үлгілік шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті тандау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының осы Үлгілік конкурстық құжаттамасы;

14) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген).

15) МЖӘ объектісінің қызметін тұтынушылар (бұдан әрі – тұтынушылар) – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) қ. автовокзалының қызметтерін тұтынатын қаланың және өзге өңірлердің халқы;

16) мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

17) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

18) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал;

19) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

20) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

21) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Үлгілік шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

22) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) – Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурсқа қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

23) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру Үлгілік шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурса қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/ қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/ Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады . Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде

Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері;

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) МЖӘ шартының жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ___ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасынан) көшірме түрінде беріледі. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты

ұйымдастырушыға Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі, № _____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ кабинетте кездесу өткізеді.

33. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы

бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде

Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды. Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған

жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурсқа қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурсқа қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

көлік саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;

білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
_____ көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АВТОВОКЗАЛ САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурса ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурса ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:
" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, №__ кабинет, тел. 8 (____) ____ - ____ - ____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АВТОВОКЗАЛ САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ ж. " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада

келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды.

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурста қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	_____ автовокзал
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_-20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_-20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	20__ж. "__" _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын)
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы "__" _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ж. "__" _____ __:00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
		Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік Көлік

7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын алған сәттен бастап 20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ ж. " __ " _____ __:00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті	

	уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20____ жылғы "____"____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін _ ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы

осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының

қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурса жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасын қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасында көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
_____ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

№ р/с	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ теңге	Мемлекеттік міндеттемелер (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) көлемінің төмендеуінің әр ____ (санын көрсету) % ____ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) көлемінің артуының әр ____ (санын көрсету) % ____ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	__ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) төлеу мерзімінің ұлғаюының әр ____ (санын көрсету) жылына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелерді (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) төлеу мерзімінің кемуінің әр ____ (санын көрсету) жылына __ _ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₂
	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (

3	өздігінен немесе қатысушы ретіндегі басқа тұлғалармен бірге) МЖӨ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әр жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	К ₃
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әр тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әр тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай алынады	К ₄
5	МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӨ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	К ₅
6	МЖӨ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша құрылыс мерзімін қысқартудың әр айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	К ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % кемуіне ___ (санын көрсету) алынады	К ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ___ (К ₈

			санын көрсету) % кемуіне ____ (санын көрсету) алынады	
	Білікті мамандардың бар болуы			
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі табыстылық нормасы	____ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әр ____ (санын көрсету) % төмендеуіне ____ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әр ____ (санын көрсету) % өсуіне ____ (санын көрсету) ұпай алынады	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу деңгейі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
12	Көрсетілетін қызметтерге шекті бағалар, Үлгілік шартта көзделген қызметтерді жүзеге асыру кезінде осындай бағаларға (тарифтерге) үстемелер	Баға = _____ (санын көрсету) теңге	Әр ____ (санын көрсету) теңгеге төмендеуге ____ ұпай қосылады. Әр ____ (санын көрсету) теңгеге өсуге ____ ұпай алынады.	K ₁₂

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалау "Баға" әр Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған

өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_2 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_3 – бұл жағдайда көлік саласының объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Көлік саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ____ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылатын болса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен алдын ала Үлгілік шартты, сондай-ақ алдын ала шарт жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, жұмысын, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

К₁₁ – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

К₁₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
11-қосымша

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы

Ескерту. Бұйрық 11-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (керегін

көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт салу

және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

_____ (МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

_____ (мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

_____ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер
Конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты
мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының осы үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

2) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі (бұдан әрі – Конкурстық өтінім) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

3) дайындық кезеңі – Шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

4) жекеше әріптес – "МЖӘ туралы" Заңға сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

5) жер учаскесі – Шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

6) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

7) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

8) конверт – Конкурстық өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

9) конкурс – "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (керегін көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

10) конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі;

11) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген);

12) қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының осы үлгілік конкурстық құжаттамасы;

13) қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ шарты (бұдан әрі – Шарт) – Конкурсты ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

14) Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

15) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (керегін көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

16) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (керегін көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт (бірнеше полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт жоспарланған жағдайда оларды көрсету қажет);

17) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

18) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

19) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

20) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) – қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасында

белгіленген, оның негізінде Конкурса қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

21) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурса қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады . Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері;

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) МЖӘ Үлгілік шартының жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Конкурстық құжаттаманың қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ___ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттаманың көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Конкурстық құжаттаманың көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Конкурстық құжаттамада және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Конкурстық құжаттаманың 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Конкурстық құжаттаманы алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда , Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі , № _____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ кабинетте кездесу өткізеді .

33. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Конкурстық құжаттаманың 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды . Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн

мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӨ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурса қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурса қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурса қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурса қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

қоршаған ортаны қорғау саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;
білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі
_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша
Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті
ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (КЕРЕГІН КӨРСЕТУ) ТОННА ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ҮШІН ПОЛИГОНЫ БАР ҚОҚЫС ӨНДЕЙТІН ЗАУЫТ САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурса қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурса ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Конкурстық құжаттамада көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) ____-____-____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (КЕРЕГІН КӨРСЕТУ) ТОННА ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ҮШІН ПОЛИГОНЫ БАР ҚОҚЫС ӨНДЕЙТІН ЗАУЫТ САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20____ ж. " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурстың жеңімпазы болып Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурсты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (керегін көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану"
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
	" _____ " мемлекеттік мекемесі ,

Мемлекеттік әріптеc	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	__ (керегін көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_-20_жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_-20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында	20_ж. " __ " _____ (Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта

	мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ ж. " __ " _____ :00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттаманы алған сәттен бастап 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы " __ " _____ :00 сағат
9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен

	әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ж. " __ " _____ __:00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
17	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен көп емес

18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін _ _ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде
----	--	--

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің

мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурсқа жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)

МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына

4-қосымша

Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ (керегін көрсету) тонна қалдықтарды кәдеге жарату үшін полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі

конкурстық құжаттаманы қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
__ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)
) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

№ р/с	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
			Мемлекеттік міндеттемелер (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі)	

1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ теңге	көлемінің төмендеуінің әр ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелер (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) көлемінің артуының әр ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	___ (санын көрсету) жыл	Мемлекеттік міндеттемелерді (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) төлеу мерзімінің ұлғаюының әр ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады*. Мемлекеттік міндеттемелерді (мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі) төлеу мерзімінің кемуінің әр ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай алынады*.	K ₂
3	Іске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен немесе қатысушы ретіндегі басқа тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әр жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
			Жекеше әріптес қосымша	

4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	қабылдаған әр тәуекел үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әр тәуекел үшін ____ (санын көрсету) ұпай алынады	K ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	____ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша құрылыс мерзімін қысқартудың әр айына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ____ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % кемуіне ____ (санын көрсету) алынады	K ₇
8	Тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және қызметтерден ____ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әр ____ (санын көрсету) % кемуіне ____ (санын көрсету) алынады	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әр ____ (санын көрсету) % ұлғаюына ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉

	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	___ (санын көрсету) %	Үлестің әр ___ (санын көрсету) % ұлғаюына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі табыстылық нормасы	___ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әр ___ (санын көрсету) % төмендеуіне ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әр ___ (санын көрсету) % өсуіне ___ (санын көрсету) ұпай алынады	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу деңгейі	Әзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысқаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Әзірленген құжат үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
12	Көрсетілетін қызметтерге шекті бағалар, Үлгілік шартта көзделген қызметтерді жүзеге асыру кезінде осындай бағаларға (тарифтерге) үстемелер	Баға = _____ (санын көрсету) теңге	Әр ___ (санын көрсету) теңгеге төмендеуге ___ ұпай қосылады. Әр ___ (санын көрсету) теңгеге өсуге ___ ұпай алынады.	K ₁₂
	БАРЛЫҒЫ			Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалау "Баға" әр Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11} + K_{12}$$

K₁ – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K₂ – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_3 – бұл жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласының объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Қоршаған ортаны қорғау саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ____ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылатын болса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен алдын ала Үлгілік шартты, сондай-ақ алдын ала шарт жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, жұмысын, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_{12} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады.

**Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының
Үлгілік конкурстық құжаттамасы**

Ескерту. Бұйрық 12-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

МЖӘ жобасының атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау

орталығын салу және пайдалану"

МЖӘ объектісінің орналасқан жері:

(МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру

нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банктік деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама пакетінің құны:

(Конкурстық құжаттаманың теңгемен есептегендегі құнын көрсету не егер Конкурстық

құжаттаманы бергені үшін ақы өндіріп алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай

редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

1. Анықтамалар

1. Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының осы үлгілік конкурстық құжаттамасында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы – Конкурс өткізудің шарттары мен тәртібін айқындау үшін әзірленген және Конкурс ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурс өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі Конкурсқа қатысу үшін ұсынатын Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының осы үлгілік конкурстық құжаттамасы;

2) ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ шарты (бұдан әрі – Шарт) – Конкурс ұйымдастырушы Комиссия шешімінің негізінде Конкурс жеңімпазымен жасасатын шарт;

3) әкімдік (ЖАО) – жергілікті атқарушы орган;

4) әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурс өтінімі (бұдан әрі – Конкурс өтінімі) – Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсқа қатысу үшін Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген нысан бойынша ұсынған құжаттар мен мәліметтердің жиынтығы;

5) дайындық кезеңі – Шарттың күшіне ену сәтінен бастап құрылыс жұмыстарын жүргізудің басталуына дейінгі, қаржылық жабу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту, МЖӘ объектісін салуға дайындықпен байланысты өзге мәселелерді шешу кезеңін қамтитын кезең;

6) жекеше әріптес – "МЖӘ туралы" Заңға сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

7) жер учаскесі – Шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі;

8) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

9) комиссия – Заңнамада белгіленген тәртіппен құрылған, коммуналдық меншікке жататын МЖӘ объектісіне қатысты комиссия;

10) конверт – Конкурс өтінімнің тұтас және сақталған күйде берілуін қамтамасыз ететін қорап немесе ораудың өзге тәсілі;

11) конкурс – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және өткізу

бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жеңілдетілген конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі ашық конкурс;

12) конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі;

13) қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобасын жоспарлау және іске асыру қағидалары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген);

14) мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы;

15) МЖӘ жобасы – _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасы;

16) МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын (бірнеше сервистік-дайындау орталығы жоспарланған жағдайда оларды көрсету қажет);

17) МЖӘ объектісінің қызметін тұтынушылар (бұдан әрі – Тұтынушылар) – (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) тұратын, _____ қаласында " _____ " мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сервистік-дайындау орталығысынан орын алуға кезекте тұрған ата-аналар (оларға теңестірілген тұлғалар) және мектепке дейінгі жастағы (___ жасқа дейінгі) балалар;

18) МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің мақсатына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы;

19) МЖӘ объектісін салу – МЖӘ объектісін салу, оның ішінде жаңа технологиялар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру негізінде салу, МЖӘ объектісінде өндірістік жабдық орнату, МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерін өндіру;

20) МЖӘ объектісін салу мерзімі – Шартта және жобалау-сметалық құжаттамада МЖӘ объектісін салуға көзделген, құрылыс жұмыстарының басталу күнінен аяқталу күніне дейін есептелетін мерзім;

21) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) – Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау

орталығы) МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасында белгіленген, оның негізінде Конкурсқа қатысушының Конкурстық өтінімі үздік деп танылатын өлшемшарттар;

22) шарт жобасы – тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, МЖӘті іске асыру шарттарын айқындайтын Мемлекеттік әріптес және Жекеше әріптес арасындағы жазбаша келісім жобасы.

2. Жалпы ережелер

3. Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы Әлеуетті Жекеше әріптестерге олардың Конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат ұсыну мақсатында әзірленген.

4. Конкурс Заңға, Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өткізіледі.

5. МЖӘ жобасының сипаттамасы Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

Техникалық параметрлер бойынша егжей-тегжейлі сипаттамалар Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға қоса берілген жобалау-сметалық құжаттамада/Үлгілік жобада/Үлгілік жобалық шешімдерде/қайталап қолдану жобасында (керегін көрсету) көзделген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 154-3-бабының 7-тармағына сәйкес, Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы/Үлгілік жобаны/Үлгілік жобалық шешімдерді/қайталап қолдану жобасын (керегін көрсету) МЖӘ жобасының нақты алаңына байланыстыруды МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған маркетингтік және қаржылық-экономикалық параметрлерді ескере отырып жүзеге асырады.

6. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Шарт жобасында келтірілген.

3. Конкурстық комиссия

7. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді Әкімдіктің "Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы" 20__ жылғы "___" _____ №___ қаулысымен құрылған Комиссия жүзеге асырады.

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестер ұсынған Конкурстық өтінімдерді құжаттардың толықтығы мен тиісті ресімделуі, сондай-ақ олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау мен іріктеу;

2) Конкурстық өтінімдерді қарау және үздік Конкурстық өтінімді анықтау;

3) МЖӘ жобасын және Шарт жобасының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) Конкурс қорытындысы бойынша Конкурстық өтінімді бекіту және өтінім берушіні Конкурс жеңімпазы деп тану болып табылады.

9. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) Комиссияның отырыстарына шақыруға және Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;

2) МЖӘ жобасының проблемалық мәселелерін талдау мен зерделеу үшін қажеттілігіне қарай мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тартуға;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

10. Комиссияны төраға - _____ әкімі/әкімінің орынбасары басқарады . Комиссия төрағасы Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды, қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды, Комиссияның қызметіне жеке жауапкершілікке ие болады.

11. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі орындайды.

12. Комиссия құрамына _____ әкімінің орынбасарлары, білім беру, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларының бірінші басшылары, сондай-ақ "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

13. Комиссияның жұмыс органы Конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

14. Комиссияның жұмыс органы қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Комиссияның хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайтын және отырыс хаттамасын ресімдейтін Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

16. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

17. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері дауыстарының басым көпшілігі берілген жағдайда қабылданған болып есептеледі және міндетті түрде Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері және Комиссияның хатшысы қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

18. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол берілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

19. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі тұлғаларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

20. Комиссия өз қызметін Әкімдік қаулысының негізінде тоқтатады.

4. Конкурс өткізудің негізгі іс-шаралары

21. Конкурс Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаға сәйкес негізгі шараларды көздейді.

5. Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

22. Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Әлеуетті жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, Үлгілік КҚ 3-қосымшаға сәйкес, жекеше әріптестер олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізіміне сәйкес ұсынылады;

2) МЖӘ объектісінің орналасқан жері;

3) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжанатын түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

4) МЖӘ Үлгілік шартының жобасы;

5) үздік Конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

6) МЖӘ жобасының параметрлері көрсетілуге тиіс валютаны көрсету және оларды салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта бағамы;

7) Конкурстық өтінім берілетін тілге қойылатын талаптар;

8) Әлеуетті Жекеше әріптестің өз Конкурстық өтінімін Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

9) Конкурстық өтінімнің мазмұны, Конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және олардың қолданылуы, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

10) МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсіндірулерді алу тәсілдері;

11) Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні мен уақыты.

23. Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген.

24. Конкурстық құжаттаманың қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап ___ (жазумен көрсету, бірақ үш жылдан көп емес) жыл.

25. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттаманың көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) не басқа да электрондық тәсілмен ұсынады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған кезде Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасы түпнұсқадан (Конкурсты ұйымдастырушы әрбір бетіне қол қойған, бекітілген және келісілген конкурстық құжаттамадан) көшірме түрінде беріледі. Конкурстық құжаттаманың көшірмесі Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілдеріне тегін/_____ (жазумен көрсету) теңгеге (керегін көрсету) және Конкурсты ұйымдастырушының тиісті журналға міндетті түрде тіркеуі арқылы беріледі.

26. Конкурстық құжаттамада және оның қосымшаларында көзделген МЖӘ объектісінің техникалық параметрлері Конкурстық өтінімдерді дайындау және ұсыну кезінде Әлеуетті Жекеше әріптестер үшін міндетті болып табылады.

27. Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен және Конкурсты өткізумен байланысты даулар Заңнаманың талаптарына және Үлгілік шартта келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес келіссөздер жолымен шешіледі.

28. Егер Конкурстық құжаттамада көзделген шарттармен, Конкурсты өткізумен байланысты даулар Конкурстық құжаттаманың 27-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда Тараптар дауды заңнаманың талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну жолымен шешуге құқылы.

6. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру және талқылау

29. Конкурстық құжаттаманы алған тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушыға Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүгінеді. Конкурс қайта өткізілген жағдайда Конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына өздері туралы мәліметтер енгізілген тұлғалар, қажет болған жағдайда, Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүгінеді.

30. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы не жазбаша түрде, қағаз жеткізгіште, бір данада, мемлекеттік немесе орыс тілінде не мемлекеттік немесе орыс тіліне нақты (нотариалды куәландырылған) аудармасын қоса берумен өзге тілде ұсынылады. Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуы Конкурсты ұйымдастырушыға жөнелтілуі және мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __, " _____ " мемлекеттік мекемесі, № _____ кабинетке бағытталуы тиіс. Сұрау салу заңнаманың талаптарына сәйкес жасалуы және сұрау салу түсіп отырған Әлеуетті Жекеше әріптестің атауынан және жауап жіберілуі тиіс мекенжайдан тұруы тиіс.

31. Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салуды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпестен:

1) мұндай түсіндіруді Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге хабарлайды;

2) Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы жібереді не түсіндірудің мәтінін " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жариялайды.

32. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптестермен 20__ жылғы " __ " _____ :00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ облысы, _____ қаласы, _____ көшесі, № __ кабинетте кездесу өткізеді.

33. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру жөніндегі кездесу қорытындысы бойынша Конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған дереккөздерді көрсетпестен, Конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардан, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптардан тұратын хаттама жасайды.

34. Әлеуетті Жекеше әріптестермен кездесудің хаттамасына Конкурсты ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

35. Аталған хаттаманың көшірмесін Конкурсты ұйымдастырушы оны ресімдеген және қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге жібереді.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама арнайы құрылған интернет-ресурста (веб-портал) орналастырылады не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында жарияланады.

36. Егер Әлеуетті Жекеше әріптестермен Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесу Конкурстық құжаттаманың 32-тармағында белгіленген уақыт пен күні Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен болмай қалса, Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы факт туралы Комиссияға жазбаша хабарлайды.

37. Әлеуетті Жекеше әріптестерден МЖӘ жобасының қаржылық, заңды және өзге де қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, Жекеше әріптесті және өзге де шешімдерді іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді қалыптастыру мақсатында ұсыныстар түскен жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы мүдделі Әлеуетті Жекеше әріптестердің әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда бәсекелі диалог ұйымдастырады. Заңнамаға сәйкес, бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

7. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

38. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, ал конкурсты қайтадан өткізген кезде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өз бастамасымен немесе Әлеуетті Жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады.

39. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге Конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мәтінін жолдайды . Бұл ретте Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін Әлеуетті Жекеше әріптестердің Конкурстық өтінімдердегі өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеруі үшін, кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн

мерзіміне, ал Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс қайта өткізілген кезде, кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзіміне ұзартады.

40. Енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар міндетті күшке ие болады.

41. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері, сондай-ақ Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері

42. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алуға, шығындарды өтеуге және кірістер алуға (керегін көрсету) құқығы бар.

43. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеудің, шығындарды өтеудің және кірістер алудың (керегін көрсету) мөлшері, тәртібі және мерзімдері заңнамаға сәйкес Үлгілік шартта белгіленеді.

9. Біліктілік іріктеу

44. Заңның 32-бабына сәйкес, Конкурсқа қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптес мынадай біліктілік талаптарына сай келуге тиіс:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігінің (дара кәсіпкер үшін) болуы;

2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы;

3) Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстарының болуы;

4) банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауға тиіс, заңнамаға сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауға тиіс;

5) соңғы үш жыл ішінде жасалған МЖӘ Үлгілік шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

45. Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын меншікті қаражатымен немесе қарыз қаражатын тарту арқылы қаржыландыруға құқылы.

46. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске Заңда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқылы емес. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына қатысты емес ақпаратты ұсынбауға құқылы.

47. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну 20 __ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін жүзеге асырылады.

48. Қағидаларға сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Конкурсты ұйымдастырушыға Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшада келтірілген құжаттарды ұсынады.

49. Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестікке анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, сот оны жосықсыз Әлеуетті Жекеше әріптес деп таныған кезден бастап кейінгі үш жыл бойы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

50. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың анықтығын Комиссия, Конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік органдар Конкурсты өткізудің кез келген сатысында анықтай алады.

51. Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісін анықтаған тұлғалар осындай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпарат ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін хабарламаға қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша хабардар етеді және Қағидаларға сәйкес шаралар қабылдайды.

52. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік іріктеуді Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізу арқылы құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

53. Әлеуетті Жекеше әріптестердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарда талаптарға сәйкес келмеулер анықталған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатылады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтпеген деп танылады.

54. Конкурсты ұйымдастырушы бағалау нәтижелерін біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Әлеуетті Жекеше әріптестерге жолдайды.

55. Біліктілік іріктеуден өткен Әлеуетті Жекеше әріптес Заңның 34-бабына сәйкес Конкурсқа қатысушы деп танылады.

10. Конкурса қатысуға байланысты шектеулер

56. Заңның 33-бабына сәйкес, Әлеуетті Жекеше әріптес егер:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптес басшыларының және (немесе) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының Жекеше әріптесті айқындау туралы шешім қабылдау құқығы болса не Конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) Әлеуетті Жекеше әріптестің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметі Заңнамаға не Әлеуетті Жекеше әріптес-Қазақстан Республикасының бейрезиденті мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, Конкурса қатысуға құқылы емес.

57. Әлеуетті Жекеше әріптес пен Әлеуетті Жекеше әріптестің үлестес тұлғасының Жекеше әріптестің айқындауы бойынша бір Конкурса қатысуға құқығы жоқ.

11. Конкурстық өтінім

58. Конкурса қатысу үшін Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурсты ұйымдастырушыға Заңнаманың және Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалған және ұсынылған Конкурстық өтінімдерді ұсынады.

59. Конкурстық өтінім Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қаржылық-экономикалық шешімдер (ұсыныстар):

қаржылық-экономикалық модель;

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және бағалау;

МЖӘ жобасына салынатын меншікті және қарыз қаражаттарының көлемі.

2) технологиялық және басқа шешімдер (ұсыныстар):

МЖӘ объектісін пайдалану процесінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша шешімдерді қамтитын жаңа технологияларды тарту;

қаржылық жабу кезеңінің аяқталу күнінен бастап есептелетін МЖӘ объектісін салу мерзімі;

жергілікті қамту бойынша міндеттемелер (МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде);

ауыл шаруашылығы саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі;
білікті мамандардың болуы.

12. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

60. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алмайтынына не өзгертпейтініне және/немесе толықтырмайтынына;

2) оны Конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, Шарт жасасатындығына кепіл ретінде енгізеді.

61. Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Үлгілік шарт бойынша болжанған инвестициялардың құнының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

62. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) " _____ " мемлекеттік мекемесі
_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____
көшесі, _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

"ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің _____ бойынша
Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі

Банктік сәйкестендіру коды _____ шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;

2) банк кепілдігін таңдайды.

63. Әлеуетті Жекеше әріптестің оның Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соқтыратын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

64. Мына:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін Конкурстық өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және/немесе толықтырған;

2) Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартын жасасудан жалтарған жағдайларды қоспағанда, Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптес енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып алуы;

2) Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурсқа қатысушылар деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Аталған жағдай Конкурс жеңімпазы болып айқындалған Конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) Үлгілік шарттың күшіне енуі;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің өтуі.

13. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

66. Конкурстық өтінімді Әлеуетті Жекеше әріптестер Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген, беттері нөмірленген және әрбір бетіне қол қойылған, соңғы бетіне қолы мен мөрі қойылған түрінде жабылған Конвертте ұсынады.

67. Конверт:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, Конкурстық өтінімді ашпай, кері қайтару мақсатында);

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен мекенжайы:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) __-__-__;

3) конкурстың атауы:

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ҚАБЫЛДАУ, ӨҢДЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША СЕРВИСТІК-ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫН САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ" МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ -00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" мәтіні көрсетіле отырып, Конкурсты ұйымдастырушыға жолдануы тиіс.

68. Конкурса қатысуға өтінімдерді Әлеуетті Жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері Конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты пошта байланысын пайдалану арқылы ұсынады.

69. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде қабылдайды және оларды ұсыну сәтінен бастап Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады.

70. Конвертке Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың тізімдемесі де салынады. Тізімдеме Конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес тілде ұсынылуы, оған Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы не уәкілетті өкілі қол қоюы және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен расталуы тиіс.

71. Қаржылық-экономикалық модельді қоспағанда, Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттар және Конкурса ұсынылатын өзге де құжаттар жазбаша (баспа) және электронды түрде, оның ішінде сканерленген түрде ұсынылуы тиіс.

72. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес атынан өтінімі бар Конвертті ұсынған Әлеуетті Жекеше әріптестің өкілінің өкілеттігін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген Конкурстық өтінімдері бар Конверттерді қабылдайды және Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін Конкурстық өтінімге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін ол қайтарылған жағдайда, Конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

73. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі мынадай:

1) Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімді бұрын берген;

2) Конкурстық өтінім осы Конкурса қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

74. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынатын, шетелдік құқық нормалары бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген нысан бойынша берілген, жасалған немесе куәландырылған барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі заңдастыруы не 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына сәйкес апостиль қою арқылы куәландырылуы тиіс. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы рәсім көрсетілген құжаттарға қатысты алынып тасталған немесе жеңілдетілген болса, ұсынылатын құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою талап етілмейді.

14. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және Конкурсқа ұсынылатын өзге де құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

75. Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімі және Конкурсқа ұсынылатын барлық өзге құжаттар тілдер туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.

76. Құжаттар оларға орыс тіліне апостиль қойылған дұрыс аудармасы қоса берілген жағдайда (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмаған болып танылады) басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін.

Құжат бойынша мәліметтерді интерпретациялау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда _____ (керегін көрсету) тіліндегі құжаттар басымдыққа ие болады.

15. Конкурстық өтінімдегі есептеулер үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

77. МЖӘ объектісін салу құны, қаржылық-экономикалық модель, Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау түрлерінің көлемдері және Конкурстық өтінімдегі басқа да көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептелуі тиіс.

16. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі

78. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі – Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ сағат __:00 дейін.

79. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған Конкурстық өтінімі бар конверт Конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және Конкурсқа қатысу өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша Әлеуетті Жекеше әріптеске не Әлеуетті Жекеше әріптестердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алу туралы қолхатпен жеке қайтарылады.

17. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

80. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап кемінде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн мерзімді құрайды.

81. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен асып кетпеуі тиіс. Осындай асып кету болған жағдайда Конкурстық өтінім кері қайтарылады.

82. Егер Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Мемлекеттік әріптес пен Конкурстық өтінімі үздік деп анықталған Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің Конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімін ұзартады.

83. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсты ұйымдастырушының атына, мыналарды:

1) ол берген Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға айқын көрінетін келісімді;

2) Конкурстық өтінімнің қолданылуы ұзартылатын мерзімді;

3) осы құжатқа қол қою күнін;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарлама Конкурстық құжаттамада көрсетілген, Конкурсқа қатысу үшін қойылатын құжаттарды ресімдеу және жасау талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

18. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуына дейін Конкурстық өтінімді өзгерту, кері қайтарып алу

84. Әлеуетті Жекеше әріптес осы Конкурстық құжаттаманың 78-тармағында көрсетілген, Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген Конкурстық өтінімді өзгерте және/немесе толықтыра;

2) өзі енгізген Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің Конкурстық өтінімін кері қайтарып ала алады.

Конкурстық өтінімге өзгертулер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін енгізілмейді.

85. Әлеуетті Жекеше әріптестер өзгертілген Конкурстық өтінімді бұрын ұсынылған Конкурстық өтінім сияқты дайындайды, мөр басады және Конвертте:

1) Әлеуетті Жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын:

" _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, № __ кабинет, тел. 8 (____) ____-____-____;

3) құжаттың атауын: " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ҚАБЫЛДАУ, ӨНДЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША СЕРВИСТІК-ДАЙЫНДАУ

ОРТАЛЫҒЫН САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МЖӘ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМІ";

4) сондай-ақ: "20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ __-00 САҒАТҚА ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН" сөздерін көрсете отырып ұсынады.

86. Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушының атына Әлеуетті Жекеше әріптес қол қойған және мөр қойылған еркін түрде ресімделетін Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінімді Конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайтарған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы Әлеуетті Жекеше әріптеске ол енгізген қамтамасыз етуді Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама алған күннен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күнінің ішінде қайтарады.

19. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

87. Комиссия Конкурстық өтінімдері бар конверттерді Астана қ. (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша 20__ж. " __ " _____ __:00 сағатта мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ көшесі, " _____ " мемлекеттік мекемесі ғимаратында, _____ қабат, № _____ кабинетте ашады.

88. Конкурсты ұйымдастырушыға, Комиссия көпшілігі болмаған жағдайда немесе Комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен Конкурстық өтінімдерді ашу орны, өткізілетін уақыты мен күні туралы Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

89. Енгізілген өзгерістер міндетті күшке ие болады және олар туралы Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттама ұсынған барлық Әлеуетті Жекеше әріптестерге, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дереу хабарлайды.

90. Конкурсты ұйымдастырушы барлық мүдделі тұлғаларға жоғарыда көрсетілген өзгерістер туралы арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) арқылы хабарлайды не " _____ " мемлекеттік мекемесі ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастырады.

91. Конкурстық өтінімдері бар конверттер Комиссияның қарапайым көпшілігінің, Конкурсты ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сондай-ақ Әлеуетті Жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашылады.

92. Комиссия хатшысы не төраға Комиссия мүшелерінің арасынан анықтаған тұлға Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады және барлық қатысушылардың алдында өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді.

93. Комиссия барлық Конкурстық өтінімдерді қарайды. Егер бір ғана Конкурстық өтінім ұсынылған жағдайда, берілген өтінімді Комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.

94. Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасына төраға және отырысқа қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы әрбір бетіне қол қояды.

95. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі комиссияның отырысына қатысқан Әлеуетті Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне Комиссияның аталған отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

96. Комиссия отырысын өткізбей тұрып, Конкурстық өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

97. Бұл ретте осындай Конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және осы Конкурсқа енгізілген, қалған Конкурстық өтінімдердің арасынан үздік Конкурстық өтінім қайтадан таңдалады.

20. Конкурстық өтінімдерді іріктеу өлшемшарттары

98. Конкурстық өтінімдерді қарау және іріктеуді Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасына 5-қосымшада келтірілген өлшемшарттарды және олардың параметрлерін ескере отырып, Комиссия жүзеге асырады.

99. Өлшемшарттар олардың әрқайсысы бойынша тиісті ұпайлар (үлестік немесе пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

21. Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздер, Шарт жасасу

100. Комиссия Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен МЖӘ жобасын және Үлгілік шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

101. Келіссөздер жүргізу кезеңінде МЖӘ жобасы және Үлгілік шарт бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Комиссия жазбаша нысанда Әлеуетті Жекеше әріптеске жібереді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша Комиссия шешім қабылдайды

102. Келіссөздер барысында Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

103. Егер Конкурсстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптес Комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес Конкурсстық өтінімді және Үлгілік шарттың талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартқан не оның ұсыныстары Конкурс шарттары тұрғысынан қолайсыз болып табылған жағдайда, онда Комиссия бұл Конкурсстық өтінімді қарамайды және үздік Конкурсстық өтінімді жаңадан таңдайды.

Бұл ретте осындай Конкурсстық өтінімді үздік деп тану туралы Комиссияның шешімі жойылады және бұл Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурсстың жеңімпазы болып танылмайды.

104. Конкурсстың жеңімпазы болып Конкурсстық өтінімі үздік деп танылған Конкурсқа қатысушы танылады.

105. Конкурссты ұйымдастырушы Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде, үздік Конкурсстық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін қоса бере отырып:

1) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;

2) Шарт жобасын, оның ішінде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген кезде 10 (он) жұмыс күні ішінде келісетін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға келісуге жолдайды.

106. Шарт жобасын келісулерді ескере отырып, Конкурсстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен Конкурсстық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші Конкурсстың жеңімпазы болып танылады.

107. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

108. Үлгілік шарт жасасу мерзімі Конкурс қорытындыланған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурсстық құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ жобасының атауы	"_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өндеу, сақтау және өткізу бойынша
---------------------	---

	сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану "
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	МЖӘ жобасының мәні көрсетіледі
Мемлекеттік әріптес	" _____ " мемлекеттік мекемесі , Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, №__ үй, №__ кабинет Банктік сәйкестендіру коды: _____ Банктік деректемелер: _____
МЖӘ объектісі	ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ (мекенжай немесе орналасқан жердің сипаттамасы)
МЖӘ жобасын іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Құрылыс мерзімі – 20_ - 20_ жылдар (_ ай) Пайдалану мерзімі –20_-20_ жыл (_ жыл) Шарт мерзімі – 20_-20_ жылдар (_ жыл)
МЖӘ жобасының құны	МЖӘ объектісін салу құны: _____ теңге, оның ішінде: - құрылыс-монтаждау жұмыстары – _____ теңге; - жабдық – _____ теңге; - өзге шығыстар – _____ теңге.
Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері	Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдаудың түрлері және көлемдері (егер болса) көрсетіледі
Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері	Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістер алу көздері (егер болса) көрсетіледі
Байланыс деректері	Конкурсты ұйымдастырушының тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы, байланыс телефоны мен электрондық поштасының мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша
Нысан

Негізгі іс-шаралар

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімі (уақыт пен күн Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша белгіленген)
	Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір	20__ж. " __ " _____

1	уақытта хабарлауымен Конкурсты өткізу туралы жариялауы (ақпарат Конкурсты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады)	(Конкурсты өткізу күніне дейін кемінде 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын, ал Конкурс қайта өткізілген кезде – кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын
2	Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға Конкурсты ұйымдастырушының Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін ұсынуы	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап
3	Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету	20__ жылғы " __ " _____ кешіктірмей (сұрауды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде)
4	Әлеуетті Жекеше әріптестердің олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурскқа "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалыптастыратын Әлеуетті Жекеше әріптестер тізілімінен Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік іріктеу жүргізілместен жіберіледі	20__ ж. " __ " _____ __:00 сағаттан кешіктірмей (Конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн)
5	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізуі арқылы біліктілік іріктеуін жүргізуі	құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
6	Конкурсты ұйымдастырушының Әлеуетті Жекеше әріптестерді бағалау нәтижелерін жіберуі	біліктілік іріктеу аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
7	Әлеуетті Жекеше әріптестің Конкурстық өтінімді, сондай-ақ Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі	Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттаманы алған сәттен бастап 20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағатқа дейін
8	Комиссияның Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашуы	20__ жылғы " __ " _____ __:00 сағат

9	Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі Комиссияның отырысына қатысқан Жекеше әріптестерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне жіберу. Қатыспағандарға – олардың жазбаша сұрауы бойынша	Комиссияның тиісті отырысынан кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
10	Комиссияның Конкурстық өтінімдерді қарауы	Біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке ала отырып, Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде
11	Комиссияның Конкурстық өтінімі үздік деп танылған Әлеуетті Жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, МЖӘ жобасын және Үлгілік шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі	20__ж. " __ " _____ :00 сағат
12	Конкурсты ұйымдастырушының үздік Конкурстық өтінімді айқындау туралы хаттаманың көшірмесін қоса берумен, Шарт жобасын, оның ішінде оған түзетулер және/немесе толықтырулар енгізген кезде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға келісуге жолдауы	20__ж. " __ " _____ дейін
13	Конкурстың жеңімпазын айқындау	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
14	Тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
15	Тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы	20_____ жылғы " __ " _____ кешіктірмей
16	Мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және енгізу	тиісті бюджет комиссиясының шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
	Комиссияның шешімінің негізінде , мәслихаттың шешімін қабылдау	

17	қорытындылары бойынша Конкурсты ұйымдастырушының Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасуы	Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнгізбелік күннен көп емес
18	Конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бір уақытта хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруы	Үлгілік шарт жасасқаннан кейін _ _ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті Жекеше әріптестердің өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растауы үшін ұсынатын құжаттар тізбесі

Әлеуетті Жекеше әріптестер біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) есепшоттарында ақшаның болуын, Әлеуетті Жекеше әріптестің меншік құқығын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің құнын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған толық алдыңғы екі қаржы жылының қаржылық есептілігінің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйым қызметі жөніндегі қаржылық есептілікке қосымша бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады. Аса маңызды МЖӘ жобаларына қатысты, егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда мұндай құжаттаманы осындай Әлеуетті Жекеше әріптестің құрылтайшысы болып табылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынады;

3) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының баптарының таратылып жазылуы;

4) Әлеуетті Жекеше әріптестің бірінші басшысының немесе уәкілетті өкілінің қолы қойылған және Әлеуетті Жекеше әріптестің мөрімен куәландырылған, олардың қалыптасқан және болжамды өтеу күндері, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болды), оларды құнсыздандыру бойынша есептелген резервтердің сомасы көрсетілген соңғы есеп беру күніне (соңғы қаржы жылындағы) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы. Банктік қарыздар болған жағдайда банктік қарыз Үлгілік шарттарының көшірмелерін негізгі борышты және пайыздарды өтеу кестелерімен қоса беру қажет;

5) Әлеуетті Жекеше әріптестің төлем қабілеттілігі, оның таратылуға жатпайтыны, мүлкіне тыйым салынбағаны, оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмағаны, Әлеуетті Жекеше әріптестің жасалған МЖӘ шарттары бойынша оның міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін соңғы үш жыл ішінде заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапкершілікке тартылмағаны туралы кепілхат;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға нотариалды расталған жарғысының көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударылған сауда тізілімінен нотариалды куәландырылған заңдастырылған үзіндіні ұсынады;

8) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

10) Әлеуетті Жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі қойылған анықтама берілген күннің алдында үш айдан астам Әлеуетті Жекеше әріптес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есептің Үлгі шот жоспарына сәйкес банк немесе банк филиалы алдында мерзімі өткен берешегі жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы. Егер Әлеуетті Жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылса, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро беретін кредиттік есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

Банктің анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан бұрын берілмейді.

Конкурса жеке және (немесе) қарапайым серіктестік нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері қатысқан жағдайда оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды қоса ұсынулары қажет:

бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

қарапайым серіктестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы Үлгілік шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурс шеңберінде келіссөздерді және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға қарапайым серіктестік атынан әрекет ететін оның өкіліне арналған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды Әлеуетті Жекеше әріптестер өз қалауы бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент Әлеуетті Жекеше әріптесі біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не конкурстық құжаттаманың тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған аудармамен Қазақстан Республикасының бейрезиденті Әлеуетті Жекеше әріптестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық Үлгілік шартта өзгеше көзделмесе) ұсынады.

МЖӘ объектісі ақпараттық ресурстар және (немесе) ақпараттық жүйелер болған жағдайда Әлеуетті Жекеше әріптес ақпараттық ресурстарға және (немесе) ақпараттық жүйелерге меншік және (немесе) ие болу құқығы туралы құжаттарды ұсынады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
4-қосымша
Нысан

Конкурстық өтінім

" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша

оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалану арқылы Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, _____ (Әлеуетті Жекеше әріптес көрсетіледі) осы Конкурстық өтінімге сәйкес МЖӘ Үлгілік шарты бойынша Жекеше әріптестің міндеттемелерін орындауды ұсынады.

Осы Конкурстық өтінім Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінен бастап кемінде 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн қолданылады.

Конкурстық өтініміміз жеңді деп танылған жағдайда, біз МЖӘ Үлгілік шартын ескертпелерсіз және шектеу талаптарынсыз конкурстық құжаттаманың Үлгілік шарттарына сәйкес ресімдеуге және қол қоюға міндеттенеміз.

Біздің өз Конкурстық өтінімімізді қайтарып алмайтынымыздың не конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзгертпейтініміздің және (немесе) толықтырмайтынымыздың және бізді конкурс жеңімпазы деп айқындаған жағдайда МЖӘ Үлгілік шартын жасайтынымыздың кепілі ретінде _____ (мөлшері көрсетіледі) мөлшерінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгіземіз.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ретінде біз _____ (Заңның 39-бабының 4-тармағына сәйкес Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі көрсетіледі) таңдап алдық.

Осы Конкурстық өтінімде ұсынылған ақпараттың анық болып табылатынын растаймыз.

Осы Конкурстық өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі: _____
__ (Конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттар көрсетіледі).

(Әлеуетті Жекеше әріптестің уәкілетті өкілінің қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)
) және лауазымы, мөрі (болған жағдайда)

(Конкурстық өтінімнің берілген орны және күні).

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ жобасының Үлгілік
конкурстық құжаттамасына
5-қосымша
Нысан

Үздік Конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

Р/с №	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың шекті (негізгі) мәні	Бағалау тәсілі	Көрсеткіштің Үлгілік шартты белгісі
			МЖӘ жобасы бойынша	

1	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер төлемдерінің көлемі	_____ теңге	<p>мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің азаюының әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) үшін ұпай қосылады*.</p> <p>МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер (инвестициялық шығындар өтемақысы) төлемдері көлемінің ұлғаюының әрбір ___ % (санын көрсету) ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.</p>	K ₁
2	МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді төлеу мерзімі	___ (санын көрсету) жыл	<p>МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің ұлғаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады*.</p> <p>МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді (инвестициялық шығындар өтемақысын) төлеу мерзімінің азаюының әрбір ___ (санын көрсету) жылына ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі*.</p>	K ₂
	Иске асырылған жобалар тәжірибесі (объектілерді салу, құру,			

3	реконструкциялау, жаңғырту және (немесе) пайдалану (өздігінен не қатысушы ретіндегі өзге тұлғалармен бірге) МЖӘ Үлгілік шартындағы объектіге ұқсас тәжірибенің бар болуы)	іске асырылған жобалардың саны	Іске асырылған әрбір жобаға ___ (санын көрсету) ұпай қосылады.	K ₃
4	Жекеше әріптестің өзіне қабылдайтын тәуекелдері	Үлгілік шартқа сәйкес тәуекелдерді бөлу	Жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады Мемлекеттік әріптеске қосымша берілген әрбір тәуекел үшін ___ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₄
5	МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартуға жататын Жекеше әріптестің қаражат көлемі	МЖӘ объектісін салу құны	Меншікті қаражат көлемінің әрбір ___ (санын көрсету) % ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₅
6	МЖӘ объектісін салу мерзімдері	___ (санын көрсету) ай	Осы өлшемшарт бойынша мерзімді қысқартудың әрбір айына ___ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₆
7	Кадрлардағы жергілікті қамту үлесі	персоналдың штаттық санынан ___ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады; Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % азайғаны үшін ___ (санын көрсету) шегеріледі	K ₇
	Тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін	сатып алынатын тауарлардан, жұмыстардан және	Жергілікті қамтудың әрбір ___ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ___ (санын көрсету) ұпай қосылады;	

8	қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	қызметтерден ____ (санын көрсету) %	Жергілікті қамтудың әрбір ____ (санын көрсету) % азайғаны үшін ____ (санын көрсету) шегеріледі	K ₈
Білікті мамандардың бар болуы				
9	жоғары білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ____ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₉
	арнаулы-орта білімді және 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар	____ (санын көрсету) %	Үлестің әрбір ____ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	
10	МЖӘ жобасының сұралатын ішкі кірістілік нормасы	____ (санын көрсету) %	Көрсеткіштің әрбір ____ (санын көрсету) % азайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады Көрсеткіштің әрбір ____ (санын көрсету) % ұлғайғаны үшін ____ (санын көрсету) ұпай шегеріледі	K ₁₀
11	МЖӘ жобасын дайындауға Әлеуетті Жекеше әріптестің қатысу дәрежесі	Өзірленген құжат	Құжатты әзірлеуге қатысканы үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады; Өзірленген құжат үшін ____ (санын көрсету) ұпай қосылады	K ₁₁
12	Көрсетілетін қызметтердің шекті бағалары, Үлгілік шартта көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде осындай бағаларға (тарифтерге) үстемелер	Баға = _____ (санын көрсету) теңге	Әрбір ____ (санын көрсету) теңгеге төмендегені үшін ____ ұпай қосылады. Әрбір ____ (санын көрсету) теңгеге ұлғайғаны үшін ____ ұпай шегеріледі.	K ₁₂
БАРЛЫҒЫ				Баға

**қажет болған жағдайда көрсетіледі*

"Баға" Конкурстық өтінімнің өлшемшарттарын жалпы бағалауы әрбір Өлшемшарт бойынша алынған ұпайларды қосу жолымен анықталады:

$$\text{Баға} = K_1 + K_2 + K_3 + K_4 + K_5 + K_6 + K_7 + K_8 + K_9 + K_{10} + K_{11} + K_{12}$$

K_1 – осы өлшемшарт бойынша негізгі мән Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісінің құны болып табылады. Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_2 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың негізгі мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_3 – бұл жағдайда білім беру объектілерін салу бойынша іске асырылған жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Ауыл шаруашылығы саласында іске асырылған жобалар тәжірибесі болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_4 – Әлеуетті Жекеше әріптес қосымша қабылдаған және/немесе берген тәуекелдер болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_5 – осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес МЖӘ объектісі құрылысының құны болып табылады;

K_6 – МЖӘ объектісін салу мерзімі ____ (санын көрсету) айдан көп қысқарған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес Конкурстық өтінім құрамында ұсынған Конкурстық өтінімнің бағасы осы өлшемшарт бойынша "нөлге" тең болады;

K_7 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_8 – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_9 – егер Әлеуетті Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында құрылған жаңа заңды тұлға болып табылса, Конкурстық өтінімді бағалау үшін Конкурстық өтінімге МЖӘ объектісін салуды жүзеге асыратын ұйыммен ниет

шартын, сондай-ақ ниет шартын жасасқан заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған, жұмыс өтілін, білімін көрсете отырып, жұмыскерлер тізімін қоса беру керек.

K_{10} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады;

K_{11} – әзірленген құжаттар болмаған жағдайда, Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған Конкурстық өтінімнің осы өлшемшарт бойынша бағасы "нөлге" тең болады;

K_{12} – Әлеуетті Жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттың мәні өлшемшарттың шекті мәнімен сәйкес келетін жағдайда, осы өлшемшарт бойынша баға "нөлге" тең болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
13-қосымша

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (балабақша)

Ескерту. Бұйрық 13-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

(комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы " __ " _____

№ ____ шешіміне сәйкес Білім беру саласында (балабақша) салуға және пайдалануға МЖӘ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс- шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және білім беру саласындағы (балабақша) МЖӘ Үлгілік шартына тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Қызметті тұтынушылар МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Жекеше әріптес көрсететін Қызметтерді тұтынғаны үшін төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартының (балабақша) 5-тарауының талаптарына сәйкес, Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-тарауында көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, __ орынға арналған балабақшаны "кілтке дейінгі" тікелей салуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы,

олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

11. Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (балабақша) – Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Үлгілік шарт (бұдан әрі – Үлгілік шарт).

12. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

13. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

14. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

15. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

16. Жекеше әріптестің Өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

17. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

18. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

19. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

20. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Құрылыс жұмыстарының біту күні.

21. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті камту – жұмыстардағы (қызметтердегі), шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін

қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

22. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

23. Инвестициялық шығындар өтемақысы (бұдан әрі – ИШӨ) – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" Заңының 9-бабының 2-тармағының 3)-тармағына сәйкес Жекеше әріптестің инвестициялық шығындарының өтемақысы

24. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

25. Кадрлар – Жекеше әріптес жұмыскерлерінің негізгі құрамы (штаты).

26. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

27. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

28. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы шарттың жасалуы.

29. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қаупі бар, радиоактивті, өрт қаупі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие қауіпті заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей және әлеуетті қауіптілік әкеле алатын және Құрылыс жұмыстарының басталу күніне дейін құзыретті зерттеулермен анықталуы мүмкін болмайтын көмулер.

30. Конкурс – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақшаны салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

31. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақшаны салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

32. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

33. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа

қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

34. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

35. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау және салу талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

36. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

37. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 108 және 109-тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

38. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

39. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің Қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

40. Қызметті тұтынушылар – _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) өмір сүретін, _____ қаласында " _____ " мемлекеттік мекемесі мемлекеттік балабақшасынан орын алуға кезекте тұрған ата-аналар (оларға теңестірілген тұлғалар) және мектепке дейінгі жастағы (___ жасқа дейінгі) балалар.

41. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

42. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

43. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

44. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптеспен мердігерлік шартының негізінде тартылатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен жоба бойынша жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізетін компания.

45. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақшаны салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

46. МЖӘ жобасын басқару – жобаның шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау;

47. МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша (бірнеше балабақшаларды жоспарлаған жағдайда оларды көрсету қажет).

48. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

49. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

50. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

51. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

52. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 160-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

53. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт аясында уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

54. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті

барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

55. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

56. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

57. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

58. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

59. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

60. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

61. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

62. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап __
_ жыл.

2. Қолданылатын құқық

63. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

64. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

65. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

66. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

67. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің проблемаларын кешенді шешу мақсатында МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

68. Жекеше әріптес _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ орынға арналған балабақша салуды жүзеге асырады, салғаннан кейін оны мемлекеттік меншікке тапсырады және пайда алу мүмкіндігімен иелену және пайдалану құқығы негізінде оны пайдалануды жүзеге асырады, ал Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің пайдасына Үлгілік шартта қарастырылған мемлекеттік міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

69. МЖӘ объектісінің сипаттама нысаны, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Үлгілік шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

70. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін Жер учаскесінің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

71. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

72. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Үлгілік шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

73. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық нысан жоспары Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген.

74. Жекеше әріптес кірістер алу мақсатында халыққа Үлгілік шартқа 3-қосымшада көрсетілген Қызметтерді көрсетеді.

75. Көрсетілетін қызметтерге тарифтер және Жекеше әріптестің кірістерді алу көздері Үлгілік шартқа 3-қосымшада көрсетілген МЖӘ жобасын іске асырудың Қаржы-экономикалық жоспарында келтірілген.

76. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

77. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
 - 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;
 - 3) МЖӘ объектісінің қуаты – ___ орын;
 - 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;
 - 5) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу көздері және мемлекеттік қолдау шаралары (керегін көрсету) болып табылады.
78. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

79. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Үлгілік шартқа 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

80. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 82-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 84-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 240-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ___ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

81. Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 82 және 83-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

82. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін,

сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттамасын (Үлгілік жобаны) " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ орынға арналған балабақша салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттамасын бекітуді тиісті лицензияларға ие орындаушыларды тарту арқылы, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырылады;

Жобалау-сметалық құжаттамада Үлгілік шартқа 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 34-тарауына сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

83. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес тапсырған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

84. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 82-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (

жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

85. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске уақытша өтеусіз жер пайдалануға Жер учаскесін беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

86. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту бойынша, мемлекеттік меншікте тұрған, МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігін және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалармен қозғалған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығын келіседі.

87. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

88. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе

міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

89. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

90. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

91. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме Үлгілік шартқа 5-қосымшада келтірілген.

92. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

93. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

94. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

95. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Үлгілік шартқа 6-қосымшада көрсетілген.

96. Инвестициялар, оның ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру Үлгілік шарттың 18-тарауында көрсетілген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері есебінен өтеуге жатады.

97. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

98. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

99. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында

Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

100. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Үлгілік шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

101. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, " ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

102. Салу сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюды сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

103. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

104. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

105. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы

өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

106. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

107. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

108. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 110-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

109. Құрылыс кепілдігі Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

110. Құрылыс міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 240-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген Құрылыс жұмыстарының мерзімі,

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

111. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған Құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

112. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ____% мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

113. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) Құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

114. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

115. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

116. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

117. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

118. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

119. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

120. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

121. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

122. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта

белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіпте және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

123. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізеді.

124. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

125. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

126. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін күтпеген мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқылы.

127. Жекеше әріптес ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

128. Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

129. Егер Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Үлгілік шартқа 1-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

130. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

131. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттарының есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

132. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

133. Археологиялық олжалардың себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

134. Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

135. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

136. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

137. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

138. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтардың көмулері

139. Қауіпті қалдықтардың көмулері табылған жағдайда Жекеше әріптес: ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтардың көмулерінің теріс салдарларын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттарының есебінен Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

140. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтардың көмулерінің табылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

141. Жекеше әріптес Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтардың көмулеріне қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

142. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

143. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

144. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті бұл туралы Жоспарлы аяқтау күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

145. МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне № 12717 болып тіркелген) бекітілген МЖӘ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

146. Тараптар МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне байланысты Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Үлгілік шартты бұзу күніне дейін Үлгілік шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӘ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

147. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, ал Үлгілік шартта қарастырылған оны мерзімінен бұрын бұзған және өзге де жағдайларда Үлгілік шартты бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Мемлекеттік әріптестің мекен-жайына ілеспе хатпен қызметтерді

және барлық қажетті құжаттаманы қоса МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске тапсыру жоспарын жолдайды.

148. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін тапсыру жоспарын алған күннен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде оны тексеруі және бекітуі тиіс.

149. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде:

1) соңғы ____ (жазумен көрсету) жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;

2) шектеусіз, пайдалануда тұрған коммуникацияларды, дабылдарды және өзге де жүйелерді қоса, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;

3) жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;

4) барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;

5) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

6) МЖӘ объектісімен байланысты Үлгілік шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.

150. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын МЖӘ объектісін қарауды жүргізуі тиіс.

151. МЖӘ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін қорытынды қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруі тиіс.

152. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың көшуін, Қызметтерді тұтынушылар үшін артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ететіндей қамтамасыз ету үшін, Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

153. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Үлгілік шартқа 10-қосымшада көрсетілген күйге сәйкес болуы, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

154. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

155. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде пайда алу мүмкіндігімен, тек қана мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу бойынша Қызметтерді ұйымдастыру үшін, сондай-ақ балабақшаның ___ жасқа дейінгі балаларына қосымша ақылы қызметтерді (үйірмелер, билер) ұйымдастыру үшін пайдаланады.

156. МЖӘ объектісі ___ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

157. Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

158. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

159. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

160. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігінің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және

толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) пайдалану кепілдік Үлгілік шартқа 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

161. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Үлгілік шартқа 9-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

162. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

163. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін орта мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлеу кезеңіндегі пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлегеннен кейін пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде

бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

164. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV (таза келтірілген күн) _____ теңгеге тең болған кезде ____ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

165. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

166. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 160-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Үлгілік шартқа 11-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

167. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

16. МЖӘ объектісін жөндеу және жаңғырту

168. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

169. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін, оның ішінде жабдықтарды жаңғыртуды жүйені жетілдіру, МЖӘ объектісін жаңарту, оны

жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

170. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісу бойынша қызметті ішінара тоқтату арқылы жүзеге асырылады.

171. Ағымдық жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

172. Жекеше әріптес күрделі жөндеудің басталуына дейін ___ (жазумен көрсету) ай бұрын Мемлекеттік әріптеске қызметтерді көрсету сапасын нашарлатпастан жөндеудің кестесін, мерзімін көрсету арқылы күрделі жөндеу жүргізу жоспарын тапсыруға міндетті.

17. Салық салу

173. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

174. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

175. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

176. Мыналар:

1) жан басына қаржыландыру түріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) Үлгілік шартқа 12-қосымшада көрсетілген көлем мен мерзімдердегі инвестициялық шығындар өтемақысы, операциялық шығындар өтемақысы, МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақы (керегін көрсету);

3) ата-аналық жарналардан кірістер;

4) қосымша ақылы қызметтерден кірістер Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

177. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

178. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан төмен болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері қабылдау актісіне сәйкес азайтылады.

179. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан жоғары болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері өзгеріссіз қалады.

180. Мемлекеттің қызметтер көлемін тұтыну кепілдігі секілді мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшері, жан басына қаржыландыру және ата-аналық төлем мөлшері _____ (жазумен көрсету) әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

181. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық

182. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде төленеді.

20. Кадрларды оқыту

183. Кадрларды оқыту, біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

184. Жекеше әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және оларды Мемлекеттік әріптеске ұсынады.

21. Жергілікті қамту

185. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

186. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

187. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады

22. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

188. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

189. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) Жекеше әріптеске белгіленген тәртіпте, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті рәсімдеген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске шығындардың өтелуін уақытында төлеуге (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) уақытында төлеуді қамтамасыз етуге;

7) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім тапсырысын қамтамасыз етуге;

8) Шартпен қарастырылған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын өтеуге;

9) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

10) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

190. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындарды өтеуді (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес мемлекеттік білім тапсырысымен және жан басына қаржыландырумен қамтамасыз етілуге;

3) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес қосымша ақылы қызметтерден қосымша кіріс алуға;

4) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

5) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

6) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

7) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

- 8) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;
- 9) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;
- 10) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;
- 11) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

191. Жекеше әріптес:

- 1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;
- 2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;
- 3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге және мемлекеттік меншікке беруге;
- 4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;
- 5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;
- 6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- 7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;
- 8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;
- 9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;
- 10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;
- 11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;
- 12) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) балабақшада санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес үй-жайлардың тазалығын және Қызметті тұтынушылардың болуының жайлылығын қамтамасыз етуге;

17) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;

18) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

19) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

20) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенге дейін әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) МЖӘ объектісін пайдаланудың ___ (кезеңділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;

23) Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

24) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

25) Үлгілік шартта қарастырылған сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;

26) көрсетілетін Қызметтерді есепке ала отырып, балабақшаның жабдықпен толықтырылуын және оның уақытында жаңартылуын қамтамасыз етуге;

27) Заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің көрсетілетін қызметтерінің сапасын, мазмұнын және көлемін қамтамасыз етуге;

28) оқыту бағдарламаларын, оның ішінде қосымша оқыту, кадрлар біліктілігін арттыру, қайта даярлау бағдарламаларын жыл сайын бекітуге және оларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

29) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

30) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта қарастырылған өзге жағдайларда, белгіленген тәртіпте табиғи тозуды есепке ала отырып, МЖӘ объектісін жарамды техникалық күйінде және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы беруге;

31) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

24. Құқықтар мен міндеттерді беру

192. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

193. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

194. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

195. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

196. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 223-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

197. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

198. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

25. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

199. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

200. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

201. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

202. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-тарауында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

203. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

204. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

26. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

205. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

206. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Үлгілік шартқа 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

27. Тараптардың жауапкершілігі

207. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

208. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

209. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

210. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

211. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

212. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

213. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

214. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

215. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

216. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен

бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

217. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

218. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

28. Дауларды шешу тәртібі

219. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

220. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

29. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

221. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

222. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

30. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

223. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

224. Шарт:

- 1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;
- 2) мерзімінен бұрын бұзылған;
- 3) сот шешімі;
- 4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

225. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

226. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-тарауына сәйкес жүргізіледі.

227. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-тарауына сәйкес жүргізіледі.

228. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-тарауына сәйкес жүргізіледі.

229. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

230. Үлгілік шарт 224 тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

31. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

231. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүлкітік құқықтар өтеусіз беріледі.

232. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

233. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 231-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

234. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

235. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

32. Үлгілік шарттың тілі

236. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

237. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

238. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

239. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

33. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

240. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазумен көрсету) жыл.

241. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

34. Сақтандыру

242. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

243. Сақтандыру мүлктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлкті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салу және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүлктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүлктің кездейсоқ жойылуы мен кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

244. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаларға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүлктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын

жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша, сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

245. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 244-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 246-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

246. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде байланысты пайдалануды орындаумен функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

247. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша тандайды.

35. Құпиялылық

248. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

249. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

250. МЖӘ объектісін салу және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

36. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

251. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Нақты жағдайда қайтару мүмкін емес және төтенше жағдайлар салдарынан қандай да бір Тараптың Үлгілік шарт бойынша жағдайларыды сәйкес орындау мүмкін емес болуы;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

252. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 251-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала камдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

253. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

254. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

255. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қамдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 254-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

256. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

257. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

37. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

258. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін салу, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау

саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

259. Егер МЖӨ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

260. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

261. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

262. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

263. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

264. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

265. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

266. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

38. Хабарламалар

267. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

268. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

269. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

270. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

271. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

272. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

39. Қорытынды ережелер

273. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

274. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

275. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің,

орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

276. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

277. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

278. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

279. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

280. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

281. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

40. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.

Білім беру саласындағы МЖӨ Үлгілік
шартына (балабақша)
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісінің сипаттамасы

МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ орынға арналған балабақша болып табылады.

___ орынға арналған балабақша салуға арналған алаң _____ (тиісті саланың нормативтік-құқықтық құжаттарын және/немесе нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету) талаптарына сәйкес іргелес жатқан аумақпен үйлестіре отырып таңдалды.

Балабақшаның жалпы саны – ___ орын.

МЖӘ объектісінің болжамды құны _____ теңге.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	Сыйымдылығы	орын	___
2	Жер учаскесінің ауданы	га	
3	Құрылыс алаңы	ш.м.	
4	Ғимараттың жалпы ауданы	ш.м.	
5	Пайдалы аудан	ш.м.	
6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³	
7	Техникалық көрсеткіштер:		
7.1	жылу қуаты (жылу, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету)	Гкал/жыл	
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік	
7.3	кәріздендіру	м ³ /тәулік	
7.4	ҚТҚ	м ³	
7.5	электр энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт	
7.6	өзгелер (байланыс қызметтері және өзгелер)		
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай	

Балабақшалар үшін қажетті жабдықтар мен материалдардың және олардың талап етілетін саны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне № 10975 болып тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие

мен оқытудың ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 521 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне № 112028 болып тіркелген) сәйкес келуі тиіс.

2. МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)

№	Атауы	Ауданы
Бірінші қабат		
1		
2		
...		
n		
Екінші қабат		
1		
2		
...		
n		
	n қабат	
1		
2		
...		
n		

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (балабақша)

2-қосымша

Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін салу кезеңі	20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі	___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік
шартына (балабақша)
3-қосымша
Нысан

Қаржы-экономикалық жоспар

"Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысына сәйкес ___ орынға арналған балабақшаның жұмыс істеуі үшін балалардың ___ сағат ішінде болуына ___ күндік жұмыс аптасымен ___ жұмысшы тартылатын болады.

1. МЖӘ жобасы бойынша штаттық бірліктер

№	Лауазымның атауы	Саны, адам
1	Меңгеруші	
2	Педагог-психолог	
3	Әдіскер	
4	Меңгерушінің шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары	
5	Медбике	
6	Бухгалтер	
7	Тәрбиеші	
8	Тәрбиешінің көмекшісі	
9	Музыкалық жетекші	
10	Қазақ тілі оқытушысы	
11	БӨ оқытушысы	
12	Хореограф	
13	Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы	
14	Хатшы	
15	Аға аспаз	
16	Аспаз	
17	Ғимаратқа кешенді қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы	
18	Кір жуғыш машиналар операторы	

19	Күзетші	
20	Кастелянша	
21	Аула сыпырушы	
22	Тазалаушы	
23	Қоймашы	
	Барлығы	

Жобамен Жекеше әріптестің МЖӘ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқару үшін ___ адам санымен (лауазымдарын көрсету) басқарушы компанияны тартуы жоспарланады.

2. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ рс	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	МЖӘ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар); 3) МЖӘ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары		

<p>1.3</p>	<p>Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>		
	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар. Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (http://www.nationalbank.kz), шетел капиталы тартылған жағдайда - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі</p>		

1.4

ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;

2) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар

Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру

1.5	<p>қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялауға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар</p>		
1.6	<p>Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация</p>		
1.7	<p>1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған;</p> <p>2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес</p>		

	<p>банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялаумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.</p>		
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері		
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері		

	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		

* барлық шығыстар МЖӘ объектісін салу (құрылысы) кезеңіне қабылданады
Ескерту:

сыйақылар мен негізгі қарыз төлемдерінің басталуы Үлгілік шартқа 12-қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес, мемлекеттің инвестициялық шығындар өтемақысын төлеуінің басталуымен тұспа-тұс келеді;

"Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысына сәйкес, Балабақшадағы топтардың саны және балалардың болу ұзақтығы бойынша штаттық қызметкерлерге жүктемесінің нормативі анықталған;

балабақшаның толуы 100%-ды құрайды;

балабақша жұмысшыларының еңбегіне төлемақы "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне , қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысында белгіленген деңгейден төмен болмауы тиіс;

қосымша ақылы қызметтер ата-аналардың таңдауы бойынша жүзеге асырылады.

балабақшадағы ай сайынғы ата-ана төлемі Әкімдіктің тиісті қаулысына сәйкес және Жекеше әріптестің Үлгілік шартқа 3-қосымшаға сәйкес кірістілікпен қамтамасыз етілуін ескере отырып белгіленеді. Қосымша ақылы Қызметтер қызметті пайдаланушылардың (ата-аналардың) қаражаттары есебінен төленеді.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Алғашқы кепілдік

_____ " ____ " _____ 20__ ж.
(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)
Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____
Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____
Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____
Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " ____ " _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " ____ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);
Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылдың " ____ " _____ жасалған Үлгілік шартты назарға ала отырып:
1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.
2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.
3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша _____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" ____ дейін әрекет етеді және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӨ Үлгілік
шартына (балабақша)
5-қосымша
Нысан

Жер учаскесінің сипаттамасы

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ ___, 20__ ж. "___" _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ ___-___-___-___
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	___ жыл
4	Ауданы	___ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік
шартына (балабақша)

6-қосымша

Нысан

Қаржыландыру көздері

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%.
Қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.
Қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік
шартына (балабақша)

7-қосымша

Нысан


МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезеңдерді қамтиды:

I. инвестициялық кезең;

II. постинвестициялық кезең.

Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет*

1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, балабақша салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті коммуналдық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, салынған МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" тікелей салуды (құрылысты), МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несиелер бойынша пайыздарды төлеу) халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін _____ ай ішінде ____% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "кілтке дейінгі" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет*

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (ғимараттарды, аумақтарды ұстауды және балабақшаны материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауына бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керегін көрсету) және мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуге мемлекеттік білім тапсырысын (жан басына қаржыландыру) береді, сондай-ақ _____ (қажетті шығындарды өтеу көзін көрсету) төлейді;

Жекеше әріптес – Қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӘ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына

сәйкес мектепке дейінгі білім беру бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ МЖӘ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӘ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ____% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – мектеп жасына дейінгі балалар (__ жасқа дейінгі) және балабақша қызметтерін сатып алатын олардың ата-аналары.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік
шартына (балабақша)
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін " __ " _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (
ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____
_____ ,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
_____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері:
_____ ,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет
ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____
_____, банктік деректемелері: _____ ,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " __ " _____
" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
орынға арналған балабақша салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық
өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету)

теңге сомасына 20__ жылдың " __ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____
Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__
жылдың " __ " _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының __ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап __ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша __ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " __ " _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік
шартына (балабақша)
9-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін Ақуал ұпайларын есептеу

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Білім беру қызметтерінің сапа индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні

1	2	3	4	5	6
1	Келу көрсеткіші (бір баланың жылына ауру себебі бойынша болмау күндерінің саны)	Жылына 1 рет	Балабақшаның мәліметтері	Индикатордың мәні 4 %-дан аспайды	Елеулі
2	Балаларды дамытушы оқытумен қамту коэффициенті	Тоқсан сайын	Ішкі есеп	85%-дан кем емес	Елеулі
3	Мемлекеттік, авторлық бағдарламаларға сәйкес балалардың оқу-әдістемелік құрамдармен, дидактикалық жабдықпен қамтамасыз етілу пайызы	Тоқсан сайын	Балабақшаның мәліметтері	Индикатордың мәні 100 %-дан кем емес	Қауіпті
4	Педагогтардың авторлық жобаларды, бағдарламаларды жасауға қатысу пайызы	Ай сайын	Есептік мәліметтер	Индикатордың мәні 20%-ға ұмтылады	Елеусіз
5	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда негізді шағымдардың жалпы саны	Ай сайын	Жүгінулерді тіркеу журналы	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеусіз
6	Штаттардың жинақталуы	Тоқсан сайын	Кадрлар ағымының журналы	Индикатордың мәні 100%-ға ұмтылады	Елеулі
7	МЖБС сақтамау (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген)	Жылына 1 рет	Ішкі есеп	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Қауіпті

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай

Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Штаттық кестеге сәйкес кәсіби кадр персоналының болмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӨ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдық жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Күрделі жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жарамсыздығы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жұмысқа жарамсыз күйі	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдыктардың қызмет мерзімдеріне сәйкес уақытында жаңартпау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық ____% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік
шартына (балабақша)
10-қосымша
Нысан

Тапсырылатын МЖӘ объектісінің күйіне қойылатын талаптар

1. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің біту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) бұрын немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптар келіскен мерзімде, Тараптар МЖӘ объектісінің күйін бағалау бойынша комиссия құруды қамтамасыз етеді және оны тапсыруға дайындайды.

2. Комиссияның құрамына Жекеше әріптестің және Мемлекеттік әріптестің атынан уәкілетті өкілдер кіруі тиіс. Тараптар комиссияның жұмысына қатысуға сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Комиссия оны құрғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кешіктірмей:

тапсырылатын мүліктің құрамы мен күйін қоса алғанда, МЖӘ объектісінің тапсырылу тәртібін;

МЖӘ объектісіне қатысты және тапсыруға жататын құжаттардың құрамын белгілеуі тиіс.

4. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептері бойынша тапсырылатын мүлікті одан әрі пайдалануды мүмкін емес ететін қандай да бір Ақаулар немесе кемшіліктер табылған жағдайда

, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша МЖӘ объектісін одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін жеткілікті өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері және оның мерзімдері Тараптармен белгіленеді. Тараптар өтемақының мөлшері бойынша келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, оның мөлшері Мемлекеттік әріптес тартатын бағалаушы компанияның қорытындысы негізінде белгіленеді.

5. Тараптардың кез келгені бағалаушы компанияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, Үлгілік шарт талаптары бойынша Жекеше әріптес төлейтін өтемақының мөлшері сотта шағымдалуы мүмкін. Мұндай шағымның түсірілуі Жекеше әріптестің бағалаушы компания анықтаған өтемақыны төлеу міндетін тоқтатпайды.

6. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін тапсыруы және оны Мемлекеттік әріптестің қабылдауы Тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісімен жүзеге асырылады.

7. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін тапсырумен бір мезгілде МЖӘ объектісіне қатысты құжаттарды тасырады.

8. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін беруі Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

Тараптардың қолдары

_____	_____
Мемлекеттік әріптестің атынан	Жекеше әріптестің атынан
	Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (балабақша) 11-қосымша Нысан

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " ____ " _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған балабақша салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " ____ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың " ____ " _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан ____ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " ____ " _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (балабақша)

12-қосымша

Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, МЖӘ объектісін басқару үшін сыйақыны (керегін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (керегін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	
n __	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (балабақша)

13-қосымша

Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			

Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•		Жекеше әріптес МЖӨ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі		•	Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӨ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӨ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізбеу тәуекелі	•		Мемлекеттік әріптес МЖӨ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
Құрылыс жұмыстарын бастауы үшін Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.
			Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің

МЖӨ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі		•	құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.
Құрылыс кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
			Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы. Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша

<p>Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)</p>		<p>•</p>	<p>есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Құрылыс кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу. Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы бақылауды қамтамасыз ету. Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісті деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісімҮлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру. Жекеше әріптес атынан құрылыс барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.</p>
<p>Жекеше әріптестің немесе Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік</p>

			корларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық жағдайларда, оның ішінде белгіленген п а й ы з д ы қ мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты танысуы қажет. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел			
			Оң мәртебесі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Айыппұл санкцияларын қолдануды және МЖӘ объектісінің құрылысы б о й ы н ш а міндеттемелердің орындалуының

<p>Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауымен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>қамтамасыз етілуін қарастыру. Құрылыс барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>Жер учаскесінің уақытылы бөлінуін және оны пайдалану құқытарын тиісті рәсімдеуді қамтамасыз ету.</p>
<p>Сапасыз жабдықтар мен құрылыс материалдарының жеткізілуі</p>	<p>•</p>	<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен дұрыстауы тиіс кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.</p>
<p>Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектисін</p>

			және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		•	Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердiгердiң МЖӘ объектiсiнiң құрылыс ерекшелiгiн ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық жағдайлар тәуекелi			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектiсiн қауiпсiз пайдаланудың мүмкiн еместiгiне алып келетiн қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы	•	•	Еңсерiлмейтiн күш жағдаятының (форс-мажор) әсерiне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшiн барлық саналы күшiн салуы және оның салдарларын азайтуы тиiс. Өр Тарап Үлгiлiк шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерiлмейтiн күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кiдiрiстердi азайту үшiн, кез келген мүмкiндiктi пайдалануға мiндеттi. Жекеше әрiптес мүлiктi, салынып жатқан МЖӘ объектiсiн және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиiс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әрiптес персоналының тарапынан өндiрiстiк шиеленiс (Еңбек заңнамасын бұзу,		•	

жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)			Еңбек заңнамасын қатаң сақтау.
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	<p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
3. Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	<p>Тараптар:</p> <p>1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі;</p> <p>2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы;</p> <p>3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.</p>
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.

Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуге ата-аналық жарналарды төлеу мүмкіндігінің болмауы		•	Жекеше әріптес ата-аналар жарнаны төлеу бойынша жеке бағыт қарастыруы қажет.
Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік тапсырысына бөлінетін қаражаттар мөлшерінің төмендеуі	•	•	Жекеше әріптес қосымша ақылы қызметтердің түрлерін кеңейтуі қажет
Балалардың инфекциялық және өзге де өткір вирусты ауруларымен байланысты карантиннің туындауы		•	Жекеше әріптес МЖӨ объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауы тиіс
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Ғимараттың, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивті элементтерінің, материалдардың және инженерлік жабдық, энергетика, сумен қамту және суды бұру, байланыс және т.б. жүйелерінің жарамды күйін ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
			Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы;

Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау
Сапасыз өнімдерді жеткізу (балалардың азықтан улануы)		•	Санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды қатаң сақтау
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	<p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>

Апаттық жағдайлар тәуекелі

<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>			<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
--	--	--	---

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
14-қосымша

Тұрғын үй құрылысы саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (тұрғын үй кешені)

Ескерту. Бұйрық 14-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен

деректемелерін көрсету) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсетун көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

(комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы " __ " _____

№ _____ шешіміне сәйкес Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартын (тұрғын үй кешені) жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс- шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Тұрғын үй құрылысы саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (тұрғын үй кешені) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – МЖӘ объектісін салу аяқталғаннан кейін Жекеше әріптес беретін пәтерлерге Тұтынушылар төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске 5-тарауының талаптарына сәйкес, Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-тарауында көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскесінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, тұрғын үй кешенін "кілтке дейінгі" тікелей салуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы, олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

10. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

11. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

12. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

13. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

14. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

15. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

16. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

17. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

18. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Құрылыс жұмыстарының біту күні.

19. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (қызметтердегі), шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын

төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

20. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

21. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

22. Кадрлар – Жекеше әріптестің қандай да бір қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы.

23. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

24. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

25. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы шарттың жасалуы.

26. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қаупі бар, радиоактивті, өрт қаупі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие қауіпті заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей және әлеуетті қауіптілік әкеле алатын және Құрылыс жұмыстарының басталу күніне дейін құзыретті зерттеулермен анықталуы мүмкін болмайтын көмулер.

27. Конкурс - " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар ___ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

28. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) " ___ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар ___ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

29. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

30. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

31. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

32. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау және салу талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

33. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

34. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 108 және 109 тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

35. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

36. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің Қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

37. Қызметті тұтынушылар – тұрғын үйге мұқтаж халық.

38. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

39. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

40. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

41. Мердігер (жобалаушы) – жекеше әріптеспен мердігерлік шартының негізінде тартылатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізетін компания.

42. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

43. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдердің орындалуы: жобаның шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау.

44. МЖӘ объектісі - салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, ___ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар ___ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешені.

45. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

46. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

47. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

48. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

49. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 151-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

50. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Шарт аясында Уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

51 Рұқсаттар – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

52. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

53. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

54. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

55. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

56. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

57. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Үлгілік шартқа 9-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

58. Тұрғын үй құрылысы саласындағы МЖӘ шарты (тұрғын үй кешені) (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Үлгілік шарт.

59. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

60. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап __
_ жыл.

2. Қолданылатын құқық

61. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

62. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

63. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

64. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

65. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі халыққа тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруды кешенді қамтамасыз

ету мақсатында МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

66. Жекеше әріптес тұрғын үй кешенін салады және кейін ғимаратты Үлгілік шартқа сәйкес пайдаланады.

67. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Үлгілік шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

68. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін Жер учаскесінің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

69. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

70. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Үлгілік шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

71. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген.

72. Жекеше әріптес кіріс алу мақсатында пәтерлерді және машина-орындарды сатады, тұрғын үй кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Қызметтер көрсетеді.

73. Қызметтерді жүзеге асыру аясында Жекеше әріптес тұрғын үй кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсететін басқарушы компаниямен шарт жасайды.

74. басқарушы компанияның қызметтері тұрғындардың қаражаттарының есебінен төленетін болады. Мақсатты алымдарға тарифтер Үлгілік шартқа 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

75. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

76. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
 - 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;
 - 3) МЖӘ объектісінің қуаты - ____ пәтер және ____ машина-орын;
 - 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;
77. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

78. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Үлгілік шартқа 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

79. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 81-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 83-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 221-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ____ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

80. Тараптар Тіркеу күнінен ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 81 және 82-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

81. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін,

сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттамасын (Үлгілік жобаны) " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар ___ пәтерге арналған көпқабатты тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттамасын бекітуді тиісті лицензияларға ие орындаушыларды тарту арқылы, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырылады;

Жобалау-сметалық құжаттамада Үлгілік шартқа 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 33-тарауына сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

82. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес тапсырған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

83. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 81-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт

бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

84. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске уақытша өтеусіз жер пайдалануға Жер учаскесін беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

85. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту бойынша, мемлекеттік меншікте тұрған, МЖӨ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігін және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалармен қозғалған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығын келіседі.

86. Тараптар Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске өтеусіз негізде ____ (жазумен көрсету) пәтер береді деп келіседі. Беруге жататын пәтер саны 3-қосымшаға сәйкес Жер учаскесінің кадастрлық құнына сай есептелген.

87. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

88. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

89. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

90. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

91. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме Үлгілік шартқа 5-қосымшада келтірілген.

92. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

93. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

94. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

95. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Үлгілік шартқа 6-қосымшада көрсетілген.

96. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

97. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

98. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау

жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

99. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Үлгілік шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

100. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, " ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

101. Осы Үлгілік шарттың 87-тармағының негізінде пәтерлерді өтеусіз негізде бергеннен кейін, __ пәтер Мемлекеттік әріптестің меншігінде " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, "ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болады.

102. Салу сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюды сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

103. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

104. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

105. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

106. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

107. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

108. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 110-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

109. Құрылыс кепілдігі Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

110. Құрылыс міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 221-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген Құрылыс жұмыстарының мерзімі;

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

111. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен __ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған Құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

112. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ____% мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

113. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) Құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ____ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ____ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу

бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

114. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

115. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

116. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

117. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

118. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

119. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

120. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

121. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

122. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіпте және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

123. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізеді.

124. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

125. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

126. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін күтпеген мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқылы.

127. Жекеше әріптес ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

128. Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

129. Егер Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

130. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

131. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттарының есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

132. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

133. Археологиялық олжалардың себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

134. Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

135. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

136. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

137. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

138. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтардың көмулері

139. Қауіпті қалдықтардың көмулері табылған жағдайда Жекеше әріптес: ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтардың көмулерінің теріс салдарларын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттарының есебінен Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

140. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтардың көмулерінің табылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

141. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтардың көмулеріне қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

142. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

143. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

144. МЖӘ объектісі мемлекеттік меншікке берілмейді.

145. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен кейін, МЖӘ объектісіне иелік ету және пайдалану құқығы сату-сатып алу шарттарына сәйкес пәтер иелеріне көшеді.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

146. Жекеше әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен бастап және Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін кіріс алу мүмкіндігімен қызметтерді ұйымдастыру үшін МЖӘ объектісін пайдаланады.

147. МЖӘ объектісі ____ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

148. Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

149. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

150. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

151. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігінің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ____% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ____ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) кепілдік Үлгілік шартқа 10-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

152. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Үлгілік шартқа 9-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

153. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

154. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

155. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде ___ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

156. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады.

157. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 151-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

158. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

159. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде тұрғын үй кешенін пайдаланумен айналысатын Басқарушы компания құрады.

16. МЖӘ объектісін жөндеу және жаңғырту

160. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

161. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап күрделі жөндеу жүргізуге міндеттенбейді.

17. Салық салу

162. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

163. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

164. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

165. Жекеше әріптестің кірістерді алу көздері болып табылады:

пәтерлерді сату;

тұрақтағы машина-орындарды сату;

пайдалану кезеңіндегі Басқарушы компанияның қызметтерінен кірістер.

166. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

167. Заңның 9-бабына сәйкес шығындарды өтеу көздері көзделмейді.

168. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық

169. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде төленеді.

20. Жергілікті қамту

170. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

171. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

172. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады .

21. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

173. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

174. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Шартпен қарастырылған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын өтеуге;

5) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

6) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

22. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

175. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шартқа сәйкес пәтерлерді және тұрғын үй кешеніндегі машина-орындарды сатудан кіріс алуға;

2) Үлгілік шартқа сәйкес пайдалану кезеңіндегі Басқарушы компанияның объектіні басқаруынан кіріс алуға;

3) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

5) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

6) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері

үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

7) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;

8) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

9) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

10) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

176. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге

4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;

11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;

12) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) мүліктің сақталуын және Жекеше әріптестің персоналы мен тұрғын үй кешенінің тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

17) тұрғындардың тұрғын үй кешенінде тұруының тазалығын және ыңғайлылығын қамтамасыз етуге;

18) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;

19) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

20) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде жұмыстардың сапасын қамтамасыз етуге;

21) еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

22) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде қолданыстағы халықаралық және қазақстандық сапа стандарттарын сақтауға;

23) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;

24) Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

25) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

26) көрсетілетін қызметтерді және оның уақытылы жаңартылуын есепке ала отырып, МЖӘ объектісінің жасақталуын қамтамасыз етуге;

27) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

28) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Құқықтар мен міндеттерді беру

177. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

178. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

179. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

180. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 29-тарауының 207-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

181. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

182. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

24. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

183. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

184. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

185. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

186. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 26-тарауында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

187. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

188. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

25. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

189. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

190. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Үлгілік шартқа 11-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

26. Тараптардың жауапкершілігі

191. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

192. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

193. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

194. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік

әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

195. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

196. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

197. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

198. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

199. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

200. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

201. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

202. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

27. Дауларды шешу тәртібі

203. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

204. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін

болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

28. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

205. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

206. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

29. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

207. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

208. Шарт:

1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;

2) мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

209. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

210. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-тарауына сәйкес жүргізіледі.

211. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-тарауына сәйкес жүргізіледі.

212. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-тарауына сәйкес жүргізіледі.

213. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

214. Үлгілік шарт 208-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

30. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

215. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтар өтеусіз беріледі.

216. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

217. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 239-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

218. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік

құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

219. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

31. Үлгілік шарттың тілі

220. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

221. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

222. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

223. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

32. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

224. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап __ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазумен көрсету) жыл.

225. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

33. Страхование

226. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

227. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салу және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

4) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

228. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген пәтерлер бойынша сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болып табылады.

229. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 228-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 229-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

230. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде байланысты пайдалануды орындаумен функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

231. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша тандайды.

34. Құпиялылық

232. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

233. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

234. МЖӘ объектісін салу және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

35. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

235. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

236. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 262-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала камдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісінің қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

237. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

238. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

239. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қамдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 269-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

240. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

241. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт

бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

36. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

242. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӨ объектісін салу, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӨ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

243. Егер МЖӨ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

244. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

245. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

246. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

247. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде , Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

248. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

249. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

250. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

37. Хабарламалар

251. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

252. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

253. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

254. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

255. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

256. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

38. Қорытынды ережелер

257. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

258. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

259. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

260. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

261. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

262. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

263. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

264. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

265. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

39. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
 Үлгілік МЖӘ шартына
 (тұрғын үй кешені)
 1-қосымша
 Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ машина-орынға арналған ___ пәтерге арналған тұрғын үй кешені болып табылады.

___ машина-орынға арналған ___ пәтерге арналған тұрғын үй кешенін салуға арналған алаң _____ (тиісті саланың нормативтік-құқықтық құжаттарын және/немесе нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету) талаптарына сәйкес іргелес жатқан аумақпен үйлестіре отырып таңдалды.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны	1-үй	2-үй	3-үй
1	Сыйымдылығы	орын	___			
2	Жер учаскесінің ауданы	га				
3	Құрылыс алаңы	ш.м.				

4	Ғимараттың жалпы ауданы	ш.м.				
5	Пайдалы аудан	ш.м.				
6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³				
7	Техникалық көрсеткіштер:					
7.1	жылу қуаты (жылу, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету)	Гкал/жыл				
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік				
7.3	кәріздендіру	м ³ /тәулік				
7.4	ҚТҚ	м ³				
7.5	электр энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт				
7.6	өзгелер (байланыс қызметтері және өзгелер)					
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай				

2. МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлік	Ауданы
	Бірінші қабат		
1			
2			
3			
...			
n			
	Екінші қабат		
1			
2			
3			
...			
n			

	n қабат		
1			
2			
3			
...			
n			

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
 Үлгілік МЖӘ шартына
 (тұрғын үй кешені)
 2-қосымша
 Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін салу кезеңі	20__–20__ жж. (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі	___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
 Үлгілік МЖӘ шартына
 (тұрғын үй кешені)
 3-қосымша
 Нысан

Қаржы-экономикалық жоспар

Тұрғын үй кешенінің жұмыс істеуі үшін барлығы ___ жұмыскер тартылады.

1. МЖӘ жобасы бойынша штаттық бірліктер

--	--

Жобамен Жекеше әріптестің МЖӘ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқару үшін ___ адам санымен (лауазымдарын көрсету) Басқарушы компанияны құруы жоспарланады.

2. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ рс	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	МЖӘ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтажда жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар); 3) МЖӘ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары		
	Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан		

1.3

Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңінде нормативтік мандер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар

1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар.
Инвестицияларды
Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (<http://www.nationalbank.kz>), шетел капиталы тартылған жағдайда - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;
2) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау

1.4	<p>кезіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (http://economy.gov.kz/kz/) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (http://economy.gov.kz/kz/) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар</p>		
1.5	<p>Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды</p>		

	<p>қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялауға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар</p>		
1.6	<p>Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация</p>		
1.7	<p>1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы КАСЕ Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған;</p> <p>2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;</p>		

	<p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялаумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.</p>		
2	МЖӘ жобасының қаржылық көрсеткіштері		
2.1	МЖӘ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӘ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		

	...		
	n		
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		

* барлық шығыстар МЖӘ объектісін салу (құрылысы) кезеңіне қабылданады.

Ескерту:

Мемлекет өтеусіз негіздегі пәтерлердің ___% (___) орнына Жекеше әріптеске ұзақ мерзімді пайдалануға жер учаскесін беруге әзір. Айырбас жер учаскесінің кадастрлық құнына сәйкес құнынан есептелген. _____ қ. бойынша 1м² жер учаскесінің құны _____ теңгені құрайды, ол жердің жалпы ауданына көбейтіледі (_____ м²) = _____ теңге.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(тұрғын үй кешені)
4-қосымша
Нысан

Алғашқы кепілдік

_____ "___" _____ 20__ ж.

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____
" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты
тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер
мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазумен көрсету) теңге
сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____
Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__
жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты
назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша
міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл
өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды
инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез
келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері
қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге
Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша
міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (
жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі
бойынша _____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте
көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге
асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен
бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және
Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты
бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар
мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік
әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының
үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі
тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(тұрғын үй кешені)
5-қосымша
Нысан

Жер учаскесі

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ ____, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ ____ - ____ - ____ - ____
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	____ жыл
4	Ауданы	____ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(тұрғын үй кешені)
6-қосымша
Нысан

Қаржыландыру көздері

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан __%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан __%.

Қаржыландыру мерзімдері	__ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – __ ай.
Қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан


Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(тұрғын үй кешені)
7-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезеңдерді қамтиды:

- I. МЖӘ объектісін салу кезеңі;
- II. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі.

Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының келесі функциялары қарастырылған:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, көпқабатты тұрғын үй кешенін салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, ___ пәтерді коммуналдық меншікке қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" тікелей салуды (құрылысты), ___ пәтерді пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу) халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ___ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "кілтке дейінгі" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады, берілген жер учаскесінің есебінен ____ пәтерді алады.

Жекеше әріптес – үйді басқаруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ТҮҚЖБ, ЕДБ қарыз алушыларымен сату-сатып алу шарттарын жасайды, пәтер иелерімен машина-орындарды сату-сатып алу шарттарын жасайды;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ____% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – ТҮҚЖБ қарызын алғандардың, Әкімдіктің тізімінде кезекте тұрғандардың және ТҮҚЖБ салымшыларының (халықтың барлық санаттары) арасынан жеке тұлғалар. Жекеше әріптеспен пәтерлерді және машина-орындарды сату-сатып алу шарттарын жасайды.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӨ шартына
(тұрғын үй кешені)
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___"_____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (_____
ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
_____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет
ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____
_____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" "___"
_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты
тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер
мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге
сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____
Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__
жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының _____ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша

міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" ____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(тұрғын үй кешені)
9-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (қызмет сапасы индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Қызмет сапасының индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	Үйдің жылу маусымына уақытында дайын болмауы	Жыл сайын	Есептік мәліметтер	___%	Қауіпті
2	Негізді шағымдардың саны	Ай сайын	Есептік мәліметтер	___ шағымға дейін	Елеулі
3	Тұрғындардың жалпы санынан көрсетілетін қызметтердің сапасын қанағаттанатын тұрғындардың үлесі	Жыл сайын	Тұрғындардан сұрау алу	___%-дан	Елеусіз

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
-----------	-------------------------

Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӨ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн

ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(тұрғын үй кешені)
10-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (_____
ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____
_____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
_____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет
ететін "_____" мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____
_____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____
"_____" (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____
машина-орынға арналған жерасты тұрағы бар _____ пәтерге арналған көпқабатты
тұрғын үй кешенін салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер
мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге
сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____
Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__
жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан _____ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық

көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй құрылысы саласындағы
Үлгілік МЖӨ шартына
(тұрғын үй кешені)
11-қосымша
Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	

Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•		Жекеше әріптес МЖӨ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі		•	Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӨ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӨ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізу тәуекелі	•		Мемлекеттік әріптес МЖӨ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
Құрылыс жұмыстарын бастауы үшін Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.

<p>МЖӘ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі</p>	<p>•</p>	<p>Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӘ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет.</p> <p>Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.</p>
<p>Құрылыс кезеңі</p>		
<p>Заңды тәуекел</p>		
<p>Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы</p>	<p>•</p>	<p>Тараптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
<p>Қаржылық тәуекел</p>		
		<p>Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы.</p> <p>Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін)</p>

<p>Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)</p>			<p>орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау.</p> <p>Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту.</p> <p>Құрылыс кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу.</p> <p>Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы бақылауды қамтамасыз ету.</p> <p>Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісті деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру.</p> <p>Жекеше әріптес атынан құрылыс барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту.</p> <p>Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы</p>			<p>Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.</p>
<p>Жекеше әріптестің немесе</p>			<p>Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету</p>

Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық жағдайларда, оның ішінде белгіленген п а й ы з д ы қ мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты танысуы қажет. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел			
			Оң мәртебесі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Айыппұл санкцияларын қолдануды және МЖӘ объектісінің құрылысы

<p>Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауымен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>б о й ы н ш а міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін қарастыру. Құрылыс барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>Жер учаскесінің уақытылы бөлінуін және оны пайдалану құқытарын тиісті рәсімдеуді қамтамасыз ету.</p>
<p>Сапасыз жабдықтар мен құрылыс материалдарының жеткізілуі</p>	<p>•</p>	<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен дұрыстауы тиіс кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу . Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.</p>
<p>Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе</p>		<p>Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі</p>

қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы		●	бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Жабдықтың ақауын/ жұмыс істемеуін немесе о б ь е к т конструкциясының апаттылығын анықтау		●	Құрал-жабдықты ауыстыру/қайта құру. Құрал-жабдықтарды жеткізушілерді сапалық талдау, кепілдікті Үлгілік шарттар жасау, персоналдың біліктілігін арттыру негізінде таңдау.
Тұрғын үй кешенінің сапасыз құрылысы (іргетаста, қабырғаларда жарықтардың пайда болуы)		●	Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін тиісті тәжірибесі бар мердігерлерді/ субмердігерлерді тиісінше іріктеу. Құрылыс кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақтылы бақылауды қамтамасыз ету
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		●	Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердігердің МЖӘ объектісінің құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.

Апаттық жағдайлар тәуекелі

<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Операциялық тәуекел</p>			
<p>Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңбек заңнамасын қатаң сақтау.</p>
<p>Әлеуметтік-саяси тәуекел</p>			
<p>Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын</p>
<p>Әскери іс-әрекеттердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	
<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	

қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•		алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
3. Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Қаржыландыру немесе несиелеу үшін құжаттарды ала алмау тәуекелі		•	Бірінші жартыжылдықта пәтерлердің жалпы санынан пәтерлерді сатудың үлес салмағы азаятын тәуекелді сақтандыру

Залықтың өтініштерін тұрғын үй комиссиясының ұзақ қарау тәуекелі	•		МЖӨ Үлгілік шартында тұрғын үй комиссиясының өтініштерді қарау мерзімдерін қысқартуды жазу
Халықтың төлемқабілеттілігін растамау тәуекелі		•	Бірінші жартыжылдықта пәтерлердің жалпы санынан пәтерлерді берудің үлес салмағы азаятын тәуекелді сақтандыру
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Ғимараттың, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивті элементтерінің, материалдардың және инженерлік жабдық, энергетика, сумен қамту және суды бұру, байланыс және т.б. жүйелерінің жарамды күйін ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау

Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс , көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс . Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі , дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс . Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту

еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы

үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
15-қосымша

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (көшелерді жарықтандыру желілері)

Ескерту. Бұйрық 15-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсетун көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

(комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы "___" _____

№ _____ шешіміне сәйкес МЖӘ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс- шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, МЖӘ объектісінің құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (көшелерді жарықтандыру желілері) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы МЖӘ Үлгілік шартының (көшелерді жарықтандыру желілері) 5-тарауының талаптарына сәйкес, Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

6. Алдын ала талаптар - Үлгілік шарттың 6-тарауында көрсетілген талаптар.

7. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

8. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, көшелерді жарықтандыру желілерін "кілтке дейінгі" жаңғыртуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз жаңғыртылуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы, олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер жаңғыртылатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

9. Басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы (бұдан әрі - БҮС) - "МЖӘ туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 2-тармағы 5)-

тармақшасына сәйкес, Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақы.

10. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

11. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

12. Жаңғырту бойынша жұмыстар - МЖӘ объектісін жобалау және жаңғырту талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

13. Жаңғырту бойынша жұмыстардың басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

14. Жаңғырту бойынша кепілдік – Үлгілік шарттың 111 және 112-тармақтарының талаптарына сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске көрсеткен Жаңғырту бойынша жұмыстарға қатысты кепілдік.

15. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

16. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

17. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

18. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

19. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскелері.

20. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін жаңғырту үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

21. Жоспарлы аяқтау күні – Жаңғырту бойынша жұмыстардың басталу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Жаңғырту бойынша жұмыстардың біту күні.

22. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (қызметтердегі), шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және

қосалқы мердігерлер шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

23. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

24. Инвестициялық шығындар өтемақысы (бұдан әрі – ИШӨ) – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабының 2-тармағының 3)-тармағына сәйкес Жекеше әріптестің инвестициялық шығындарының өтемақысы.

25. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

26. Кадрлар – Жекеше әріптестің қандай да бір қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы.

27. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

28. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

29. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы шарттың жасалуы.

30 Конкурс - " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

31. Конкурс жеңімпазы - " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

32. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

33. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл шарттарынан тұратын, Заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

34. Көшелерді жарықтандыру желілері – шамдарды ауыстыру көзделетін, саны ____ (жазумен көрсету) құрайтын электр желісінің тіреуіштері бар, ұзақтығы ____ шақырым көшелерді жарықтандыру желілері.

35. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Жаңғырту бойынша жұмыстардың басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

36. Қызметтер – жаңғырту бойынша жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

37. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

38. Қызметті тұтынушылар – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

39. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

40. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

41. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

42. Мердігер (жобалаушы) – жекеше әріптеспен мердігерлік шартының негізінде тартылатын, МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізетін компания.

43. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" МЖӘ жобасы.

44. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдердің орындалуы: жобаның шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау.

45. МЖӘ объектісі – жаңғыртылуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілері.

46. МЖӘ объектісін жаңғырту – қолданыстағы көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғырту, оның ішінде жаңа технологиялар негізінде жаңа жарықдиодты жабдықты орнату, сондай-ақ МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың өзге түрлерінің өндірісі.

47. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

48. МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару – егер шартпен немесе заңнамалық актілермен өзгеше көзделмесе, пайда алушының мүдделері үшін сенімгерлік басқарушы оған иелікке, пайдалануға және билік етуге берілген мүлікті өзінің атынан басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

49. МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

50. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

51. Мүліктік кешен – көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы және _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) орналасқан және пайдаланылуы Жобалық-сметалық құжаттамаға және Үлгілік шарт талаптарына сәйкес көзделетін жер учаскелері.

52. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес объектіні жаңғыртудың аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

53. Операциялық шығындар өтемақысы (бұдан әрі – ОШӨ) - Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" Заңының 9-бабының 2-тармағының 4)-тармағына сәйкес Жекеше әріптестің операциялық шығындарының өтемақысы.

54. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 14-тарауының талаптарына сәйкес , Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

55. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт аясында Уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

56. Рұқсаттар – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

57. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

58. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

59. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

60. Техқадағалау - Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің жаңғырту жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

61. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

62. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

63. Шарт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы МЖӘ шарты (көшелерді жарықтандыру желілері) (бұдан әрі – Үлгілік шарт) - Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Үлгілік шарт.

64. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

65. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап __
_ жыл.

66. Энергиятиімділікке жету – Жекеше әріптестің энергиятиімді іс-шараларды іске асыруының салдары болып табылатын энергетикалық ресурстарды тұтыну мен шығыстардың қысқаруы.

2. Қолданылатын құқық

67. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

68. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

69. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

70. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

71. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі жарықтандырғыш жабдықтың тиімді жұмысын қамтамасыз ету және энергиятиімділікті арттыру бойынша проблемаларды кешенді шешу мақсатында МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

72. Жекеше әріптес _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) саны ____ (жазумен көрсету) құрайтын электр желісінің тіреуіштері бар, ұзақтығы ____ шақырым көшелерді жарықтандыру желілерін саны ____ (жазумен көрсету) құрайтын жарықдиодты шамдарды ауыстырумен жаңғыртуды жүзеге асырады және пайда алу мүмкіндігімен иелену және пайдалану құқығы негізінде оны пайдалануды жүзеге асырады, ал Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің пайдасына Үлгілік шартта қарастырылған мемлекеттік міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

73. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, жаңғыртылатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Үлгілік шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

74. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде, ол, Үлгілік шартқа сәйкес сенімгерлік басқару құқығы Жекеше әріптеске берілетін (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және түпнұсқалары қоса беріледі), қолданыстағы көшелерді жарықтандыру желілерінің және олармен ажырағысыз байланыстағы жер учаскелерінің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

75. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

76. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Үлгілік шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

77. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген.

78. Жекеше әріптес кірістер алу мақсатында көшелерді жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетеді.

79. Жекеше әріптес көшелерді жарықтандыру желілерінің жұмыс істеуі үшін қажетті 3-қосымша қызметтерді көрсететін компаниялармен Үлгілік шарттар жасайтын болады.

80. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

81. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
- 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы жер учаскелерінің ауданы;
- 3) МЖӘ объектісінің қуаты – саны ____ (жазумен көрсету) бірлікті құрайтын электр желісінің тіреуіштері бар, ұзақтығы ____ шақырым және ____% энергиятиімділік көрсеткіштеріне жетумен көшелерді жарықтандыру желілері;
- 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;
- 5) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу көздері және мемлекеттік қолдау шаралары (керегін көрсету) болып табылады.

82. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

83. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Үлгілік шартқа 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

84. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 86-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 87-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты жаңғырту бойынша кепілдіктің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 233-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ____ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

85. Тараптар Тіркеу күнінен ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 86 және 87-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

86. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

қолда бар Жобалау-сметалық құжаттамасын (Үлгілік жобаны) " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу;

2) Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттамасын бекітуді тиісті лицензияларға ие орындаушыларды тарту арқылы, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырылады;

жобалау-сметалық құжаттамада Үлгілік шартқа 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) жаңғыртуға рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және жаңғыртуға сәйкес жаңғыртуды жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 32-тарауына сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

87. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Мүліктік кешенді сенімгерлік басқаруға беру;

2) ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес тапсырған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

88. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 86-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске Мүліктік кешенді беру тәртібі

89. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске Үлгілік шарттың әрекет ету мерзіміне Мүліктік кешенді сенімгерлік басқаруға беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

90. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту бойынша, мемлекеттік меншікте тұрған, МЖӘ объектісінің жаңғыртылуы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігін және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалармен қозғалған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығын келіседі.

91. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

92. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

93. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Мүліктік кешенді сенімгерлік басқару құқығын заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

94. Мүліктік кешенді сенімгерлік басқару құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

95. Жаңғырту және пайдалану үшін қажетті Мүліктік кешеннің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме Үлгілік шартқа 5-қосымшада келтірілген.

96. Жекеше әріптестің Мүліктік кешенге өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге және аралық жалға беруге құқығы жоқ.

97. Үлгілік шартты тоқтату Мүліктік кешенді сенімгерлік басқару құқығын құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады..

98. Мүліктік кешенді сенімгерлік басқару құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

99. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Үлгілік шартқа 6-қосымшада көрсетілген.

100. Инвестициялар, оның ішінде МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру Үлгілік шарттың 17-тарауында көрсетілген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері есебінен өтеуге жатады.

101. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

102. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

103. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

104. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Үлгілік шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

105. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, " ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

106. Жаңғырту сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды:

1) жобалық шешімдердің;

- 2) жаңғырту мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюдың сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

107. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

108. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

109. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін жаңғырту мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

110. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін жаңғыртуды ұйымдастыру

111. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жаңғырту.

112. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Жаңғырту бойынша кепілдікті тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін _____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан _____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Жаңғырту бойынша жұмыстар кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 112-тармағында көрсетілген Жаңғырту міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Жаңғырту кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

113. Жаңғырту бойынша кепілдік Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

114. Жаңғырту бойынша міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 233-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген, Жаңғырту бойынша жұмыстардың мерзімі;

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

115. Жекеше әріптес Жаңғырту бойынша міндеттемелерді Жаңғырту бойынша жұмыстардың басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған жаңғырту бойынша міндеттемелерді қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

116. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жаңғырту бойынша жұмыстарды аяқтау үшін қосымша ___ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

117. Егер Тараптар Жаңғырту бойынша жұмыстардың басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) жаңғырту бойынша міндеттемелер Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жаңғырту бойынша кепілдік бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін

жаңғырту бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді;

2) жаңғырту міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін Мемлекеттік әріптеске қосымша ___ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Жаңғырту бойынша жұмыстардың басталу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге келе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Жаңғырту бойынша кепілдікті қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Жаңғырту бойынша кепілдікті қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

118. МЖӘ объектісін жаңғырту Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

119. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

120. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

121. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін Жаңғырту бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

122. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Жаңғырту бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

123. Жекеше әріптес Жаңғырту бойынша жұмыстар кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Жаңғырту бойынша жұмыстардың орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын жаңғырту туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

124. Жаңғырту туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, жаңғырту үшін қолданылған материалдар және жаңғырту шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Жаңғырту туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

125. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін Жаңғырту бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

126. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӘ объектісін Жаңғырту бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіпте және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

127. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізеді.

128. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін жаңғыртуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

129. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін күтпеген

мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқылы.

130. Жекеше әріптес ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 129-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

131. Үлгілік шарттың 129-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

132. Егер Үлгілік шарттың 129-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

133. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. Ауыстырылатын шамдарды кәдеге жарату

134. Жекеше әріптес ауыстырылатын шамдарды заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес кәдеге жаратады.

135. Жекеше әріптес кәдеге жарату кезінде Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және заңнаманың ережелерін сақтайды.

13. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

136. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті бұл туралы Жоспарлы аяқтау күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

137. МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген МЖӘ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

138. Тараптар МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне

байланысты Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Үлгілік шартты бұзу күніне дейін Үлгілік шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӘ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

139. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, ал Үлгілік шартта қарастырылған оны мерзімінен бұрын бұзған және өзге де жағдайларда Үлгілік шартты бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Мемлекеттік әріптестің мекен-жайына ілеспе хатпен қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске тапсыру жоспарын дайындайды.

140. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін тапсыру жоспарын алған күннен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде оны тексеруі және бекітуі тиіс.

141. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде:

1) соңғы ___ (жазумен көрсету) жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;

2) шектеусіз, пайдалануда тұрған коммуникацияларды, дабылдарды және өзге де жүйелерді қоса, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;

3) жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;

4) барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;

5) МЖӘ объектісімен байланысты Үлгілік шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;

6) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.

142. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын МЖӘ объектісін қарауды жүргізуі тиіс.

143. МЖӘ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін қорытынды қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруі тиіс.

144. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың көшуін, Қызметтерді тұтынушылар үшін артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ететіндей қамтамасыз ету үшін, Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

145. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Үлгілік шартқа 9-қосымшада көрсетілген күйде болуы, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

146. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

14. МЖӘ объектісін пайдалану

147. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін, Жоспарлы аяқтау және Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін пайдалануға беру күнінен бастап Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін энергиятиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша кірістерді алу мүмкіндігімен тек қана Қызметтерді ұйымдастыру үшін пайдаланады.

148. МЖӘ объектісі ____ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

149. Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

150. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

151. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

152. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жаңғырту бойынша кепілдіктің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) кепілдік Үлгілік шартқа 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

153. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін (көшелерді жарықтандыру желілері) толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

154. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

155. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін орта мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлеу кезеңіндегі пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде

бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлегеннен кейін пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

156. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде ___ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӨ объектісін жаңғырту бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

157. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

158. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 152-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

159. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӨ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

15. МЖӨ объектісін жөндеу және жаңғырту

160. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

161. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін, оның ішінде жабдықтарды жаңғыртуды жүйені жетілдіру, МЖӘ объектісін жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

162. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісу бойынша қызметті ішінара тоқтату арқылы жүзеге асырылады.

163. Ағымдық жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

164. Жекеше әріптес күрделі жөндеудің басталуына дейін ____ (жазумен көрсету) ай бұрын Мемлекеттік әріптеске қызметтерді көрсету сапасын нашарлатпастан жөндеудің кестесін, мерзімін көрсету арқылы күрделі жөндеу жүргізу жоспарын тапсыруға міндетті.

16. Салық салу

165. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

166. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

167. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

17. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

168. Үлгілік шартқа 12-қосымшада көрсетілген көлем мен мерзімдердегі инвестициялық шығындар өтемақысы, операциялық шығындар өтемақысы және _____ басқарғаны үшін сыйақы (керегін көрсету) Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

169. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

170. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін жаңғыртылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан төмен болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері қабылдау актісіне сәйкес азайтылады.

171. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан төмен болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері қабылдау актісіне сәйкес азайтылады.

172. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске ұзақ мерзімді қарызға қызмет көрсету бойынша нақты келтірілген шығындардың негізінде жыл сайын _____ (керегін көрсету) төлейді.

173. Осы Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптеске _____ (керегін көрсету) _____ (жазумен көрсету) теңгеден аспауы тиіс.

174. Осы Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақы _____ (жазумен көрсету) теңгеден аспауы тиіс.

175. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін пайдалануға енгізгеннен кейін, 12-қосымшаға және энергиятиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге сәйкес, МЖӘ объектісін пайдалану сапасын бағалауды ескере отырып, ___ жыл мерзімге МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақы төлейді.

176. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

18. Тұрақсыздық

177. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде төленеді.

19. Жергілікті қамту

178. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

179. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

180. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады .

20. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

181. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӨ объектісінің мониторингін және жаңғыртылуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӨ жобасы шеңберінде МЖӨ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӨ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӨ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

182. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні Имушественного комплекса свободного от прав третьих лиц для целей модернизации және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӨ объектісін жаңғырту және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға)

орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) доверительного управления Жекеше әріптеске белгіленген тәртіпте, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті рәсімдеген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске шығындардың өтелуін уақытында төлеуге _____ (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) уақытында төлеуді қамтамасыз етуге;

7) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім тапсырысын қамтамасыз етуге;

9) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

10) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

21. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

183. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындарды өтеуді _____ (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

3) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

4) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

5) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

6) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;

7) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

8) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

9) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

184. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӨ объектісін жаңғырту бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;

3) жаңғырту аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӨ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге;

4) МЖӨ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӨ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӨ объектісін жаңғырту кезеңіне көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӨ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӨ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;

11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;

12) МЖӨ объектісін жаңғырту және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӨ объектісін жаңғырту және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӘ объектісін жаңғырту және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;

17) МЖӘ объектісін жаңғырту кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

18) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

19) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенге дейін әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

20) МЖӘ объектісін пайдаланудың ___ (кезеңділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;

22) Мүліктік кешенге өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

23) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

24) Үлгілік шартта қарастырылған сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;

25) көрсетілетін Қызметтерді және оның заманауи жаңартылуын есепке ала отырып МЖӘ объектісінің жинақталуын қамтамасыз етуге;

26) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында біліктілік талаптары мен лицензиялау ережелерін сақтауды қамтамасыз етуге;

27) Қызметтердің сапасын және көлемін қамтамасыз етуге;

28) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта қарастырылған өзге жағдайларда, белгіленген тәртіпте табиғи тозуды есепке ала отырып, МЖӘ объектісін жарамды техникалық күйінде және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы беруге;

29) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

22. Құқықтар мен міндеттерді беру

185. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

186. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

187. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

188. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

189. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 216-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

190. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

191. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

23. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

192. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

193. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

194. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы

туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

195. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 26-тарауында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

196. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

197. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

24. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

198. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

199. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Үлгілік шартқа 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

25. Тараптардың жауапкершілігі

200. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

201. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін жаңғырту кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

202. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

203. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз жаңғыртудан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

204. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

205. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

206. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

207. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

208. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін сенімгерлік басқару кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

209. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

210. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

211. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

26. Дауларды шешу тәргібі

212. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

213. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ____ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

27. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

214. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

215. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

28. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

216. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

217. Шарт:

- 1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;
- 2) мерзімінен бұрын бұзылған;
- 3) сот шешімі;
- 4) Жекеше әріптес таратылған;
- 5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

218. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

219. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-тарауына сәйкес жүргізіледі.

220. МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-тарауына сәйкес жүргізіледі.

221. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 14-тарауына сәйкес жүргізіледі.

222. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

223. Үлгілік шарт 217-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

29. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

224. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтар өтеусіз беріледі.

225. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

226. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 224-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

227. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

228. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

30. Үлгілік шарттың тілі

229. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

230. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

231. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

232. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

31. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

233. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ___ (жазумен көрсету) жыл.

234. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

32. Сақтандыру

235. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

236. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) жаңғырту жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің жаңғырту және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүліктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүліктің кездейсоқ жойылуы мен кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

237. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты жаңғырту алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс

сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӨ объектісі бойынша, сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

238. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 237-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 238-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

239. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӨ объектісін жаңғырту және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде байланысты пайдалануды орындаумен функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

240. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша таңдайды.

33. Құпиялылық

241. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

242. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

243. МЖӘ объектісін жаңғыртуға және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

34. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

244. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

245. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 244-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісінің қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

246. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

246. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

247. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап камдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 244-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

249. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

250. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

35. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

251. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін жаңғырту, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

252. Егер МЖӘ объектілерін жаңғырту және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

253. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) жаңғырту жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

254. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

255. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

256. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде , Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

257. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

258. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

258. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

36. Хабарламалар

260. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

261. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

262. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

263. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

264. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

265. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

37. Қорытынды ережелер

266. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

267. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

268. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

269. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

270. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

271. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе

топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

272. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

273. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

274. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

38. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) шамдарды ауыстыру көзделетін, саны ____ (жазумен көрсету) құрайтын электр желісінің тіреуіштері бар, ұзақтығы ____ шақырым көшелерді жарықтандыру желілері болып табылады.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	
1	Жарықдиодты шамдардың саны	дана	
2	Тіреулердің саны	дана	

3	Көшелерді жарықтандыру желілерінің ұзақтығы	км	
4	Жарықдиодты шамдардың қуаты	Вт	
5	Техникалық көрсеткіштер		
5.1	э/э тұтыну	Вт	
	T1	Вт	
	T2	Вт	
	N...		
5.2	э/э тұтыну СУС ___	Вт	
	T1	Вт	
	T2	Вт	
	N...		

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
2-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңі	20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі	___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына

Қаржы-экономикалық жоспар

МЖӘ объектісінің жұмыс істеуі үшін барлығы ____ адам тартылатын болады

1. Штаттық бірліктердің саны, адам.

Лауазымның атауы	Адам саны
...	

Ескерту: (шығындар мен көрсеткіштердің өзге түрлері болған жағдайда көрсету)

Жобамен Жекеше әріптестің МЖӘ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны жаңғырту мен пайдаланудың барлық кезеңдерінде басқару үшін саны ____ адам (лауазымдарын көрсету) Басқарушы компанияны құруы жоспарланады.

2. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	МЖӘ объектісінің құны		
1.1	жаңғырту құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	Расходы на: 1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және жаңғырту бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама,		

	<p>техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар);</p> <p>3) МЖӨ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары</p>		
1.3	<p>Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӨ объектісін жаңғырту кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӨ объектісін жаңғырту кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>		
	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар.</p> <p>Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы</p>		

1.4

мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (<http://www.nationalbank.kz>), шетел капиталы тартылған жағдайда - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;

2) МЖӨ объектісін жаңғырту кезіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы

	кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар		
1.5	Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін жаңғыртуға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар		
1.6	жаңғырту заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі жаңғырту мен материалдық емес активтерге есептелетін		
	1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған; 2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру; 3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын		

1.7	<p>зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін жаңғыртумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.</p>		
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері:		
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		

	n		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		

* барлық шығыстар МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңіне қабылданады
Ескерту:

сыйақылар мен негізгі қарыз төлемдерінің басталуы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (көшелерді жарықтандыру желілері) 12-қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес, мемлекеттің инвестициялық шығындар өтемақысын төлеуінің басталуымен тұспа-тұс келеді;

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (көшелерді жарықтандыру желілері) 4-қосымша
Нысан

Алғашқы кепілдік

_____ " ____ " _____ 20__ ж.

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " __ " _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " __ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылдың " __ " _____ жасалған Үлгілік шартты назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша _____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " __ " _____ дейін әрекет етеді және Жаңғырту бойынша кепілдікті беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
5-қосымша
Нысан

Мүліктік кешен

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ ____, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ ____ - ____ - ____ - ____
3	Көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы жер учаскелерін өтеусіз пайдаланудың мерзімі	____ жыл
4	Ауданы	____ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
8	Көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	
	Көшелерді жарықтандыру желілері	____ шақырым (ұзақтығын көрсету)
	Тіреулер ____ (керегін көрсету)	____ дана
	Шамдар ____ (керегін көрсету)	____ дана

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
6-қосымша
Нысан

Қаржыландыру көздері

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін құнынан ___%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін жаңғырту құнынан ___%.
Қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (жаңғырту кезеңінде) – ___ ай.
Қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
7-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезеңдерді қамтиды:

- I. Инвестициялық кезең;
- II. Постинвестициялық кезең.

Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.\



**жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет*

1-сурет. Жаңғырту кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, Мүліктік кешенді жаңғырту үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті коммуналдық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, салынған МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісін жаңғыртуды қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" жаңғыртуды, МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін жаңғырту құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін жаңғырту құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу)халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес жаңғырту кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "кілтке дейінгі" жаңғыртуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін жаңғырту бойынша жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет*

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (көшелерді жарықтандыруды ұстауды, материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауына бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керегін көрсету) береді, сондай-ақ ____ (қажетті шығындарды өтеу көзін көрсету) төлейді;

Жекеше әріптес – Қызметті тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӘ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына

сәйкес қызмет көрсетеді, сондай-ақ МЖӘ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӘ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – көшелерді жарықтандыру қызметтерін тұтынатын " _____ " мемлекеттік мекемесі.

Тараптардың қолдары

_____	_____
Мемлекеттік әріптестің атынан	Жекеше әріптестің атынан
	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (көшелерді жарықтандыру желілері) 8-қосымша Нысан

Жаңғырту бойынша кепілдік

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (

жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының (бұдан әрі - Жаңғырту бойынша кепілдік құны) ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.),

2. Мемлекеттік әріптестің Жаңғырту бойынша кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Жаңғырту бойынша кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Жаңғырту бойынша кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
9-қосымша
Нысан

Тапсырылатын МЖӘ объектісінің күйіне қойылатын талаптар

1. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің біту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) бұрын немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптар келіскен мерзімде, Тараптар МЖӘ объектісінің күйін бағалау бойынша комиссия құруды қамтамасыз етеді және оны тапсыруға дайындайды.

2. Комиссияның құрамына Жекеше әріптестің және Мемлекеттік әріптестің атынан уәкілетті өкілдер кіруі тиіс. Тараптар комиссияның жұмысына қатысуға сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Комиссия оны құрғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кешіктірмей:

тапсырылатын мүліктің құрамы мен күйін қоса алғанда, МЖӘ объектісінің тапсырылу тәртібін;

МЖӘ объектісіне қатысты және тапсыруға жататын құжаттардың құрамын белгілеуі тиіс.

4. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептері бойынша тапсырылатын мүлікті одан әрі пайдалануды мүмкін емес ететін қандай да бір Ақаулар немесе кемшіліктер табылған жағдайда , Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша МЖӘ объектісін одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін жеткілікті өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері және оның мерзімдері Тараптармен белгіленеді. Тараптар өтемақының мөлшері бойынша келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда , оның мөлшері Мемлекеттік әріптес тартатын бағалаушы компанияның қорытындысы негізінде белгіленеді.

5. Тараптардың кез келгені бағалаушы компанияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, Үлгілік шарт талаптары бойынша Жекеше әріптес төлейтін өтемақының мөлшері сотта шағымдалуы мүмкін. Мұндай шағымның түсірілуі Жекеше әріптестің бағалаушы компания анықтаған өтемақыны төлеу міндетін тоқтатпайды.

6. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін тапсыруы және оны Мемлекеттік әріптестің қабылдауы Тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісімен жүзеге асырылады.

7. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін тапсырумен бір мезгілде МЖӘ объектісіне қатысты құжаттарды тасырады.

8. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін беруі Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
10-қосымша
Нысан

Көшелерді жарықтандыру желілері қызметтерінің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Қызметтердің сапа индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	_ – электр қауіпсіздігі бойынша персоналдың біліктілік дәрежесі	–	Сарапшылық комиссияның мәліметтері	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеулі
2	Электр жабдығын визуалды тексеру. Бір мезгілде істен шыққан шамдардың саны	Күн сайын	_____ облысы Әкімдігінің сайтындағы бөлім есебі	Индикатордың мәні _% -дан кем емес (_ шамға _ жарамсыз шамдардың данасы)	Елеулі
3	Жарықдиодты шамдардың жарамсыз күйі	Ай сайын	Есеп журналы, Жеткізушіден қабылдау-тапсыру актісі	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеулі
4	Жарықдиодты шамдардың техникалық сипаттамаларға сәйкес келмеуі	Ай сайын	Есеп журналы, Жеткізушіден қабылдау-тапсыру актісі	Есепті кезеңдегі көрсеткіш мәнінің өткен кезеңмен салыстырғанда _%-ға төмендеуі	Елеусіз
5	Жылу деградациясының артуы, ол жарықдиодтардың ең ұзақ ықтимал қызмет мерзімін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді	Ай сайын	Есептік мәліметтер, Есеп журналы	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеусіз
6	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда халықтан түскен негізді	Ай сайын	_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) Әкімдігінің		Елеусіз

	шағымдардың жалпы саны	сайтындағы жүгінулердің саны	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады
--	------------------------	------------------------------	----------------------------------

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Штаттық кестеге сәйкес кәсіби кадр персоналының болмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӘ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдық жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Күрделі жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жарамсыздығы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жұмысқа жарамсыз күйі	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдыктардың қызмет мерзімдеріне сәйкес уақытында жаңартпау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
11-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Принимая во внимание:

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " ____ " _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) көшелерді жарықтандыру желілерін жаңғыртумен сенімгерлік басқару)" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " ____ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың " ____ " _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан ____ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " ____ " _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
12-қосымша
Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, МЖӘ объектісін басқару үшін сыйақыны (керегін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (керегін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	
n ____	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(көшелерді жарықтандыру желілері)
13-қосымша
Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Тәуекелдің атауы
	Мемлекеттік әріптес		
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Жаңғырту бойынша жұмыстар басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•		Жекеше әріптес МЖӨ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.
Жаңғырту бойынша жұмыстар жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі		•	Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӨ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӨ объектісін жаңғырту үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісінің жаңғыртылуы аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізу тәуекелі	•		Мемлекеттік әріптес МЖӨ объектісінің жаңғыртылуы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
			Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау құжаттаманы

<p>Жаңғырту жұмыстарын бастауы үшін Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі</p>		<p>•</p>	<p>уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.</p>
<p>МЖӘ объектісінің жаңғырту үшін рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі</p>		<p>•</p>	<p>Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӘ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.</p>
<p>Жаңғырту кезеңі</p>			
<p>Заңды тәуекел</p>			
<p>Жаңғырту бойынша жұмыстар басталғаннан кейін Мемлекеттік/ Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа ж ә н е Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.</p>
<p>Қаржылық тәуекел</p>			
			<p>Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы</p>

Жаңғырту құнының артуы (жаңғыртуға арналған материалдарға, тасымалдауға, жабдықтарға бағаның өсуі)

бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы. Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (жаңғырту материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау. жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. жаңғырту кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу. Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы

			<p>бақылауды қамтамасыз ету. жаңғырту-мердігерлік келісімшартын тиісті деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру.</p> <p>Жекеше әріптес атынан мердігерлік келісім Үлгілік шартты орындау мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Жекеше әріптестің немесе Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
			Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық

Шарт жасасқаннан кейін қарыздық пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	жағдайларда, оның ішінде белгіленген пайыздық мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты танысуы қажет. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет .
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел			
			Оң мәртебесі, жаңғырту жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау.

<p>Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауымен байланысты жаңғырту мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>Айыппұл санкцияларын қолдануды және МЖӨ объектісінің жаңғыртылуы бойынша міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін қарастыру. жаңғырту барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. жаңғырту ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты жаңғырту мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>Көшелерді жарықтандыру желілерімен ажырағысыз байланыстағы Жер учаскелерінің уақытылы бөлінуін және оларды пайдалану құқықтарының тиісті рәсімделуіг қамтамасыз ету</p>
		<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе жаңғырту материалдарын ауыстыруы не өз</p>

Сапасыз жабдықтар мен жаңғырту материалдарының жеткізілуі		•	есебінен дұрыстауы тиіс кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз жаңғырту барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және жаңғырту материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		•	Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердігердің МЖӨ объектісінің жаңғыртудың ерекшелігін ескеріп отырып, жаңғыртуға арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
			Еңсерілмейтін күш жағдаятының (

<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Операциялық тәуекел</p>			
<p>Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңбек заңнамасын қатаң сақтау</p>
<p>Әлеуметтік-саяси тәуекел</p>			
<p>Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған</p>
<p>Әскери іс-әрекеттердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>
			<p>Тарап мұндай жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>

Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•		<p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
3. Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	<p>Тараптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	<p>Жекеше әріптес тарапынан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.

Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Көшелерді жарықтандыру желілерінің, оның ішінде көшелерді жарықтандыру желілерінің жекелеген конструктивті элементтерін, материалдар мен инженерлік жабдық, энергетика, сумен жабдықтау, су бұру, байланыс жүйелерінің жарамды күйін қолдау Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Көшелерді жарықтандыру желілерін пайдалану барысында үшінші тұлғалардың қатысуымен өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, жаңғыртылатын МЖӨ объектісін және жаңғыртуға арналған материалдарын сақтандыруы тиіс
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау, жұмыскерлердің кәсіподағын құру
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Инфекциялық және өзге де аурулармен байланысты карантиннің туындау тәуекелі		•	Жекеше әріптес тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектісіне қойылатын санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды қатаң сақтауы тиіс
Жарықдиодты шамдарды жеткізушіден		•	Егер шартпен басқаша қарастырылмаса, Жекеше әріптес кепілдік мерзімінің жылы ішінде мердігерді анықталған кемшіліктер туралы және сапа кепілдігіне сәйкес жарықдиодты шамдарды ауыстыру туралы хабар етуі қажет, ол

кепілдікті міндеттемелердің орындалмауы			жұмыс нәтижесін құрайтын барлық элементтерге таралады (ҚР АҚ 633-бабының 2-тармағы)
Нарықтың даму әлеуеті, ол жобадан қолданылатын технологиялардың өзге технологиялармен ығысып қалуына әкеліп соқтыруы мүмкін		•	Жарықдиодты шамдарды жеткізу шартында жеткізуші жарықдиодты шамдарды жаңа шамдарға айырбастай алатын кепілдік мерзімін қарастыру қажет. Төлемнің бір бөлігін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан және шамдарды орнатқаннан кейін төлеуді қарастыру қажет. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлкіті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлкіті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлкіті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс..

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
16-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (дәрігерлік амбулатория)

Ескерту. Бұйрық 16-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

(комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы "___" _____

№ _____ шешіміне сәйкес МЖӘ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс-шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық

көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дәрігерлік амбулатория) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Заңнамаға сәйкес Тұтынушы үшін мемлекет төлейтін жағдайларды қоспағанда, Қызметті тұтынушылар МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Жекеше әріптес көрсететін Қызметтерді тұтынғаны үшін төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-тарауының талаптарына сәйкес, Шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-тарауында көрсетілген талаптар.

8. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

9. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, ___ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны "кілтке дейінгі" қайта құруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз қайта құрылуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы, олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер қайта құрылатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

10. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

11. Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ шарты (дәрігерлік амбулатория) (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Үлгілік шарт.

12. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

13. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

14. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

15. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

16. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

17. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін қайта құру үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

18. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Құрылыс жұмыстарының біту күні.

19. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (қызметтердегі), шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

20. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

21. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

22. Кадрлар – Жекеше әріптестің қандай да бір қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы.

23. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

24. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

25. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы шарттың жасалуы.

26. Конкурс – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

27. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

28. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

29. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл шарттарынан тұратын, Заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

30. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету – Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс аясында Конкурс жеңімпазы ұсынған конкурстық өтінімді Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнынан оннан бір пайыз мөлшерінде қамтамасыз ету.

31. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

32. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау және қайта құру талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

33. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

34. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 105 және 106-тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

35. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше

әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

36. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің Қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

37. Қызметті тұтынушылар – қайта құрылған дәрігерлік амбулаторияның қызметтерін тұтынатын халық.

38. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

39. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

40. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

41. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану" МЖӘ жобасы.

42. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдердің орындалуы: жобаның шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау;

43. МЖӘ объектісі – қайта құрылуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған дәрігерлік амбулатория.

44. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және Заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

45. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

46. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

47. Мүліктік кешен – қайта құру және пайдалану Жобалау-сметалық құжаттамаға және Үлгілік шарт талаптарына сәйкес көзделген жер учаскесі және

сол жерде орналасқан _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ келуге арналған дәрігерлік амбулатория ғимараты.

48. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объектіні қайта құрудың бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

49. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 141-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

50. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт аясында Уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

51. Рұқсаттар – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

52. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

53. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

54. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

55. Техқадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

56. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

57. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

58. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

59. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап __ _ жыл.

2. Қолданылатын құқық

60. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

61. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

62. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

63. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

64. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі халыққа жоғары сапалы медициналық көмек көрсетудің проблемаларын кешенді шешу мақсатында МЖӘ объектісін қайта құруға және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

65. Жекеше әріптес _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) __ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құруды жүзеге асырады, қайта құрғаннан кейін оны мемлекеттік меншікке тапсырады және пайда алу мүмкіндігімен иелену және пайдалану құқығы негізінде оны пайдалануды жүзеге асырады, ал Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің пайдасына Үлгілік шартта қарастырылған мемлекеттік міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

66. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, қайта құрылатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Үлгілік шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

67. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, Мүліктік кешеннің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

68. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

69. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Үлгілік шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

70. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген.

71. Жекеше әріптес кірістер алу мақсатында бюджет қаражаттарының, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары және заңнамаға қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен халыққа медициналық және медициналық емес қызметтерді көрсетеді.

72. Медициналық емес Қызметтерді жүзеге асыру аясында Жекеше әріптес дәрігерлік амбулаторияның жалға алынған ғимараттарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қосымша қызметтерді көрсететін жеке және заңды тұлғалармен ғимараттарды жалға алу Үлгілік шарттарын жасайтын болады.

73. Ақылы медициналық Қызметтер Қызметтерді тұтынушылардың қаражаттарының есебінен төленетін болады.

74. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

75. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

1) Мүліктік кешеннің сипаттамалары;

2) МЖӘ объектісінің қуаты – ауысымына ___ келу;

3) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;

4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу көздері және мемлекеттік қолдау шаралары (керегін көрсету) болып табылады.

76. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

77. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Үлгілік шартқа 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

78. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 80-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 82-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 217-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ____ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

79. Тараптар Тіркеу күнінен ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 80 және 81-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

80. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Мемлекеттік әріптеске жобалау және қайта құру талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 32-тарауына сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

81. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ____ (жазумен көрсету) ай ішінде иелену және пайдалану құқығында Мүліктік кешенді беру;

2) Жекеше әріптеске ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде мынадай талаптардың болуымен әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамасын тапсыру:

Жобалау-сметалық құжаттамада Үлгілік шартқа 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;
қайта құруға барлық рұқсаттарды алу.

82. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 80-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске мүліктік кешенді беру тәртібі

83. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске иелену және пайдалану құқығында Мүліктік кешенді беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

84. Тараптар Жекеше әріптес Мүліктік кешенді дайын күйінде оны кейін қайта құру үшін алады деп келіседі.

85. Мемлекеттік әріптес тарапынан Мүліктік кешенді беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдауға құқылы..

86. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Мүліктік кешенді берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

87. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Мүліктік кешенді басқару құқығын беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

88. Мүліктік кешенді пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

89. МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану үшін қажетті Мүліктік кешеннің сипаттамасы, оның ішінде оның бағалау құны, орналасқан орны, ауданы, ауданы Үлгілік шартқа 5-қосымшада келтірілген.

90. Жекеше әріптестің Мүліктік кешенге өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және оны қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

91. Үлгілік шартты тоқтату Мүліктік кешенді басқару құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

92. Мүліктік кешенді басқару құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

93. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Үлгілік шартқа 6-қосымшада көрсетілген.

94. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

95. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

96. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

97. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Үлгілік шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

98. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, " ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

99. Қайта құру сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) қайта құру мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюды сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

100. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

101. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

102. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін қайта құру мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

103. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін қайта құруды ұйымдастыру

104. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес қайта құрады.

105. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 110-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

106. Құрылыс кепілдігі Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

107. Құрылыс міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 217-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген Құрылыс жұмыстарының мерзімі,

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

108. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен __ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған Құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

109. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен ____ (жазумен көрсету)

күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

110. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) Құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ____ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

111. МЖӘ объектісін қайта құру Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

112. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

113. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

114. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

115. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

116. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын қайта құру туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

117. Қайта құру туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Қайта құру туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

118. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

119. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізеді.

120. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін қайта құруды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

121. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

122. Жекеше әріптес ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 121-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

123. Үлгілік шарттың 121-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

124. Егер Үлгілік шарттың 121-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

125. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

126. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті бұл туралы Жоспарлы аяқтау күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

127. МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген МЖӘ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Тараптар МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен ____ (жазумен көрсету)

күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне байланысты Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Үлгілік шартты бұзу күніне дейін Үлгілік шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӘ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

128. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, ал Үлгілік шартта қарастырылған оны мерзімінен бұрын бұзған және өзге де жағдайларда Үлгілік шартты бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Мемлекеттік әріптестің мекен-жайына ілеспе хатпен қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске тапсыру жоспарын жолдайды.

129. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін тапсыру жоспарын алған күннен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде оны тексеруі және бекітуі тиіс.

130. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде:

1) соңғы ___ (жазумен көрсету) жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;

2) шектеусіз, пайдалануда тұрған коммуникацияларды, дабылдарды және өзге де жүйелерді қоса, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;

3) жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;

4) барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;

5) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

6) МЖӘ объектісімен байланысты Үлгілік шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.

131. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын МЖӘ объектісін қарауды жүргізуі тиіс.

132. МЖӘ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Мемлекеттік әріптес Жекеше

әріптес Ақауларды жойғаннан кейін қорытынды қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруі тиіс.

133. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың көшуін, Қызметтерді тұтынушылар үшін артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ететіндей қамтамасыз ету үшін, Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

134. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Үлгілік шартқа 9-қосымшада көрсетілген күйде болуы, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

135. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

13. МЖӘ объектісін пайдалану

136. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін бюджет қаражаттарының, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары және заңнамаға қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен пайда алу мүмкіндігімен, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) халқына медициналық көмек көрсету бойынша Қызметтерді ұйымдастыру үшін ғана пайдаланады.

137. МЖӘ объектісі ____ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

138. Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

139. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

140. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

141. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігінің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа 11-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) кепілдік Үлгілік шартқа 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

142. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

143. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

144. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін орта мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін қайта құру кезінде нақты келтірілген шығындар мөлшерінде өтемақы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

145. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде ____ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӨ объектісін қайта құру бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

146. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

147. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 141-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

148. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӨ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

14. МЖӨ объектісін жөндеу және жаңғырту

149. Жекеше әріптес МЖӨ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

150. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӨ объектісін, оның ішінде жабдықтарды жаңғыртуды жүйені жетілдіру, МЖӨ объектісін жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

151. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісу бойынша қызметті ішінара тоқтату арқылы жүзеге асырылады.

152. Ағымдық жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

153. Жекеше әріптес күрделі жөндеудің басталуына дейін ___ (жазумен көрсету) ай бұрын Мемлекеттік әріптеске қызметтерді көрсету сапасын нашарлатпастан жөндеудің кестесін, мерзімін көрсету арқылы дәрігерлік амбулаторияның бөлімшелерін көшіру бойынша шаралардың жоспарын тапсыруға міндетті

15. Салық салу

154. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

155. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

156. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

16. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

157. Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері бюджет қаражаттарының есебінен, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары есебінен, заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен медициналық және медициналық емес қызметтер көрсетуден кірістер болып табылады.

Үлгілік шартқа 12-қосымшада көрсетілген көлем мен мерзімдердегі инвестициялық шығындар өтемақысы, операциялық шығындар өтемақысы, МЖӘ объектісін басқарғаны үшін сыйақы (керегін көрсету).

158. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

159. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

17. Тұрақсыздық

160. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде төленеді.

18. Кадрларды оқыту

161. Кадрларды оқыту, біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

162. Жекеше әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және оларды Мемлекеттік әріптеске ұсынады.

19. Жергілікті қамту

163. жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

164. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

165. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады

20. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

166. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және қайта құрылуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

167. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін Мүліктік кешенді беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) Жекеше әріптеске белгіленген тәртіпте, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті рәсімдеген күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске шығындардың өтелуін уақытында төлеуге (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) уақытында төлеуді қамтамасыз етуге;

7) Шартпен қарастырылған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын өтеуге;

8) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

9) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

21. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

168. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындарды өтеуді (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) медициналық және медициналық емес қызметтерден;

бюджет қаражаттарының есебінен,

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары есебінен;

Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздерден кіріс алуға;

3) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

5) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

6) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

7) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;

8) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

9) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

10) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

169. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;

3) Қайта құру аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге және мемлекеттік меншікке беруге;

- 4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;
- 5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;
- 6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- 7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін қайта құру кезеңіне көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етеді;
- 8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;
- 9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;
- 10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;
- 11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;
- 12) МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;
- 13) МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;
- 14) МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;
- 15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 16) Дәрігерлік амбулаторияда Персоналдың және Қызметті тұтынушылардың болуының жайлылығын қамтамасыз етуге;
- 17) МЖӘ объектісін қайта құру мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;
- 18) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

- 19) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;
- 20) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенге дейін әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;
- 21) МЖӘ объектісін пайдаланудың ____ (кезеңділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;
- 21) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;
- 23) Мүліктік кешенге өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;
- 24) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;
- 25) Үлгілік шартта қарастырылған сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;
- 26) көрсетілетін Қызметтерді есепке ала отырып, дәрігерлік амбулаторияның медициналық жабдықпен толықтырылуын және оның уақытында жаңартылуын қамтамасыз етуге;
- 27) медициналық қызмет саласындағы біліктілік талаптары мен лицензиялау талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 28) профилактиканың, диагностиканың және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізуді қамтамасыз етуге;
- 29) денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес медициналық көмектің сапасы мен көлемін қамтамасыз етуге;
- 30) оқыту бағдарламаларын, оның ішінде қосымша оқыту, кадрлар біліктілігін арттыру, қайта даярлау бағдарламаларын жыл сайын бекітуге және оларды Мемлекеттік әріптеске беруге;
- 31) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 32) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта қарастырылған өзге жағдайларда, белгіленген тәртіпте табиғи тозуды есепке ала отырып, МЖӘ объектісін жарамды техникалық күйінде және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы беруге;
- 33) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

22. Құқықтар мен міндеттерді беру

169. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

170. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

171. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

172. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

173. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 200-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

174. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

175. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

23. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

176. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

177. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

178. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

179. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-тарауында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

180. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

181. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

24. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

182. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

183. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Үлгілік шартқа 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

25. Тараптардың жауапкершілігі

184. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

185. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін қайта құру кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

186. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

187. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз қайта құруынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ____ (

жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

188. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

189. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

190. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

191. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

192. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

193. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

194. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

195. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

26. Дауларды шешу тәртібі

196. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

197. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін

болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

27. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

198. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

199. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

28. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу

200. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

201. Шарт:

1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;

2) мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

202. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

203. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-тарауына сәйкес жүргізіледі.

204. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-тарауына сәйкес жүргізіледі.

205. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 13-тарауына сәйкес жүргізіледі.

206. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

207. Үлгілік шарт 201-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

29. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

208. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтар өтеусіз беріледі.

209. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

210. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 208-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

211. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік

құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

212. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

30. Үлгілік шарттың тілі

213. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

214. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

215. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

216. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

31. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

217. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін қайта құру кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап __ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазумен көрсету) жыл.

218. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

32. Сақтандыру

219. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

220. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) қайта құруды жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің қайта құру және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүліктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүліктің кездейсоқ жойылуы мен кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

221. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша, сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

222. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 221-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 223-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

223. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалануды орындаумен байланысты функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

224. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша таңдайды.

33. Құпиялылық

225. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

226. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

227. МЖӘ объектісін қайта құру және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

34. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

228. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

229. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 228-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала камдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісінің қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

230. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

231. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

232. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап камдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 234-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

233. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

234. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жанартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (

форс-мажор) __ (__) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

35. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

235. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін қайта құру, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

236. Егер МЖӘ объектілерін қайта құру және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

237. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

238. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

239. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

240. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде , Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

241. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

242. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

243. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

36. Хабарламалар

244. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

245. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

246. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

247. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

248. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

249. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

37. Қорытынды ережелер

250. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

251. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

252. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

253. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

254. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

255. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе

топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

256. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

257. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

258. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

38. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған дәрігерлік амбулатория болып табылады.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	Сыйымдылығы	келу	
2	Жер учаскесінің ауданы	га	
3	Құрылыс алаңы	м ²	
4	Ғимараттың жалпы ауданы	м ²	

5	Пайдалы аудан	м ²	
6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³	
7	Техникалық көрсеткіштер:		
7.1	жылу қуаты (жылу, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету)	Гкал/жыл	
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік	
7.3	кәріздендіру	м ³ /тәулік	
7.4	ҚТҚ	м ³	
7.5	электр энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт	
7.6	өзгелер (байланыс қызметтері және өзгелер)		
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай	

2. МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлік	Ауданы
	1 қабат		
1			
2			
3			
...			
n			
	2 қабат		
1			
2			
3			
...			
n			
	n қабат		
1			
2			
3			
...			
n			

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына

(дәрігерлік амбулатория)

2-қосымша

Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін қайта құру кезеңі	20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі	___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы

Үлгілік МЖӘ шартына

(дәрігерлік амбулатория)

3-қосымша

Нысан

Қаржы-экономикалық жоспар

"Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 сәуірде N 6173 болып енгізіген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 Бұйрығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 284 Бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары желілерінің мемлекеттік нормативі бойынша _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) орналасқан ауысымына ___ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияда ___ күндік жұмыс аптасында ___ жұмыскер тартылған.

1. МЖӘ жобасы бойынша штаттық бірліктер

Атауы	Саны
Дәрігерлер	
Аға дәрігер	
Жалпы практика дәрігері	
Орташа медициналық персонал	

Акушер-гинеколог	
Күндізгі стационар дәрігері	
Кіші медициналық персонал	
Физиотерапевт медбикесі	
Күндізгі стационардың медбикесі	
Акушерка	
Жалпы практика медбикесі	
Санитарка	
Өзге персонал	
Өзге персонал (күзетші немесе күзетші/от жағушы), менеджер	
Барлығы	

Жобамен Жекеше әріптестің МЖӘ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқару үшін ___ адам санымен (лауазымдарын көрсету) басқарушы компанияны тартуы жоспарланады.

2. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ рс	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	МЖӘ объектісінің құны		
1.1	Қайта құру құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	Расходы на: 1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар);		

	<p>3) МЖӘ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары</p>		
1.3	<p>Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>		
	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар. Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері</p>		

1.4

статистикасының деректері негізінде айқындалады (<http://www.nationalbank.kz>), шетел капиталы тартылған жағдайда - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;

2) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел

	валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар		
1.5	Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялауға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар		
1.6	Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация		
	1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған; 2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық		

1.7	<p>облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялаумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.</p>		
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері		
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
	Жекеше әріптестің кіріс көздері		

2.7	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
n			
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
n			

* барлық шығыстар МЖӘ объектісін салу (құрылысы) кезеңіне қабылданады

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
4-қосымша
Нысан

Алғашқы кепілдік

_____ " ____ " _____ 20__ ж.
(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

назарға ала отырып:

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған дәрігерлік амбулатория салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдік атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
5-қосымша
Нысан

Мүліктік кешен

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Ғимарат ауданы	
2	Қабаттылығы	
3	Қабат биіктігі	
4	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ ____, от " __ " _____, 20__ г.
5	Кадастрлық нөмірі	№ ____ - ____ - ____ - ____
6	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	__ лет
7	Ауданы	__ га
8	Шекаралардың сипаттамалары	
9	Жерлердің санаты	
10	Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
11	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
12	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
6-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан __%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін қайта құру құнынан __%.
----------------------------------	---

Қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (қайта құру кезеңінде) – ___ ай.
Қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан


Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
7-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезеңдерді қамтиды:

- I. Инвестициялық кезең;
- II. Постинвестициялық кезең.

Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.



*жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

1-сурет. Қайта құру кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, дәрігерлік амбулаторияны қайта құру үшін қажетті Мүліктік кешенді беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, қайта құрылған МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдайды

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің қайта құрылуын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" тікелей салуды (қайта құруды), МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу)халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес қайта құру кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ___ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "кілтке дейінгі" қайта құруды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін қайта құру бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет*

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (ғимараттарды, аумақтарды ұстауды және дәрігерлік амбулаторияны материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауына бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керекін көрсету), сондай-ақ _____ (қажетті шығындарды өтеу көзін көрсету) береді;

Тапсырыс беруші - ТМККК және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген өнім берушіні таңдау ережесіне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына оның шығындарын өтеу қамтамасыз ету қызмет провайдеріне таңдайды;

Денсаулық сақтау субъектілері арасында ақша тарату міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау қызмет көрсету, оған сәйкес Қазақстан Республикасының "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңына сәйкес міндетті медициналық сақтандыруды енгізу мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын қамтамасыз етеді. Сондықтан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қатысуымен кейінгі инвестициялық кезеңде институционалдық схемасын қайта қарау қажет болады.

Жекеше әріптес – Қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӘ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ

МЖӘ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӘ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – дәрігерлік амбулаторияның қызметтерін тұтынады, Жекеше әріптеске медициналық және медициналық емес қызметтер үшін төлейді.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келуге арналған дәрігерлік амбулатория салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____

_____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Тапсырылатын МЖӘ объектісінің күйіне қойылатын талаптар

1. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің біту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) бұрын немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптар келіскен мерзімде, Тараптар МЖӘ объектісінің күйін бағалау бойынша комиссия құруды қамтамасыз етеді және оны тапсыруға дайындайды.

2. Комиссияның құрамына Жекеше әріптестің және Мемлекеттік әріптестің атынан уәкілетті өкілдер кіруі тиіс. Тараптар комиссияның жұмысына қатысуға сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Комиссия оны құрғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кешіктірмей:

тапсырылатын мүліктің құрамы мен күйін қоса алғанда, МЖӘ объектісінің тапсырылу тәртібін;

МЖӘ объектісіне қатысты және тапсыруға жататын құжаттардың құрамын белгілеуі тиіс.

4. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін және оны пайдалану үшін қажетті өзге мүлікті беруге міндетті.

5. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептері бойынша тапсырылатын мүлікті одан әрі пайдалануды мүмкін емес ететін қандай да бір Ақаулар немесе кемшіліктер табылған жағдайда , Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша МЖӘ объектісін одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін жеткілікті өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері және оның мерзімдері Тараптармен белгіленеді. Тараптар өтемақының мөлшері бойынша келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда , оның мөлшері Мемлекеттік әріптес тартатын бағалаушы компанияның қорытындысы негізінде белгіленеді.

6. Тараптардың кез келгені бағалаушы компанияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, Үлгілік шарт талаптары бойынша Жекеше әріптес төлейтін өтемақының мөлшері сотта шағымдалуы мүмкін. Мұндай шағымның түсірілуі Жекеше әріптестің бағалаушы компания анықтаған өтемақыны төлеу міндетін тоқтатпайды.

7. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін тапсыруы және оны Мемлекеттік әріптестің қабылдауы Тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісімен жүзеге асырылады.

8. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін тапсырумен бір мезгілде МЖӘ объектісіне қатысты құжаттарды тасырады.

9. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін беруі Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы

Үлгілік МЖӘ шартына

(дәрігерлік амбулатория)

10-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

3) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ____ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Медициналық қызмет сапасының индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	Дәрігерлік амбулатория деңгейінде алдын алған анна өлімі жағдайларының үлес салмағы	Күн сайын	Ана өлімін есепке алу картасы (2009-1/у нысан) (АМСК деңгейінде алдын алған анна өлімі жағдайлар (сараптама нәтижелері бойынша)	Жоспарлы ауруханаға жатқызу жағдайларында индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Қауіпті
2	Медициналық бағдарламалар бойынша оқыған медициналық қызметкерлердің (дәрігерлердің, орташа медициналық қызметкерлердің) үлес салмағы	Жылына __ рет	Кадрлар бөлімінің есебі	Индикатордың мәні __%-дан кем емес	Елеулі
3	Дәрігерлік амбулатория ішіндегі инфекция көрсеткіші	Ай сайын	Инфекциялық ауруларды есепке алу журналы (Бұйрыққа сәйкес 060/у нысаны)	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеулі
4	Үйде __ жастан __ жасқа дейінгі қайтыс болған балалар көрсеткіші	Тоқсан сайын	Қалалық статистика басқармасының мәліметтері	Есепті кезең көрсеткішінің өткен кезеңмен салыстырғанда _ %-ға төмендеуі	Қауіпті
5	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда негізді шағымдардың жалпы саны	Ай сайын	Жүгінулерді тіркеу журналы	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеусіз

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны

Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Штаттық кестеге сәйкес кәсіби кадр персоналының болмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӘ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдық жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Күрделі жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жарамсыздығы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жұмысқа жарамсыз күйі	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдыктардың қызмет мерзімдеріне сәйкес уақытында жаңартпау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20 __ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық _____% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
11-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған дәрігерлік амбулаторияны қайта құру және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала

отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
12-қосымша
Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, МЖӘ объектісін басқару үшін сыйақыны (керегін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (керегін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	
N	
Итого	

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(дәрігерлік амбулатория)
13-қосымша
Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•		Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.

<p>Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі</p>			<p>Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы ; 3) МЖӨ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.</p>
<p>Қаржылық тәуекел</p>			
<p>МЖӨ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау</p>			<p>Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.</p>
<p>Техникалық тәуекел</p>			
<p>М Ж Ө объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізу тәуекелі</p>			<p>Мемлекеттік әріптес МЖӨ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс</p>
<p>Құрылыс жұмыстарын бастауы үшін Жекеше әріптестің</p>			<p>Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс.</p>

<p>Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.</p>
<p>М Ж Ә объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі</p>		<p>•</p>	<p>Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӘ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.</p>
<p>Қайта құру кезеңі</p>			
<p>Заңды тәуекел</p>			
<p>Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және</p>

<p>бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы</p>		<p>Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.</p>
<p>Қаржылық тәуекел</p>		
		<p>Же кеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы. Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау. Құрылыс жұмыстарын</p>

Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)

жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту.

Құрылыс кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу.

Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы бақылауды қамтамасыз ету.

Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісті деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру.

Жекеше әріптес атынан құрылыс барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту.

Сақтау орындарында, оның ішінде күзет

			ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Жекеше әріптестің немесе Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық жағдайларда, оның ішінде белгіленген пайыздық мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
М Ж Ә объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты

төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		танысуы қажет. Жекеше әріптес М Ж Ә жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі	•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел		
Мердігердің жұмыстарды уақытында		Оң мәртебесі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен / субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Айыппұл санкцияларын қолдануды және М Ж Ә объектіснің құрылысы бойынша міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз

<p>орындамауымен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>етілуін қарастыру. Құрылыс барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>Жер учаскесінің уақытылы бөлінуін және оны пайдалану құқытарын тиісті рәсімдеуді қамтамасыз ету.</p>
		<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен дұрыстауы тиіс</p>

Сапасыз жабдықтар мен құрылыс материалдарының жеткізілуі		•	кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлкті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		•	Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердігердің МЖӨ объектісінің

			құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы			Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының			

тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау.
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	
3. Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
			Тараптар:

Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Техникалық тәуекел			
М Ж Ә объектісіне		•	Ғимараттың, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивті элементтерінің, материалдардың және инженерлік жабдық, энергетика, сумен қамту және суды бұру, байланыс және т.б. жүйелерінің жарамды күйін ұстау.

сапасыз техникалық қызмет көрсету			Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Инфекциялық және өзге де аурулармен байланысты карантиннің туындау тәуекелі		•	Жекеше әріптес денсаулық сақтау объектісіне қойылатын санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды қатаң сақтауы тиіс
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын			

тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
17-қосымша

Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӨ Үлгілік шарты (дене шынықтыру-сауықтыру кешені)

Ескерту. Бұйрық 17-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы " __ " _____ (жасалған күнді көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (занды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

_____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы " __ " _____

№ _____ шешіміне сәйкес Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартын (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс- шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Қызметті тұтынушылар МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Жекеше әріптес көрсететін Қызметтерді тұтынғаны үшін төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-бөлімінің талаптарына сәйкес, Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6- бөлімінде көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, ауысымына __ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін " кілтке дейінгі" тікелей салуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы, олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

11. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

12. Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Шарт.

13. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ Шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

14. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

15. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

16. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

17. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

18. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

19. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

20. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Құрылыс жұмыстарының біту күні.

21. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (қызметтердегі), Үлгілік шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер Үлгілік шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған Үлгілік шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

22. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

23. Инвестициялық шығындар өтемақысы – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабының 2-тармағының 3)-тармағына сәйкес Жекеше әріптестің инвестициялық шығындарының өтемақысы

24. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

25. Кадрлар – Жекеше әріптес жұмыскерлерінің негізгі құрамы (штаты).

26. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісім Үлгілік шартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

27. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

28. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы Үлгілік шарттың жасалуы.

29. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қаупі бар, радиоактивті, өрт қаупі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие қауіпті заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей және әлеуетті қауіптілік әкеле алатын және Құрылыс жұмыстарының басталу күніне дейін құзыретті зерттеулермен анықталуы мүмкін болмайтын көмулер.

30. Конкурс – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

31. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

32. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

33. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл Үлгілік шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

34. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

35. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау және салу талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

36. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

37. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 108 және 109 тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

38. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

39. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

40. Қызметті тұтынушылар – дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің қызметтерін тұтынатын халық.

41. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

42. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

43 Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

44. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптеспен мердігерлік шартының негізінде тартылатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізетін компания.

45. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

46. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдердің орындалуы: жобаның Үлгілік шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау.

47. МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені.

48. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

49. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

50. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

51. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық)

нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

52. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 160-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

53. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт аясында Уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

54. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

55. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

56. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

57. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

58. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

59. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

60. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

61. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

62. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап __
_ жыл.

2. Қолданылатын құқық

63. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

64. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

65. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

66. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

67. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі өңірдің спорттық инфрақұрылымын дамыту, оның халыққа қолжетімділігін арттыру және осы салада сапалы және кәсіби қызметтер көрсету проблемаларын кешенді шешу мақсатында МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

68. Жекеше әріптес " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды жүзеге асырады, салғаннан кейін оны мемлекеттік меншікке тапсырады және пайда алу мүмкіндігімен иелену және пайдалану құқығы негізінде оны пайдалануды жүзеге асырады, ал Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің пайдасына Үлгілік шартта қарастырылған мемлекеттік міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

69. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 1-қосымшада көрсетілген.

70. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін Жер учаскесінің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

71. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

72. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 2-қосымшада көрсетілген.

73. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 3-қосымшада келтірілген.

74. Жекеше әріптес кірістер алу мақсатында халыққа Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 3-қосымшада көрсетілген Қызметтерді көрсетеді.

75. Дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне келу тарифтері Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

76. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

77. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
- 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;
- 3) МЖӘ объектісінің қуаты ауысымына ___ адам;
- 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;
- 5) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу көздері және мемлекеттік қолдау шаралары (керегін көрсету) болып табылады.

78. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

79. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене

шынықтыру-сауықтыру кешені) 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

80. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 82-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 89-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 238-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ___ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

81. Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 82 және 83-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

82. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттамасын (Үлгілік жобаны) " _____ _ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ адамға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттамасын бекітуді тиісті лицензияларға ие орындаушыларды тарту арқылы, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы

басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырылады;

Жобалау-сметалық құжаттамада Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 1-қосымшада және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 34-бөліміне сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

83. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес тапсырған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

84. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 82-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік

шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

85. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске уақытша өтеусіз жер пайдалануға Жер учаскесін беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

86. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту бойынша, мемлекеттік меншікте тұрған, МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігін және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалармен қозғалған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығын келіседі.

87. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

88. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

89. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

90. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

91. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме

Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 5-қосымшада келтірілген.

92. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

93. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

94. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

95. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 6-қосымшада көрсетілген.

96. Инвестициялар, оның ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру Үлгілік шарттың 18-бөлімінде көрсетілген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері есебінен өтеуге жатады.

97. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

98. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

99. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

100. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Үлгілік шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

101. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан

Республикасы, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, "ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

102. Салу сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюды сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

103. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

104. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

105. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

106. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

107. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

108. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 110-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

109. Құрылыс кепілдігі Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

110. Құрылыс міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 238-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген Құрылыс жұмыстарының мерзімі,

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

111. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен __ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған Құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

112. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ____% мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

113. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) Құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт

бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде,

Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

114. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

115. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

116. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

117. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

118. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

119. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

120. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

121. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

122. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіпте және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

123. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте және Үлгілік шартта көрсетілген техникалық-экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес пайдалануға енгізеді.

124. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

125. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

126. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін күтпеген мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқылы.

127. Жекеше әріптес ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

128. Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

129. Егер Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

130. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

131. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттарының есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

132. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

133. Археологиялық олжалардың себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

134. Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

135. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

136. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

137. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

138. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтардың көмулері

139. Қауіпті қалдықтардың көмулері табылған жағдайда Жекеше әріптес: ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтардың көмулерінің теріс салдарларын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттарының

есебінен Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

140. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтардың көмулерінің табылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

141. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтардың көмулеріне қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

142. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

143. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӨ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

144. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті бұл туралы Жоспарлы аяқтау күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

145. МЖӨ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген МЖӨ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

146. Тараптар МЖӨ объектісін мемлекеттік меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне байланысты Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Үлгілік шартты бұзу күніне дейін Үлгілік шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӨ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

147. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, ал Үлгілік шартта қарастырылған оны мерзімінен бұрын бұзған және өзге де жағдайларда Үлгілік шартты бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Мемлекеттік әріптестің мекен-жайына ілеспе хатпен қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса МЖӨ объектісін Мемлекеттік әріптеске тапсыру жоспарын жолдайды.

148. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін тапсыру жоспарын алған күннен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде оны тексеруі және бекітуі тиіс.

149. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде:

1) соңғы ____ (жазумен көрсету) жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;

2) шектеусіз, пайдалануда тұрған коммуникацияларды, дабылдарды және өзге де жүйелерді қоса, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;

3) жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;

4) барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;

5) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

6) МЖӘ объектісімен байланысты Үлгілік шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.

150. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын МЖӘ объектісін қарауды жүргізуі тиіс.

151. МЖӘ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін қорытынды қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруі тиіс.

152. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың көшуін, Қызметтерді тұтынушылар үшін артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ететіндей қамтамасыз ету үшін, Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

153. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда,

Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 9-қосымшада көрсетілген күйде болуы, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

154. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

155. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде пайда алу мүмкіндігімен, предоставления физкультурно-оздоровительных услуг для населения ұйымдастыру үшін пайдаланады.

156. МЖӘ объектісі ____ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

157. Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

158. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

159. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

160. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігінің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ____% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) кепілдік Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

161. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

162. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін (дене шынықтыру-сауықтыру кешенін) толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

163. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

164. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін орта мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлеу кезеңіндегі пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу

күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлегеннен кейін пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

165 Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде ___ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӨ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады.

166. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 160-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Денсаулық сақтау саласындағы МЖӨ Үлгілік шартына (емхана) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

167. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӨ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

16. МЖӨ объектісін жөндеу және жаңғырту

168. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

169. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін, оның ішінде жабдықтарды жаңғыртуды жүйені жетілдіру, МЖӘ объектісін жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

170. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісу бойынша қызметті ішінара тоқтату арқылы жүзеге асырылады.

171. Ағымдық жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

172. Жекеше әріптес күрделі жөндеудің басталуына дейін ____ (жазумен көрсету) ай бұрын Мемлекеттік әріптеске қызметтерді көрсету сапасын нашарлатпастан жөндеудің кестесін, мерзімін көрсету арқылы күрделі жөндеу жүргізу жоспарын тапсыруға міндетті.

17. Салық салу

173. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

174. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

175. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

176. Мыналар

- 1) дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін көрсетуден кірістер;
- 2) Үлгілік шартқа Дене шынықтыру және спорт саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (дене шынықтыру-сауықтыру кешені) 12-қосымшада көрсетілген көлем мен мерзімдердегі операциялық шығындар өтемақысы (қажет болған жағдайда

көрсету) Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

177. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

178. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан төмен болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері қабылдау актісіне сәйкес азайтылады.

179. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан жоғары болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері өзгеріссіз қалады.

180. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық

181. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде төленеді.

20. Кадрларды оқыту

182. Кадрларды оқыту, біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

183. Жекеше әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және оларды Мемлекеттік әріптеске ұсынады.

21. Жергілікті қамту

184. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

185. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

186. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін

қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады

22. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

187. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

188. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) Жекеше әріптеске белгіленген тәртіпте, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті рәсімдеген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске шығындардың өтелуін уақытында төлеуге (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) уақытында төлеуді қамтамасыз етуге;

7) Шартпен қарастырылған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын өтеуге;

8) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

9) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

189. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындарды өтеуді (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) Үлгілік шарт талаптарына сәйкес дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін көрсетуден кірістер алуға;

3) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

5) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

6) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

7) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;

8) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

9) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

10) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

190. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӨ объектісін салу бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӨ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге және мемлекеттік меншікке беруге;

4) МЖӨ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӨ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӨ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӨ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӨ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;

11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;

12) МЖӨ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӨ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және дене шынықтыру-сауықтыру кешені персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес үй-жайлардың тазалығын және Қызметті тұтынушылардың болуының жайлылығын қамтамасыз етуге;

17) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;

18) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

19) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

20) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенге дейін әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) МЖӘ объектісін пайдаланудың ____ (кезеңділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;

23) Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

24) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

25) Үлгілік шартта қарастырылған сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;

26) көрсетілетін Қызметтерді есепке ала отырып, дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жабдықпен толықтырылуын және оның уақытында жаңартылуын қамтамасыз етуге;

27) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

28) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта қарастырылған өзге жағдайларда, белгіленген тәртіпте табиғи тозуды есепке ала отырып, МЖӘ объектісін жарамды техникалық күйінде және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы беруге;

29) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

24. Құқықтар мен міндеттерді беру

191. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

192. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

193. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

194. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

195. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 221-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

196. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

197. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

25. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

198. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

199 Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

200. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

201. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

202. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

26. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

203. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

204. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

27. Тараптардың жауапкершілігі

205. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

206. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

207. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

208. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік

әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

209. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

210. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

211. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

212. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

213. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

214. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

215. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

216. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

28. Дауларды шешу тәртібі

217. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

218. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін

болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

29. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

219. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

220. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

30. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

221. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

222. Шарт:

1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;

2) мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

223. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

224. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

225. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

226. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

227. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

228. Үлгілік шарт 222 тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

31. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

229. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтар өтеусіз беріледі.

230. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

231. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 229-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

232. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

233. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

32. Үлгілік шарттың тілі

234. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

235. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

236. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

237. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

33. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

238. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазумен көрсету) жыл.

239. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

34. Сақтандыру

240. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

241. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салу және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүліктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүліктің кездейсоқ жойылуы мен кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

242. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша, сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

243. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 242-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 244-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

244. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде байланысты пайдалануды орындаумен функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

245. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша тандайды.

35. Құпиялылық

246. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

247. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

248. МЖӘ объектісін салу және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

36. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

249. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

250. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 249-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісінің қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

251. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

252. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

253. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қамдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 252-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

254. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

255. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт

бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

37. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

256. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӨ объектісін салу, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӨ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

257. Егер МЖӨ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

258. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

259. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

260. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

261. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде , Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

262. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

263. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

264. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

38. Хабарламалар

265. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

266. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

267. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

268. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

269. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

270. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

39. Қорытынды ережелер

271. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

272. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

273. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

274. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

275. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

276. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

277. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

278. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

279. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

40. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" болып табылады

___ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға арналған алаң _____ (тиісті саланың нормативтік-құқықтық құжаттарын және/немесе нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету) талаптарына сәйкес іргелес жатқан аумақпен үйлестіре отырып таңдалды.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	Сыйымдылығы	орын	___
2	Жер учаскесінің ауданы	га	
3	Құрылыс алаңы	ш.м.	
4	Ғимараттың жалпы ауданы	ш.м.	
5	Пайдалы аудан	ш.м.	

6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³	
7	Техникалық көрсеткіштер:		
7.1	жылу қуаты (жылу, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету)	Гкал/жыл	
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік	
7.3	кәріздендіру	м ³ /тәулік	
7.4	ҚТҚ	м ³	
7.5	электр энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт	
7.6	өзгелер (байланыс қызметтері және өзгелер)		
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай	

2. МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)

№	Атауы	Ауданы
Бірінші қабат		
1		
2		
3		
...		
n		
Екінші қабат		
1		
2		
3		
...		
n		
n қабат		
1		
2		
3		
...		
n		

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ

шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
2-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін салу кезеңі	20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі	___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
3-қосымша
Нысан

Қаржы-экономикалық жоспар

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жұмыс істеуі үшін барлығы ___ жұмыскер тартылатын болады.

1. Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің қызметкерлерінің штаттық саны

Лауазымның атауы	Саны, адам
Директор	
Бухгалтер	
Әдіскер	
Кезекші әкімші	
Баскетбол бойынша жаттықтырушы	
Волейбол бойынша жаттықтырушы	
Үстел теннисі бойынша жаттықтырушы	
Жекпе-жектер бойынша жаттықтырушы	
Жаттығу залына жаттықтырушы	
Дәрігер	

Жұмысшы	
Тіркеу бөліміне хатшы	
Күзетші	
Тазалаушы	
Кассир	
Аула сыпырушы	
Барлығы	

Жобамен Жекеше әріптестің МЖӨ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқару үшін ___ адам санымен (лауазымдарын көрсету) басқарушы компанияны тартуы жоспарланады.

2. МЖӨ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ рс	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	МЖӨ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	<p>1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;</p> <p>2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар);</p> <p>3) МЖӨ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес</p>		

	көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары		
1.3	Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар		
	1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар. Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (http://www.nationalbank.kz), шетел капиталы тартылған жағдайда -		

1.4

сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;

2) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар

1.5	<p>Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялауға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар</p>		
1.6	<p>Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация</p>		
	<p>1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған;</p> <p>2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын зерттеп-қарау нәтижелері</p>		

1.7	<p>бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялаумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.</p>		
2	МЖӘ жобасының қаржылық көрсеткіштері		
2.1	МЖӘ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӘ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		

	n		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		

* барлық шығыстар МЖӘ объектісін салу (құрылысы) кезеңіне қабылданады
Ескерту:

сыйақылар мен негізгі қарыз төлемдерінің басталуы Үлгілік шартқа 12-қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес, мемлекеттің инвестициялық шығындар өтемақысын төлеуінің басталуымен тұспа-тұс келеді;

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жүктемелілігі ___ %-ды құрайды.

Үшінші тараптан кірістер Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі ішінде қаржыландыру көздеріне қарамастан алынуы мүмкін барлық әлеуетті кірістерден тұрады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
4-қосымша
Нысан

Алғашқы кепілдік

_____ " ____ " _____ 20__ ж.

(елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " ____ " ____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ____ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " ____ " ____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылдың " ____ " _____ жасалған Үлгілік шартты назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " ____ " ____ дейін әрекет етеді және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
5-қосымша
Нысан

Жер учаскесі

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ __, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ __ - __ - __ - __
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	__ жыл
4	Ауданы	__ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
6-қосымша
Нысан

Қаржыландыру көздері

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%.
Қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.
Қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
7-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезеңдерді қамтиды:
инвестициялық кезең;
постинвестициялық кезең.

Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, салынған МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" тікелей салуды (құрылысты), МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу)халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;

"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ___ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "кілтке дейінгі" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (ғимараттарды, аумақтарды ұстауды және балабақшаны материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауына бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керегін көрсету) береді, сондай-ақ _____ (қажетті шығындарды өтеу көзін көрсету) төлейді;

Жекеше әріптес – Қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӘ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына сәйкес дене шынықтыру-сауықтыру Қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ МЖӘ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӘ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ____% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің қызметтерін тұтынады және Жекеше әріптеске осы аталған қызметтерді төлейді.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге *арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды

инвестициялар құнының ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" ____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
9-қосымша
Нысан

Тапсырылатын МЖӘ объектісінің күйіне қойылатын талаптар

1. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің біту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) бұрын немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптар келіскен мерзімде, Тараптар МЖӘ объектісінің күйін бағалау бойынша комиссия құруды қамтамасыз етеді және оны тапсыруға дайындайды.

2. Комиссияның құрамына Жекеше әріптестің және Мемлекеттік әріптестің атынан уәкілетті өкілдер кіруі тиіс. Тараптар комиссияның жұмысына қатысуға сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Комиссия оны құрғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кешіктірмей:

тапсырылатын мүліктің құрамы мен күйін қоса алғанда, МЖӘ объектісінің тапсырылу тәртібін;

МЖӘ объектісіне қатысты және тапсыруға жататын құжаттардың құрамын белгілеуі тиіс.

4. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептері бойынша тапсырылатын мүлікті одан әрі пайдалануды мүмкін емес ететін қандай да бір Ақаулар немесе кемшіліктер табылған жағдайда , Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша МЖӘ объектісін одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін жеткілікті өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері және оның мерзімдері Тараптармен белгіленеді. Тараптар өтемақының мөлшері бойынша келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда , оның мөлшері Мемлекеттік әріптес тартатын бағалаушы компанияның қорытындысы негізінде белгіленеді.

5. Тараптардың кез келгені бағалаушы компанияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, Үлгілік шарт талаптары бойынша Жекеше әріптес төлейтін өтемақының мөлшері сотта шағымдалуы мүмкін. Мұндай шағымның түсірілуі Жекеше әріптестің бағалаушы компания анықтаған өтемақыны төлеу міндетін тоқтатпайды.

6. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін тапсыруы және оны Мемлекеттік әріптестің қабылдауы Тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісімен жүзеге асырылады.

7. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін тапсырумен бір мезгілде МЖӘ объектісіне қатысты құжаттарды тасырады.

8. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін беруі Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт

Көрсетілетін қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (дене шынықтыру-сауықтыру кешені қызметінің сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Шынықтыру-сауықтыру қызметтерінің сапа индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні
				Жаттықтырушылық жұмыс өтілі	

1	Кадрлармен қамтамасыз ету	Жарты жылда бір рет	Есептік мәліметтер	7 жылдан кем емес	Маңызды
2	Негізді шағымдардың саны	Жыл сайын	Тұтынушылардан сұрау алу мәліметтері	Өткен жылдан көп емес	Елеулі
3	Жарамды жаттығу құралдары мен спорт инвентарьларының саны	Тоқсан сайын	Есептік мәліметтер	Барлық 6 жаттығу құралы, үстел теннисіне арналған 4 үстел, 2 баскетбол сақинасы және волейбол торы жұмыс жағдайында болуы тиіс	Маңызды
4	Сұрау алынған қызметтерді алушылардың жалпы санынан көрсетілетін денешынықтыру-сауықтыру қызметтерінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың үлесі	Жарты жылда бір рет	Тұтынушылардан сұрау алу мәліметтері	75%-дан кем емес	Маңызды

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Штаттық кестеге сәйкес кәсіби кадр персоналының болмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
"Спорт объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӨ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдық жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Күрделі жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӨ

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде

көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" ____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
12-қосымша
Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, МЖӘ объектісін басқару үшін сыйақыны (керегін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (керегін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	

n ____	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Дене шынықтыру және спорт
саласындағы Үлгілік МЖӘ
шартына
(дене шынықтыру-сауықтыру кешені)
13-қосымша
Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу	Төмендету бойынша шаралар		Тәуекелдің атауы Мемлекеттік әріптес
		Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі				
Заңды тәуекел				
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•			Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі			•	Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӘ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел				
МЖӘ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау			•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел				
				Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісінің құрылысы үшін

<p>МЖӨ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізбеу тәуекелі</p>	<p>•</p>	<p>бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс</p>
<p>Құрылыс жұмыстарын бастауы үшін Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі</p>	<p>•</p>	<p>Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.</p>
<p>МЖӨ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі</p>	<p>•</p>	<p>Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.</p>
<p>Құрылыс кезеңі</p>		
<p>Заңды тәуекел</p>		
		<p>Тараптар:</p>

<p>Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы</p>	<p>•</p>	<p>1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа ж ә н е Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.</p>
<p>Қаржылық тәуекел</p>		
		<p>Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы. Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау. Құрылыс жұмыстарын</p>

Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)

жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Құрылыс кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу. Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы бақылауды қамтамасыз ету. Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісті деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру. Жекеше әріптес атынан құрылыс барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.

Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу

Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы			үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Жекеше әріптестің немесе Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық жағдайларда, оның ішінде белгіленген пайыздық мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
МЖӨ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты танысуы қажет. Жекеше әріптес МЖӨ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел			

Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауымен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы

Оң мәртебесі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Айыппұл санкцияларын қолдануды және МЖӘ объектісінің құрылысы бойынша міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін қарастыру. Құрылыс барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.

Жер учаскесінің уақтылы бөлінуін және оны пайдалану

Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы			құқытарын тиісті рәсімдеуді қамтамасыз ету.
Сапасыз жабдықтар мен құрылыс материалдарының жеткізілуі		●	Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен дұрыстауы тиіс кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы		●	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		●	Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердігердің МЖӨ объектісінің

			құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау.
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Өр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала камдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
			Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен

<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Пайдалану кезеңі</p>			
<p>Заңды тәуекел</p>			
<p>Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тараптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа ж ә н е Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
<p>Қаржылық тәуекел</p>			
<p>Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.</p>
			<p>Жекеше әріптес тарапынан:</p>

Инфляцияның өсуі		•	1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Келушіге персоналдың сапасыз қызмет көрсетуі		•	Сапаны бақылау саласында тиісті шаралар қабылдау, сондай-ақ персоналды кезең сайын оқытуды жүргізу.
Ең көп келу сағаттарында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің артық жүктемелілігі		•	Бағалық саясатты тұрақты түрде қайта қарау және бейімдеу
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Ғимараттың, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивті элементтерінің, материалдардың және инженерлік жабдық, энергетика, сумен қамту және суды бұру, байланыс және т.б. жүйелерінің жарамды күйін ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
			Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы;

Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы		•	

	•		материалдарын сақтандыруы тиіс.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
18-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы МЖӨ Үлгілік шарты (емхана)

Ескерту. Бұйрық 18-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы " __ " _____ (жасалған күнді көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (занды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

_____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы " __ " _____

№ _____ шешіміне сәйкес МЖӘ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс- шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) тауарлардың, жұмыстардың , көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Заңнамаға сәйкес Тұтынушы үшін мемлекет төлейтін жағдайларды қоспағанда, Қызметті тұтынушылар МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Жекеше әріптес көрсететін Қызметтерді тұтынғаны үшін төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-тарауының талаптарына сәйкес, Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-тарауында көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, ауысымына _ келуге арналған емхананы "кілтке дейінгі" тікелей салуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы, олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

11. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

12. Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (емхана) (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Шарт.

13. Емхана аумағындағы қосымша қызметтер - Жекеше әріптеспен салынған емханада науқастардың жайлылығы үшін ғимараттардың жұмыс істеуін және өзге де қызметтерді қамтамасыз ету бойынша жасалған жалдау Үлгілік шарттарының негізінде жеке тұлғалармен және/немесе жеке кәсіпкерлермен және/немесе заңды тұлғалармен көрсетілетін қызметтер.

14. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ Шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

15. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

16. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

17. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

18. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

19. Жер учаскесі – – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

20. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

21. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Құрылыс жұмыстарының біту күні.

22. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (қызметтердегі), Үлгілік шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер Үлгілік шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған Үлгілік шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

23. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

24. Инвестициялық шығындар өтемақысы – Қазақстан Республикасының " МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабының 2-тармағының 3)-тармағына сәйкес Жекеше әріптестің инвестициялық шығындарының өтемақысы

25. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

26. Кадрлар – Жекеше әріптестің қандай да бір қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі құрамы (штаты).

27. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісім Үлгілік шартты орындау кезінде тартылған

персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

28. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

29. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы Үлгілік шарттың жасалуы.

30. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қаупі бар, радиоактивті, өрт қаупі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие қауіпті заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей және әлеуетті қауіптілік әкеле алатын және Құрылыс жұмыстарының басталу күніне дейін құзыретті зерттеулермен анықталуы мүмкін болмайтын көмулер.

31. Конкурс – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

32. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

33. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

34. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурста қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл Үлгілік шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

35. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

36. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау және салу талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

37. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

38. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 111 және 112 тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

39. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше

әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

40. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

41. Қызметті тұтынушылар – салынған емхананың қызметтерін тұтынатын халық.

42. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

43. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

44. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

45. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптеспен мердігерлік шартының негізінде тартылатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен жоба бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізетін компания.

46. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

47. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдердің орындалуы: жобаның Үлгілік шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау.

48. МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхана.

49. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

50. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

51. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

52. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

53. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 162-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

54. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт аясында Уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

55. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

56. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

57. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

58. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

59. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

60. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

61. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

62. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

63. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап __
_ жыл.

2. Қолданылатын құқық

64. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

65. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

66. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

67. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

68. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі халыққа жоғары сапалы медициналық қызмет көрсету проблемаларын кешенді шешу мақсатында, сондай-ақ ауысымына ___ келуге арналған бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мекемелерінің жүктемесін азайту үшін МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

69. Жекеше әріптес _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхананы салуды жүзеге асырады, салғаннан кейін оны мемлекеттік меншікке тапсырады және пайда алу мүмкіндігімен иелену және пайдалану құқығы негізінде оны пайдалануды жүзеге асырады, ал Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің пайдасына Үлгілік шартта қарастырылған мемлекеттік міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

70. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 1-қосымшада көрсетілген.

71. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу

көзделетін Жер учаскесінің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

72. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

73. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 2-қосымшада көрсетілген.

74. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 3-қосымшада келтірілген.

75. Жекеше әріптес кірістер алу мақсатында бюджет қаражаттарының, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары және заңнамаға қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен халыққа медициналық және медициналық емес Қызметтерді көрсетеді. Үлгілік шартқа 3-қосымшада көрсетілген.

76. Медициналық емес Қызметтерді жүзеге асыру аясында Жекеше әріптес салынған емхананың жалға алынған ғимараттарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қосымша қызметтерді көрсететін жеке және заңды тұлғалармен ғимараттарды жалға алу Үлгілік шарттарын жасайтын болады.

77. Ақылы медициналық Қызметтер Қызметтерді тұтынушылардың қаражаттарының есебінен төленетін болады.

78. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

79. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
- 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;
- 3) МЖӘ объектісінің қуаты – ауысымына ___ келу;
- 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;

5) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу көздері және мемлекеттік қолдау шаралары (керегін көрсету) болып табылады.

80. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

81. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

82. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 84-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 84-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 241-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ___ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

83. Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 84 және 85-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

84. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттамасын (Үлгілік жобаны) " _____
_ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге

арналған емхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында камтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттамасын бекітуді тиісті лицензияларға ие орындаушыларды тарту арқылы, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырылады;

Жобалау-сметалық құжаттамада Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 34-бөліміне сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

85. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес тапсырған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

86. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 84-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып

есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

87. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске уақытша өтеусіз жер пайдалануға Жер учаскесін беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

88. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту бойынша, мемлекеттік меншікте тұрған, МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігін және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалармен қозғалған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығын келіседі.

89. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

90. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

91. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

92. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

93. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 5-қосымшада келтірілген.

94. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

95. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

96. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

97. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 6-қосымшада көрсетілген.

98. Инвестициялар, оның ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру Үлгілік шарттың 18-бөлімінде көрсетілген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері есебінен өтеуге жатады.

99. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

100. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

101. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

102. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 7-қосымшада көрсетілген.

103. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, " ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

104. Салу сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюды сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

105. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

106. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

107. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

108. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

109. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

110. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 115-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

111. Құрылыс кепілдігі Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

112. Құрылыс міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 241-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген Құрылыс жұмыстарының мерзімі,

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

113. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған Құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

114. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ____% мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

115. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ____ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) Құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ____ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

116. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

117. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

118. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

119. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін салу бойынша орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

120. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

121. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

122. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс . Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

123. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

124. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіпте және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

125. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізеді.

126. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

127. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

128. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін күтпеген мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқылы.

129. Жекеше әріптес ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 128-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

130. Үлгілік шарттың 128-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

131. Егер Үлгілік шарттың 128-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 3-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

132. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

133. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттарының есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

134. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

135. Археологиялық олжалардың себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

136. Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

137. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

138. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

139. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

140. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтардың көмулері

141. Қауіпті қалдықтардың көмулері табылған жағдайда Жекеше әріптес: ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтардың көмулерінің теріс салдарларын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттарының

есебінен Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

142. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтардың көмулерінің табылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

143. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтардың көмулеріне қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

144. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

145. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӨ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

146. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті бұл туралы Жоспарлы аяқтау күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

147. МЖӨ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген МЖӨ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

148. Тараптар МЖӨ объектісін мемлекеттік меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне байланысты Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Үлгілік шартты бұзу күніне дейін Үлгілік шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӨ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

149. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, ал Үлгілік шартта қарастырылған оны мерзімінен бұрын бұзған және өзге де жағдайларда Үлгілік шартты бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Мемлекеттік әріптестің мекен-жайына ілеспе хатпен қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса МЖӨ объектісін Мемлекеттік әріптеске тапсыру жоспарын жолдайды.

150. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін тапсыру жоспарын алған күннен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде оны тексеруі және бекітуі тиіс.

151. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде:

1) соңғы ____ (жазумен көрсету) жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;

2) шектеусіз, пайдалануда тұрған коммуникацияларды, дабылдарды және өзге де жүйелерді қоса, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;

3) жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;

4) барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;

5) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

6) МЖӘ объектісімен байланысты Үлгілік шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.

152. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын МЖӘ объектісін қарауды жүргізуі тиіс.

153. МЖӘ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін қорытынды қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруі тиіс.

154. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың көшуін, Қызметтерді тұтынушылар үшін артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ететіндей қамтамасыз ету үшін, Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

155. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда,

Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 9-қосымшада көрсетілген күйде болуы, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

156. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

157. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін бюджет қаражаттарының, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары және заңнамаға қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен пайда алу мүмкіндігімен, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) халқына медициналық көмек көрсету бойынша Қызметтерді ұйымдастыру үшін ғана пайдаланады.

158. МЖӘ объектісі ____ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

159. Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;
- 4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

160. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

161. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

162. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігінің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) кепілдік Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

163. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

164. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

165. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін орта мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлеу кезеңіндегі пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлегеннен кейін пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

166. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде ____ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

167. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

168. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 162-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 11-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

169. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

16. МЖӘ объектісін жөндеу және жаңғырту

170. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

171. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін, оның ішінде жабдықтарды жаңғыртуды жүйені жетілдіру, МЖӘ объектісін жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

172. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісу бойынша қызметті ішінара тоқтату арқылы жүзеге асырылады.

173. Ағымдық жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

174. Жекеше әріптес күрделі жөндеудің басталуына дейін ___ (жазумен көрсету) ай бұрын Мемлекеттік әріптеске қызметтерді көрсету сапасын нашарлатпастан жөндеудің кестесін, мерзімін көрсету арқылы емхананың тараушелерін көшіру бойынша шаралардың жоспарын тапсыруға міндетті.

17. Салық салу

175. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

176. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

177. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

178. Мыналар:

бюджет қаражаттарының есебінен,

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары есебінен,

Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен медициналық және медициналық емес қызметтер көрсетуден кірістер Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

179. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

180. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің

Құнынан төмен болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері қабылдау актісіне сәйкес азайтылады.

181. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӨ объектісінің құны МЖӨ объектісінің Құнынан жоғары болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері өзгеріссіз қалады.

182. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық

183. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӨ объектісінің Құнынан ___ % мөлшерінде төленеді.

20. Кадрларды оқыту

184. Кадрларды оқыту, біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

185. Жекеше әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және оларды Мемлекеттік әріптеске ұсынады.

21. Жергілікті қамту

186. жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;

2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;

3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

187. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

188. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады

22. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

189. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

190. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) Жекеше әріптеске белгіленген тәртіпте, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті рәсімдеген күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске шығындардың өтелуін уақытында төлеуге (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) уақытында төлеуді қамтамасыз етуге;

7) Шартпен қарастырылған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын өтеуге;

8) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

9) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

191. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындарды өтеуді (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) медициналық және медициналық емес қызметтерден кіріс алуға:

бюджет қаражаттарының есебінен,

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаттары есебінен;

Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздерден;

3) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

5) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

6) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

7) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;

8) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

9) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

10) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

192. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӨ объектісін салу бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӨ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге және мемлекеттік меншікке беруге;

4) МЖӨ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӨ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӨ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӨ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӨ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;

11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;

12) МЖӨ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӨ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӨ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) балабақшада санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес үй-жайлардың тазалығын және Қызметті тұтынушылардың болуының жайлылығын қамтамасыз етуге;

17) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;

18) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

19) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

20) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенге дейін әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) МЖӘ объектісін пайдаланудың ____ (кезеңділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;

23) Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

24) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

25) Үлгілік шартта қарастырылған сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;

26) көрсетілетін Қызметтерді есепке ала отырып, емхананың медициналық жабдықпен толықтырылуын және оның уақытында жаңартылуын қамтамасыз етуге;

27) медициналық қызмет саласындағы біліктілік талаптары мен лицензиялау талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

28) профилактиканың, диагностиканың және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізуді қамтамасыз етуге;

29) денсаулық сақтау саласындағы бірыңғай стандарттар бойынша тегін және /немесе ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлемін қамтамасыз етуге;

30) оқыту бағдарламаларын, оның ішінде қосымша оқыту, кадрлар біліктілігін арттыру, қайта даярлау бағдарламаларын жыл сайын бекітуге және оларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

31) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

32) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта қарастырылған өзге жағдайларда, белгіленген тәртіпте табиғи тозуды есепке ала отырып, МЖӘ объектісін жарамды техникалық күйінде және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы беруге;

33) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

24. Құқықтар мен міндеттерді беру

193. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

194. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

195. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

196. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

197. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 224-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

198. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

199. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

25. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

200. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша

міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

201. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

202. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

203. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

204. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

205. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

26. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

206. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

207. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (емхана) 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

27. Тараптардың жауапкершілігі

208. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

209. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

210. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

211. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

212. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

213. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

214. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

215. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

216. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

217. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен

бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

218. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

219. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

28. Дауларды шешу тәртібі

220. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

221. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

29. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

222. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

223. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

30. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

224. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

225. Шарт:

- 1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;
- 2) мерзімінен бұрын бұзылған;
- 3) сот шешімі;
- 4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

226. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

227. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

228. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

229. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

230. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

231. Үлгілік шарт 225-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

31. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

232. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтар өтеусіз беріледі.

233. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

234. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 232-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

235. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

236. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

32. Үлгілік шарттың тілі

237. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

238. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

239. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

240. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

33. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

241. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазумен көрсету) жыл.

242. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

34. Сақтандыру

243. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

244. Сақтандыру мүлктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлкті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салу және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүлктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүлктің кездейсоқ жойылуы мен кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

245. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты

мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша, сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

246. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 245-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 246-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

247. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде байланысты пайдалануды орындаумен функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

248. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша тандайды.

35. Құпиялылық

249. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

250. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

251. МЖӘ объектісін салу және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

36. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

252. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

253. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 252-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала камдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісінің қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

254. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

255. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

256. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қамдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 255-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

257. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

258. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

37. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

259. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін салу, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау

саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

260. Егер МЖӘ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

261. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

262. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

263. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

264. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

265. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

266. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

267. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

38. Хабарламалар

268. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

269. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

270. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

271. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

272. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

273. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

39. Қорытынды ережелер

274. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

275. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

276. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің,

орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

277. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

278. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

279. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

280. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

281. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

282. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

40. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.
		Денсаулық сақтау саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (емхана) 1-қосымша
		Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхана болып табылады.

Ауысымына ___ келуге арналған емхана салуға арналған алаң _____ (тиісті саланың нормативтік-құқықтық құжаттарын және/немесе нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету) талаптарына сәйкес іргелес жатқан аумақпен үйлестіре отырып таңдалды.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ пп	Көрсеткіштер	Өлшем бірлік	Блок А	Блок Б	Блок В	Блок Г
1	Сыйымдылығы	келу				
2	Жер учаскесінің ауданы	га				
3	Құрылыс алаңы	ш.м.				
4	Ғимараттың жалпы ауданы	ш.м.				
5	Пайдалы аудан	ш.м.				
6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³				
7	Техникалық көрсеткіштер:					
7.1	жылу қуаты (жылу, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету)	Гкал/жыл				
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік				
7.3	кәріздендіру	м ³ /тәулік				
7.4	ҚТҚ	м ³				
7.5	электр энергиясының	кВт				

	тұтынылатын куаты			
7.6	өзгелер (байланыс қызметтері және өзгелер)			
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай		

2. МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)

№ п/п	Атауы	Өлшем бірлік	Ауданы
	1 қабат		
1			
2			
3			
...			
n			
	2 қабат		
1			
2			
3			
...			
n			
	N қабат		
1			
2			
3			
...			
n			

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(емхана)
2-қосымша

Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу		Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӨ объектісін салу кезеңі		20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӨ объектісін пайдалану кезеңі		20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӨ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері		қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері		МЖӨ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі		___ жыл.
Тараптардың қолдары _____ _____ Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан		Денсаулық сақтау саласындағы Үлгілік МЖӨ шартына (емхана) 3-қосымша Нысан
Қаржы-экономикалық жоспар "Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 сәуірде N 6173 болып енгізіген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 Бұйрығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 284 Бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары желілерінің мемлекеттік нормативі бойынша _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) орналасқан ауысымына ___ келуге арналған емханада ___ күндік жұмыс аптасында ___ жұмыскер тартылған. 1. МЖӨ жобасы бойынша штаттық бірліктер		
Емхананың штаттық кестесі		Саны

Әкімшілік басқару персоналы			
Бас дәрігер			
Емдеу-профилактикалау жұмысы жөніндегі бас дәрігердің орынбасары			
Сарапшы дәрігер			
Санақшы дәрігер			
Медициналық санақшы			
Фармацевт			
Бағдарламашы			
Әдіскер дәрігер			
Менеджер			
Бас мейірбике			
Шаруабике			
Бас бухгалтер			
Қаржы мәселесі жөніндегі бухгалтер			
Есепші бухгалтер			
Материалдық мәселе жөніндегі бухгалтер			
Кассир			
Кадрлар бөлімінің инспекторы			
Экономист			
Іс-қағаз жүргізуші (хатшы)			
Мұрағат медтіркеушісі			
Барлығы			
Жалпы практика бөлімшесі			
Жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің/отбасылық денсаулық орталығының меңгерушісі			
Аға мейірбике			
Жалпы практика дәрігері (бұдан әрі - ЖПД)			
ЖПД мейірбикесі			
Педиатрия бөлімшесінің учаскелік мейірбикесі			
Дәрігер германтолог			
Фильтрші дәрігер			
Психолог/психотерапевт			
Күндізгі стационар дәрігері			
Күндізгі стационар мейірбикесі			
Физиотерапия мейірбикесі			
Педиатрия бөлімшесінің учаскелік мейірбикесі			
Дәрігер германтолог			
Фильтрші дәрігер			
Психолог/психотерапевт			
Күндізгі стационар дәрігері			
Күндізгі стационар мейірбикесі			

Физиотерапия мейірбикесі			
Педиатрия бөлімшесінің учаскелік мейірбикесі			
Дәрігер гериантолог			
Фильтрші дәрігер			
Барлығы			
Зертханалық-диагностикалық бөлімінің Штаттары			
Басшысы. кеңсе			
Дәрігер - лаборант			
Доктор - рентгенолог			
Функционалдық диагностика докторы			
Ультрадыбыстық диагностикалық дәрігері			
Дәрігер - эндоскопист			
Лаборант, фельдшер, лаборант			
X - рентген техник			
медбике шкафтар			
медбике Lab			
Медбике рентген - кабинет			
Медбике диагностикалық кабинеттер			
Медбике параклиникалық қызметтер			
Барлығы			
тұрмыстық қызметкерлері			
су құбыршы			
электрик			
оператор			
Даму маманы gos.yazyka			
қарауыл			
Қауіпсіздік инженері			
қорғаушы			
ағаш шебері			
Киім ілетін (маусымдық жұмыс)			
күзетшілер			
Үй-жайларды тазалау			
Матрону			
басқа қызметкерлер			
Барлығы			
Жобамен Жекеше әріптестің МЖӘ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқару үшін ___ адам санымен (лауазымдарын көрсету) басқарушы компанияны тартуы жоспарланады.			

2. МЖӨ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ рс	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Саны
1	МЖӨ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	<p>1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;</p> <p>2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар);</p> <p>3) МЖӨ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары</p>		
1.3	Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау		

	<p>кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>			
<p>1.4</p>	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар.</p> <p>Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (http://www.nationalbank.kz), шетел капиталы тартылған жағдайда - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;</p> <p>2) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар</p>			

	<p>Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (http://economy.gov.kz/kz/) орналастырылған, тиісті мақұлданған</p> <p>Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (http://economy.gov.kz/kz/) орналастырылған, тиісті мақұлданған</p> <p>Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар</p>			
1.5	<p>Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялауға байланысты сақтандырудың барлық</p>			

	түрлеріне жұмсалатын шығыстар			
1.6	Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация			
1.7	<p>1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған;</p> <p>2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p>			

	6) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялаумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.			
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері			
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)			
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)			
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)			
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)			
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.			
2.6	Қарыз тарту мерзімі			
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:			
	1) _____			

	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			

* барлық шығыстар МЖӨ объектісін салу (құрылысы) кезеңіне қабылданады

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің атынан

Алғашқы кепілдік

_____ " _____"
_____ 20__ ж.

(елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____
_____ негізінде әрекет ететін _____
(ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____
атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____
_____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____"
_____ мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " _____"
_____ " _____" _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына _____ келушіге арналған емхана салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӨ шартына
(емхана)
4-қосымша

Нысан

өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " __ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылдың " __ " _____ жасалған Үлгілік шартты назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " __ " _____ дейін әрекет етеді және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттеменен байланысты туындайтын барлық

құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және
Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің
атынан


Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӨ шартына
(емхана)
5-қосымша

Нысан

Жер учаскесі

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ __, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ __ - __ - __ - __
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	__ жыл
4	Ауданы	__ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

<p>Тараптардың қолдары</p> <hr/> <hr/> <p>Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан</p>		<p>Денсаулық сақтау саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (емхана) 6-қосымша</p> <p style="text-align: center;">Нысан</p>
<p>МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері</p>		<p>Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%.</p> <p>Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%.</p>
<p>Қаржыландыру мерзімдері</p>		<p>___ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.</p>
<p>Қаржыландыру кестесі</p>		
<p>Тараптардың қолдары</p> <hr/> <hr/> <p>Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан</p> <p>МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы</p> <p>МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезеңдерді қамтиды:</p> <p>I. Инвестициялық кезең; II. Постинвестициялық кезең.</p> <p>Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.</p>		<p>Денсаулық сақтау саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (емхана) 7-қосымша</p> <p style="text-align: center;">Нысан</p>



**жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет*

1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, емхана салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті коммуналдық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, салынған МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" тікелей салуды (құрылысты), МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несиелер бойынша пайыздарды төлеу) халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;

"Даму" ҚДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ___ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "кілтке дейінгі" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (ғимараттарды, аумақтарды ұстауды және балабақшаны материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауына бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керегін көрсету) береді, сондай-ақ _____ (қажетті шығындарды өтеу көзін көрсету) төлейді;

Тапсырыс беруші - ТМККК және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген өнім берушіні таңдау ережесіне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына оның шығындарын өтеу қамтамасыз ету қызмет провайдеріне тандайды;

Денсаулық сақтау субъектілері арасында ақша тарату міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау қызмет көрсету, оған

сәйкес Қазақстан Республикасының "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңына сәйкес міндетті медициналық сақтандыруды енгізу мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын қамтамасыз етеді. Сондықтан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қатысуымен кейінгі инвестициялық кезеңде институционалдық схемасын қайта қарау қажет болады.

Жекеше әріптес – Қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӘ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ МЖӘ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӘ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін _____ ай ішінде _____% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – емхананың қызметтерін пайдаланады, Жекеше әріптеске ақылы және ақылы емес медициналық қызметтер үшін төлейді

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы

Үлгілік МЖӘ шартына

(емхана)

8-қосымша

Нысан

Құрылыс кепілдігі

_____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____, _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) " Строительство и эксплуатация поликлиники на ___ посещения в смену жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының

үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(емхана)
9-қосымша
Нысан

Тапсырылатын МЖӘ объектісінің күйіне қойылатын талаптар

1. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің біту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) бұрын немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптар келіскен мерзімде, Тараптар МЖӘ объектісінің күйін бағалау бойынша комиссия құруды қамтамасыз етеді және оны тапсыруға дайындайды.

2. Комиссияның құрамына Жекеше әріптестің және Мемлекеттік әріптестің атынан уәкілетті өкілдер кіруі тиіс. Тараптар комиссияның жұмысына қатысуға сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Комиссия оны құрғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кешіктірмей:

тапсырылатын мүліктің құрамы мен күйін қоса алғанда, МЖӘ объектісінің тапсырылу тәртібін;

МЖӘ объектісіне қатысты және тапсыруға жататын құжаттардың құрамын белгілеуі тиіс.

4. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептері бойынша тапсырылатын мүлікті одан әрі пайдалануды мүмкін емес ететін қандай да бір Ақаулар немесе кемшіліктер табылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша МЖӘ объектісін одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін жеткілікті өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері және оның мерзімдері Тараптармен белгіленеді.

Тараптар өтемақының мөлшері бойынша келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда , оның мөлшері Мемлекеттік әріптес тартатын бағалаушы компанияның қорытындысы негізінде белгіленеді.

5. Тараптардың кез келгені бағалаушы компанияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, Үлгілік шарт талаптары бойынша Жекеше әріптес төлейтін өтемақының мөлшері сотта шағымдалуы мүмкін. Мұндай шағымның түсірілуі Жекеше әріптестің бағалаушы компания анықтаған өтемақыны төлеу міндетін тоқтатпайды.

6. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін тапсыруы және оны Мемлекеттік әріптестің қабылдауы Тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісімен жүзеге асырылады.

7. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін тапсырумен бір мезгілде МЖӘ объектісіне қатысты құжаттарды тасырады.

8. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін беруі Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(емхана)
10-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/ болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/ болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Медициналық қызмет сапасының индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	Емхана деңгейінде алдын алған анна өлімі жағдайларының үлес салмағы	Күн сайын	Ана өлімін есепке алу картасы (2009-1/у нысан) (АМСК деңгейінде алдын алған анна өлімі жағдайлар (сараптама нәтижелері бойынша)	Жоспарлы ауруханаға жатқызу жағдайларында индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Қауіпті
2	Медициналық бағдарламалар бойынша оқыған медициналық қызметкерлердің (дәрігерлердің, орташа медициналық қызметкерлердің) үлес салмағы	Жылына ___ рет	Кадрлар бөлімінің есебі	Индикатордың мәні ___%-дан кем емес	Елеулі
3		Ай сайын	Инфекциялық ауруларды есепке алу		Елеулі

	Емхана ішіндегі инфекция көрсеткіші		журналы (Бұйрыққа сәйкес 060/у нысаны)	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	
4	Үйде __ жастан __ жасқа дейінгі қайтыс болған балалар көрсеткіші	Токсан сайын	Қалалық статистика басқармасының мәліметтері	Есепті кезең көрсеткішінің өткен кезеңмен салыстырғанда __ %-ға төмендеуі	Қауіпті
5	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда негізді шағымдардың жалпы саны	Ай сайын	Жүгінулерді тіркеу журналы	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеусіз

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Штаттық кестеге сәйкес кәсіби кадр персоналының болмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӨ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдық жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Күрделі жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жарамсыздығы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

Жабдықтың жұмысқа жарамсыз күйі	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдыктардың қызмет мерзімдеріне сәйкес уақытында жаңартпау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(емхана)
11-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " ___ " _____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауысымына ___ келуге арналған емхана салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " ___ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың " ___ " _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " ___ " _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(емхана)
12-қосымша
Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, МЖӘ объектісін басқару үшін сыйақыны (керегін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (керегін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	
n ____	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Денсаулық сақтау саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(емхана)
13-қосымша

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•		Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі		•	Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӘ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӘ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізбеу тәуекелі	•		Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс

<p>Құрылыс жұмыстарын бастауы үшін Жекеше әріптестің Жобалық-металық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі</p>		•	<p>Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-металық құжаттаманы уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс.</p> <p>Жекеше әріптес Жобалау-металық құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.</p>
<p>МЖӘ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі</p>		•	<p>Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӘ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет.</p> <p>Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.</p>
Құрылыс кезеңі			
Заңды тәуекел			
<p>Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/ Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы</p>	•	•	<p>Тараптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-металық

			құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)			<p>Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы. Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау.</p> <p>Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту.</p>

			<p>Құрылыс кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу. Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы бақылауды қамтамасыз ету.</p> <p>Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісті деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру.</p> <p>Жекеше әріптес атынан құрылыс барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Жекеше әріптестің немесе		•	Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті

Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы			сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық жағдайларда, оның ішінде белгіленген пайыздық мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты танысуы қажет. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет .
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел			
			Оң мәртебесі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар

<p>Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауымен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Айыппұл санкцияларын қолдануды және МЖӘ объектісінің құрылысы бойынша міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін қарастыру. Құрылыс барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>	<p>Жер учаскесінің уақытылы бөлінуін және оны пайдалану құқытарын тиісті рәсімдеуді қамтамасыз ету.</p>
		<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/ немесе құрылыс</p>

Сапасыз жабдықтар мен құрылыс материалдарының жеткізілуі		•	материалдарын ауыстыруы не өз есебінен дұрыстауы тиіс кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		•	Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердігердің МЖӨ объектісінің құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
			Еңсерілмейтін күш жағдаятының (

<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Операциялық тәуекел</p>			
<p>Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңбек заңнамасын қатаң сақтау.</p>
<p>Әлеуметтік-саяси тәуекел</p>			
<p>Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған</p>
<p>Әскери іс-әрекеттердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>
			<p>Тарап мұндай жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>

Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және.
3. Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа ж ә н е Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			

Қызметке сұраныстың/ тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Ғимараттың, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивті элементтерінің, материалдардың және инженерлік жабдық, энергетика, сумен қамту және суды бұру, байланыс және т.б. жүйелерінің жарамды күйін ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Инфекциялық және өзге де аурулармен байланысты карантиннің туындау тәуекелі		•	Жекеше әріптес денсаулық сақтау объектісіне қойылатын санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды қатаң сақтауы тиіс
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	•	•	Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта
Жекеше әріптестің персоналы болып			Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған

табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
19-қосымша

Білім беру саласындағы МЖӨ Үлгілік шарты (білім беру ұйымының жатақханасы)

Ескерту. Бұйрық 19-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнді көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____

негізінде әрекет ететін (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелері) _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ атынан (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан (уәкілетті тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)) бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның немесе тікелей келіссөздер қорытындысы бойынша (Келіссөздер хаттамасы) _____

_____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы " __ " _____

№ _____ шешіміне сәйкес Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартын (білім беру ұйымының жатақханасы) жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдық жөндеу – алдын алу іс- шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдаланушылық көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижелерін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және өзге тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және білім беру саласындағы (білім беру ұйымының жатақханасы) МЖӘ Үлгілік шартына тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Қызметті тұтынушылар МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Жекеше әріптес көрсететін Қызметтерді тұтынғаны үшін төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-тарауының талаптарына сәйкес, Үлгілік шартты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-тарауында көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, ___ орынға арналған жатақхананы "кілтке дейінгі" тікелей салуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуын қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы, олардың сапасы үшін жауапты болады. Одан бөлек, Бас мердігер салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін, құны мердігер жұмысының құны аясында қарастырылатын, қажетті жабдықтың жеткізілуін, монтажын ұйымдастырады.

11. Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шарты (білім беру ұйымының жатақханасы) (бұдан әрі – Үлгілік шарт) – Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырағысыз бөліктері болып табылатын, Тараптар қол қойған, оған барлық қосымшаларды (егер бар болса, құжаттарды да) қоса алғанда осы Шарт.

12. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кейін келетін күн.

13. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжап болмайтын, бірақ Шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

14. Жекеше әріптес (жобалық компания) – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

15. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құрамына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көлік және өзге құралдар.

16. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

17. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезеңінде тартқан бүкіл персонал.

18. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

19. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

20. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) айдан аспауы тиіс Құрылыс жұмыстарының біту күні.

21. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (қызметтердегі), Үлгілік шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер Үлгілік шарттарының бағаларын шегерумен, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған Үлгілік шарт бойынша жұмысты (көрсетілетін қызметті) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

22. Заңнама – белгіленген тәртіпте қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

23. Инвестициялық шығындар өтемақысы – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабының 2-тармағының 3)-тармағына сәйкес Жекеше әріптестің инвестициялық шығындарының өтемақысы

24. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакетіне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалардың бірлестігі).

25. Кадрлар – Жекеше әріптес жұмыскерлерінің негізгі құрамы (штаты).

26. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, келісім Үлгілік шартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

27. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес және Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

28. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес және қаржылық институт арасындағы МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы Үлгілік шарттың жасалуы.

29. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қауіпі бар, радиоактивті, өрт қауіпі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие қауіпті заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей және әлеуетті қауіптілік әкеле алатын және Құрылыс жұмыстарының басталу күніне дейін құзыретті зерттеулермен анықталуы мүмкін болмайтын көмулер.

30. Колледж – Колледж жатақханада өзге қалалардан келген студенттердің тұруына бақылауды қамтамасыз ететін Мемлекеттік әріптестің өкілі болып табылады.

31. Конкурс – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық процедураларды қолдану арқылы Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс.

32. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссиямен таңдалған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

33. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

34. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Конкурстық өтінімдерді дайындау және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін Конкурсты ұйымдастырушымен ұсынылған конкурстың бүкіл Үлгілік шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес анықталған құжаттар жиыны.

35. Қосымша қызметтер – салынған жатақханада студенттердің жайлы өмір сүруі үшін асхананың, дүкеннің, кеңсе орындарының, қызмет көрсету аймақтарының (компьютерлік қызметтер), терминалдар мен банкоматтардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Жекеше әріптеспен жасалатын жалдау Үлгілік шарттарының негізінде жеке тұлғалармен және/немесе жеке кәсіпкерлермен және/немесе заңды тұлғалармен көрсетілетін қызметтер.

36. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржылық ұйымдар.

37. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау және салу талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

38. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала талаптардың әрекеттерінің тоқтау күні.

39. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 112 және 113 тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

40. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың әрекет етуі кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

41. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

42. Қызметті тұтынушылар – Колледждің бағыттауы бойынша жатақханада тұратын студенттер және/немесе оқытушылар.

43. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

44. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта қарастырылған жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан әрекет етуге барлық уәкілеттіліктерге ие тұлға.

45. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

46. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптеспен мердігерлік шартының негізінде тартылатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен жоба бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізетін компания.

47. МЖӘ жобасы – " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхананы салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

48. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдердің орындалуы: жобаның Үлгілік шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау.

49. МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана.

50. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге нысандарда болуы мүмкін.

51. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

52. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

53. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

54. Операциялық шығындар өтемақысы (бұдан әрі – ОШӨ) – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабының 2-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес Жекеше әріптестің операциялық шығындарының өтемақысы.

55. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 164-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

56. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші және хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты салада қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт аясында Уәкілетті органдар жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

57. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдарымен лицензиялау немесе рұқсат беру процедуралары арқылы жүзеге асырылатын, қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт аясында Рұқсаттар деп Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар және бекітулер түсінілуі мүмкін.

58. Субмердігерлер – мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

59. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды өндірушінің тауарды өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар мен шығындар құнының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы.

60. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

61. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

62. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

63. Төлем мөлшері – Мемлекет Жекеше әріптестен Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

64. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Үлгілік шартты Бұзу күні бітетін кезең.

65. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күні – Тіркеу күнінен бастап ___ _ (жазумен көрсету) жыл.

2. Қолданылатын құқық

66. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

67. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

68. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

69. Егер олар Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, заңнаманың нормалары қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

70. Үлгілік шарттың нысанасы Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі студенттерге арналған тұрғын үйдің қолжетімділігін одан әрі қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту және осы салада сапалы және кәсіби қызмет көрсету проблемаларын кешенді шешу мақсатында МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған Тараптардың қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

71. Жекеше әріптес _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ орынға арналған жатақхана салуды жүзеге асырады, салғаннан кейін оны мемлекеттік меншікке тапсырады және пайда алу мүмкіндігімен иелену және пайдалану құқығы негізінде оны пайдалануды жүзеге асырады, ал Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің пайдасына Үлгілік шартта қарастырылған мемлекеттік міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

72. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 1-қосымшада көрсетілген.

73. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартты жасау сәтіне, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін Жер учаскесінің меншік иесі екендігіне кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

74. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____.

75. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 2-қосымшада көрсетілген.

76. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 3-қосымшада келтірілген.

77. Жекеше әріптес кірістер алу мақсатында халыққа және жатақханада тұратын студенттерге Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 3-қосымшада көрсетілген Қызметтерді көрсетеді.

78. Қызмет көрсетуді жүзеге асыру аясында салынған жатақханада студенттердің жайлы өмір сүруі үшін асхананың, дүкеннің, кеңсе орындарының, қызмет көрсету аймақтарының (компьютерлік қызметтер), терминалдар мен банкоматтардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Жекеше әріптеспен осы МЖӘ жобасы аясында Қосымша қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалармен ғимараттарды жалдау Үлгілік шарттары жасалатын болады.

79. Жатақханадағы бір орынға жал төлемінің тарифі Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

80. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтары мен міндеттемелерінің ешбіреуін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары

81. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
- 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;
- 3) МЖӘ объектісінің қуаты – ___ орын;
- 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы;
- 5) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу көздері және мемлекеттік қолдау шаралары (керегін көрсету) болып табылады.

82. Үлгілік шарттың айтарлықтай талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

83. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

84. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу аясында Конкурс жеңімпазымен тапсырылған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың оннан бір пайызы мөлшерінде берілуі тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 86-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын-ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске берілген Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруі тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 88-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуы тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 241-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес ___ (жазумен көрсету) ай ішінде әрекет етеді.

6. Алдын ала талаптар

85. Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 86 және 87-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындауы тиіс.

86. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауы тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасау және Қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттамасын (ұқсас жоба) " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ___ орынға арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттамасын бекітуді тиісті лицензияларға ие орындаушыларды тарту арқылы, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырылады;

Жобалау-сметалық құжаттамада Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 33-бөліміне сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

87. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес тапсырған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

88. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазумен көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 86-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

89. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске уақытша өтеусіз жер пайдалануға Жер учаскесін беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

90. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту бойынша, мемлекеттік меншікте тұрған, МЖӨ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігін және Мемлекеттік

әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалармен қозғалған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығын келіседі.

91. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

92. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

93. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

94. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

95. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 5-қосымшада келтірілген.

96. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

97. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

98. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

99. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері және кестесі Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 6-қосымшада көрсетілген.

100. Инвестициялар, оның ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру Үлгілік шарттың 18-бөлімінде көрсетілген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері есебінен өтеуге жатады.

101. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

102. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың Үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

103. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосыла алатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

104. . МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 7-қосымшада көрсетілген.

105. Мемлекеттік меншікке берілетін МЖӘ объектісінің баланс ұстаушы Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____, " ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті" болып табылады.

106. Салу сатысында МЖӘ объектісінің техникалық күйін бақылау Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналарды:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстардың сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңіне;

7) ақауларды уақытында жоюды сақталуына Техникалық қадағалаумен жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында көрсетілетін қызметтерінің саны мен сапасына бақылау, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен және уәкілетті мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

107. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуы тиіс.

108. Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындауы аясында жоба операторын тағайындау көзделмейді.

10. Рұқсаттар

109. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу мен пайдалануды бақылайтын немесе оған әсер ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуі тиіс.

110. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске өзінің Рұқсаттарды беру үшін қажетті құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

111. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

112. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазумен көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 114-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, берілген Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

113. Құрылыс кепілдігі Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді.

114. Құрылыс міндеттемелері мыналар:

1) Үлгілік шарттың 241-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген Құрылыс жұмыстарының мерзімі,

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар болып табылады.

115. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен __ (жазумен көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған Құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

116. Жоспарлы аяқтау күні өткен жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша __ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан __% мөлшерінде мерзімін өткізу үшін айыппұлдар алады.

117. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен __ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) Құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап __ (жазумен көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан __%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша __ (жазумен көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен __ (жазумен көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізгенде; соңғы жағдайда Үлгілік шарт бұзылмайтын жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік Бұзу күніне дейін __ (

жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Үлгілік шартты бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, осы тармақшаға сәйкес бұзған жағдайда, Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарының сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

118. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

119. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

120. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

121. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаудың келісуі бойынша, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

122. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

123. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруы тиіс.

124. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс

. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген өзге нысанда берілуі мүмкін.

125. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетуге міндеттенеді.

126. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде жобалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіпте және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

127. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіпте және Үлгілік шартта көрсетілген техникалық-экономикалық ерекшеліктерге сәйкес пайдалануға енгізеді.

128. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

129. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

130. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін күтпеген мән-жағдайлар пайда болғанда талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды Жекеше әріптеске тапсыруға құқылы.

131. Жекеше әріптес ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн мерзімде Үлгілік шарттың 130-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

132. Үлгілік шарттың 130-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателер немесе жіберілген олқылықтар салдарынсыз туындаған және

Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

133. Егер Үлгілік шарттың 130-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 1-қосымшада келтірілген қаржы-экономикалық жоспар көрсеткіштерін бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіпте Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

134. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындау және функцияларын атқаруы бойынша жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

135. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттарының есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

136. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

137. Археологиялық олжалардың себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

138. Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

139. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

140. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

141. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

142. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтардың көмулері

143. Қауіпті қалдықтардың көмулері табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

2) Қауіпті қалдықтардың көмулерінің теріс салдарларын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттарының есебінен Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

144. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтардың көмулерінің табылуы туралы хабарламаны алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

145. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтардың көмулеріне қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

146. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

147. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзартылу орын алады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

148. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті бұл туралы Жоспарлы аяқтау күніне дейін ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.

149. МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығымен бекітілген МЖӘ объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

150. Тараптар МЖӘ объектісін мемлекеттік меншікке тапсырғаннан кейін Жекеше әріптестің өтініші келіп түскен күннен ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен көп емес мерзімде, қандай күн ертерек келетіндігіне байланысты Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін немесе Үлгілік шартты бұзу күніне дейін Үлгілік шарт бойынша құқықтарды іске асыру және міндеттемелерді орындау үшін МЖӘ объектісін Жекеше әріптестің иеленуіне және пайдалануына қабылдау-тапсыру актісін рәсімдейді.

151. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, ал Үлгілік шартта қарастырылған оны мерзімінен бұрын бұзған және өзге де жағдайларда Үлгілік шартты бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) айдан кешіктірмей Мемлекеттік әріптестің мекен-жайына ілеспе хатпен қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске тапсыру жоспарын жолдайды.

152. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін тапсыру жоспарын алған күннен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде оны тексеруі және бекітуі тиіс.

153. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін, оны мерзімінен бұрын бұзған және Үлгілік шартта қарастырылған өзге де жағдайларда ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде:

1) соңғы ___ (жазумен көрсету) жылдағы барлық сызбаларды, тексерулердің нәтижелерін және құжаттарды;

2) шектеусіз, пайдалануда тұрған коммуникацияларды, дабылдарды және өзге де жүйелерді қоса, МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы;

3) жабдықтарға, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін;

4) барлық автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, деректерді, құжаттарды және ақпаратты;

5) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

6) МЖӘ объектісімен байланысты Үлгілік шарттар бойынша барлық құқықтарды және Жекеше әріптесті сақтандыру шарттарын;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ осындай күнге төленбеген сақтандыру өтемі сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз тапсыруы тиіс.

154. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын МЖӘ объектісін қарауды жүргізуі тиіс.

155. МЖӘ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін қорытынды қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруі тиіс.

156. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың көшуін, Қызметтерді тұтынушылар үшін артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ететіндей қамтамасыз ету үшін, Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

157. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалануға берген күннен кейін оны мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 9-қосымшада көрсетілген күйде болуы, оның бейініне сәйкес пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

158. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

159. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде пайда алу мүмкіндігімен, тек қана Колледждің өзге қалалардан келген студенттеріне орын беру бойынша Қызметтерді ұйымдастыру үшін, сондай-ақ студенттер, Колледждің оқытушылары және _____ қаласының халқы үшін жатақхана аумағында Қосымша қызметтер ұйымдастыру үшін ғана пайдаланады.

160. МЖӘ объектісі ____ (жазумен көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

161 Жекеше әріптес пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүлікті ағымдық жөндеуді жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;
- 4) Заңнамада белгіленген өртке қарсы, санитариялық және өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

162. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

163. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдық және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

164. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін тапсырады, ол келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігінің аяқталу күнінен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, берілген Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазумен көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін беріледі;

6) кепілдік Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша рәсімделеді ;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде тиісті сомаға толтырады.

165. Көрсетілетін қызметтер сапасы индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес анықталады.

166. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәуліктің 24 сағаты ішінде, жылдың әрбір күні жауапты болады.

167. Жекеше әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін минималды мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілетін орта мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлеу кезеңіндегі пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді, ал Жекеше әріптеске ИШӨ сомасынан ___% мөлшерде өтемақы, Бұзу күніне Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске төленген, ИШӨ сомасын азайтқандағы мемлекет қабылдаған міндеттеме төленеді;

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (ИШӨ төлегеннен кейін пайдаланудың рұқсат етілетін максималды мерзімін көрсету) жылы кезеңінде бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

168. Мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде _____ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӨ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актісімен расталған капитал шығындарынан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

169. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармаққа сәйкес бұзған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады.

170. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 164-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 11-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеу жағдайында бұзылады.

171. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

16. МЖӘ объектісін жөндеу және жаңғырту

172. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап әр ____ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін ағымдық жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

173. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін, оның ішінде жабдықтарды жаңғыртуды жүйені жетілдіру, МЖӘ объектісін жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру жолымен жүзеге асырады.

174. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісу бойынша қызметті ішінара тоқтату арқылы жүзеге асырылады. Жөндеу жазғы демалыстар кезеңінде жүргізілуі тиіс.

175. Ағымдық жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

17. Салық салу

176. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызметінің аясында МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

177. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

178. Үлгілік шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелердің туындаған күніне қолданыстағы

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

179. Мыналар:

1) Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 12-қосымшада көрсетілген көлем мен мерзімдердегі инвестициялық шығындар өтемақысы;

2) Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 12-қосымшада көрсетілген көлем мен мерзімдердегі операциялық шығындар өтемақысы (қажет болған жағдайда көрсету);

3) жатақханада тұратын Колледждің өзге қалалардан келген студенттерінен жалдау төлемдері Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

180. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

181. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан төмен болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері қабылдау актісіне сәйкес азайтылады.

182. Қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін тұрғызылған объектіні пайдалануға қабылдау кезіндегі МЖӘ объектісінің құны МЖӘ объектісінің Құнынан жоғары болса, онда төленуге жататын ИШӨ мөлшері өзгеріссіз қалады.

183. Операциялық шығындар өтемақысын төлеу кезінде Үлгілік шартта және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңнамада белгіленген МЖӘ объектісін пайдалану сапасының өлшемшарттары есепке алынады (қажет болған жағдайда көрсету).

184. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық

185. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше ескертілмесе, Үлгілік шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық Тараптармен міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ____ % мөлшерінде төленеді.

20. Жергілікті қамту

186. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

187. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

188. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді тапсырады

21. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

189. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту жолымен жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдалануын бағалауды жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде Қызмет сапасы индикаторларының және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздықты өтеп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

190. Мемлекеттік әріптес:

- 1) ұйымдық-әкімшілік құжат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаты үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізу бойынша көмек көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) Жекеше әріптеске белгіленген тәртіпте, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті рәсімдеген күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шарттың талаптарына және заңнамаға сәйкес Жекеше әріптеске шығындардың өтелуін уақытында төлеуге (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) уақытында төлеуді қамтамасыз етуге;

7) Шартпен қарастырылған жағдайларда Жекеше әріптестің залалдарын өтеуге;

8) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың әрекет етуінің бүкіл мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша рұқсатынсыз кез келген өзге тұлғаға бермеуге;

9) Заңнамада және осы Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

22. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

191. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындарды өтеуді (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) Үлгілік шарт талаптарына сәйкес, тұтынушыларға (қажет болған жағдайда өзге тұлғаларды көрсету) берілетін жатақхана бөлмелеріндегі орындарды жалдаудан кіріс алуға;

3) қосымша қызметтер көрсететін заңды және/немесе жеке тұлғаларға орындарды жалға беруден қосымша кіріс алуға;

4) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

5) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

6) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

7) Үлгілік шартқа сәйкес, Мемлекеттік әріптестің келісуі бойынша МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындауға әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапкершілік алатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

8) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда залалдарды өтеуді талап етуге;

9) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта қарастырылған процедураға сәйкес айрықша талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

10) Үлгілік шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайлар мен тәртіпте төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

11) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

192. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт аясында сенімхат негізінде өзінің өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өзінің есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік мекемелерді) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте МЖӘ объектісін пайдалануға енгізуді қамтамасыз етуге және мемлекеттік меншікке беруге;

4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларын орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалармен анықталған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақытында, өзінің есебінен және өзінің күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекетті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

- 10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпаратты және есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;
- 11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақытылы жиналуын жүргізуге;
- 12) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде өзге бірдей талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;
- 13) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;
- 14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;
- 15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 16) балабақшада санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес үй-жайлардың тазалығын және Қызметті тұтынушылардың болуының жайлылығын қамтамасыз етуге;
- 17) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және оларды сақтауды қамтамасыз етуге;
- 18) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;
- 19) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;
- 20) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенге дейін әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;
- 21) МЖӘ объектісін пайдаланудың ___ (кезеңділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;
- 22) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақытында жоюға;
- 23) Жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;
- 24) әзірленіп жатқан Жобалық-сметалық құжаттаманы немесе оның бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келісусіз үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;
- 25) Үлгілік шартта қарастырылған сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға;

26) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

27) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен, оны мерзімінен бұрын бұзғаннан кейін және Үлгілік шартта қарастырылған өзге жағдайларда, белгіленген тәртіпте табиғи тозуды есепке ала отырып, МЖӘ объектісін жарамды техникалық күйінде және ол бойынша барлық қажетті құжаттаманы беруге;

28) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Құқықтар мен міндеттерді беру

193. Мемлекеттік әріптестің рұқсатымен және Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін өзге тұлғаларға беруге құқығы бар.

194. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

195. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше көзделмесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар, Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

196. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін үшінші тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

197. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 224-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

198. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

199. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

24. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

200. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша

міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

201. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

202. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

203. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптес қызметін бақылау барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаса, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

204. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

205. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

25. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару бойынша шаралар

206. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, Жоба бойынша Тәуекелдерге жауапты болады.

207. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді және оларды басқару жөніндегі шараларды ескере отырып, Білім беру саласындағы МЖӘ Үлгілік шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

26. Тараптардың жауапкершілігі

208. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

209. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

210. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылықтар анықталған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнді құрайды.

211. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

212. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

213. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

214. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұл /өсімақы Тараптармен Үлгілік шартқа сәйкес есептелген, міндеттемелерді орындаудың мерзімінің өткізудің әр күні үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төленеді.

215. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

216. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған залалдарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

217. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен

бастап ___ (жазумен көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

218. Егер Жекеше әріптес осы залалдар еңсерілмес күш салдарынан немесе Мемлекеттік әріптестің әрекеттерінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

219. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

27. Дауларды шешу тәртібі

220. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

221. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазумен көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

28. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

222. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

223. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

29. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

224. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

225. Шарт:

- 1) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен;
- 2) мерзімінен бұрын бұзылған;
- 3) сот шешімі;
- 4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда әрекет етуін тоқтатады.

226. Үлгілік шарттың әрекет етуін ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

227. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

228. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11- бөліміне сәйкес жүргізіледі

229. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15- бөліміне сәйкес жүргізіледі

230. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

231. Үлгілік шарт 225-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

30. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

232. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүлдіктік құқықтар өтеусіз беріледі.

233. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді заңнамада белгіленген тәртіпте Мемлекеттік әріптестен алынған уәкілеттіктердің негізінде Жекеше әріптес жүзеге асырады.

234. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 232-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезінде, ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

235. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

236. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісу бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

31. Үлгілік шарттың тілі

237. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы өзге тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

238. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (қажет тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

239. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

240. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен Үлгілік шартты орындауға қатысты ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

32. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімдері

241. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада қарастырылған тәртіпте мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазумен көрсету) жыл ішінде әрекет етеді:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ____ (жазумен көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазумен көрсету) жыл.

242. Егер осындайлар заңнамамен қарастырылатын болса, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдер төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

33. Сақтандыру

243. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

244. Сақтандыру мүлктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлкті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салу және пайдалануда пайдаланылатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүлктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүлктің кездейсоқ жойылуы мен кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

245. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты

мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың әрекет ету кезеңінде қолданыста болуы тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген зардаптан сақтандыру шартын жасауға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттілігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуы тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, жоғалтуды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуі тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде рәсімделуі тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша, сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

246. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың әрекет етуі біткенше орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 245-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген зиян және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 247-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы тиіс;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуы;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін, Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалтуы немесе зақымы үшін жауапкершілікті жабуды қамтуы тиіс.

247. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, жоғалтулардан және шығыстардан (сот шығындары мен төлемдерді қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасауға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде байланысты пайдалануды орындаумен функцияларды атқаратын уақыт бойы күшінде болады.

248. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын қалауы бойынша тандайды.

34. Құпиялылық

249. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

250. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілгенді;

3) үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға ақпарат берілгенді;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға ақпарат берілгенді қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

251. МЖӘ объектісін салу және пайдалануға қатысты барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың Әрекет ету мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

35. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

252. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың бірінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

253. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 252-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала камдалған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісінің қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

254. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Аралық мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық Үлгілік шарттардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болмайды деп келіседі.

255. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуы тиіс.

256. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуы туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы өзге Тарапты бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алуы туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алу күніне, оның әрекет етуінің болжамды мерзімін көрсетуі, мұндай жағдаятты немесе оның Еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауы, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қамдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруы тиіс. Аталған хабарламаға Үлгілік шарттың 255-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуі тиіс.

3) Тарап өзге Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

257. Үлгілік шартты орындаудың уақытылы еместігін азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс;

2) кез келген Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

258. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқаннан кейін және оған Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға ары қарай кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы өзге Тарапты дереу хабардар етуі және Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс;

2) егер Тараптарға Үлгілік шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) 30 (отыз) күнтізбелік күннен көп жалғасатын жағдайда, онда кез келген Тарап өзге Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындау мерзімі, Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін және тиісті әрекеттерді толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуы тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері тек ішінара тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе этаптың) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесуі тиіс.

36. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

259. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін салу, пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген зиянды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау

саласындағы экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

260. Егер МЖӘ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

261. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

262. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

263. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

264. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

265. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсі бойынша Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

266. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

267. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақытында тапсырылуын қамтамасыз етеді.

37. Хабарламалар

268. Үлгілік шарт аясындағы барлық хабарламалар мемлекеттік және/немес орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

269. Кез келген хабарлама, егер ол кіріс корреспонденциясы ретінде тіркелген болса, Тараппен алынған болып есептеледі.

270. Шарт ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

271. Шарт ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хат Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптес өкіліне жолдануы тиіс.

272. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

273. Жекеше әріптес және Жекеше әріптес өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарастыруға құқылы.

38. Қорытынды ережелер

274. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

275. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасудың заңды күші жоқ.

276. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта рәсімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорға көшеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің,

орналасқан орнын және өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша түрде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

277. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерді, өтініштерді немесе мәмілелерді ауыстырады.

278. Тараптардың ешқайсысы Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдермен, өтініштермен немесе мәмілелермен байланысты немесе оларға қатысты жауапкершілік алуға міндетті болмауы тиіс.

279. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған келісімдерге, өтініштерге немесе мәмілелерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

280. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен қарастырылған құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ ауыстырмайтын болады.

281. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес рәсімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуы тиіс.

282. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

39. Тараптардың мекен-жайы және банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен-жайы)		(мекен-жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.
		Білім беру саласындағы Үлгілік МЖӨ шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 1-қосымша Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) студенттік жатақхана болып табылады.

Студенттік жатақхана салуға арналған алаң _____ (тиісті саланың нормативтік-құқықтық құжаттарын және/немесе нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету) талаптарына сәйкес іргелес жатқан аумақпен үйлестіре отырып таңдалды.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлік	Блок А	Блок Б
1	Сыйымдылығы	орын		
2	Жер учаскесінің ауданы	га		
3	Құрылыс алаңы	ш.м.		
4	Ғимараттың жалпы ауданы	ш.м.		
5	Пайдалы аудан	ш.м.		
6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³		
7	Техникалық көрсеткіштер:			
7.1	жылу қуаты (жылу, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету)	Гкал/жыл		
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік		
7.3	кәріздендіру	м ³ /тәулік		
7.4	ҚТҚ	м ³		
7.5	э л е к т р энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт		
7.6	өзгелер (байланыс қызметтері және өзгелер)			
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай		
МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)				
№	Атауы		Ауданы	

Бірінші қабат		
1		
2		
...		
n		
Екінші қабат		
1		
2		
...		
n		
	n қабат	
1		
2		
...		
n		
Тараптардың қолдары		

— _____		

Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан		Білім беру саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 2-қосымша Нысан
МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі		
Жобаны қаржылық жабу		Шарт жасағаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін салу кезеңі		20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі		20__ – 20__ жж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері		қаржылық жабу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері		МЖӘ объектісін пайдалануға енгізу сәтінен ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі		___ жыл.
Тараптардың қолдары		

— _____		

<p>Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан</p> <p>Қаржы-экономикалық жоспар</p> <p>Жатақхананың жұмыс істеуі үшін барлығы ____ қызметкер тартылатын болады. Жатақхананың штаттық бірліктерінің саны, адам</p>		<p>Білім беру саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 3-қосымша</p> <p>Нысан</p>	
<p>Атауы</p> <p>Әкімшілік басқару персоналы</p> <p>Комендант</p> <p>Өндірістік персонал</p> <p>Вахтер</p> <p>Қызмет көрсетуші персонал</p> <p>Ғимараттарды тазалаушы</p> <p>Жұмысшы</p> <p>Көмекші персонал</p> <p>Сантехник</p> <p>Электрик</p> <p>Ұста</p> <p>Барлығы</p>		<p>Саны</p>	
<p>Жобамен Жекеше әріптестің МЖӘ жобасының бүкіл кезеңіне жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқару үшін ____ адам санымен (лауазымдарын көрсету) басқарушы компанияны тартуы жоспарланады.</p> <p>2. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері</p>			
<p>№ рс</p> <p>1</p> <p>1.1</p>	<p>Көрсеткіштердің атауы</p> <p>МЖӘ объектісінің құны</p> <p>Құрылыс құны</p> <p>Құрылыс-монтаждау жұмыстары</p> <p>Жабдық</p> <p>Өзге шығыстар</p> <p>1) тиісті саланың сметалық нормалары мен</p>	<p>Өлшем бірлік</p>	<p>Саны</p>

1.2	<p>бағамдарының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстарының бағаларының жинақтарына, Жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;</p> <p>2) тиісті салада қолданылатын нормаларға сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалар);</p> <p>3) МЖӨ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары</p>			
1.3	<p>Жұмысшылардың жұмыстар мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>			
	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша</p>			

есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар.

Инвестицияларды

Қазақстан

Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орта өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (<http://www.nationalbank.kz>),

шетел капиталы тартылған жағдайда - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі ескеріле отырып және 3% маржа мөлшерінде есептелетін болады;

2) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезіндегі

инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, тиісті мақұлданған

Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық

	<p>үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі ретінде айқындалады + облигациялар айналымы мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (http://economy.gov.kz/kz/) орналастырылған, тиісті мақұлданған Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар</p>				
1.5	<p>Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялауға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар</p>				
1.6	<p>Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация</p>				

1.7

1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE Келісіміне қатысушы банктердің көрсететін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған;

2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;

3) банктік кепілдік беру қызметтер нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсететін қызметтері мен комиссиялары;

4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;

5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;

6) МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау бойынша жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құру және (немесе) реконструкциялаумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар.

2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері			
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)			
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)			
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)			
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)			
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.			
2.6	Қарыз тарту мерзімі			
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			
* барлық шығыстар МЖӨ объектісін салу (құрылысы) кезеңіне қабылданады				
Тараптардың қолдары				

Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің
атынан

Алғашқы кепілдік

_____ " ____ " _____
_____ 20__ ж.

(елді-мекеннің атауын және
орналасқан жерін көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____
_____ негізінде әрекет ететін _____

_____ (ұйымды көрсету), заңды
мекен-жайы: _____, банктік
деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____
атынан _____ негізінде
әрекет ететін _____ (атауын
көрсету), заңды мекен-жайы: _____
_____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____
_____ атынан _____ негізінде
әрекет ететін " _____
_____ " мемлекеттік мекемесі, заңды
мекен-жайы: _____, банктік
деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше
әріптес арасында 20__ жылдың "____"
"____" _____ "_____" _____ (_____
елді-мекеннің атауын және
орналасқан жерін көрсету) _____
орынға арналған студенттік
жатақхана салу және пайдалану"
жобасы бойынша барлық
өзгерістер мен толықтыруларды
ескере отырып _____ (_____
жазумен көрсету) теңге сомасына
20__ жылдың "____" _____
дейінгі мерзімге жасалған № _____
_____ Үлгілік шартты (бұдан әрі –
Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес
арасында Алғашқы кепілдікті беру
туралы 20__ жылдың "____" _____
_____ жасалған Үлгілік шартты
назарға ала отырып:

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӨ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
4-қосымша

Нысан

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" ____ дейін әрекет етеді және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттеменен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және
Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

—
Кепілдің атынан

—
Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің
атынан

Жер учаскесі

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
5-қосымша

Нысан

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ ____, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ __ - __ - __ - __
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	__ жыл
4	Ауданы	__ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесін мақсатты тағайындау	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

—
Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің
атынан

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
6-қосымша

		Нысан
Қаржыландыру көздері		
МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері		Жекеше әріптестің меншікті қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%.
Қаржыландыру мерзімдері		___ жыл мерзімге қарыз қаражаттары. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.
Қаржыландыру кестесі		
Тараптардың қолдары		

Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан		
		Білім беру саласындағы Үлгілік МЖӘ шартына (білім беру ұйымының жатақханасы) 7-қосымша
		Нысан
МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы		
МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай кезендерді қамтиды:		
1) Инвестициялық кезең;		
2) Постинвестициялық кезең.		
Инвестициялық кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 1-суретте келтірілген.		



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

1-сурет. Қайта құру кезеңінде МЖӨ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, жатақхана салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды, салынған МЖӨ объектісін коммуналдық меншікке қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӨ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "кілтке дейінгі" тікелей салуды (құрылысты), МЖӨ объектісін пайдалануға енгізуді және коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӨ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптеспен тартылатын, қарыз шарты негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӨ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу) халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін ____ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӨ объектісін "кілтке дейінгі" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӨ объектісін салу бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы береді;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Постинвестициялық кезеңде МЖӨ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



* жобаға қатысқан жағдайда көрсету қажет

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӨ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (ғимараттарды, аумақтарды ұстауды және жатақхананы материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауына бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керегін көрсету) береді, сондай-ақ _____ (қажетті шығындарды өтеу көзін көрсету) төлейді;

Жекеше әріптес – Қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӘ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына сәйкес жатақханадан орын беру бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ МЖӘ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӘ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме бөлігін _____ ай ішінде _____% мөлшерінде субсидиялайды;

Қызметтерді тұтынушылар – жатақхана қызметтерін тұтынады және Жекеше әріптеске аталған қызметтер бойынша төлейді.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың " ____ " ____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың " ____ " _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың " ____ " _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының ____ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " ____ " _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының

үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
9-қосымша
Нысан

Тапсырылатын МЖӘ объектісінің күйіне қойылатын талаптар

1. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің біту күніне дейін ____ (жазумен көрсету) бұрын немесе Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Тараптар келіскен мерзімде, Тараптар МЖӘ объектісінің күйін бағалау бойынша комиссия құруды қамтамасыз етеді және оны тапсыруға дайындайды.

2. Комиссияның құрамына Жекеше әріптестің және Мемлекеттік әріптестің атынан уәкілетті өкілдер кіруі тиіс. Тараптар комиссияның жұмысына қатысуға сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Комиссия оны құрғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннен кешіктірмей:

тапсырылатын мүліктің құрамы мен күйін қоса алғанда, МЖӘ объектісінің тапсырылу тәртібін;

МЖӘ объектісіне қатысты және тапсыруға жататын құжаттардың құрамын белгілеуі тиіс.

4. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептері бойынша тапсырылатын мүлікті одан әрі пайдалануды мүмкін емес ететін қандай да бір Ақаулар немесе кемшіліктер табылған жағдайда , Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша МЖӘ объектісін одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру үшін жеткілікті өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері және оның мерзімдері Тараптармен белгіленеді. Тараптар өтемақының мөлшері бойынша келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда , оның мөлшері Мемлекеттік әріптес тартатын бағалаушы компанияның қорытындысы негізінде белгіленеді.

5. Тараптардың кез келгені бағалаушы компанияның қорытындысымен келіспеген жағдайда, Үлгілік шарт талаптары бойынша Жекеше әріптес төлейтін өтемақының мөлшері сотта шағымдалуы мүмкін. Мұндай шағымның түсірілуі Жекеше әріптестің бағалаушы компания анықтаған өтемақыны төлеу міндетін тоқтатпайды.

6. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін тапсыруы және оны Мемлекеттік әріптестің қабылдауы Тараптар қол қоятын қабылдау-тапсыру актісімен жүзеге асырылады.

7. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін тапсырумен бір мезгілде МЖӘ объектісіне қатысты құжаттарды тасырады.

8. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін беруі Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
10-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану дайындығы өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшерінің есебі

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (студенттерге тұрғын үй беру бойынша жатақхана қызметтерінің индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-Бабына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасынан және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімінен тұруы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес жауап алған күннен бастап ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күннің өтуі бойынша Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілімен тексеріледі.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе болдырмауға міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жіберілген жағдайда Мемлекеттік

әріптес Ақаулық ұпайлар есептейді және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есептеуге құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазумен көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Қызмет сапасының индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мән	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	Мекеменің бухгалтерлік сапалы инспекция қызметтерімен түзетіледі, кітап (журнал) қызметтердің сапасына шағымдарды тіркеу бар	Ай сайын	Есепті кезеңнің соңына 10 күн ішінде мемлекеттік серіктес жеке серіктестің көрсеткен Келісімге сәйкес жеке әріптес міндеттемелерін орындалуы туралы есеп.	Басып шығару әкімшілігімен бар кітаптар шағымдар беттері нөмірленеді және тігілген болуы тиіс).	Елеулі
2	Тиісті қызметтерден түскен жатақханалар мазмұнына санитарлық және басқа да ережелер мен талаптарды бұзушылықтарды болмауы	Жыл сайын	Бірге Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп, жеке серіктестің тиісті қызметтер ұсынған есеп.	индикаторы 2 (екі) фактілерді - дан аспайды	Қауіпті
3	Оқушылар мен студенттердің жатақханада тұру үшін ақталған талаптардың болмауы	Ай сайын	Басшысының қолы қойылған, әкімшілікті басып шығару үшін Шағымдар. Беттер нөмірленеді және тігіледі тиіс..	2 шағымнан артық емес	Қауіпті

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің мерзімін өткізудің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптесті немесе Уәкілетті органдарды жіберуден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерін жібермеудің немесе олардың қызметіне кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске сенімсіз ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған сенімсіз ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қолжетімсіздігі	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӨ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдық жөндеуді мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар төлеуге арналған журналда тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазумен көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін төлем мөлшері инфляцияның жылдық ____% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе төлем мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап келіспеуіне болады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса, тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
11-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

(елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ орынға арналған студенттік жатақхана салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт аясындағы МЖӘ объектісі құнынан ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық

көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы
Үлгілік МЖӘ шартына
(білім беру ұйымының жатақханасы)
12-қосымша
Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық

шығындар өтемақысын, МЖӨ объектісін басқару үшін сыйақыны (керегін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (керегін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	
n ____	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Білім беру саласындағы
 Үлгілік МЖӨ шартына
 (білім беру ұйымының жатақханасы)
 13-қосымша
 Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•		Жекеше әріптес МЖӨ Үлгілік шартының талаптарын әділ сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу тәуекелі		•	Мемлекет: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӨ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӨ объектісін салу үшін қаржы		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін

қаражаттарын тартпау немесе уақытында тартпау			қажетті қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізу тәуекелі	•		Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
Құрылыс жұмыстарын бастау үшін Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау тәуекелі		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында беруі бойынша бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеуге тартылған мердігерлік және субмердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақытында бақылап отыруы тиіс.
МЖӘ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау тәуекелі		•	Мемлекеттік әріптес өз атынан Жекеше әріптеске МЖӘ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін көмек көрсетуі қажет. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік органмен талап етілетін құжаттамалар пакетімен алдын ала танысуы тиіс.
Құрылыс кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін	•	•	Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы;

Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы		3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел		
Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)		<p>Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы.</p> <p>Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді қарастыратын төлем схемасын жасау.</p> <p>Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрылыста тәжірибесі бар, оң имиджі бар, білікті кадрлары бар және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту.</p> <p>Құрылыс кестесін сақтау, тауарлар мен қызметтерді уақытында төлеу.</p> <p>Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақытылы бақылауды қамтамасыз ету.</p> <p>Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісті</p>

			деңгейде орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда тұрақты бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау секілді құралдарды қолдануды қарастыру. Жекеше әріптес атынан құрылыс барысы мен сапасына бақылауды қамтамасыз ететін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.
С а л ы қ т ы қ мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Жекеше әріптестің немесе Субмердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	Жекеше әріптес компаниясының тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлемесінің артуы		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлық жағдайларда, оның ішінде белгіленген п а й ы з д ы қ мөлшерлемелерде қарыздық шарт жасасуы.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіппен Үлгілік шарттасуы мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен тиянақты танысуы қажет. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық

		мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі	•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел		
Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауымен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы	•	Оң мәртебесі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. Айыппұл санкцияларын қолдануды және МЖӘ объектісінің құрылысы бойынша міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін қарастыру. Құрылыс барысы мен сапасының және кестесінің сақталуына уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесін сақтауды ескере отырып, жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.

<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақытында бермеуімен байланысты құрылыс мерзімдерінің созылуы</p>	<p>•</p>		<p>Жер учаскесінің уақытылы бөлінуін және оны пайдалану құқытарын тиісті рәсімдеуді қамтамасыз ету.</p>
<p>Сапасыз жабдықтар мен құрылыс материалдарының жеткізілуі</p>		<p>•</p>	<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен дұрыстауы тиіс кепілдікті қарастыру қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігінің төленуін көздеу.</p> <p>Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.</p>
<p>Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
<p>Экологиялық тәуекел</p>			
<p>Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі</p>		<p>•</p>	<p>Рұқсат етілген, қолжетімді, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе Субмердігердің МЖӨ объектісінің құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.</p>

Апаттық жағдайлар тәуекелі

<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Операциялық тәуекел</p>			
<p>Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңбек заңнамасын қатаң сақтау.</p>
<p>Әлеуметтік-саяси тәуекел</p>			
<p>Террористік акт, төңкеріс, көтерілістің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>
<p>Әскери іс-әрекеттердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>
<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын</p>

қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•		алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзуы	•	•	Тараптар: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды әділ сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құруды қарастыруы тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) болжанбаған шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Студенттердің жатақханада тұруы үшін төлеу мүмкіндіктерінің болмауы		•	Жекеше әріптес жатақхана қызметтерін төлеу бойынша жеке бағыт қарастыруы тиіс

Жатақхана жүктемелілігінің төмен деңгейі		•	Кадрлар біліктілігін арттыру, тұтынушыларға қызмет көрсету мәдениетінің деңгейін көтеру
Студенттердің өмір сүруінен түсетін кірістерді алудың кешігуі		•	Үлгілік шартта кірістерді уақытында алу бойынша нормалар қарастыру
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Ғимараттың, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивті элементтерінің, материалдардың және инженерлік жабдық, энергетика, сумен қамту және суды бұру, байланыс және т.б. жүйелерінің жарамды күйін ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ техника қауіпсіздігін сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік шиеленіс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау, жұмысшылардың кәсіподағын құру
Санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды сақтамау			Санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды қатаң сақтау
Әлеуметтік-саяси тәуекел			

Террористік акт, төңкеріс , көтерілістің туындауы	●	●	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс .
Әскери іс-әрекеттердің туындауы	●	●	Өр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалармен алдын ала қамдалған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	●	●	Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Апаттық жағдайлар тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі , дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы	●	●	Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаятпен туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс . Өр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.

Тараптардың қолдары

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 25 қарашадағы
№ 724 бұйрығына
20-қосымша

Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шарты

Ескерту. Бұйрық 20-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (қол қоятын елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. (болған жағдайда) көрсету) атынан _____ (мемлекеттік әріптесті көрсету) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. (болған жағдайда) көрсету) атынан _____ (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның _____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы "___" _____ № ___ шешіміне сәйкес Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдағы жөндеу – профилактикалық іс-шараларды жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі әрі уақтылы сақтауға бағытталған, ғимараттардың конструкциялары мен инженерлік жабдық жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін (жұмысқа қабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдалану көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс-шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижесін немесе

дараландыру құралдарын пайдалануға және басқа тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – тұтынушылар МЖӘ объектісінің құрылысы аяқталғаннан кейін Жекеше әріптес ұсынатын пәтерлер үшін төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-бөлімінің талаптарына сәйкес, Шарт мемлекеттік тіркелген кезден бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-бөлімінде көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Баланс ұстаушы – балансына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке қабылдауға жататын МЖӘ объектісін бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлға.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, автовокзалды дайын күйде тапсыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуымен қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы олардың сапасы үшін жауапты болады. Бұдан басқа, Бас мердігер құны мердігер жұмысының құны шеңберінде көзделетін, салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтың жеткізілуін және оны монтаждауды ұйымдастырады.

11. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алынғаннан кейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннен кейінгі күн.

12. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжанбайтын, бірақ Шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

13. Жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

14. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құнына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көліктік және өзге де құралдар.

15. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта көзделген жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет ету өкілеттіктеріне ие тұлға.

16. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезінде тартқан бүкіл персонал.

17. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

18. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

19. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) айдан аспауға тиіс Құрылыс жұмыстары аяқталған күн.

20. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), Үлгілік шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және қосалқы мердігерлер Үлгілік шарттарының бағаларын шегерумен, жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

21. Заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

22. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакеттеріне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалар бірлестігі).

23. Кадрлар – Жекеше әріптестің сол немесе өзге қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы.

24. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, Үлгілік шартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

25. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес пен Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

26. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес пен қаржы институты арасында МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы Үлгілік шарттың жасалуы.

27. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қаупі бар, радиоактивті, өрт қаупі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие зиянды заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей немесе әлеуетті қауіптілік тудыруы мүмкін және Құрылыс жұмыстары басталған күнге дейін құзыретті зерттеумен анықталуы мүмкін болмаған көмулер.

28. Конкурс – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып, Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурс.

29. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссия таңдаған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

30. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

31. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Конкурстық өтінімдерді дайындайтын және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурсқа қатысатын Конкурсты ұйымдастырушы ұсынған Конкурстың барлық Үлгілік шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес айқындалған құжаттар жиыны.

32. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржы ұйымдары.

33. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау мен салуға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

34. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала Үлгілік шарттардың қолданысы тоқтаған күн.

35. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 106 және 107-тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

36. Көрсетілетін қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың қолданылуы кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе қосалқы мердігерлерінің) әрекеттері.

37. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

38. МЖӘ объектісінің қызметтерін тұтынушылар (бұдан әрі – тұтынушылар) – _____ қаласы автовокзалының қызметтерін пайдаланатын қаланың және республиканың басқа да өңірлерінің халқы.

39. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

40. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта көзделген жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан барлық әрекет ету өкілеттіктеріне ие тұлға.

41. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

42. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптес мердігерлік шартының негізінде тартатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен МЖӘ жобасы бойынша жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізетін компания.

43. МЖӘ жобасы – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

44. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдерді орындау: жобаның Үлгілік шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау;

45. МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал.

46. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге де нысандарда болуы мүмкін.

47. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

48. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

49. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

50. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 158-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

51. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші немесе хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты саладағы қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт шеңберінде мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, заңды тұлғалар Уәкілетті органдар болуы мүмкін.

52. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімдері арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар мен бекітулер Рұқсаттар деп түсінілуі мүмкін.

53. Қосалқы мердігерлер – бас мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

54. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын, пайдаланылатын жергілікті материалдар құнының пайыздық құрамы.

55. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

56. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

57. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

58. Төлем мөлшері – Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 9-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

59. Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ жобасының шарты – Тараптар қол қойған, Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын, оның барлық қосымшаларын (егер бар болса, оларға құжаттарды да) қоса алғанда, осы Шарт.

60. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Шарт Бұзылған күні аяқталатын кезең.

61. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күн – Тіркеу күнінен бастап ____ жыл.

2. Қолданылатын құқық

62. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

63. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

64. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

65. Егер Заңнаманың нормалары Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, аталған нормалар қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

66. Тараптардың жолаушылар көлігінің проблемаларын кешенді түрде шешу мақсатында МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі қарым-қатынастарын реттеу Үлгілік шарттың нысанасы болып табылады.

67. Жекеше әріптес _____ автовокзал салады және одан әрі Үлгілік шартқа сәйкес ғимаратты пайдаланады.

68. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 1-қосымшада көрсетілген.

69. Мемлекеттік әріптес Шарт жасасқан кезде, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін жер учаскесінің меншік иесі болып табылатынына кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

70. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

71. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 2-қосымшада көрсетілген.

72. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 3-қосымшада келтірілген.

73. Жекеше әріптес кірісті билеттерді сату және жүк тасымалдау және мәдени-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық мақсаттар үшін үй-жайларды жалға беру есебінен алады.

74. Көрсетілетін Қызметтерді жүзеге асыру шеңберінде Жекеше әріптес қосымша қызметтер көрсететін компаниялармен жалға беру шартын жасасады.

75. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтарын немесе міндеттемелерін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың елеулі талаптары

76. Мыналар:

- 1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;
- 2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;
- 3) МЖӘ объектісінің қуаты – тәулігіне ___ жолаушы;
- 4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы Үлгілік шарттың елеулі талаптары болып табылады.

77. Осы Үлгілік шарттың елеулі талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

78. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

79. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

- 1) кепілдік Конкурс өткізу шеңберінде Конкурс Жеңімпазы ұсынған Конкурсстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде берілуге тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 81-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске осы Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруге тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 83-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуға тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 235-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ____ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде қолданылады.

6. Алдын ала талаптар

80. Тараптар Тіркеу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 81 және 82-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындаулары тиіс.

81. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауға тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасасу және Қаржыландыру шарттарында көзделген барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттаманы (Үлгілік жобаны) " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) автовокзал салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманы бекітуді тиісті лицензиялары бар орындаушыларды тарта отырып, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырады;

Жобалау құжаттамасында Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 33-бөліміне сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

82. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес ұсынған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

83. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 81-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсынан орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсынан орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарына байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

84. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске Жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалануға беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

85. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту және мемлекеттік меншікте тұрған МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігіне немесе жауапты болмайтынына және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалар қозғаған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығына келіседі.

86. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жолдайды.

87. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін неғұрлым ұзақ мерзім аяқталғаннан кейін) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

88. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

89. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

90. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті Жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан үзінді жазба Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 5-қосымшада келтірілген

91. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өз құқықтарын басқа тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

92. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

93. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

94. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері, құрылымы мен кестесі Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 6-қосымшада көрсетілген.

95. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

96. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгілік жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

97. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосылатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

98. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 7-қосымшада көрсетілген.

99. МЖӘ объектісінің баланс ұстаушысы Жекеше әріптес болып табылады. Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____.

100. Салу сатысында жобаны басқару жөніндегі МЖӘ объектісінің техникалық жай-күйін бақылауды Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналардың:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстар сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңінің;

7) ақаулардың уақтылы жойылуының сақталуын Техникалық қадағалау жүзеге асырады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында Көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылауды, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әріптес пен уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

101. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуға тиіс.

102. Үлгілік шартты орындау шеңберінде Жекеше әріптес жоба операторын тағайындауды көздемейді.

10. Рұқсаттар

103. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салуды немесе пайдалануды бақылайтын немесе оған ықпал ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, өз күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініш хаттарды даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуге тиіс.

104. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Рұқсаттарды беру үшін қажетті өз құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

105. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіппен және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

106. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 108-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, осы Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

107. Құрылыс кепілдігі Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

108. Мыналар:

1) Үлгілік шарттың 235-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құрылыс жұмыстарының мерзімі;

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар құрылыс міндеттемелері болып табылады.

109. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

110. Жоспарлы аяқтау күні кешіктірілген жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ___ (жазбаша түрде көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде мерзімінен кешіктіргені үшін айыппұлдар өндіріп алады.

111. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсінен орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

Шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсінен орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазбаша түрде көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстары

басталған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Мемлекеттік әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан ____ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

112. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

113. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

114. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және ол уәкілеттік берген тұлғаларға МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

115. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаумен келісім бойынша МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

116. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

117. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруға тиіс.

118. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуға тиіс. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қарым-қатынастарында қолданылатын кез келген басқа нысанда берілуі мүмкін.

119. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

120. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес тиісті хабарламаны алған сәттен бастап Жобалау-сметалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізілген кезге дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіппен және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

121. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен пайдалануға береді.

122. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін, Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың одан арғы іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

123. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жобалауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

124. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін туындаған күтпеген жағдаяттарға байланысты талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды тапсыруға құқылы.

125. Жекеше әріптес күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн мерзімде Үлгілік шарттың 124-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау

шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

126. Үлгілік шарттың 124-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателердің немесе олқылықтардың салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

127. Егер Үлгілік шарттың 124-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 1-қосымшада келтірілген көрсеткіштерді бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіппен Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

128. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындауға және функцияларды атқаруына жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

129. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскедегі қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуға тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттар есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын рәсімдерді жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

130. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде құрылысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

131. Археологиялық олжалардың себебінен жұмыстардың тоқтатыла тұруы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

132. Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде Құрылыс жұмыстары күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

133. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

134. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзарту жүзеге асырылады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

135. Жекеше әріптес Археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкіндігінше қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын жасау және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

136. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтарды көмулер

137. Қауіпті қалдықтарды көмулер табылған жағдайда, Жекеше әріптес: күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтарды көмулердің теріс салдарын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттар есебінен Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті іс-шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

138. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтарды көмулердің табылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде құрылысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

139. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтарды көмулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

140. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтарды көмулерді тапқан жағдайда Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде Құрылыс жұмыстары күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

141. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзарту жүзеге асырылады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

142. МЖӘ объектісі мемлекеттік меншікке берілмейді..

143. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен кейін МЖӘ объектісіне иелік ету және пайдалану және оған билік ету құқығы Жекеше әріптесте сақталады.

144. Жекеше әріптес Шарт мерзімінен бұрын бұзылған және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда ____ (жазбаша түрде көрсету) айда Мемлекеттік әріптестің мекен жайына ілеспе хатпен Қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса алғанда, МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске беру жоспарын жолдайды.

145. Үлгілік шарттың 144-тармағында көзделген жағдайларда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін беру жоспарын алған күннен бастап күнтізбелік _____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде оны тексеріп, бекітуге тиіс.

146. Үлгілік шарттың 144-тармағында көзделген жағдайларда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін, ол мерзімінен бұрын бұзылған және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде:

1) құқық белгілейтін құжаттарды (жерге акт, қабылдау актісі, жер учаскесінің шекараларын белгілеу туралы анықтама және өзге құжаттар);

2) рұқсат етуші құжаттарды (қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға арналған мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалар мен Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген сараптаманың оң қорытындыларын, техникалық-экономикалық негіздемені (болған жағдайда));

3) қаржы-экономикалық құжаттар (баланстар, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы, пайда мен залалдар туралы есептер, тексерулердің нәтижелері);

4) МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы (Жобалау-сметалық құжаттама, жұмыс және сызба жобалары, пайдалануда тұрған коммуникациялар, дабылдар және басқа техникалық жүйелер бойынша құжаттаманы, автоматтандырылған немесе автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, мәліметтерді, құжаттарды және жүйелердегі және тасымалдағыштардағы құжаттарды);

5) жабдыққа, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін, Жекеше әріптестің сақтандыру шарттарын;

б) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ бұзу күніне төленбеген сақтандыру өтемінің сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз беруге міндетті.

147. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын МЖӘ объектісін тексеріп қарауға тиіс.

148. МЖӘ объектісін тексеріп қарау кезінде тапсырылатын МЖӘ объектісінде Ақаулар табылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған Ақау туралы хабардар етеді. Жекеше әріптес Ақауларды жойғаннан кейін, Мемлекеттік әріптес қорытынды тексеріп қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін беруге тиіс.

149. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың ауысуын, Қызметтерді тұтынушылар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету және артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

150. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

151. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісі пайдалануға берілген күннен кейін шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс.

152. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

153. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңінде пайда алу мүмкіндігімен, тек қана көлік қызметтерін ұсыну бойынша Қызметтерді ұйымдастыру үшін, сондай-ақ қосымша ақылы қызметтерді ұйымдастыру үшін пайдаланады.

154. МЖӘ объектісі ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

155. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүліктің ағымдағы жөндеуін жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;

4) өртке қарсы, санитариялық және заңнамада белгіленген өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

156. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

157. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің келісімінсіз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдағы және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

158. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін ұсынады, ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігі аяқталған күннен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 9-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, аталған Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазбаша түрде көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін беріледі;

6) кепілдік Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 10-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде тиісті сомаға толтырады.

159. Көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 9-қосымшаның ережелеріне сәйкес айқындалады.

160. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәулігіне 24 сағат ішінде, жылдың әрбір күніне жауапты болады.

161. Жекеше әріптестің кінәсінан, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілген ең аз мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

162. Мемлекеттік әріптестің кінәсінан Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде _____ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӨ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актілерімен расталған күрделі шығындардан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

163. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады.

164. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 158-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӨ Үлгілік шартына 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеген жағдайда бұзылады.

165. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӨ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

16. МЖӨ объектісін жөндеу және жаңғырту

166. Жекеше әріптес МЖӨ объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін ағымдағы жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

167. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӘ объектісін, оның ішінде жүйені жетілдіру, МЖӘ объектісін жаңарту, оны жаңа талаптар мен нормаларға, технологияларға, техникалық Үлгілік шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкес келтіру арқылы жабдықтарды жаңғыртуды жүзеге асырады.

168. МЖӘ объектісін күрделі жөндеу Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Мемлекеттік әріптеспен келісім бойынша қызметті ішінара тоқтата отырып жүзеге асырылады.

169. Ағымдағы жөндеу жүргізу немесе МЖӘ объектісін жаңғырту кезеңінде МЖӘ объектісінің жұмыс істеуін толық тоқтатуға жол берілмейді.

170. Жекеше әріптес күрделі жөндеу басталғанға дейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай бұрын Мемлекеттік әріптеске қызметтерді көрсету сапасын нашарлатпай, жөндеудің кестесін, мерзімін көрсете отырып күрделі жөндеу жүргізу жоспарын ұсынуға міндетті.

17. Салық салу

171. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызмет шеңберінде МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

172. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

173. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеменің туындаған күніне қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемені орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

174. Мыналар:

- 1) билеттерді сату мен жүктерді өткізу есебінен түсетін кіріс;
- 2) мәдени-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық мақсаттар үшін үй-жайларды жалға беруден түсетін кірістер;
- 3) өзге де кірістер Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

175. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

176. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық айыбы

177. Тараптар тұрақсыздық айыбын егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше айтылмаса, міндеттемелерді орындаудың Үлгілік шартқа сәйкес есептелген мерзімін кешіктірудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің құнынан ___ % мөлшерінде төлейді.

20. Кадрларды оқыту

178. Кадрларды оқыту, біліктілігін арттыру Еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

179. Жекеше әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және оларды Мемлекеттік әріптеске ұсынады.

21. Жергілікті қамту

180. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

181. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

182. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді ұсынады.

22. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

183. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдаланылуына бағалау жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінан туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде көрсетілетін қызмет сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

184. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-өкімдік құжаты негізінде өз өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін Жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізуге жәрдем көрсетуге;

4) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншік құқығын тіркеуді қамтамасыз етуге;

5) Жекеше әріптеске белгіленген тәртіппен, Үлгілік шарттың бүкіл мерзіміне оны одан әрі пайдалануды жүзеге асыру үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ МЖӘ объектісіне мемлекеттік меншікті ресімдеген күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісіне аталған құқықтарын растайтын құжаттарды беруге;

6) Үлгілік шартта көзделген жағдайларда Жекеше әріптестің шығындарын өтеуге;

7) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғаға бермеуге;

8) Заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

185. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес шығындардың өтемін (қажетті шығындарды өтеу көздерін көрсету) алуға;

2) Үлгілік шарт талаптарына және заңнамаға сәйкес көрсетілетін қызметтерден кіріс алуға;

3) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

5) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

6) Мемлекеттік әріптестің келісімі бойынша Үлгілік шартқа сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындау әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапты болатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

7) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта белгіленген рәсімге сәйкес елеулі талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

9) Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

10) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

186. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт шеңберінде сенімхат негізінде өз өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу жұмысын Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өз есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік ұйымдарды) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісін пайдалануға беруді қамтамасыз етуге;

4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларды орындайтын

Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шаралары сақталған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалар анықтаған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақтылы, өз есебінен және өз күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпарат пен есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;

11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақтылы жиналуын жүзеге асыруға;

12) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде бірдей өзге де талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) автовокзалда санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес үй-жайлардың тазалығын, сондай-ақ онда Жекеше әріптес персоналының Қызметті тұтынушылардың болуының жайлылығын қамтамасыз етуге;

17) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

18) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

19) салық заңнамасын, сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;

20) МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген сәттен бастап Үлгілік шарттың қолданылуы аяқталғанға дейін әр ____ (кезенділігін көрсету) жыл сайын ағымдағы жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

21) МЖӘ объектісін пайдаланудың ____ (кезенділігін көрсету) жылында күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

22) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақтылы жоюға;

23) өзінің Жер учаскесіне құқықтарын басқа тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

24) әзірленіп жатқан Жобалау-сметалық құжаттаманы немесе оның бір бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келіспей, үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

25) Үлгілік шартта көзделген сақтандырудың барлық түрлерін жүзеге асыруға ;

26) көрсетілетін Қызметтерді есепке ала отырып, автовокзалдың жабдықпен толықтырылуын және оның уақтылы жаңартылуын қамтамасыз етуге;

27) Заңнамаға сәйкес жолаушылар көлігі көрсететін қызметтердің сапасын, мазмұны мен көлемін қамтамасыз етуге;

28) оқыту бағдарламаларын, оның ішінде кадрларды қосымша оқыту, біліктілігін арттыру, қайта даярлау бағдарламаларын жыл сайын бекітуге, іске асыруға және оларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

29) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас деректерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

30) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

24. Құқықтар мен міндеттерді беру

187. Жекеше әріптестің, Мемлекеттік әріптестің келісімімен және Шарт пен Заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Үлгілік шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге құқығы бар.

188. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

189. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше белгіленбесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады.

190. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

191. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 218-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

192. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

193. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

25. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

194. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

195. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

196. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап күнтізбелік __ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде ұсынады.

197. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің қызметін бақылауды жүзеге асыру барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

198. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

199. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

26. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар

200. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, МЖӘ жобасы бойынша тәуекелдерге жауапты болады.

201. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді, бағалауды және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды ескере отырып,

Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 12-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

27. Тараптардың жауапкершілігі

202. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

203. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

204. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күнді құрайды.

205. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

206. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

207. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

208. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұлды/өсімақыны Тараптар Үлгілік шартқа сәйкес есептелген міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төлейді.

209. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік

шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

210. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған шығындарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

211. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

212. Егер Жекеше әріптес осы шығындар еңсерілмес күш салдарынан не Мемлекеттік әріптестің әрекетінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

213. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

28. Дауларды шешу тәртібі

214. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

215. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазбаша түрде көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

29. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

216. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

217. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

30. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу

Үлгілік шарттары

218. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен,

Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

219. Шарт:

1) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен;

2) мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданысын тоқтатады.

220. Үлгілік шарттың қолданысын ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

221. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

222. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

223. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

224. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

225. Үлгілік шарт 219-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы

көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

31. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

226. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүліктік құқықтар өтеусіз беріледі.

227. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әріптестен алынған өкілеттіктердің негізінде жүзеге асырады.

228. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 226-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезіне ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүліктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

229. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүліктік құқықтары ауысады.

230. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

1) зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

2) зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

4) автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісім бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

5) зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

32. Үлгілік шарттың тілі

231. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы басқа тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалды.

232. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (керек тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

233. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

234. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

33. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімдері

235. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада көзделген тәртіппен мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл ішінде қолданылады:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл.

236. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдерді, егер осындайлар заңнамамен көзделетін болса, төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

34. Сақтандыру

237. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

238. Сақтандыру мүлктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлкті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салуда және пайдалануда пайдаланатын мүлкіне;

3) Үлгілік шарт бойынша оған иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік мүлктің, сондай-ақ Үлгілік шартты орындау нәтижелері бойынша туындайтын мүлктің кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ бүлінуінің тәуекелі;

4) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

5) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

239. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүлдіктік мүдделерге келтірілген залалдан сақтандыру шартын жасасуға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде қолданыста болуға тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүлдіктік мүдделерге келтірілген залалдан сақтандыруға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуға тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, шығынды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуге тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде ресімделуге тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

240. Жеке тұлғаларға және мүлдікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың қолданысы аяқталғанға дейін орын алуы мүмкін, кез келген мүлдікке (Үлгілік шарттың 239-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген залал және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 241-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім жағдайы немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуға;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалуы немесе зақымдалғаны үшін жауапкершілікті жабуды қамтуға тиіс.

241. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнаманың талаптарына сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде

туындаған талаптардан, залалдардан, шығындардан және шығыстардан (сот шығасылары мен төлемдерін қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасасуға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды орындаумен, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде орындаумен байланысты функцияларды атқаратын уақыт бойы өз күшінде болады.

242. Жекеше әріптес өз қалауы бойынша Заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын таңдайды.

35. Құпиялылық

243. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

244. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процестік және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілетін жағдайды;

3) ақпарат үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға берілетін жағдайды;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ақпарат ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға берілетін жағдайды қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

245. МЖӘ объектісін салу мен пайдалануға қатысы бар барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың қолданылу мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

36. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

246. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың біреуінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

247. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 246-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала ұйымдастырған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етудің мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

248. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Қосалқы мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болып табылмайтынымен келіседі.

249. Еңсерілмейтін күш жағдаятының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаятының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуға тиіс.

250. Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алғаны туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы екінші Тарапты, бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алғаны туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алу күніне, оның қолданылуының болжамды мерзімін көрсетуге, мұндай жағдаятты және оның Еңсерілмейтін күш жағдаятынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауға, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қолдануға ниетті

әрекеттердің сипаттамасынан тұруға тиіс. Көрсетілген хабарламаға Үлгілік шарттың 249-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуге тиіс.

3) Тарап екінші Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

251. Үлгілік шартты уақтылы орындамаудың барынша азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаяттан туындаған жағдайды түзету үшін бар күшін салуға және оның салдарларын азайтуға тиіс;

2) әрбір Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуынан туындаған кез келген кідірісті барынша азайту үшін кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

252. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқан соң және оған Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға одан әрі кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлауға және Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жаңартуға тиіс;

2) егер Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннен көп жалғасатын жағдайда, онда Тараптардың кез келген екінші Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір іс-қимылдарды орындау мерзімі Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін және тиісті іс-қимылдарды толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуға тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері ішінара ғана тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе сатының) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесулері тиіс.

37. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

253. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін салу, пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң практикасын басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген залалды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге де іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

254. Егер МЖӘ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

255. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен материалдарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

256. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

257. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (бірақ олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

258. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай

жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша, жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

259. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсінен Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

260. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

261. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді.

38. Хабарламалар

262. Үлгілік шарт шеңберіндегі барлық хабарламалар мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

263. Кез келген хабарламаны, егер ол кіріс корреспонденция ретінде тіркелген болса, Тарап алған болып есептеледі.

264. Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хабарландыру Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптестің өкіліне жолдануға тиіс.

265. Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хабарландыру Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптестің өкіліне жолдануға тиіс.

266. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптестің өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарауға құқылы.

267. Жекеше әріптес және Жекеше әріптестің өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарауға құқылы.

39. Қорытынды ережелер

268. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

269. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Тараптардың Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасуының заңды күші болмайды.

270. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорларға ауысады. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орны мен өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша нысанда күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

271. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанасына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтарды, өтініштерді немесе келісімдерді алмастырады.

272. Тараптардың ешқайсысы да Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтармен, өтініштермен немесе келісімдермен байланысты немесе оларға қатысты жауапты болуға міндетті болмауға тиіс.

273. Сондай-ақ Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтарға, өтініштерге немесе келісімдерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

274. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен көзделген құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ оларды алмастырмайтын құқықтар мен құралдар болады.

275. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес ресімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуға тиіс.

276. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

40. Тараптардың мекен жайлары мен банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес
(толық атауы)	(толық атауы)
(мекен жайы)	(мекен жайы)
(телефон, факс)	(телефон, факс)

(ТАЖ)		(ТАЖ)	
(қолы)		(қолы)	
"__" _____, 20__ ж.		"__" _____, 20__ ж.	
МО.		МО.	
		Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 1-қосымша	
		Нысан	
МЖӘ объектісі			
МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын тиісті қосымшасымен көрсету) автовокзал болып табылады. Автовокзал салуға арналған алаң _____ (тиісті саланың нормативтік-құқықтық актілерін және/немесе нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсету) талаптарына сәйкес іргелес жатқан аумақпен байланыстыра отырып таңдалды. Тәуліктегі жолаушылар легі – ____ адам.			
1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер			
№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Жолаушылар легі	адам	_____
2	Жер учаскесінің ауданы	га	
3	Құрылыс ауданы	ш.м.	
4	Ғимараттың ауданы	ш.м.	
5	Пайдалы ауданы	ш.м.	
6	Құрылыс көлемінің барлығы	м ³	
7	Техникалық көрсеткіштер:		
7.1	жылу қуаты (жылыту, желдету, ыстық сумен жабдықтау)	Гкал/жыл	
7.2	сумен жабдықтау	м ³ /тәулік	
7.3	кәріз	м ³ /тәулік	
7.4	ҚТҚ	м ³	
7.5	электр энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт	

7.6	өзгелері (байланыс қызметтері және басқалары)			
8	Құрылыстың ұзақтығы	ай		
2. МЖӨ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)				
№	Атауы	Ауданы		
Бірінші қабат				
1				
2				
...				
n				
Екінші қабат				
1				
2				
...				
n				
n қабат				
1				
2				
...				
n				
Тараптардың қолдары				

Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан				
Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӨ Үлгілік шартына 2-қосымша Нысан				
МЖӨ жобасын жүзеге асыру кестесі				
Жобаны қаржылық жабу		Шарт жасасқаннан кейін ___ ай		
МЖӨ объектісін салу кезеңі		20__–20__ (___ ай);		
Жекеше әріптестің МЖӨ объектісін пайдалану кезеңі		20__ – 20__ ж. (___ жыл)		
МЖӨ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері		қаржылық жабу кезінен бастап ___ айдан кешіктірмей		

Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға берген кезден бастап ___ айдан кешіктірмей	
Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі	___ жыл.	
Тараптардың қолдары _____ _____ _____		
Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан	Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӘ Үлгілік шартына 3-қосымша Нысан	
Қаржы-экономикалық жоспар Автовокзал қызметкерлерінің штат саны __ бірлікті құрайды.		
1. МЖӘ жобасы бойынша штаттық бірліктер		
№	Атауы	Саны
1	Әкімшілік басқару персоналы	
1.1	Директор	—
1.2	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары	—
1.3	Директордың қаржы жөніндегі орынбасары	—
1.4	Бас бухгалтер	—
1.5	Бухгалтер	—
1.6	Тасымалдау жөніндегі бухгалтер	—
1.7	Бас инженер	—
1.8	Заңгер	—
2	Өндірістік персонал	
2.1	Аға диспетчер	—
2.2	Диспетчер	—
2.3	Отырғызу орындарының операторы	—
2.4	Билет кассаларының әкімшісі	—
2.5	Аға кассир	—
2.6	Кассир	—
2.7	Контролер	—
2.8	Диктор	—
2.9	Автовокзал бойынша кезекші	—
2.10	Ақпараттандырушы	—

2.11	Инкассатор	—	
2.12	Үй-жайлар бойынша кезекші	—	
2.13	Сақтау камерасы бойынша кезекші	—	
2.14	Қоймашы	—	
2.15	Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі	—	
2.16	Қауіпсіздік бөлімінің бастығы	—	
2.17	Инженер	—	
2.18	Бағдарламашы	—	
2.19	Медициналық пункт фельдшері	—	
2.20	Хатшы	—	
2.21	Кадрлар бөлімі	—	
3	Қызмет көрсетуші персонал		
3.1	Үй-жайларды жинаушы	—	
3.2	Жұмысшы	—	
3.3	Жүргізуші	—	
4	Көмекші персонал		
4.1	Күзетші	—	
4.2	Электрик-байланысшы	—	
4.3	Слесарь	—	
4.4	Монтер	—	
	Барлығы	—	
2. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері			
№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	МЖӘ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
	1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағаларының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстары бағаларының жинағына, Жобалау және құрылыс салу жөніндегі қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 2) тиісті саланың нормативтеріне сәйкес		

1.2	<p>қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалары);</p> <p>3) МЖӨ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары</p>			
1.3	<p>Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӨ объектісін құру кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>			
	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар.</p> <p>Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу шығыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің берілген</p>			

1.4

кредиттер бойынша (орташа өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (<http://www.nationalbank.kz>), шетел капиталы тартылған кезде - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі және 3% мөлшеріндегі маржа ескеріле отырып есептелетін болады;

2) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, мақұлданған тиісті Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҰ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі + облигациялар айналымының бүкіл мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа ретінде айқындалады;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, мақұлданған тиісті Әлеуметтік-экономикалық

	к даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар			
1.5	Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құруға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар			
1.6	Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация			
	1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE келісіміне қатысушы банктердің көрсетілетін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту бойынша басқа да шығыстар. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған; 2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық			

1.7	<p>бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтері нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсетілетін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӨ объектісін құруға арналған жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құрумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар</p>			
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері			
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)			
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)			
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)			
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)			
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.			
2.6	Қарыз тарту мерзімі			
	Жекеше әріптестің кіріс көздері			
	1) _____			

2.7	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:			
	1) _____			
	2) _____			
	3) _____			
	...			
	n			

* барлық шығыстар МЖӨ объектісін құру (құрылысын салу) кезеңіне қабылданады
Ескерту:
Автовокзалдың толуы 100%-ды құрайды;

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің атынан

Алғашқы кепілдік

20__ ж. " __ " _____

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепілгер: (ұйымды көрсету) _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____,

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӨ Үлгілік шартына
4-қосымша

Нысан

банктік деректемелері: _____

—,

Жекеше әріптес: (атауын көрсету)

_____ атынан _____

негізінде әрекет ететін _____

, заңды мекен-жайы: _____,

банктік деректемелері: _____

—,

Мемлекеттік әріптес: " _____

_____ " мемлекеттік мекемесі

атынан _____ негізінде

әрекет ететін _____, заңды

мекен-жайы: _____, банктік

деректемелері: _____

Мыналарды:

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше

әріптес арасында барлық

өзгерістер мен толықтыруларды

ескере отырып _____ (

жазбаша түрде көрсету) теңге

сомасына 20__ жылғы " __ " _____

__ дейінгі мерзімге жасалған " _____

_____ (елді мекеннің атауын

және орналасқан жерін көрсету)

автовокзал салу және пайдалану"

жобасы бойынша 20__ жылғы " _____

" _____ № _____ Үлгілік

шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт)

;

Кепілгер мен Жекеше әріптес

арасында жасалған Алғашқы

кепілдікті беру туралы 20__

жылғы " __ " _____ Үлгілік

шартты **назарға ала отырып:**

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік

әріптес алдында Үлгілік шарт

бойынша міндеттемелерді

орындамаған немесе тиісінше

орындамаған жағдайда, Кепілгер

өзіне Мемлекеттік әріптеске оның

Үлгілік шарт бойынша болжамды

инвестициялар құнының оннан бір

пайызы мөлшерінде негізгі қарыз

шегінде кез келген соманы толық

көлемде бірінші жазбаша талап

етуі бойынша кері

қайтарылмайтын және шарт

қойылмайтын міндеттемені

қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің

Алғашқы кепілдік бойынша

талаптары Кепілгерге Жекеше

әріптес Мемлекеттік әріптес

алдында Үлгілік шарт бойынша

міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ____ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қол ақшасыз аударумен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцепт жүргізген сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы " ____ " ____ дейін қолданылады және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) аяқталады.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

*Уәкілетті тұлғаның қолы және
Кепілгердің мөрі*

Тараптардың қолдары

—
Кепілгердің атынан

—

Мемлекеттік әріптестің атынан
Жекеше әріптестің
атынан

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӘ Үлгілік шартына
5-қосымша

		Нысан
Жер учаскесі		
№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ __, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ __ - __ - __ - __
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	__ жыл
4	Ауданы	__ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	
Тараптардың қолдары _____		Көлік саласындағы (автовокзал) МЖӨ Үлгілік шартына 6-қосымша Нысан
Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан		
Қаржыландыру көздері		
МЖӨ жобасын қаржыландыру көздері		Жекеше әріптестің меншікті қаражаты МЖӨ объектісін құру құнынан __%. Қарыз қаражаттары – МЖӨ объектісін салу құнынан __%.
Қаржыландыру мерзімдері		__ жыл мерзімге қарыз қаражаты. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – __ ай.
Қаржыландыру кестесі		
Тараптардың қолдары _____		Көлік саласындағы (автовокзал)
Мемлекеттік әріптестің атынан Жекеше әріптестің атынан		

**МЖӘ жобасын басқарудың
институционалдық схемасы**

МЖӘ жобасын іске асыру
жоспары мынадай:

1. Инвестициялық кезең;
2. Инвестициялаудан кейінгі кезең
сатыларын қамтиды.

Құрылыс кезеңінде МЖӘ схемасы
бойынша жобаны басқару
схемасы 1-суретте келтірілген.

*жобаға қатысқан жағдайда
көрсетіледі



1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, автовокзал салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді, "

дайын күйде" тікелей салуды (құрылысты), МЖӘ объектісін пайдалануға беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі жобалық компанияның капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптес тартатын кредиттік келісім негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу)халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер немесе ұлттық компаниялар;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемені _____ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "толық" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы ұсынады;

Қосалқы мердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Инвестициялаудан кейінгі кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӨ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӨ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін (ғимараттарды, аумақтарды ұстауды және автовокзалды материалдық қамтамасыз етуді қоса алғанда) орындауын бақылауды жүзеге асырады, Жекеше әріптеске мемлекеттік қолдау шараларын (керегін көрсету) ұсынады;

Жекеше әріптес – Қызметтерді тұтынушыларға қызмет көрсету үшін МЖӨ объектісінің толық дайындығын қамтамасыз етеді, Үлгілік шарт талаптарына сәйкес қызметтер көрсетеді, сондай-ақ МЖӨ жобасының кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, МЖӨ объектісін ағымдық ұстауға жауап береді;

Инвестор – МЖӨ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Капитал нарығы қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға МЖӨ объектісін пайдалану кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемені ____ ай ішінде ____% мөлшерінде субсидиялайды;

Жолаушыларды және жүкті тасымалдау қызметтерін көрсететін компаниялар – бірлескен қызмет туралы Үлгілік шарттар шеңберінде жолаушыларды және жүкті тасымалдаумен айналысатын компаниялар. "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес, жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық (астана мен республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда) тұрақты тасымалдауы көрсетілген жолаушылар мен багажды тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығы конкурсында жеңген және тиісті жергілікті атқарушы органдар мен тасымалдаушылар арасында жасалған Үлгілік шарттар негізінде жолаушылар мен жүкті автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру үшін тасымалдаушы халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру шешімін тасымалдауды жүзеге асыру болжанып отырған басқа мемлекеттегі әріптесімен келіседі және онымен тиісті шарт жасасады.

Қосымша қызмет көрсететін компаниялар – мақсаты салынған автовокзалдың жалға берілген үй-жайларында қосымша қызметтер көрсету болып табылатын дербес компаниялар.

Жекеше әріптес автовокзалдың инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъекттерімен жоба қатысушыларының өзара әрекеттестік тәртібін, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, олардың арасындағы қарым-қатынасты реттейтін автовокзалдың үй-жайларын, аудандарын және аумағын жалға алу Үлгілік шарттарын жасасады.

Жолаушылар – автовокзал қызметтерін пайдаланатын қаланың және республиканың өзге өңірлерінің халқы.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Көлік саласындағы (автовокзал)
МЖӘ Үлгілік шартына
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) " Автовокзал салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қол ақшасыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Үлгілік шартта және заңнамада реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және көрсетілген уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен ілесе жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Көлік саласындағы (автовокзал)

МЖӘ Үлгілік шартына

9-қосымша

Нысан

Ұсынылатын қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану әзірлігі өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (автовокзал қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасын және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімін қамтуы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес есепті алған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілі тексереді.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе жол бермеуге міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жол берілген жағдайда Мемлекеттік

әріптес Ақаулық ұпайларды есепке жазады және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есепке жазуға құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Көрсетілетін қызмет сапасының индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мәні	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	Автовокзал жұмыскерлерінің еңбек Үлгілік шарттарына негізделген наразылықтарының болуы (ҚР Еңбек заңнамасына сәйкес)	Тоқсан сайын	Автовокзал жұмыскерлері үшін әкімшілік мөрі, басшының қолы бар шағымдар кітабы. Беттері нөмірленген және тігілген болуы тиіс.	___ шағымнан көп емес	Елеулі
2	Тиісті қызметтер тарапынан автовокзалды ұстауға қойылатын санитариялық нормалар мен талаптарды бұзу фактілерінің болуы	Жыл сайын	Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеппен бірге тапсырған тиісті қызметтердің есебі.	Индикатордың мәні ___ аспайды (фактілерді жазбаша түрде көрсету)	Елеулі
3	Халық тарапынан автовокзал көрсететін қызметтердің сапасына негізделген наразылықтардың болуы	Тоқсан сайын	Әкімшілік мөрі, басшының қолы бар шағымдар кітабы. Беттер нөмірленген және тігілген болуы тиіс.	___ шағымнан көп емес	Қауіпті

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
-----------	-------------------------

Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің өтіп кеткен мерзімінің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптеске немесе Уәкілетті органдарға рұқсат беруден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерінің қызметіне рұқсат бермеудің немесе кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске анық емес ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған анық емес ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қол жеткізе алмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӘ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар ақы төлеуге арналған есепте тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазбаша түрде көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін ақы төлеу мөлшері инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе ақы төлеу мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап даулай алады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету)

күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса , тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Көлік саласындағы (автовокзал)

МЖӘ Үлгілік шартына

10-қосымша

Нысан

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) " Автовокзал салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт шеңберіндегі МЖӘ объектісі құнынан ___ % мөлшерінде негізгі борыш шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша төлеу жөніндегі кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Үлгілік шартта және заңнамада реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында ақы төлеу талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариат куәландырған құжаттың түпнұсқасы қоса берілуі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Көлік саласындағы (автовокзал)

МЖӘ Үлгілік шартына

11-қосымша

Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін мынадай тәртіпте мемлекеттік міндеттемені (қажеттісін көрсету) төлейді:

Жылдар	_____ (қажеттісін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	
...	

n ____	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Көлік саласындағы (автовокзал)

МЖӘ Үлгілік шартына

12-қосымша

Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзу	•		Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын адал сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзу		•	Мемлекеттік әріптес: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӘ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӘ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақтылы тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік	•		Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік

коммуникацияларды уақтылы жүргізібеу			коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында тапсыруына бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеу мақсатында тартылған мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақтылы бақылап отыруы тиіс.
МЖӨ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін жәрдемдесуі тиіс. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік орган талап ететін құжаттамалар топтамасымен алдын ала танысуы тиіс.
Құрылыс кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзуы	•	•	Тараптар: 1) туындаған проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды адал сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
			Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының

Құрылыс құнының
ұлғаюы (құрылыс
материалдарына,
тасымалдауға,
жабдықтарға және т.б.
бағалардың артуы)

өзгеру мүмкіндігін ескере
отырып, өзінің ақша
ағындарын, сонымен
қатар қажетті
тауарлардың,
жұмыстардың және
қызметтердің жеткізілуін
жоспарлауы.

Жұмыстардың/
қызметтерді көрсетуге
және тауарларды (
құрылыс материалдарын)
жеткізуге алдын ала
Үлгілік шарттар жасау,
оның ішінде аванс
төлемінің үлесі жоғары
емес (жұмыстардың/
қызметтердің/
тауарлардың құнынан
30%-ға дейін)
орындалған жұмыстар/
қызметтер/ тауарлар
жеткізу фактісі бойынша
есептесуді көздейтін
төлем схемасын
пысықтау.

Құрылыста тәжірибесі,
оң имиджі бар, білікті
кадрлары және қажетті
техникалық
құрал-жабдықтары бар
құрылыс компаниясын
тарту.

Құрылыс кестесін сақтау,
тауарларға/жұмыстарға/
көрсетілетін қызметтерге
уақтылы ақы төлеу.

Жекеше әріптес
тарапынан құрылыс
барысы мен сапасына
уақтылы бақылауды
қамтамасыз ету.

Құрылыс-мердігерлік
келісімшартын тиісінше
орындауды сақтандыру,
шикізаттар мен
материалдарды жеткізуді
қоса алғанда бекітілген
бағалармен
келісім Үлгілік шарттар
жасау сияқты құралдарды
қолдану.

Жекеше әріптес атынан
жұмыс сапасын бақылау

			үшін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.
С а л ы қ т ы қ мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құруды көздеуі тиіс.
Жекеше әріптестің немесе қосалқы мердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	Жекеше әріптес компаниясының банкроттық тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлеме		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлы жағдайларда, оның ішінде белгіленген п а й ы з д ы қ мөлшерлемелері бар қарыз шартын жасасу.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіпке негізделуі мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен мұқият танысуы тиіс. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.

Техникалық тәуекел

<p>Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауына байланысты құрылыс мерзімдерін ұзарту</p>	<p>•</p>	<p>Оң имиджі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. А й ы п п ұ л санкцияларының қолданылуын және МЖӘ объектісінің құрылысы б о й ы н ш а міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін көздеу. Құрылыс барысы мен сапасын және кестесін уақтылы бақылауды ұйымдастыру. Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесінің сақталуын ескере отырып , жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақтылы бермеуіне байланысты құрылыс мерзімдерін ұзарту</p>	<p>•</p>	<p>Жер учаскесінің уақтылы бөлінуін және оны пайдалану құқықтарының тиісінше рәсімделуін қамтамасыз ету.</p>
<p>Сапасыз жабдықтардың және/немесе құрылыс</p>	<p></p>	<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен жөндеуі тиіс кепілдік кезеңін көздеу қажет.</p>

материалдарының жеткізілуі		•	Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігіне ақы төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін, жабдықтарды және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		•	Рұқсат етілген, жол берілген, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе қосалқы мердігердің МЖӘ объектісінің құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер,			Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Өр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез

<p>өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Операциялық тәуекел</p>			
<p>Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік қақтығыс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңбек заңнамасын қатаң сақтау, жұмыскерлердің кәсіпкерлер одағын құру</p>
<p>Әлеуметтік-саяси тәуекел</p>			
<p>Террористік актінің, төңкерістің, бүліктің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне</p>
<p>Әскери іс-қимылдардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс</p>
<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала қамдаған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Пайдалану кезеңі</p>			
<p>Заңды тәуекел</p>			
			<p>Тараптар:</p>

Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу	•	•	1) туындаған проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды адал сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құруды көздеуі тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезеңнің шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Жолаушылар және жүк тасымалдауын қамтамасыз ету үшін халықтың төлемге қабілеттілігінің төмендігі		•	Жекеше әріптес автовокзал қызметтеріне ақы төлеуге жеке тәсіл көздеуі қажет.
Билеттерді өткізу мен кірістерді алу көлемінің төмен болу тәуекелі	•	•	Кадрлар біліктілігін арттыру, тұтынушыларға қызмет көрсету мәдениетінің деңгейін жоғарылату
Билеттерді өткізу мен жүк тасымалдан түсетін кірістерді алудың кешігу тәуекелі		•	МЖӨ Үлгілік шартында кірістерді уақтылы алу жөніндегі нормалары бар тармақтарды көздеу
Техникалық тәуекел			
			Ғимаратты, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивтік элементтерін, материалдарды және

МЖӘ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	инженерлік жабдықты, энергетика, сумен жабдықтау және су бұру, байланыс және т.б. жүйелерді жарамды күйде ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі қағидалары бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік қақтығыс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, митингтер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік актінің, төңкерістің, бүліктің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс
Әскери іс-қимылдардың туындауы	•	•	.
			Өр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта

<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала қамдаған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Апаттық тәуекелі</p>			
<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>•</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 міндетін атқарушының
 2015 жылғы 25 қарашадағы
 № 724 бұйрығына
 21-қосымша

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӨ Үлгілік шарты

Ескерту. Бұйрық 21-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (қол қоятын елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. (болған жағдайда) көрсету) атынан _____ (мемлекеттік әріптесті көрсету) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. (болған жағдайда) көрсету) атынан _____ (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның _____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы "___" _____ № _____ шешіміне сәйкес Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӨ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдағы жөндеу – профилактикалық іс-шараларды жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі әрі уақтылы сақтауға бағытталған, ғимараттардың конструкциялары мен инженерлік жабдық жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін (жұмысқа қабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдалану көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс-шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижесін немесе дараландыру құралдарын пайдалануға және басқа тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӨ Үлгілік

шартына тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Жекеше әріптеске _____ (керегін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін төленетін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-бөлімінің талаптарына сәйкес, Шарт мемлекеттік тіркелген кезден бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-бөлімінде көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ жобасының шарты – Тараптар қол қойған, Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын, оның барлық қосымшаларын (егер бар болса, оларға құжаттарды да) қоса алғанда, осы Шарт.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, автовокзалды дайын күйде тапсыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуымен қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы олардың сапасы үшін жауапты болады. Бұдан басқа, Бас мердігер құны мердігер жұмысының құны шеңберінде көзделетін, салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтың жеткізілуін және оны монтаждауды ұйымдастырады.

11. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алынғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен кейінгі күн.

12. Екінші ретті шикізат – тұтыну қалдықтарын бөлек жинау, сұрыптау, ұнтақтау, сығымдау немесе оларға басқа да әсер ету тәсілдері процесінде алынған материалдар және (немесе) өнім алу үшін кәдеге жаратуға және (немесе) қайта өңдеуге дайындалған тұтыну қалдықтары.

13. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжанбайтын, бірақ Шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

14. Жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

15. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құнына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көліктік және өзге де құралдар.

16. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта көзделген жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет ету өкілеттіктеріне ие тұлға.

17. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезінде тартқан бүкіл персонал.

18. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

19. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

20. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) айдан аспауға тиіс Құрылыс жұмыстары аяқталған күн.

21. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), Үлгілік шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және субмердігерлер Үлгілік шарттарының бағаларын шегерумен, жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

22. Заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

23. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакеттеріне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалар бірлестігі).

24. Кадрлар – Жекеше әріптестің сол немесе өзге қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы.

25. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, Үлгілік шартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

26. Қалдықтарды есепке алу - қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамалары және олармен жұмыс істеу тәсілдері туралы ақпаратты жинау және беру жүйесі.

27. Қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторына өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін өндірушілер (импорттаушылар) жүзеге асыратын төлемақы.

28. Қалдықтарды кәдеге жарату - қалдықтарды қайталама материалдық немесе энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану.

29. Қалдықтарды өңдеу - сұрыптауды қоса алғанда, қалдықтардан кейіннен тауарларды немесе өзге де өнімдерді өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын шикізат және (немесе) өзге де материалдар алуға, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеуді жеңілдету, олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында қалдықтардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған физикалық, химиялық немесе биологиялық процестер.

30. Қалдықтарды уақытша сақтау – өз қызметі нәтижесінде түзілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарын тұлғалардың оларды кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу, сондай-ақ қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтарды жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға беру үшін жобалау құжаттамасында айқындалған уақытша сақтау орындарында және мерзімдерге (бірақ алты айдан асырмай) жинап қоюы.

31. Қалдықтардың түрі - шығу көзіне, қасиеттеріне және жұмыс істеу технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар, қалдықтар сыныптауышы негізінде айқындалатын қалдықтар жиынтығы.

32. Қалдықтар сыныптауышы - қалдықтарды сыныптау нәтижелері қамтылған, қолданбалы сипаттағы ақпараттық-анықтамалық құжат.

33. Қалдықтарды сыныптау - қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіптілігіне сәйкес оларды деңгейге жатқызу тәртібі.

34. Қалдықтарды залалсыздандыру - механикалық, физикалық-химиялық немесе биологиялық өңдеу арқылы қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою.

35. Қалдықтарды жою - қалдықтарды көму және жою жөніндегі операциялар.

36. Қалдықтармен жұмыс істеу - қалдықтардың түзілуінің алдын алуды және оларды барынша азайтуды, қалдықтарды есепке алу мен бақылауды, олардың

жиналып қалуын, сондай-ақ қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды (жинап қоюды) және жоюды қоса алғанда, қалдықтармен байланысты қызмет түрлері.

37. Қалдықтарды орналастыру - өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау немесе көму.

38. Қалдықтарды сақтау - қалдықтарды кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу және (немесе) жою үшін арнайы белгіленген орындарда жинап қою.

39. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес пен Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/немесе құжаттар.

40. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес пен қаржы институты арасында МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы Үлгілік шарттың жасалуы.

41. Қалдықтарды көму – қалдықтарды қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарда шектеусіз мерзім ішінде жинап қою.

42. Қауіпті қалдықтар – құрамына бір немесе бірнеше қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылу қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар кіретін және дербес немесе басқа заттармен қосылған кезде қоршаған ортаға және адамның денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар.

43. Қауіпті қалдықтар паспорты - қалдықтардың шығу көзі бойынша пайда болу процестерінің, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің, олармен жұмыс істеу қағидаларының, оларды бақылау әдістерінің, осы қалдықтардың қоршаған ортаға, адам денсаулығына және (немесе) тұлғалар мүлкіне зиянды әсер ету түрлерінің стандартталған сипаттамасы, қалдықтарды шығарушылар, меншігінде қалдықтар бар өзге де тұлғалар туралы мәліметтер қамтылған құжат.

44. Қауіпті емес қалдықтар - қауіпті қасиеті жоқ қалдықтар.

45. Қауіпті химиялық заттар - адам денсаулығына және қоршаған ортаға тікелей немесе ықтимал зиянды әсер ете алатын қасиеттері бар заттар.

46. Конкурс – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретгі шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып, Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурс.

47. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретгі шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша Жекеше әріптесті таңдау

жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссия таңдаған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

48. Конкурс ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

49. Конкурс құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Конкурс өтінімдерді дайындайтын және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурсқа қатысатын Конкурс ұйымдастырушы ұсынған Конкурс барлық Үлгілік шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес айқындалған құжаттар жиыны.

50. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржы ұйымдары.

51. Қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы.

52. Қоршаған ортаға келтірілетін залал - табиғи ресурстардың жұтаңдануы мен сарқылуын немесе тірі организмдердің қырылуын туындатқан немесе туындататындай етіп қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден артық алу.

53. Қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері.

54. Қоршаған ортаға эмиссиялар – ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру және сақтау.

55. Қоршаған ортаға эмиссияларға квота - нақты табиғат пайдаланушыға белгілі бір мерзімге бөлінетін қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттің бөлігі.

56. Қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттер - қоршаған ортаға белгілі бір мерзімге белгіленетін эмиссиялардың нормативтік көлемі.

57. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау мен салуға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

58. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала Үлгілік шарттардың қолданысы тоқтаған күн.

59. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 141 және 142-тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

60. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың қолданылуы кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты

Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

61. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

62. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

63. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта көзделген жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан барлық әрекет ету өкілеттіктеріне ие тұлға.

64. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

65. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптес мердігерлік шартының негізінде тартатын, МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен МЖӘ жобасы бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізетін компания.

66. МЖӘ жобасы – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" МЖӘ жобасы.

67. МЖӘ жобасын басқару – мынадай рәсімдерді орындау: жобаның Үлгілік шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау;

68. МЖӘ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі (МЖӘ жобасының ТЭН) – негізгі техникалық, технологиялық және өзге шешімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ негізгі техникалық-экономикалық параметрлерді айқындай отырып, пайдалар мен шығындарды экономикалық талдаудың негізінде жүргізілетін, бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырыла алатындығын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтитын құжат.

69. МЖӘ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт.

70. МЖӘ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің болжамды құны.

71. МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӘ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӘ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге де нысандарда болуы мүмкін.

72. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

73. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

74. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 192-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

75. Полигон – құрылыстың халықаралық стандарттарын сақтаумен салынған, қоқыс газы мен сарқынды суларды оқшаулау, залалсыздандыру және жинау жүйелерімен арнайы құрылыс.

76. Полигонды рекультивациялау құны – полигонды жабу күніне халықаралық стандарттарды сақтаумен полигонды рекультивациялаудың болжамды құны.

77. Радиоактивті қалдықтар - мөлшері мен жинақталуы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәндерден асатын радиоактивті заттарды қамтитын қалдықтар.

78. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімдері арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар мен бекітулер Рұқсаттар деп түсінілуі мүмкін.

79. Сарқынды сулар - өндірістік немесе тұрмыстық мұқтаждықтарға пайдаланылған және бұл ретте олардың бастапқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгерткен қосымша қоспа (кір) қосылған сулар. Атмосфералық жауын-шашын түскен сәтте елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағынан, көшелерге су себу кезінде немесе одан кейін ағатын сулар, пайдалы

казбаларды өндіру кезінде пайда болған сулар да сарқынды сулар болып есептеледі.

80. Сұйық қалдықтар – сарқынды сулардан басқа сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;

81. Субмердігерлер – бас мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

82. Табиғат пайдаланушы - табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

83. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын, пайдаланылатын жергілікті материалдар құнының пайыздық құрамы.

84. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

85. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

86. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

87. Төлем мөлшері – Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ Үлгілік шартына 9-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

88. Тұтыну қалдықтары - өнімдерді, бұйымдарды және өзге де заттарды тұтыну немесе пайдалану процесінде түзілген қалдықтар, сондай-ақ өзінің бастапқы тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан тауарлар (өнім).

89. Тұрмыстық қатты қалдықтар - қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар.

90. Өнім – МЖӘ объектісін пайдалану үдерісінде алынған _____ (өндірілетін өнімнің атауы);

91. Өндіріс қалдықтары - шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің өндіріс процесінде түзілген және бастапқы тұтыну қасиетін толық немесе ішінара жоғалтқан қалдықтары.

92. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші немесе хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты саладағы қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт шеңберінде мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ жергілікті немесе мемлекеттік билік болып табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, заңды тұлғалар Уәкілетті органдар болуы мүмкін.

93. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Шарт Бұзылған күні аяқталатын кезең.

94. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күн – Тіркеу күнінен бастап ____ жыл.

95. Экологиялық рұқсат - жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат.

96. Эмиссиялар нормативтері - қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері.

2. Қолданылатын құқық

97. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

98. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқық қолданылады.

99. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған, Базель, Роттердам және Стокгольм конвенцияларымен көзделген халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

100. Егер Заңнаманың нормалары Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе және Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын қорғауға бағытталса, аталған нормалар қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

101. Тараптардың _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) _____ тонна екінші ретті шикізат алу мақсатында жылына _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған қызметін жүзеге асыру кезіндегі қарым-қатынастарын реттеу Үлгілік шарттың нысанасы болып табылады.

102. Жекеше әріптес одан әрі Үлгілік шартқа сәйкес МЖӘ объектісін пайдаланады.

103. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Үлгілік шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

104. Мемлекеттік әріптес Шарт жасасқан кезде, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін жер учаскесінің меншік иесі болып табылатынына кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

105. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

106. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Үлгілік шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

107. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Үлгілік шартқа 3-қосымшада келтірілген.

108. Жекеше әріптес пайда алу мақсатында жылына _____ тонна (қажетін көрсету) _____ қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетеді және жылына _____ тонна екінші ретті шикізатты алады.

109. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтарын немесе міндеттемелерін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың елеулі талаптары

110. Мыналар:

1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;

2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;

3) МЖӘ объектісінің қуаты – жылына _____ тонна (қажетін көрсету) _____ қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату және жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу;

4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы.

111. Осы Үлгілік шарттың елеулі талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

112. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап _____ (жазбаша түрде көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Үлгілік шартқа 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

113. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік Конкурс өткізу шеңберінде Конкурс Жеңімпазы ұсынған Конкурсстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде берілуге тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 114-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске осы Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруге тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 117-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуға тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 261-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ____ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде қолданылады.

6. Алдын ала талаптар

114. Тараптар Тіркеу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 115 және 116-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындаулары тиіс.

115. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауға тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасасу және Қаржыландыру шарттарында көзделген барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) МЖӘ жобасының ТЭН-де қамтылған маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісін салу үшін қажетті Жобалық құжаттаманы әзірлеу және оны Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалық құжаттаманы тиісті лицензиялары бар орындаушыларды тарта отырып, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен әзірлейді;

Жобалық құжаттамада Үлгілік шартқа 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 33-бөліміне сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

116. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес ұсынған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

117. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 115-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсынан орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсынан орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарына байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

118. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске Жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалануға беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

119. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту және мемлекеттік меншікте тұрған МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігіне немесе жауапты болмайтынына және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің жазбаша өтінішінен кейін жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалар қозғаған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығына келіседі.

120. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жолдайды.

121. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін неғұрлым ұзақ мерзім аяқталғаннан кейін) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

122. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

123. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

124. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті Жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, географиялық координаталары (ені мен бойлығы), мемлекеттік жер кадастрынан үзінді жазба Үлгілік шартқа 5-қосымшада келтірілген.

125. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өз құқықтарын басқа тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

126. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

127. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

128. Жекеше Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен кейін Заңнамада белгіленген тәртіппен Жер учаскесін сатып алу үшін тиісті жергілікті атқарушы органға өтініш білдіреді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

129. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері, құрылымы мен кестесі Үлгілік шартқа 6-қосымшада көрсетілген.

130. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

131. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгілік жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

132. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосылатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

133. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Үлгілік шартқа 7-қосымшада көрсетілген.

134. МЖӘ объектісінің баланс ұстаушысы Жекеше әріптес болып табылады. Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды KZ_____, банктік сәйкестендіру коды _____.

135. Салу сатысында жобаны басқару жөніндегі МЖӘ объектісінің техникалық жай-күйін бақылауды Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналардың:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстар сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың нормативтерге сәйкестігінің;

б) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңінің;

7) ақаулардың уақтылы жойылуының сақталуын Техникалық қадағалау жүзеге асырады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында Көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылауды, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әріптес пен уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

136. Жекеше әріптестің МЖӘ жобасын басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды, екінші ретті шикізатты алу мен пайдалану бойынша шешімдерді басқаруды қамтитын, қолданыстағы Заңнамамен көзделген , Қазақстанның экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша бағдарламасы болуға тиіс.

137. Үлгілік шартты орындау шеңберінде Жекеше әріптес жоба операторын тағайындауды көздемейді.

10. Рұқсаттар

138. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салуды немесе пайдалануды бақылайтын немесе оған ықпал ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, өз күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініш хаттарды даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуге тиіс.

139. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Рұқсаттарды беру үшін қажетті өз құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

140. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіппен және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

141. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін _____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан _____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 142-тармағында көрсетілген Құрылыс

міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, осы Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

142. Құрылыс кепілдігі Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

143. Мыналар:

1) Үлгілік шарттың 261-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құрылыс жұмыстарының мерзімі;

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар құрылыс міндеттемелері болып табылады.

144. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

145. Жоспарлы аяқтау күні кешіктірілген жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазбаша түрде көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ____% мөлшерінде мерзімінен кешіктіргені үшін айыппұлдар өндіріп алады.

146. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсінен орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

Шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан ____ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсінен орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазбаша түрде көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Мемлекеттік әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады; шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

147. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптестің меншікті қаражаттарының есебінен жүзеге асырылады.

148. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына және қауіпсіздігіне, МЖӘ объектісін салу кезінде адам денсаулығына және қоршаған ортаға жағымсыз әсерге, Қазақстан Республикасының экологиялық нормативтерін сақтауға, ол ұсынған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

149. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және ол уәкілеттік берген тұлғаларға МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

150. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаумен келісім бойынша МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

151. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

152. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруға тиіс.

153. Құрылыс туралы есептер жүргізілген жұмыстар көлемінің тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуға тиіс. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қарым-қатынастарында қолданылатын кез келген басқа нысанда берілуі мүмкін.

154. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

155. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес тиісті хабарламаны алған сәттен бастап Жобалау-сметалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізілген кезге дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіппен және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

156. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен пайдалануға береді.

157. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін, Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың одан арғы іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

158. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша

айналма жолды жобалауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

159. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін туындаған күтпеген жағдаяттарға байланысты талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды тапсыруға құқылы.

160. Жекеше әріптес күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн мерзімде Үлгілік шарттың 159-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

161. Үлгілік шарттың 159-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателердің немесе олқылықтардың салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

162. Егер Үлгілік шарттың 159-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Қоршаған ортаны қорғау саласындағы (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) МЖӘ Үлгілік шартына 3-қосымшада келтірілген көрсеткіштерді бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіппен Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

163. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындауға және функцияларды атқаруына жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

164. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Археологиялық олжалардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскедегі қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуға тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде, табылған объектілерді меншікті қаражаттар есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын рәсімдерді жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

165. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде құрылысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

166. Археологиялық олжалардың себебінен жұмыстардың тоқтатыла тұруы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

167. Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде Құрылыс жұмыстары күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

168. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

169. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзарту жүзеге асырылады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

170. Жекеше әріптес Археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкіндігінше қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын жасау және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

171. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату

172. Қауіпті қалдықтар табылған жағдайда, Жекеше әріптес: күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтардың теріс салдарын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттар есебінен Қауіпті қалдықтарды жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті іс-шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

173. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтарды көмулердің табылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде құрылысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

174. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтарды басқаруға қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

175. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтарды тапқан жағдайда Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде Қауіпті қалдықтарды зарарсыздандыру және жою үшін Құрылыс жұмыстары күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

176. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттігін көрсеткен жағдайда, онда Үлгілік шартты тиісті кезеңге ұзарту жүзеге асырылады.

14. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

177. МЖӘ объектісі мемлекеттік меншікке берілмейді.

178. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен кейін, МЖӘ объектісін иелену және пайдалану және билік ету құқығы Жекеше әріптесте сақталады.

179. Жекеше әріптес Шарт мерзімінен бұрын бұзылған және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда ____ (жазбаша түрде көрсету) айда Мемлекеттік әріптестің мекен жайына ілеспе хатпен Қызметтерді және барлық қажетті құжаттаманы қоса алғанда, МЖӘ объектісін Мемлекеттік әріптеске беру жоспарын жолдайды.

180. Үлгілік шарттың 179-тармағында көзделген жағдайларда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен МЖӘ объектісін беру жоспарын алған күннен бастап күнтізбелік _____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде оны тексеріп, бекітуге тиіс.

181. Үлгілік шарттың 179-тармағында көзделген жағдайларда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін, ол мерзімінен бұрын бұзылған және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде:

1) құқық белгілейтін құжаттарды (жерге акт, қабылдау актісі, жер учаскесінің шекараларын белгілеу туралы анықтама және өзге құжаттар);

2) рұқсат етуші құжаттарды (қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға арналған мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалар мен Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген сараптаманың оң қорытындыларын, техникалық-экономикалық негіздемені (болған жағдайда));

3) қаржы-экономикалық құжаттар (баланстар, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы, пайда мен залалдар туралы есептер, тексерулердің нәтижелері);

4) МЖӘ объектісіне қызмет көрсету бойынша операциялық және техникалық құжаттаманы (Жобалау-сметалық құжаттама, жұмыс және сызба жобалары, пайдалануда тұрған коммуникациялар, дабылдар және басқа техникалық жүйелер бойынша құжаттаманы, автоматтандырылған немесе

автоматтандырылмаған жазбаларды, есептерді, мәліметтерді, құжаттарды және жүйелердегі және тасымалдағыштардағы құжаттарды);

5) жабдыққа, материалдарға және жұмыстарға қатысты өндірушінің кепілдіктерін, Жекеше әріптестің сақтандыру шарттарын;

6) барлық бөлмелердің, кабинеттердің, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін;

7) Жекеше әріптеске немесе оның шотына төлеуге жататын, бірақ бұзу күніне төленбеген сақтандыру өтемінің сомаларына қатысты барлық құқықтарды өтеусіз беруге міндетті.

182. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын МЖӘ объектісін тексеріп қарауға тиіс.

183. Ақаулар табылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес оны жою үшін Жекеше әріптесті анықталған, ақаулық актіде көзделген Ақау туралы хабардар етеді. Жекеше әріптес барлық Ақауларды жойғаннан кейін, Мемлекеттік әріптес қорытынды тексеріп қарауға сүйене отырып, қабылдау-тапсыру актісін ____ мерзімде (мерзімін көрсету) беруге тиіс.

184. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін басқарудың ауысуын, Қызметтерді тұтынушылар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету және артық кідірістер мен қолайсыздықтарды болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік әріптеспен толық көлемде қызмет істеуге міндетті.

185. МЖӘ объектісі пайдалануға берілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісіне үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы салынбауға тиіс. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталған, сондай-ақ МЖӘ объектісі пайдалануға берілген күннен кейін шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске беретін МЖӘ объектісі Үлгілік шартқа 9-қосымшада көрсетілген күйінде болуға, оның бейініне сәйкес ары қарай пайдалануға жарамды болуға тиіс және оған үшінші тұлғалар құқықтары мен міндеттемелерінің ауыртпалығы салынбауға тиіс.

186. Жекеше әріптес тапсыру күнінен бастап МЖӘ объектісін иелену және пайдалану құқығын жоғалтады.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

187. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Жоспарлы аяқтау күнінен Үлгілік шарттың қолданылу мерзімінің бітуіне дейін пайда алу мүмкіндігімен, және жылына ____ тонна екінші ретті шикізатты алумен жылына ____ тонна (қажетін көрсету) _____ қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін пайдаланады.

188. МЖӘ объектісін пайдалану мерзімі - ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл.

189. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүліктің ағымдағы жөндеуін жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;
- 4) өртке қарсы, санитариялық және заңнамада белгіленген өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

190. Жекеше әріптес әрбір МЖӘ объектісі бойынша дербес есеп жүргізеді.

191. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің келісімінсіз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдағы және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

192. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін ұсынады, ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігі аяқталған күннен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартқа 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, аталған Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазбаша түрде көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін беріледі;

6) кепілдік Үлгілік шартқа 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде тиісті сомаға толтырады.

193. Көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісін (полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт) толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Үлгілік шартқа 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес айқындалады.

194. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәулігіне 24 сағат ішінде, жылдың әрбір күніне жауапты болады.

195. Жекеше әріптестің кінәсінен, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілген ең аз мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде Жекеше әріптеске МЖӘ объектісін салу бойынша Жекеше әріптес жұмсаған және Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін және полигонды рекультивациялауға жалпы соманы шегергендегі орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындар сомасынан ___% мөлшерде өтемақы төлеуге міндеттенеді.

196. Мемлекеттік әріптестің кінәсінен Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін және полигонды рекультивациялауға жалпы соманы шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде ___ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актілерімен расталған күрделі шығындардан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

197. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады.

198. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 192-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Үлгілік шартқа 11-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеген жағдайда бұзылады.

199. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

16. МЖӘ объектісін жөндеу және жаңғырту

200. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін ағымдағы жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

201. Жекеше әріптес МЖӘ жобасын іске асырудың соңғы жылында МЖӘ объектісін күрделі жөндеуді, оның ішінде жабдықты толықтай ауыстыру арқылы жүргізуге міндеттенеді.

17. Салық салу

202. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызмет шеңберінде МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

203. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

204. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеменің туындаған күніне қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемені орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

205. Мыналар:

- полигонда _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды орналастыруға алым;
- екінші ретті шикізатты, екінші ретті шикізаттардан алынатын өнімдерді сатып өткізуден түсетін кіріс;
- тастауларға пайдаланылмаған рұқсат етілген квоталарды сатып өткізуден;
- Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер Жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кірістер алу көздері болып табылады.

206. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

207. Шығындарды өтеу көздері Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 9-бабына сәйкес көзделмейді.

208. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық айыбы

209. Тараптар тұрақсыздық айыбын егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше айтылмаса, міндеттемелерді орындаудың Үлгілік шартқа сәйкес есептелген мерзімін кешіктірудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің құнынан ___ % мөлшерінде төлейді.

20. Жергілікті қамту

210. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

211. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

212. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді ұсынады.

21. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

213. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдаланылуына бағалау жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде көрсетілетін қызмет сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Үлгілік шарттың 146 және 195-тармақтарында көзделген, Жекеше әріптестен өтемақының жалпы сомасынан полигонды рекультивациялаудың құнын шегеруге;

11) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

214. Мемлекеттік әріптес:

1) ұйымдық-өкімдік құжаты негізінде өз өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін Жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, телекоммуникацияларға, кіреберіс жолдарын) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізуге жәрдем көрсетуге;

4) қалдықтарды жинау, шығару, өңдеу, көмуге тарифті әзірлеуді, бөлек жинауды енгізуді қамтамасыз етуге, МЖӘ объектісінен 60 шақырым радиуста жаңа полигон салуға рұқсат бермеуге, жақын жатқан елді-мекендерден МЖӘ объектісіне қалдықтарды шығаруды және жинауға беруді қамтамасыз етуге;

5) Үлгілік шартта көзделген жағдайларда Жекеше әріптестің шығындарын өтеуге;

6) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғаға бермеуге;

7) Заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

22. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

215. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шарттың 205-тармағында көзделген кірістерді алуға;

2) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

3) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

4) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

5) Мемлекеттік әріптестің келісімі бойынша Үлгілік шартқа сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындау әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапты болатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

6) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда шығындарды өтеуді талап етуге;

7) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта белгіленген рәсімге сәйкес елеулі талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

8) Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

9) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

216. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт шеңберінде сенімхат негізінде өз өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу жұмысын Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өз есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік ұйымдарды) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісін пайдалануға беруді қамтамасыз етуге;

4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларды орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шаралары сақталған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалар анықтаған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақтылы, өз есебінен және өз күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде қалдықтарды орналастыру және екінші ретті шикізатты алу бойынша қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

- 10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпарат пен есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;
- 11) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін кәсіби кадрлардың уақтылы жиналуын жүзеге асыруға;
- 12) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде бірдей өзге де талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;
- 13) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, мердігерлік ұйымдардың қызметтері ұлттық және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға ;
- 14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар ұлттық және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;
- 15) Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 16) мүліктің сақталуын және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 17) МЖӘ объектісінде тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге;
- 18) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 19) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;
- 20) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде жұмыстардың сапасын қамтамасыз етуге;
- 21) еңбек саласындағы, халықты жұмыспен қамту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауға;
- 22) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде қолданыстағы ұлттық және халықаралық стандарттарды сақтауға;
- 23) Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімі біткеннен кейін немесе мерзімінен бұзылғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес полигонның рекультивациясын қамтамасыз етуге;
- 24) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақтылы жоюға;
- 25) өзінің Жер учаскесіне құқықтарын үшінші тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;
- 26) әзірленіп жатқан Жобалау-сметалық құжаттаманы немесе оның бір бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келіспей, үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

27) МЖӘ объектісінің жабдықталуын және оның уақытылы жаңартылуын қамтамасыз етуге;

28) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Құқықтар мен міндеттерді беру

217. Жекеше әріптестің, Мемлекеттік әріптестің келісімімен және Шарт пен Заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Үлгілік шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін үшінші тұлғаларға беруге құқығы бар.

218. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

219. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше белгіленбесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар Жекеше әріптестің шығыстарына жатқызылады. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

220. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 29-тарауының 246-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және өзгерістер және/немесе толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

221. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға беруден бас тартуға құқылы.

222. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

24. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

223. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

224. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;

3) Заңнаманың талаптарын және Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;

4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

225. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап күнтізбелік __ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде ұсынады.

226. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің қызметін бақылауды жүзеге асыру барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 26-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

227. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

228. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін оқиғалардың басталғаны туралы екінші тарапты дереу хабарлауға міндетті.

25. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар

229. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, МЖӘ жобасы бойынша тәуекелдерге жауапты болады.

230. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді, бағалауды және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды ескере отырып, Үлгілік шартқа 11-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

26. Тараптардың жауапкершілігі

231. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

232. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

233. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік __ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/

немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күнді құрайды.

234. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

235. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

236. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

237. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, тұрақсыздықты (айыппұл, өсімақы) кінәлі Тарап Үлгілік шартқа сәйкес есептелген міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төлейді.

238. Соңғы Тараптың Үлгілік шарт бойынша міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

239. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған шығындарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

240. Егер Жекеше әріптес осы шығындар еңсерілмес күш салдарынан не Мемлекеттік әріптестің әрекетінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

241. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің қаражаттары мен активтері және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

27. Дауларды шешу тәргібі

242. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

243. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ____ (жазбаша түрде көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес, оның ішінде сот тәртібінде шешуге құқылы.

28. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

244. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

245. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

30. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

246. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

247. Шарт:

1) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен;

2) мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданысын тоқтатады.

248. Үлгілік шарттың қолданысын ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

249. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

250. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

251. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

252. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылмайды.

253. Үлгілік шарт 247-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

30. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

254. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүлкітік құқықтар Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

31. Үлгілік шарттың тілі

255. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы басқа тілде (қажет болған жағдайда) жасалуы тиіс.

256. Жазбаша түрде жасалатын шетелдік жеке және заңды тұлғалармен келісімдер мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы басқа тілде (қажет болған жағдайда) баяндалады.

257. Егер Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалса, соңғысы бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалады.

258. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (керек тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

259. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері іскерлік айналым және қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

260. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат мемлекеттік, орыс тілдерінде және қажет болған жағдайда Тараптардың келісуі бойынша басқа тілдерді жасалады.

32. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімдері

261. Шарт іске асырудың мынадай кезеңдеріне ие болады:

1) Қаржылық жабу кезеңі – жер пайдалану құқығын берген күннен бастап бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – қабылдау актісін бекіткен күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) жыл.

262. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

263. Жекеше әріптес заңнамамен көзделген, Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдерді төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

33. Сақтандыру

264. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

265. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналармен:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастырумен;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салуда және пайдалануда пайдаланатын мүлкімен;

3) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариялардан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға тастау немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластаушы заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе электромагниттік, температуралық әсер, жарықтың әсері немесе сол уақыт үшін жол берілетін деңгейден асатын өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету болып табылатын

қоршаған ортаның кенеттен абайсызда ластануын алып келетін, қоршаған ортаның авариялық ластануымен;

4) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

266. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген залалдан сақтандыру шартын жасасуға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде қолданыста болуға тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген залалдан сақтандыруға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуға тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, шығынды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуге тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде ресімделуге тиіс;

267. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

268. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

269. Міндетті экологиялық сақтандыру Қазақстан Республикасының "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 7-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

270. Жекеше әріптес өз қалауы бойынша Заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын таңдайды.

34. Құпиялылық

271. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

272. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процестік және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілетін жағдайды;

3) ақпарат үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға берілетін жағдайды;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ақпарат ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға берілетін жағдайды қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

273. МЖӘ объектісін салу мен пайдалануға қатысы бар барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың қолданылу мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

35. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

274. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың біреуінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

275. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 284-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала ұйымдастырған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етудің мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

276. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Қосалқы мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болып табылмайтынымен келіседі.

277. Еңсерілмейтін күш жағдаятының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаятының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуға тиіс.

278. Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алғаны туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы екінші Тарапты, бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алғаны туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алу күніне, оның қолданылуының болжамды мерзімін көрсетуге, мұндай жағдаятты және оның Еңсерілмейтін күш жағдаятынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауға, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қолдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруға тиіс. Көрсетілген хабарламаға Үлгілік шарттың 274-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуге тиіс.

3) Тарап екінші Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

279. Үлгілік шартты уақтылы орындамаудың барынша азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаяттан туындаған жағдайды түзету үшін бар күшін салуға және оның салдарларын азайтуға тиіс;

2) әрбір Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуынан туындаған кез келген кідірісті барынша азайту үшін кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

280. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқан соң және оған Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға одан әрі кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлауға және Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жаңартуға тиіс;

2) егер Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннен көп жалғасатын жағдайда, онда Тараптардың кез келген екінші Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір іс-қимылдарды орындау мерзімі Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін және тиісті іс-қимылдарды толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуға тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері ішінара ғана тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе сатының) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесулері тиіс.

36. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

281. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін салу, пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) Заңнаманы басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) экологиялық заңнамамен көзделген және Қазақстан Республикасының халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге де іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

282. Егер МЖӘ объектілерін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды жүргізу адам (халық) денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

283. Адам (халық) денсаулығына және қоршаған ортаға тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

284. Адам (халық) денсаулығына және қоршаған ортаға тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (бірақ олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

285. МЖӘ объектісінде адам (халық) денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға және адам (халық) денсаулығына және қоршаған ортаға залалды жою бойынша шараларды орындауға міндетті.

286. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсінен Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

287. Жекеше әріптес апаттық жағдайлардың орын алуына жол бермеу және алдын алу жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалау кезеңінде бекітуге міндетті.

288. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді.

37. Хабарламалар

289. Үлгілік шарт шеңберіндегі барлық хабарламалар мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

290. Кез келген хабарламаны, егер ол кіріс корреспонденция ретінде тіркелген болса, Тарап алған болып есептеледі.

291. Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хабарландыру Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптестің өкіліне жолдануға тиіс.

292. Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хабарландыру Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптестің өкіліне жолдануға тиіс.

293. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптестің өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарауға құқылы.

294. Жекеше әріптес және Жекеше әріптестің өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарауға құқылы.

38. Қорытынды ережелер

295. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

296. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу Үлгілік шарттың 39-тарауында көрсетілген мекен-жайлар бойынша жіберіледі.

297. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорларға ауысады. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орны мен өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша нысанда күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

298. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанасына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтарды, өтініштерді немесе келісімдерді алмастырады.

299. Тараптардың ешқайсысы да Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтармен, өтініштермен немесе келісімдермен байланысты немесе оларға қатысты жауапты болуға міндетті болмауға тиіс.

300. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтарға, өтініштерге немесе келісімдерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

301. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен көзделген құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ оларды алмастырмайтын құқықтар мен құралдар болады.

302. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес ресімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік, орыс тілдерінде және қажет болған жағдайда Тараптардың келісуі бойынша басқа тілдерде екі данадан жасалуға тиіс.

303. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

39. Тараптардың мекен жайлары мен банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес

Жекеше әріптес

(толық атауы)
(мекен жайы, электрондық мекен-жайы)
(телефон, факс)
(Басшының ТАЖ)
(қолы)
"__" ____, 20__ ж.
МО.

(толық атауы)
(мекен жайы, электрондық мекен-жайы)
(телефон, факс)
(Басшының ТАЖ)
(қолы)
"__" ____, 20__ ж.
МО.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ Үлгілік шартына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт болып табылады.

1. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Жер учаскесінің ауданы	м ²	
	Құрылыс ауданы	м ²	
	Әкімшілік ғимараттың жалпы ауданы	м ²	
	Өндірістік ғимараттың жалпы ауданы	м ²	
	п _____ ғимараттың жалпы ауданы (қажетін көрсету)	м ²	
	п техникалық _____ үймереттің (құрылыстың) жалпы ауданы	м ²	
	МЖӘ объектісінің пайдалы ауданы	м ²	
2	МЖӘ объектісінің құрылыс көлемінің барлығы	м ³	
	Техникалық көрсеткіштер:		
	_____ ғимараттың (қажетін көрсету) жылу	Гкал/жыл	

	қуаты (жылыту, желдету, ыстық сумен жабдықтау)		
	_____ ғимаратты (қажетін көрсету) сумен жабдықтау	м ³ /тәулік	
	_____ ғимараттың (қажетін көрсету) кәрізі	м ³ /тәулік	
	_____ ғимараттың (қажетін көрсету) электр энергиясының тұтынылатын қуаты	кВт	
	_____ ғимараттың (қажетін көрсету) өзгелері (байланыс қызметтері және басқалары)		
3	Құрылыстың ұзақтығы	ай	
4	1 тонна қалдықтардан екінші ретті шикізат алу	тонна	
5	Тәулігіне екінші ретті шикізат алу	тонна	
6	Жылына екінші ретті шикізат алу	тонна	
7	Тәулігіне қалдықтарды қабылдау	тонна	
8	Жылына қалдықтарды қабылдау	тонна	
9	Жылдағы жұмыс күндерінің саны	күн	
10	Пайда болуға _____ қалдықтарды өңдеу үлесі	тонна %	
11	Пайда болуға _____ қалдықтарды өңдеу үлесі	тонна %	
12	Пайда болуға _____ қалдықтарды өңдеу үлесі	тонна %	
13	Қалдықтарды жинау және шығару бойынша халықты қамту деңгейі (болған жағдайа)	адам %	

2. МЖӘ объектісінің сипаттамасы (үй-жайлардың экспликациясын көрсету)

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	Ауданы
	n әкімшілік ғимараты		
1	1 қабат		
2	2 қабат		
3	n қабат		
...	n өндірістік ғимараты		

n	1 қабат		
	2 қабат		
1	n қабат		
2	n _____ ғимараты		
3	1 қабат		
...	2 қабат		
n	n қабат		
	n техникалық _____ үймерет		
1	1 қабат		
2	2 қабат		
3	n қабат		

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ Үлгілік шартына
2-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	жер пайдалану құқығын берген күннен бастап ___ ай
МЖӘ объектісін салу кезеңі	20__–20__ (___ ай) Қаржылық жабу күнінен бастап;
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ ж. (___ жыл) қабылдау актісін бекіткен күннен бастап
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу күнінен бастап ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу және екінші ретті шикізатты алу мерзімдері	Қабылдау актісін бекіткен күннен бастап ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі	жер пайдалану құқығын берген күннен бастап ___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ Үлгілік шартына
3-қосымша
Нысан

Қаржы-экономикалық жоспар

Қоқыс өңдейтін зауыттың жұмыс істеуі үшін барлығы __ жұмысшы тартылатын болады.

1. Штаттық бірліктер саны

Позиция атауы	Адам саны
Оның ішінде жергілікті құрам	
бірінші санат – басшылық құрам – ___%	
2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%	
3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%	

Жобамен Жекеше әріптестің жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқаруы үшін саны ___ адамды құрайтын (лауазымдарын көрсету) Басқарушы компанияны тарту жоспарланады.

2. МЖӨ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	МЖӨ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	оның ішінде жергілікті құрам:		
	Жабдық		
	оның ішінде жергілікті құрам:		
	Өзге шығыстар		
1.2	1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағаларының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстары бағаларының жинағына, Жобалау және құрылыс салу жөніндегі қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 2) тиісті саланың нормативтеріне сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама,		

	<p>техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалары);</p> <p>3) МЖӘ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары</p>		
1.3	<p>Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӘ объектісін құру кезеңінде нормативтік мәндер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар</p>		
	<p>1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар.</p> <p>Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу шығыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орташа өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері</p>		

1.4

статистикасының деректері негізінде айқындалады (<http://www.nationalbank.kz>), шетел капиталы тартылған кезде - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар LIBOR мөлшерлемесі және 3% мөлшеріндегі маржа ескеріле отырып есептелетін болады;

2) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, мақұлданған тиісті Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі + облигациялар айналымының бүкіл мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа ретінде айқындалады;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, мақұлданған тиісті Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел

	валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар		
1.5	Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӨ объектісін құруға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар		
1.6	Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация		
	1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE келісіміне қатысушы банктердің көрсетілетін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту бойынша басқа да шығыстар. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған; 2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес		

1.7	<p>инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру;</p> <p>3) банктік кепілдік беру қызметтері нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсетілетін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӨ объектісін құруға арналған жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құрумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар</p>		
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері		
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
	Жекеше әріптестің кіріс көздері		
	1) _____		
	2) _____		

2.7	3) _____		
	...		
	n		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		

* барлық шығыстар МЖӘ объектісін құру (құрылысын салу) кезеңіне қабылданады

Шарт мерзімі біткеннен кейін Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіпте тиісті жергілікті атқарушы органға Жер учаскесін сатып алу үшін өтініш береді.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ Үлгілік шартына
4-қосымша
Нысан

Алғашқы кепілдік

_____ 20__ ж. "___" _____

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепілгер: (ұйымды көрсету) _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: (атауын көрсету) _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мыналарды:

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазбаша түрде көрсету) теңге сомасына 20__ жылғы "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" жобасы бойынша 20__ жылғы "___" _____ № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепілгер мен Жекеше әріптес арасында жасалған Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылғы "___" _____ Үлгілік шартты **назарға ала отырып:**

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепілгер өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шарт қойылмайтын міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілгерге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қол ақшасыз аударумен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцепт жүргізген сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ дейін қолданылады және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) аяқталады.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілгердің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілгердің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)

МЖӘ Үлгілік шартына

5-қосымша

Нысан

Жер учаскесі

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ __, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ __ - __ - __ - __
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	__ жыл
4	Ауданы	__ га
5	Жер учаскесінің географиялық шекараларының сипаттамалары, координаталары (бойлығы және ені)	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)

МЖӘ Үлгілік шартына

6-қосымша

Нысан

Қаржыландыру көздері

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаты МЖӘ объектісін құру құнынан ___%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан ___%.
1 көз бойынша қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаты. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.
2 көз бойынша қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаты. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.
3 көз бойынша қаржыландыру мерзімдері	___ жыл мерзімге қарыз қаражаты. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – ___ ай.
Көздер бойынша қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)

МЖӘ Үлгілік шартына

7-қосымша

Нысан


МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай:

I. Инвестициялық кезең;

II. Инвестициялаудан кейінгі кезең сатыларын қамтиды.

Құрылыс кезеңінде МЖӘ схемасы бойынша жобаны басқару схемасы 1-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсетіледі*

1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, қоқыс өңдейтін зауыт салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "дайын күйде" тікелей салуды (құрылысты), МЖӘ объектісін пайдалануға беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі жобалық компанияның капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Кредиторлар – Жекеше әріптес тартатын кредиттік келісім негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несиелер бойынша пайыздарды төлеу) халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемені ___ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "толық" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы ұсынады;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Инвестициялаудан кейінгі кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсетіледі*

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асырады.

Жекеше әріптес – МЖӘ объектісін пайдалануды және ұстауды қамтамасыз етеді, қалдықтарды сұрыптауды, өңдеуді және кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді және пайда алады. Тартылатын қарыз қаражаттары үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды алады.

Инвестор – МЖӘ жобасы бойынша пайда алуды қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

Кредиторлар – қарыз шарты бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін жобалық компанияның қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемені ____ ай ішінде ____% мөлшерінде субсидиялайды;

Өткізу нарығы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісінде алынған екінші ретті шикізатты сатып өткізетін нарық секторы.

Қоқыс шығаратын компаниялар – қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметті жүзеге асырады, жиналған қалдықтарды қоқыс өңдеуші зауыттарға жеткізеді және Жекеше әріптеске қалдықтарды орналастырғаны үшін төлем төлейді.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ Үлгілік шартына
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "____" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін "_____" мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "____" _____ "_____" _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "____" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың " __ " _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының __ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап __ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша __ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қол ақшасыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың " __ " _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап __ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Үлгілік шартта және заңнамада реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және көрсетілген уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен ілесе жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)

Ұсынылатын қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану әзірлігі өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (автовокзал қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасын және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімін қамтуы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес есепті алған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілі тексереді.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе жол бермеуге міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жол берілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есепке жазады және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есепке жазуға құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

1. Сапа индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мәні	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6

1	Қоқыс өңдейтін зауыттың жақын жатқан аумақтарында жағымсыз иістердің болуы	Тоқсан сайын	Пайдалану туралы есеп	Қоқыс өңдейтін зауыттан 5 шақырымнан көп аумақта	Елеулі емес ақау
2	МЖӘ Үлгілік шартында көрсетілген қалдықтар көлемін қабылдаудан бастарту	Тоқсан сайын	Пайдалану туралы есеп	10%-ға ауытқу	Елеулі ақау
3	Пайда болуға қалдықтарды өңдеу көрсеткіші	Тоқсан сайын	Пайдалану туралы есеп	Қалдықтарды өңдеу үлесі 40%-дан көп емес	Елеулі ақау
4	Халықты қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметтермен қамту (қалдықтарды жинау және шығару болған жағдайда)	Тоқсан сайын	Пайдалану туралы есеп	Қалдықтарды жинау және шығару бойынша халықты максималды қамту 2030 жылдан бастап 100% құрауы тиіс	Елеулі ақау
5	Өндіріс көлемінің айтарлықтай өзгеруіне алып келген жабдықтың бұзылуы немесе жабдық жұмысындағы зақым	Тоқсан сайын	Пайдалану туралы есеп	Екінші ретті шикізатты алудың 20%-ға төмендеуі	Елеулі ақау
	Санитариялық және экологиялық нормалардың және қалдықтармен жұмыс істеу талаптарының бұзылуы	Тоқсан сайын	Пайдалану туралы есеп		Қауіпті ақау

2. Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны

Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің өтіп кеткен мерзімінің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптеске немесе Уәкілетті органдарға рұқсат беруден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерінің қызметіне рұқсат бермеудің немесе кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске анық емес ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған анық емес ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қол жеткізе алмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӘ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар ақы төлеуге арналған есепте тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазбаша түрде көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін ақы төлеу мөлшері инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті соғаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе ақы төлеу мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап даулай алады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету)

күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса , тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)
МЖӘ Үлгілік шартына
10-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж. көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) жылына _____ тонна екінші ретті шикізат алу арқылы жылына _____ тонна _____ (қажетін көрсету) қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату үшін полигонға жер учаскесі бар қоқыс өңдейтін зауыт салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт шеңберіндегі МЖӘ объектісі құнынан _____ % мөлшерінде негізгі борыш шегінде кез келген соманы толық

көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша төлеу жөніндегі кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Үлгілік шартта және заңнамада реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында ақы төлеу талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариат куәландырған құжаттың түпнұсқасы қоса берілуі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
(полигоны бар қоқыс өңдейтін зауыт)

МЖӘ Үлгілік шартына

11-қосымша

Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін			

Мемлекеттік әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзу	•		Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын адал сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзу		•	Мемлекеттік әріптес: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӘ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӘ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақтылы тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізу	•		Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында тапсыруына бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеу мақсатында тартылған мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақтылы бақылап отыруы тиіс.
			Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске МЖӘ объектісінің құрылысына барлық рұқсат

<p>МЖӘ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау</p>		<p>•</p>	<p>құжаттарын тезірек алу үшін жәрдемдесуі тиіс. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік орган талап ететін құжаттамалар топтамасымен алдын ала танысуы тиіс.</p>
<p>Құрылыс кезеңі</p>			
<p>Заңды тәуекел</p>			
<p>Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзуы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тараптар: 1) туындаған проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды адал сақтауы тиіс.</p>
<p>Қаржылық тәуекел</p>			
			<p>Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы. Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша</p>

<p>Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)</p>		<ul style="list-style-type: none"> • 	<p>есептесуді көздейтін төлем схемасын пысықтау.</p> <p>Құрылыста тәжірибесі, оң имиджі бар, білікті кадрлары және қажетті техникалық құрал-жабдықтары мен өзге техникалық шешімдері бар бар құрылыс компаниясын тарту.</p> <p>Құрылыс кестесін сақтау, тауарларға/жұмыстарға/ көрсетілетін қызметтерге уақтылы ақы төлеу.</p> <p>Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақтылы бақылауды қамтамасыз ету.</p> <p>Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісінше орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда бекітілген бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау сияқты құралдарды қолдану.</p> <p>Жекеше әріптес атынан жұмыс сапасын бақылау үшін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы</p>		<ul style="list-style-type: none"> • 	<p>Жекеше әріптес күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құруды көздеуі тиіс.</p>
<p>Жекеше әріптестің немесе субмердігерлердің банкротқа ұшырауы</p>		<ul style="list-style-type: none"> • 	<p>Жекеше әріптес компаниясының банкроттық тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік</p>

			корларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлеме		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлы жағдайларда, оның ішінде белгіленген п а й ы з д ы қ мөлшерлемелері бар қарыз шартын жасасу.
МЖӘ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіпке негізделуі мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен мұқият танысуы тиіс. Жекеше әріптес МЖӘ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел			
Мердігердің жұмыстарды уақытында			Оң имиджі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау. А й ы п п ұ л санкцияларының қолданылуын және МЖӘ объектісінің құрылысы б о й ы н ш а міндеттемелердің орындалуының

<p>орындамауына байланысты құрылыс мерзімдерін ұзарту</p>	<p>•</p>	<p>камтамасыз етілуін көздеу.</p> <p>Құрылыс барысы мен сапасын және кестесін уақтылы авторлық және техникалық қадағалауды ұйымдастыру.</p> <p>Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесінің сақталуын ескере отырып , жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау.</p> <p>Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын камтамасыз ету.</p>
<p>Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақтылы бермеуіне байланысты құрылыс мерзімдерін ұзарту</p>	<p>•</p>	<p>Жер учаскесінің уақтылы бөлінуін және оны пайдалану құқықтарының тиісінше рәсімделуін камтамасыз ету.</p>
<p>Сапасыз жабдықтардың және/немесе құрылыс материалдарының жеткізілуі</p>	<p>•</p>	<p>Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен жөндеуі тиіс кепілдік кезеңін көздеу қажет.</p> <p>Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігіне ақы төленуін көздеу.</p> <p>Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.</p>
<p>Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті (оның ішінде салынып жатқан МЖӨ

			объектісін, жабдықтарды және құрылыс материалдарын) сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі			Рұқсат етілген, жол берілген, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе қосалқы мердігердің МЖӘ объектісінің құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы			Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс. Өр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік қақтығыс (Еңбек заңнамасын қатаң сақтау (ұлттық немесе

Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)		•	шетелдік), жұмыскерлердің кәсіпкерлер одағын құру
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік актінің, төңкерістің, бүліктің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.
Әскери іс-қимылдардың туындауы	•	•	•
Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала қамдаған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы	•	•	Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Пайдалану кезеңі			
Заңды тәуекел			
Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу	•	•	Тараптар: 1) туындаған проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық талаптарды адал сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			

Салықтық мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құруды көздеуі тиіс.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезеңнің шығыстарын оңтайландыру.
Коммерциялық тәуекел			
Қызметке сұраныстың/ тұтынудың төмендеуі/ болмауы		•	Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі
Екінші ретгі шикізатқа сұраныстың төмендеуі немесе болмауы		•	Тұтынушылармен Үлгілік шарттар жасау. Екінші ретгі шикізатты сатып өткізу кестесін қарастыру, өсу қарқынымен.
МЖӨ объектісіне қалдықтарды уақытында жеткізбеу	•	•	Қоқыс шығаратын компаниялармен МЖӨ объектісіне қалдықтарды жеткізу туралы Үлгілік шарттарға қол қою. Қалдықтарды жеткізудің меншікті желісі жолға қойылуы мүмкін.
Халықты қалдықтарды жинау мен шығару бойынша қызметтермен қамтудың төмендігі		•	Халықты қалдықтарды жинау мен шығару бойынша қызметтермен қамтуға қол жеткізуді қарастыру
Техникалық тәуекел			
МЖӨ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		•	Ғимаратты, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивтік элементтерін, материалдарды және инженерлік жабдықты, энергетика, сумен жабдықтау және су бұру, байланыс және т.б. жүйелерді жарамды күйде ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды,

			оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру. Жекеше әріптес персоналының біліктілігін арттыруды қарастыру
Жобада қолданылатын технологиялардың басқа технологиялармен ығыстырылуына алып келетін жаңа технологиялардың пайда болуы			МЖӘ объектісі жабдығының жоспарлы жаңартылуын жүргізу Халықаралық тәжірибені және оны МЖӘ объектісінде қолдануды зерттеу.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтау; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі қағидалары бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті (оның ішінде: салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын) сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік қақтығыс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, митингтер және т.б.)		•	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау (ұлттық немесе шетелдік)
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		•	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету. МЖӘ объектісінде халықаралық тәжірибені қолдану.
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік актінің, төңкерістің, бүліктің туындауы	•	•	Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін
Әскери іс-қимылдардың туындауы	•	•	

<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала қамдаған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы</p>		<p>салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс .</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті (оның ішінде: салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын) сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Апаттық тәуекелі</p>		
<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі , дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>		<p>Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс .</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шарты

Ескерту. Бұйрық 22-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.03.2017 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

_____ (қол қоятын елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) 20__ жылғы "___" _____ (жасалған күнін көрсету) бұдан әрі Мемлекеттік әріптес деп аталатын _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. (болған жағдайда) көрсету) атынан _____ (мемлекеттік әріптесті көрсету) бір тараптан және бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын _____ (тұлғаның өкілеттіктерін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету) негізінде әрекет ететін _____ (уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. (болған жағдайда) көрсету) атынан _____ (заңды, жеке тұлға және басқаларын көрсету) екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп Тараптар, жеке алғанда Тарап деп аталатындар Конкурстық комиссияның _____ (комиссияның толық атауын көрсету) 20__ жылғы "___" _____ № _____ шешіміне сәйкес Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартын жасасты.

1. Анықтамалар

1. Ағымдағы жөндеу – профилактикалық іс- шараларды жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі әрі уақтылы сақтауға бағытталған, ғимараттардың конструкциялары мен инженерлік жабдық жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін (жұмысқа қабілеттілігін) қалпына келтіру, сондай-ақ барлық пайдалану көрсеткіштерін қолдау мақсатымен жүргізілетін техникалық іс- шаралардың кешені.

2. Айрықша құқық – өзінің қалауы бойынша заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Жекеше әріптестің зияткерлік қызмет нәтижесін немесе

дараландыру құралдарын пайдалануға және басқа тұлғалардың осындай пайдалануына тыйым салуға немесе рұқсат беруге Мемлекеттік әріптеске тиесілі құқықтардың жиынтығы.

3. Ақау – Ақаулық ұпайлардың берілуіне алып келуі мүмкін және Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кез келген сәйкес келмеуі.

4. Ақаулық ұпайлар – Ақаулар немесе өзге де бұзушылықтар болған жағдайда Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске есептейтін айыппұл ұпайлары.

5. Ақы – Тұтынушылар МЖӘ объектісі пайдалануға берілгеннен кейін Жекеше әріптес дайындаған өнімге төлейтін ақшалай сома.

6. Алғашқы кепілдік – Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарттың 5-бөлімінің талаптарына сәйкес, Шарт мемлекеттік тіркелген кезден бастап ұсынатын кепілдік.

7. Алдын ала талаптар – Үлгілік шарттың 6-бөлімінде көрсетілген талаптар.

8. Археологиялық олжалар – Жер учаскелерінде табылған, қазылып алынатын және көне заман ескерткіштері.

9. Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ жобасының шарты – Тараптар қол қойған, Үлгілік шартта көрсетілген және Үлгілік шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын, оның барлық қосымшаларын (егер бар болса, оларға құжаттарды да) қоса алғанда, осы Шарт.

10. Бас мердігер – Жекеше әріптес құрылыс мердігерлік шартының негізінде тартатын, автовокзалды дайын күйде тапсыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жобаны жұмысшылармен, қызметшілермен және инженерлік-техникалық жұмыскерлермен, арнайы және құрылыс техникасымен, объектілердің үздіксіз салынуымен қамтамасыз ететін құрылыс компаниясы олардың сапасы үшін жауапты болады. Бұдан басқа, Бас мердігер құны мердігер жұмысының құны шеңберінде көзделетін, салынатын объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтың жеткізілуін және оны монтаждауды ұйымдастырады.

11. Бұзу күні – бұзу туралы хабарлама алынғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен кейінгі күн.

12. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) – Үлгілік шартқа қатысатын тараптардың еркіне бағынбайтын, болжанбайтын, бірақ Шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне алып келетін оқиғалар.

13. Жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, Үлгілік шарт жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға.

14. Жекеше әріптестің жабдығы – МЖӘ объектісінің құнына кірмейтін, Жекеше әріптестің есебінен МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін сатып алынған жабдықтар, механизмдер, көліктік және өзге де құралдар.

15. Жекеше әріптестің өкілі – Жекеше әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта көзделген жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Жекеше әріптес атынан әрекет ету өкілеттіктеріне ие тұлға.

16. Жекеше әріптестің персоналы – Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу және пайдалану, оның ішінде Қызметтерді көрсету кезінде тартқан бүкіл персонал.

17. Жер учаскесі – Үлгілік шарт талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесі.

18. Жобалау-сметалық құжаттама – МЖӘ объектісін салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама.

19. Жоспарлы аяқтау күні – Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) айдан аспауға тиіс Құрылыс жұмыстары аяқталған күн.

20. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту – жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), Үлгілік шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу құнында, жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын тауарлар құнын және субмердігерлер Үлгілік шарттарының бағаларын шегерумен, жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өндірушінің еңбекақысын төлеу қорында жергілікті қамту құнының жалпы жиынтық үлесі.

21. Заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

22. Инвестор – жобалық компанияға иелік ететін (үлестік қатысу немесе акциялар пакеттеріне мөлшерлес жолмен) жеке тұлға және/немесе заңды тұлға немесе консорциум (заңды тұлғалар бірлестігі).

23. Кадрлар – Жекеше әріптестің сол немесе өзге қызмет саласындағы дайындалған, білікті жұмыскерлерінің негізгі (штаттық) құрамы.

24. Кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санат бойынша бөлумен, Үлгілік шартты орындау кезінде тартылған персоналдың жалпы санына қатысты пайызбен алынған қазақстандық кадрлардың саны.

25. Қаржыландыру шарттары – МЖӘ жобасын қаржыландыруға қатысты Жекеше әріптес пен Кредиторлар арасында жасалған кез келген шарттар және/ немесе құжаттар.

26. Қаржылық жабу – Жекеше әріптес пен қаржы институты арасында МЖӘ жобасын қаржыландыру туралы Үлгілік шарттың жасалуы.

27. Қауіпті қалдықтардың көмулері – қауіпті қасиеттерге (улылық, жарылу қаупі бар, радиоактивті, өрт қаупі бар, жоғары реакциялық қабілетке ие) ие зиянды заттардан тұратын және дербес немесе өзге заттармен жанасқанда қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін тікелей немесе әлеуетті қауіптілік тудыруы мүмкін және Құрылыс жұмыстары басталған күнге дейін құзыретті зерттеумен анықталуы мүмкін болмаған көмулер.

28. Конкурс – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, дайындау, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша оңайлатылған конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып, Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурс.

29. Конкурс жеңімпазы – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, дайындау, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" МЖӘ жобасы бойынша Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурстың жеңімпазы ретінде комиссия таңдаған жеке немесе заңды тұлға (конкурс жеңімпазының аты).

30. Конкурсты ұйымдастырушы – " _____ " мемлекеттік мекемесі.

31. Конкурстық құжаттама – МЖӘ жобасын іске асыру үшін Конкурстық өтінімдерді дайындайтын және Жекеше әріптесті таңдау жөніндегі конкурсқа қатысатын Конкурсты ұйымдастырушы ұсынған Конкурстың барлық Үлгілік шарттарынан тұратын, заңнамаға сәйкес айқындалған құжаттар жиыны.

32. Кредитор – Тіркеу күнінен кейін, бірақ Құрылыс жұмыстарының басталу күнінен кешіктірмей, Қаржыландыру шарттарына сәйкес Жекеше әріптеске қаржыландыру ұсынатын қаржы ұйымдары.

33. Құрылыс жұмыстары – МЖӘ объектісін жобалау мен салуға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілуі қажет барлық жұмыстар.

34. Құрылыс жұмыстарының басталу күні – Алдын ала Үлгілік шарттардың қолданысы тоқтаған күн.

35. Құрылыс кепілдігі – Үлгілік шарттың 108 және 109-тармақтарының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ұсынған, Құрылыс жұмыстарына қатысты кепілдік.

36. Қызметтер – Құрылыс жұмыстарын қоспағанда, Үлгілік шарттың қолданылуы кезінде МЖӘ объектісін пайдаланумен және ұстаумен байланысты

Жекеше әріптестің (және/немесе Жекеше әріптестің өкілдерінің, жұмыскерлерінің, мердігерлерінің немесе субмердігерлерінің) әрекеттері.

37. Қызметтерді көрсетудің басталу күні – Жекеше әріптестің қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап Қызметтерді көрсетуінің басталу күні.

38. МЖӨ объектісінің қызметтерін тұтынушылар – ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығының Өнімін тұтынатын халық.

39. Мемлекеттік әріптес – " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасы.

40. Мемлекеттік әріптестің өкілі – Мемлекеттік әріптес тағайындаған, Үлгілік шартта көзделген жағдайларда сенімхат негізінде әрекет ететін және Мемлекеттік әріптес атынан барлық әрекет ету өкілеттіктеріне ие тұлға.

41. Мемлекеттік орган – мемлекет атынан заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері арқылы: жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару; әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру; мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер.

42. Мердігер (жобалаушы) – Жекеше әріптес мердігерлік шартының негізінде тартатын, МЖӨ объектісін салу бойынша жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасын берумен МЖӨ жобасы бойынша жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізетін компания.

43. МЖӨ жобасы – " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, дайындау, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" МЖӨ жобасы.

44. МЖӨ жобасын басқару – мынадай рәсімдерді орындау: жобаның Үлгілік шарттарын айқындау, тұжырымдау, өзгерту, жобаны жоспарлау, жобаны техникалық орындау (жоспарлау мен бақылауды қоспағанда), жобаның орындалуын бақылау;

45. МЖӨ объектісі – салынуы мен пайдаланылуы МЖӨ жобасын іске асыру аясында жүзеге асырылатын _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығы.

46. МЖӨ объектісінің құны – бекітілген тұжырымдамаға және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес МЖӨ объектісінің болжамды құны.

47. МЖӨ объектісін иелену және пайдалану құқығы – МЖӨ объектісіне нақты иелік етуді және МЖӨ объектісін пайдалану барысында пайдалар алуға заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілген мүмкіндік. Пайда Үлгілік шартқа және

заңнамаға қайшы келмейтін кіріс түрінде немесе өзге де нысандарда болуы мүмкін.

48. МЖӘ объектісін пайдалану – Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін Үлгілік шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда МЖӘ объектісінің тағайындауына сәйкес, оның ішінде Қызметтер көрсету мақсатында пайдалануы.

49. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (бұдан әрі – қабылдау актісі) – объект құрылысының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық әзірлігін растайтын құжат.

50. Пайдалану кепілдігі – Үлгілік шарттың 151-тармағының талаптарына сәйкес, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану басталған сәттен бастап ұсынатын кепілдік.

51. Рұқсат – Уәкілетті органның рұқсат беруші органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімдері арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растау. Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындау үшін қажетті барлық рұқсаттар, келісулер, мақұлдаулар, актілер, лицензиялар мен бекітулер Рұқсаттар деп түсінілуі мүмкін.

52. Субмердігерлер – бас мердігердің тапсырысы бойынша қандай да бір жұмыстарды орындайтын компаниялар.

53. Тауарлардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын, пайдаланылатын жергілікті материалдар құнының пайыздық құрамы.

54. Тәуекелдер – пайда болған жағдайда оң немесе теріс әсері болатын, ақша түріндегі сатып алуларға немесе шығындарға алып келетін оқиға немесе шарт.

55. Техникалық қадағалау – Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға және заңнамаға сәйкес, Жекеше әріптестің құрылыс жұмыстарын орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыратын тұлға.

56. Тіркеу күні – бюджеттік заңнамаға сәйкес Үлгілік шартты тіркеу күні.

57. Төлем мөлшері – Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес алатын айыппұл санкциялары.

58. Өнім – МЖӘ объектісін пайдалану үдерісінде алынған _____ (өндірілетін өнімнің атауы);

59. Уәкілетті органдар – рұқсат етуші немесе хабарлаушы тәртіп енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған нақты саладағы қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар. Үлгілік шарт шеңберінде мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ жергілікті немесе мемлекеттік билік болып

табылатын немесе оның құрылымына кіретін және МЖӘ объектісі үшін коммуналдық қызметтердің жеткізушілерін және кез келген Рұқсатты беруге жауапты болып табылатын немесе жауапты болатын кез келген органдар мен тұлғаларды қоса алғанда, заңды тұлғалар Уәкілетті органдар болуы мүмкін.

60. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі – Тіркеу күнінен басталатын және Шарт Бұзылған күні аяқталатын кезең.

61. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күн – Тіркеу күнінен бастап ___ жыл.

2. Қолданылатын құқық

62. Үлгілік шарттың негізінде қол қойылған Үлгілік шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

63. Үлгілік шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

64. Жекеше әріптес Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласында қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындау міндеттемесін өзіне алады.

65. Егер Заңнаманың нормалары Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық Үлгілік шарттарға қайшы келмесе, аталған нормалар қолданылады.

3. Үлгілік шарттың нысанасы және МЖӘ объектісі

66. Тараптардың Өнім импортын алмастыру жолымен _____ (елді-мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға бағытталған қызметін жүзеге асыру кезіндегі қарым-қатынастарын реттеу Үлгілік шарттың нысанасы болып табылады.

67. Жекеше әріптес сервистік-дайындау орталығын салады және оны одан әрі Үлгілік шартқа сәйкес пайдаланады.

68. МЖӘ объектісінің сипаттамасы, салынатын МЖӘ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 1-қосымшада көрсетілген.

69. Мемлекеттік әріптес Шарт жасасқан кезде, Үлгілік шартқа сәйкес меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың негізінде иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске берілетін, МЖӘ объектісін салу көзделетін жер учаскесінің меншік иесі болып табылатынына кепілдік береді (меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары қоса беріледі).

70. Мемлекеттік әріптес мүддесін қорғайтын уәкілетті мемлекеттік органдар туралы мәліметтер:

" _____ " мемлекеттік мекемесі

Заңды мекен-жайы: _____

Телефон _____

Пошталық мекен-жайы _____

71. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 2-қосымшада көрсетілген.

72. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспары Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 3-қосымшада келтірілген.

73. Жекеше әріптес кіріс алу мақсатында өндірілетін Өнімді сатып өткізеді.

74. Жекеше әріптес ұсынатын тауарлар тұтынушылардың қаражаттарының есебінен төленетін болады. Өнімге тарифтер Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 3-қосымшаға сәйкес белгіленетін болады.

75. Үлгілік шарттан туындайтын немесе Үлгілік шартқа сәйкес ұсынылған Жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша Жекеше әріптестің осы құқықтарын немесе міндеттемелерін Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

4. Үлгілік шарттың елеулі талаптары

76. Мыналар:

1) МЖӘ объектісінің саны және орналасқан орны;

2) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актіге сәйкес МЖӘ жобасы бойынша жер учаскесінің ауданы;

3) МЖӘ объектісінің қуаты – ___ тонна және тәулігіне ___ тонна;

4) Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Қызметтерді көрсету сапасы Үлгілік шарттың елеулі талаптары болып табылады.

77. Осы Үлгілік шарттың елеулі талаптары өзгертуге жатпайды.

5. Алғашқы кепілдік

78. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) банктік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске Алғашқы кепілдікті беруге міндетті. Алғашқы кепілдік Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау

орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

79. Алғашқы кепілдік мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік Конкурс өткізу шеңберінде Конкурс Жеңімпазы ұсынған Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасына тең сомада Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде берілуге тиіс;

2) кепілдік Тіркеу күнінен бастап Құрылыс кепілдігін беру күніне дейін Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 81-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын кез келген бұзуы жағдайында, Мемлекеттік әріптеске осы Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға мүмкіндік беруге тиіс;

3) кепілдік Үлгілік шарттың 83-тармағына сәйкес, күндердің қайсысының ерте келуіне байланысты Құрылыс кепілдігінің берілу күні немесе Үлгілік шартты бұзу күні кері қайтарылып алынуға тиіс;

4) кепілдік Үлгілік шарттың 224-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ____ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде қолданылады.

6. Алдын ала талаптар

80. Тараптар Тіркеу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) айдан кешіктірмей Үлгілік шарттың 81 және 82-тармақтарында көрсетілген Алдын ала талаптарды орындаулары тиіс.

81. Жекеше әріптес мынадай Алдын ала талаптарды орындауға тиіс:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде Қаржыландыру шарттарын жасасу және Қаржыландыру шарттарында көзделген барлық талаптарды сақтау және Мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған Қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ Қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Қолда бар Жобалау-сметалық құжаттаманы (Үлгілік жобаны) " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, дайындау, сақтау және өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" МЖӘ жобасының тұжырымдамасында қамтылған МЖӘ жобасының маркетингтік және қаржы-экономикалық параметрлерін ескере отырып, МЖӘ объектісінің нақты алаңына бекітуді жүзеге асыру және Мемлекеттік әріптеспен келісу:

Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманы бекітуді тиісті лицензиялары бар орындаушыларды тарта отырып, заңнамаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес МЖӘ объектісінің құрылысы

басталғанға дейін аталған құжатқа қатысты қажетті келісулерді одан әрі алумен жүзеге асырады;

Жобалау құжаттамасында Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 1-қосымшаға және заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісіне қойылатын талаптар сақталуы тиіс;

3) құрылысқа рұқсаттардың барлығын алу және олардың көшірмелерін Мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін Үлгілік шарттың 33-бөліміне сәйкес қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

82. Мемлекеттік әріптестің Алдын ала талаптары:

1) Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде уақытша өтеусіз пайдалану құқығында Жер учаскесін беру;

2) ___ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күні ішінде келісу үшін Жекеше әріптес ұсынған Жобалау-сметалық құжаттаманы қарау.

83. Жекеше әріптес Тіркеу күнінен кейін ___ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде Үлгілік шарттың 81-тармағында көрсетілген Үлгілік шарттың Алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған Алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді. Егер Тараптар Тіркеу күнінен ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсінен орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері Алғашқы кепілдік сомасы болып есептеледі және Мемлекеттік әріптес Алғашқы кепілдік бойынша талаптарды қоюға және толық көлемде төлем алуға құқылы;

2) егер қандай да бір талап Мемлекеттік әріптестің кінәсінен орындалмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Мемлекеттік әріптес Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарына байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Алғашқы кепілдікті қайтарады.

7. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

84. Мемлекеттік әріптес Тіркеу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай ішінде Жекеше әріптеске Жер учаскесін уақытша өтеусіз жер пайдалануға беру үшін заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

85. Тараптар Жекеше әріптес қандай да болмасын өтемақы төлеу немесе оңалту және мемлекеттік меншікте тұрған МЖӨ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесі немесе оның бөлігі немесе оған құқық алынған қандай да бір тұлғаның қоныс аударуына міндеттемелер өтемейтіндігіне немесе жауапты болмайтынына және Мемлекеттік әріптес Жеке әріптестің өтініші бойынша осындай жер мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалар қозғаған кез келген талаптар мен сот істері бойынша Жекеше әріптестің тарапында болатындығына келіседі.

86. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің бітуі бойынша Жер учаскесін оның _____ (кадастрлық немесе нарықтық) құны бойынша Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӨ Үлгілік шартына 5-қосымшаға сәйкес сатып алады.

87. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӨ объектісінің құрылысы үшін Жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жолдайды.

88. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде (немесе міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетілуі немесе Тараптармен өзгеше түрде келісілуі мүмкін неғұрлым ұзақ мерзім аяқталғаннан кейін) Жер учаскесін берудің кідіру мән-жайын түзетуге міндетті.

89. Жекеше әріптеске Үлгілік шартты орындау мақсатында Жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

90. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

91. МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті Жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан үзінді жазба Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 5-қосымшада келтірілген.

92. Жекеше әріптестің Жер учаскесіне өз құқықтарын басқа тұлғаларға беруге және Жер учаскесін қосалқы жалдауға беруге құқығы жоқ.

93. Үлгілік шартты тоқтату Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығын тоқтату үшін негіз болып табылады.

94. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8. МЖӘ жобасының инвестициялары

95. МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері, құрылымы мен кестесі Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 6-қосымшада көрсетілген.

96. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты қызмет бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

97. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгілік жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдауға міндетті.

98. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың, есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында Мемлекеттік әріптес өкілдері қосылатын ішкі бақылау қызметін ұйымдастыруға құқылы.

9. МЖӘ жобасын басқаруды ұйымдастыру

99. МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 7-қосымшада көрсетілген.

100. МЖӘ объектісінің баланс ұстаушысы Жекеше әріптес болып табылады. Қазақстан Республикасы, _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету), _____ көшесі, __, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____,

жеке сәйкестендіру коды KZ _____, банктік сәйкестендіру коды _____

101. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің бітуі бойынша Жер учаскесін оның _____ (кадастрлық немесе нарықтық) құны бойынша 5-қосымшаға сәйкес сатып алады.

102. Салу сатысында жобаны басқару жөніндегі МЖӘ объектісінің техникалық жай-күйін бақылауды Жекеше әріптеспен жасалған Үлгілік шарт негізінде мыналардың:

- 1) жобалық шешімдердің;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарының;
- 3) жұмыстар сапасының;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігінің;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың нормативтерге сәйкестігінің;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңінің;

7) ақаулардың уақтылы жойылуының сақталуын Техникалық қадағалау жүзеге асырады.

МЖӘ жобасы бойынша пайдалану сатысында Көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын бақылауды, Үлгілік шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әріптес пен уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

103. Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын бағдарламасы болуға тиіс.

104. Үлгілік шартты орындау шеңберінде Жекеше әріптес жоба операторын тағайындауды көздемейді.

10. Рұқсаттар

105. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салуды немесе пайдалануды бақылайтын немесе оған ықпал ететін Мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін талап етілуі мүмкін барлық Рұқсаттарды алуға, өз күшінде ұстауға және ұзартуға міндетті. Жекеше әріптес Рұқсаттарды беру және алу туралы өтініш хаттарды даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтеуге тиіс.

106. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Рұқсаттарды беру үшін қажетті өз құзыреті шегінде көмек көрсетеді. Бұл тармақ Мемлекеттік әріптестің Жекеше әріптес үшін қандай да бір Рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11. МЖӘ объектісін салуды ұйымдастыру

107. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада белгіленген тәртіппен және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес салады.

108. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Құрылыс кепілдігін тапсырады, ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік қаржылық жабудан кейін ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Үлгілік шарт бойынша болжанатын инвестициялардың құнынан ____% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Мемлекеттік әріптеске Құрылыс жұмыстары кезеңінде, Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың 110-тармағында көрсетілген Құрылыс міндеттемелерін кез келген бұзуы жағдайында, осы Құрылыс кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

3) кепілдік қандай күннің ерте келуіне байланысты қабылдау актісіне қол қойған күннен немесе Бұзу күніне күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күнге тең кезең өткеннен кейін кері қайтарып алынады.

109. Құрылыс кепілдігі Үлгілік шартқа 8-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

110. Мыналар:

1) Үлгілік шарттың 221-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құрылыс жұмыстарының мерзімі;

2) Жобалау-сметалық құжаттама бойынша талаптар құрылыс міндеттемелері болып табылады.

111. Жекеше әріптес Құрылыс міндеттемелерін Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай өткеннен кейін бұзған жағдайда, Тараптар орындалмаған құрылыс міндеттемелерін қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізуге міндеттенеді.

112. Жоспарлы аяқтау күні кешіктірілген жағдайда, Мемлекеттік әріптес Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша ____ (жазбаша түрде көрсету) ай беруге құқылы. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес Жоспарлы аяқтау күнінен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн өткеннен кейін әр күнге МЖӘ объектісінің Құнынан ____% мөлшерінде мерзімінен кешіктіргені үшін айыппұлдар өндіріп алады.

113. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) құрылыс міндеттемелері Жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсінен орындалмаған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес, егер осындай кезең ішінде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және

Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

Шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Құрылыс кепілдігі бойынша талаптарды толық көлемде қояды;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

2) Құрылыс міндеттемелері Мемлекеттік әріптестің кінәсінен орындалмаған жағдайда:

Жекеше әріптес орындалмаған талаптарды орындау үшін қосымша ___ (жазбаша түрде көрсету) ай беруге құқылы. Егер Тараптар Құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

Жекеше әріптес, егер осындай кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткен және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайды қоспағанда; соңғы жағдайда Шарт бұзылмайды, Мемлекеттік әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады;

шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан 100 %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Құрылыс кепілдігін қайтарады;

Мемлекеттік әріптес, шарт бұзылған жағдайда, осы тармақшаға сәйкес Жекеше әріптеске Тіркеу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде, Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Жекеше әріптес МЖӘ

объектісін салу бойынша жұмсаған және Орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындардың сомасынан ___ %-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

114. МЖӘ объектісін салу Жекеше әріптес тартатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

115. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің техникалық құрамына, ұсынылған материалдар мен жабдықтардың тиісті емес сапасына жауапты болады.

116. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске және ол уәкілеттік берген тұлғаларға МЖӘ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

117. Жекеше әріптес Техникалық қадағалаумен келісім бойынша МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, әрекеттері үшін Жекеше әріптес өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап беретін үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартуға құқылы.

118. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде Құрылыс жұмыстарының сапасына жауапты болады.

119. Жекеше әріптес Құрылыс жұмыстарының кезеңінде Мемлекеттік әріптеске ай сайын Құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын құрылыс туралы есеп тапсырып отыруға тиіс.

120. Құрылыс туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуға тиіс. Құрылыс туралы есептер Жекеше әріптестің Бас мердігерлермен немесе Кредиторлармен қарым-қатынастарында қолданылатын кез келген басқа нысанда берілуі мүмкін.

121. Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

122. Мемлекеттік әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес тиісті хабарламаны алған сәттен бастап Жобалау-сметалық құжаттамаға қажетті өзгерістер енгізілген кезге дейін МЖӘ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтата тұруға міндеттенеді. Жобалау-сметалық құжаттаманың Үлгілік шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған кезде Жекеше әріптес Үлгілік шартта көрсетілген тәртіппен және мөлшерде Мемлекеттік әріптес алдында жауапты болады.

123. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген тәртіппен пайдалануға береді.

124. Жекеше әріптес Үлгілік шартта белгіленген мерзімде МЖӘ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін, Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау бойынша Тараптардың одан арғы іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған жағдаяттар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлауға міндеттенеді.

125. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӘ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жобалауға, салуға және оған қызмет көрсетуге міндетті. Мұндай шығыстар МЖӘ объектісін салу құнына жатады.

126. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Үлгілік шартта және бастапқы Жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілмеген, бірақ МЖӘ объектісін салу үшін туындаған күтпеген жағдаяттарға байланысты талап етілетін қосымша жұмыстарды орындауды тапсыруға құқылы.

127. Жекеше әріптес күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн мерзімде Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлауға міндеттенеді.

128. Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген жобалау кезінде жіберілген қателердің немесе олқылықтардың салдарынсыз туындаған және Жекеше әріптес үшін қосымша шығындар алып келетін қосымша жұмыстар шығыстарын Мемлекеттік әріптес өтейді.

129. Егер Үлгілік шарттың 126-тармағында көрсетілген қосымша жұмыстарды орындау Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 3-қосымшада келтірілген көрсеткіштерді бұзуға алып келетін болса, Тараптар белгіленген тәртіппен Үлгілік шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

130. Жекеше әріптес жұмыскерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормаларға сәйкес қауіпсіздік бойынша жауапты жұмыскерді тағайындауға және функцияларды атқаруына жауапты болады.

12. Археологиялық олжалар

131. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлауға;

2) табылған Археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдауға;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскедегі қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуға тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде , табылған объектілерді меншікті қаражаттар есебінен алып шығуға және шығаруға;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын рәсімдерді жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

132. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде құрылысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

133. Археологиялық олжалардың себебінен жұмыстардың тоқтатыла тұруы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

134. Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде Құрылыс жұмыстары күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

135. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және кез келген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

136. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзарту жүзеге асырылады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

137. Жекеше әріптес Археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкіндігінше қысқартуға міндетті. Осы мақсат үшін ол құзыретті органдармен неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша, сондай-ақ Мемлекеттік әріптес бекітетін олжаларды алу жоспарын жасау және оны жаңа мерзімдерге сәйкес келтіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша Мемлекеттік әріптес ынтымақтастық жасауға міндеттенеді.

138. Жер учаскесінде табылған Археологиялық олжалар заңнамаға сәйкес мемлекеттің меншігіне беріледі.

13. Қауіпті қалдықтарды көмулер

139. Қауіпті қалдықтарды көмулер табылған жағдайда, Жекеше әріптес: күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті Уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабардар етуге;

Қауіпті қалдықтарды көмулердің теріс салдарын жою мақсатында, заңнаманың талаптарына сәйкес, тиісті түрде және меншікті қаражаттар есебінен

Қауіпті қалдықтардың көмулерін жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті іс-шараларды жүргізуге және аяқтауға міндеттенеді.

140. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен Қауіпті қалдықтарды көмулердің табылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде құрылысты тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті Уәкілетті органды хабардар етеді.

141. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кез келген ұсынымдарын есепке алады және Жер учаскесіндегі Қауіпті қалдықтарды көмулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

142. Жекеше әріптес Қауіпті қалдықтарды көмулерді тапқан жағдайда Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде Құрылыс жұмыстары күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

143. Егер тиісті Уәкілетті органның зерттеу нәтижесі Құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттігін көрсеткен жағдайда, онда осындай ұзарту жүзеге асырылады және Үлгілік шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14. МЖӘ объектісіне меншік құқықтары және оларды беру тәртібі

144. МЖӘ жобасы мемлекеттік меншікке берілмейді.

145. Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің бітуі бойынша МЖӘ жобасын иелену және пайдалану құқығы Жекеше әріптеске жер учаскесін кадастрлық құны бойынша сатып алғаннан кейін өтеді.

15. МЖӘ объектісін пайдалану

146. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін Жоспарлы аяқтау күнінен бастап Үлгілік шарттың әрекет ету мерзімінің өту күніне дейін пайда алу мүмкіндігімен, Қызметтерді ұйымдастыру үшін пайдаланады.

147. МЖӘ объектісі ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл мерзімге пайдалануға беріледі.

148. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде дербес және өз есебінен:

- 1) мүліктің техникалық құрамын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) мүліктің ағымдағы жөндеуін жүзеге асырады;
- 3) мүлікті пайдаланумен байланысты барлық төлемдерді жүргізеді;
- 4) өртке қарсы, санитариялық және заңнамада белгіленген өзге де нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

149. Жекеше әріптес өзінің басқа мүлкінен оған пайдалануға берілген мүлікті жекешелейді және ол бойынша дербес есеп жүргізеді.

150. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін иеліктен шығаруға, оның мүлкін кепілге беруге, мақсатты тағайындалуын өзгертуге, Мемлекеттік әріптестің келісімінсіз қабырғаларды бұзуды немесе тұрғызуды, ғимараттың жоспарлануын өзгертуді қоса алғанда, мүлікке қандай да бір өзгерістер (ағымдағы және күрделі жөндеуден басқа) енгізуге құқығы жоқ.

151. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігін ұсынады, ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) кепілдік Құрылыс кепілдігі аяқталған күннен бастап, қабылдау актісіне сәйкес, МЖӘ объектісінің құнынан ___% мөлшерінде беріледі;

2) кепілдік Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап кері қайтарып алынады;

3) кепілдік Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 10-қосымшада көрсетілген, көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзған жағдайда, аталған Пайдалану кепілдігі бойынша талаптар қоюға мүмкіндік береді;

4) кепілдік инфляцияның жылдық ___% мөлшерлемесіне индекстеледі;

5) кепілдік жыл сайынғы индекстеуді есепке ала отырып, әр ___ (жазбаша түрде көрсету) жыл сайын және Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен күнге дейін беріледі;

6) кепілдік Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 11-қосымшада көрсетілген нысан бойынша ресімделеді;

7) Пайдалану кепілдігінен айыппұлдар ұсталған жағдайда, Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінің сомасын күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде тиісті сомаға толтырады.

152. Көрсетілетін қызметтер сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісін толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін Төлем мөлшерлері Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 10-қосымшаның ережелеріне сәйкес айқындалады.

153. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығына және тәулігіне 24 сағат ішінде, жылдың әрбір күніне жауапты болады.

154. Жекеше әріптестің кінәсінен, Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

1) Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

осы тармақшаға сәйкес пайдаланудың ___ (пайдаланудың рұқсат етілген ең аз мерзімін көрсету) жылы өткенге дейін бұзған жағдайда, онда Мемлекеттік әріптеске Пайдалану кепілдігінің сомасы төленеді;

2) Мемлекеттік әріптес осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Бұзу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде Жекеше әріптеске тиісті сомадағы өтемақы төлеуге міндеттенеді.

155. Мемлекеттік әріптестің кінәсінен Жекеше әріптес Қызметтерді көрсету күнінен бастап Үлгілік шарттың айрықша талаптарын бұзған жағдайда:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұзады:

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады;

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Бұзу күнінен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде, Жекеше әріптес алған сақтандыру төлемдерін шегергендегі, пайда NPV _____ теңгеге тең болған кезде _____ %-ға тең болатын, Жекеше әріптес салған капиталдың ішкі мөлшерлемесін қамтамасыз ететін пайда сомасын қоса алғанда, Жекеше әріптес МЖӨ объектісін салу бойынша жұмсаған және орындалған жұмыстар актілерімен расталған күрделі шығындардан 100%-ға тең сомада өтемақы төлеуге міндеттенеді.

156. Егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдаяттарымен байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап Бұзу күніне дейін күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн бұрын басқа Тарапқа хабарлама жолдап, Үлгілік шартты бұза алады;

шарт осы тармаққа сәйкес бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске Пайдалану кепілдігін қайтарады.

157. Шарт Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігін ұсынбаған жағдайда және Пайдалану кепілдігінің Үлгілік шарттың 151-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға және Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӨ Үлгілік шартына 13-қосымшаның ережелеріне сәйкес келмеген жағдайда бұзылады.

158. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес МЖӨ объектісінің қауіпсіздігін және пайдалану сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

159. Жекеше әріптес пайдалану кезеңінде МЖӨ жобасын пайдаланумен айналысатын Басқарушы компанияны құрады.

16. МЖӨ объектісін жөндеу және жаңғырту

160. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап әр ___ (кезеңділігін көрсету) жыл сайын Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін ағымдағы жөндеу жүргізуге міндеттенеді.

161. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап күрделі жөндеу жүргізуге міндеттенбейді.

17. Салық салу

162. Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қызмет шеңберінде МЖӘ жобасы бойынша салық заңнамасымен реттелетін салықтық міндеттемелерді атқарады.

163. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

164. Үлгілік шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау Жекеше әріптесті Шарт аясынан тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеменің туындаған күніне қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемені орындаудан босатпайды.

18. Шығындарды өтеу және кірістер алу көздері

165. Мыналар:

сүт және ет өнімін сатып өткізу

ауыл шаруашылығы өнімін сақтау үшін қойма орындарын жалға беру
Жекеше әріптестің кірістер алу көздері болып табылады.

166. МЖӘ объектісінің құны әзірленген Жобалау-сметалық құжаттамаға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Үлгілік шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

167. Шығындарды өтеу көздері Заңның 9-бабына сәйкес көзделмейді.

168. Үлгілік шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19. Тұрақсыздық айыбы

169. Тараптар тұрақсыздық айыбын егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше айтылмаса, міндеттемелерді орындаудың Үлгілік шартқа сәйкес есептелген мерзімін кешіктірудің әрбір күні үшін МЖӘ объектісінің құнынан ___ % мөлшерінде төлейді.

20. Жергілікті қамту

170. Кадрлардағы жергілікті қамту мыналарды құрауға тиіс:

- 1) бірінші санат – басшылық құрам – ___%;
- 2) екінші санат – жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар – ___%;
- 3) үшінші санат – білікті жұмысшылар – ___%.

171. Жергілікті қамту:

1) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) – ___%;

2) Жекеше әріптес алатын (сатып алатын) тауарларда ___% құрауға тиіс.

172. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін, алатын (сатып алынатын) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі), тауарлардағы жергілікті қамту бойынша мәліметтерді ұсынады.

21. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

173. Мемлекеттік әріптестің:

1) Жекеше әріптеспен Үлгілік шарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;

2) Үлгілік шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүзеге асыруға;

3) Заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісінің мониторингін және салынуы мен пайдаланылуына бағалау жүргізуге;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Жекеше әріптестен талап етуге және алуға;

6) Заңнаманың және Үлгілік шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

7) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Жекеше әріптес міндеттемелерді бұзғаны, оның ішінде көрсетілетін қызмет сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісінің толық пайдалану дайындығының өлшемшарттарын бұзғаны үшін айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға;

9) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оны бұзуды талап етуге;

10) Заңнамаға және МЖӘ Үлгілік шартына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

174. Мемлекеттік әріптес:

- 1) ұйымдық-өкімдік құжаты негізінде өз өкілін тағайындауға;

2) Жекеше әріптеске Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес объектіні салу және пайдалану мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың құқықтарынан еркін Жер учаскесін беруді қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ объектісін салу және пайдалану мақсаттары үшін инженерлік желілерді (энергиямен жабдықтауға, сумен жабдықтауға, телекоммуникацияларға) орнату, жалғау және/немесе пайдалану үшін қол жеткізуге жәрдем көрсетуге;

4) Үлгілік шартта көзделген жағдайларда Жекеше әріптестің шығындарын өтеуге;

5) Жекеше әріптестің айрықша құқықтары мен міндеттерін Үлгілік шарттың бүкіл қолданылу мерзімінде Жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғаға бермеуге;

6) Заңнамада және Үлгілік шартта белгіленген өзге де талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

22. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

175. Жекеше әріптестің:

1) Үлгілік шартқа сәйкес ет және сүт өнімін сатып өткізуден кіріс алуға;

2) Үлгілік шартқа сәйкес пайдалану кезеңінде Басқарушы компаниямен объектіні басқарудан кіріс алуға;

3) Үлгілік шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті өз қалауы бойынша пайдалануға;

5) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Үлгілік шартта көзделген талаптармен жүзеге асыруға;

6) Мемлекеттік әріптестің келісімі бойынша Үлгілік шартқа сәйкес МЖӘ объектісін салу және пайдалану бойынша жұмыстарды орындау әрекеттері үшін Жекеше әріптес толық жауапты болатын кез келген үшінші тұлғаларды тартуға;

7) Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда шығындарды өтеуді талап етуге;

8) Мемлекеттік әріптес Үлгілік шартта белгіленген рәсімге сәйкес елеулі талаптарды бұзған жағдайда, Үлгілік шарттың бұзылуын талап етуге;

9) Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Үлгілік шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

10) Заңнамаға және Үлгілік шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

176. Жекеше әріптес:

1) Үлгілік шарт шеңберінде сенімхат негізінде өз өкілін тағайындауға;

2) Үлгілік шартқа, Жобалау-сметалық құжаттамаға, заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісін салу жұмысын Үлгілік шартта белгіленген мерзімде өз есебінен дербес немесе өзге тұлғаларды (мердігерлік ұйымдарды) тарту арқылы орындауға;

3) құрылыс аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісін пайдалануға беруді қамтамасыз етуге;

4) МЖӘ объектісінің бейінін сақтауға;

5) МЖӘ объектісінің мақсатты тағайындалуына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге;

6) МЖӘ жобасын іске асыру үшін тартылған және бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7) Жекеше әріптес МЖӘ объектісін салу кезеңіне көлік құралдарының, оның ішінде уақытша айналма жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз етуге;

8) Үлгілік шарттың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын Мемлекеттік әріптеске және оның өкілдеріне, қызметтік функцияларды орындайтын Мемлекеттік органдарға, олар Жекеше әріптес белгілеген қауіпсіздік шаралары сақталған жағдайда, МЖӘ объектісіне кез келген келу кезінде қажетті құжаттарды, ақпаратты және жұмыс орындарына рұқсат беруге, сондай-ақ, аталған тұлғалар анықтаған Үлгілік шартты және заңнаманы бұзуларды уақтылы, өз есебінен және өз күштерімен жоюға;

9) Заңнаманың талаптарына сәйкес және Үлгілік шартта белгіленген мерзімде Қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін МЖӘ объектісінің дайындығын қамтамасыз етуге;

10) Шартпен және заңнамамен талап етілетін, жүзеге асырылатын қызмет бойынша ақпарат пен есептерді Мемлекеттік әріптеске ұсынуға;

11) Қызмет көрсету үшін кәсіби кадрлардың уақтылы жиналуын жүзеге асыруға;

12) МЖӘ объектісін салу және пайдалану үшін жұмыскерлерді жалдауды жүзеге асыру кезінде бірдей өзге де талаптар жағдайында жергілікті кадрларға артықшылық беруге;

13) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде қазақстандық мердігерлік ұйымдарды, осындай мердігерлік ұйымдардың қызметтері мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда тартуға;

14) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде міндетті түрде, егер олар мемлекеттік және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болса, Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

15) Қызметті тұтынушылардың және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

16) мүліктің сақталуын және Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

17) Жекеше әріптес персоналы үшін тазалық пен жайлылықты қамтамасыз етуге;

18) МЖӘ объектісін салу мен пайдалану кезінде сапа менеджментінің халықаралық стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

19) МЖӘ объектісін салу кезінде тиімді, сапалы әдістер мен технологияларды таңдауға және пайдалануға;

20) МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезінде жұмыстардың сапасын қамтамасыз етуге;

21) Қазақстан Республикасының еңбек саласындағы, халықты жұмыспен қамту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауға;

22) МЖӘ объектісін пайдалану кезінде қолданыстағы қазақстандық және халықаралық стандарттарды сақтауға;

23) Үлгілік шартқа сәйкес кез келген Ақауларды және өзге де бұзушылықтарды уақтылы жоюға;

24) өзінің Жер учаскесіне құқықтарын басқа тұлғаларға бермеуге, оның ішінде жалға бермеуге;

25) әзірленіп жатқан Жобалау-сметалық құжаттаманы немесе оның бір бөлігін Мемлекеттік әріптеспен келіспей, үшінші тұлғаларға бермеуге немесе өзге тәсілмен пайдаланбауға, сондай-ақ иеліктен айырмауға;

26) көрсетілетін Қызметтерді және оның уақтылы жаңартылуын есепке ала отырып, МЖӘ объектісінің жабдықпен толықтырылуын қамтамасыз етуге;

27) Заңнамаға сәйкес Қызметті тұтынушылардың жеке бас деректерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

28) Үлгілік шартта және заңнамада белгіленген өзге талаптар мен Үлгілік шарттарды сақтауға міндетті.

23. Құқықтар мен міндеттерді беру

177. Жекеше әріптестің, Мемлекеттік әріптестің келісімімен және Шарт пен Заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Үлгілік шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге құқығы бар.

178. Үлгілік шартты тоқтату Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзге тұлғаларға беру туралы мәмілелерді тоқтатуға негіз бола алады.

179. Егер беру Үлгілік шарттарында өзгеше белгіленбесе, құқықтар мен міндеттерді беру бойынша барлық шығыстар Жекеше әріптестің шығыстарына

жатқызылады. Жекеше әріптес және Үлгілік шарт бойынша құқық пен міндет берілетін тұлға ортақ жауапкершілікте болады.

180. Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беру Үлгілік шарттың 29-бөлімінің 207-тармағына сәйкес Үлгілік шартқа тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігіне алып әкеледі және осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

181. Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруден бас тартуға құқылы.

182. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің рұқсатынсыз жасаған Үлгілік шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге бағытталған мәмілелер мен өзге де іс-қимылдар оларды жасасу сәтінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

24. Мемлекеттік әріптестің Үлгілік шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

183. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын орындауын, Үлгілік шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімін, сондай-ақ МЖӘ объектісін пайдалану бойынша міндеттемелердің Үлгілік шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

184. Бақылаудың негізгі бағыттары:

- 1) МЖӘ объектісін пайдалану мен бейінін сақтаудың тиімділігі;
- 2) көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту;
- 3) Үлгілік шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

185. Жекеше әріптес _____ (кезеңділігін көрсету) Мемлекеттік әріптеске Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны туралы есепті есепті кезең аяқталған күннен бастап күнтізбелік __ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде ұсынады.

186. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің қызметін бақылауды жүзеге асыру барысында Жекеше әріптестің Үлгілік шарттың талаптарын сақтауына елеулі әсер ететін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Үлгілік шарттың 27-бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырады.

187. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті ұсынады.

188. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Үлгілік шартта көзделген міндеттерді

тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

25. Тәуекелдерді бөлу, бағалау және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар

189. Тараптар, Үлгілік шарттың талаптарына сәйкес, МЖӘ жобасы бойынша тәуекелдерге жауапты болады.

190. Тараптар, Үлгілік шарттың өзге бөлімдерінде белгіленген тәуекелдерді бөлуді, бағалауды және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды ескере отырып, Ауыл шаруашылығы саласындағы (сервистік-дайындау орталығы) МЖӘ Үлгілік шартына 13-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

26. Тараптардың жауапкершілігі

191. Тараптар Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Үлгілік шартта және заңнамада көзделген жауапкершілікте болады.

192. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің алдында МЖӘ объектісін салу кезінде Үлгілік шартта белгіленген талаптарды, техникалық регламенттердің, Жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарын, МЖӘ объектісінің сапасына қойылатын өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.

193. Үлгілік шартта көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, Мемлекеттік әріптес бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Жекеше әріптеске жазбаша түрде Үлгілік шарттың және/немесе талаптары бұзылған құжаттың тармағын көрсете отырып, анықталған бұзушылықты өтеусіз жою, сондай-ақ Жекеше әріптестің бұзушылығынан туындаған шығындарды Мемлекеттік әріптеске өтеу талабын жібереді. Бұл ретте бұзушылықтарды жою мерзімі күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күнді құрайды.

194. МЖӘ объектісінде Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін сапасыз салуынан туындаған Ақаулар анықталған кезде, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестен анықталған Ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде не Тараптармен жазбаша келісілген өзге мерзімде мұндай ақауларды өз есебінен жояды.

195. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске, Жекеше әріптес Үлгілік шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, тиісті бюджетке айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

196. Мемлекеттік әріптес міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

197. Егер Үлгілік шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, айыппұлды/өсімақыны Тараптар Үлгілік шартқа сәйкес есептелген міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін МЖӘ объектісінің Құнынан ___% мөлшерінде төлейді.

198. Екінші Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін бұзуы Үлгілік шартта көзделген міндеттерді орындауға кедергі болған жағдайда, Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттерін орындауды бастамауға немесе екінші Тарапты ол туралы дереу хабардар ете отырып, олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

199. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске МЖӘ объектісін пайдалану кезінде жіберіп алған пайданы және мүліктің жойылуынан немесе бүлінуінен болған шығындарды оның табиғи тозуын есепке ала отырып өтейді.

200. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында МЖӘ объектісін Үлгілік шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін Мемлекеттік әріптеске берген күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) жыл ішінде МЖӘ объектісін салу бойынша жұмыстардың сапасына жауапты болады.

201. Егер Жекеше әріптес осы шығындар еңсерілмес күш салдарынан не Мемлекеттік әріптестің әрекетінен пайда болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген залалдар үшін жауапты болады.

202. МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша борыштар Жекеше әріптестің мүлкі және оған тиесілі төлемдер есебінен өтеледі.

27. Дауларды шешу тәртібі

203. Үлгілік шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

204. Егер Үлгілік шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар ___ (жазбаша түрде көрсету) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Үлгілік шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

28. Шарт тұрақтылығының кепілдіктері

205. Жекеше әріптеске заңнамаға сәйкес оның құқықтарын қорғауға кепілдік беріледі.

206. Егер Үлгілік шартта және заңнамада өзгеше көзделмесе, Тараптардың келісімі бойынша Үлгілік шарттың талаптарын өзгертуге және толықтыруға жол беріледі.

29. Үлгілік шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу Үлгілік шарттары

207. Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптестің өзара келісімі бойынша, Үлгілік шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Үлгілік шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

208. Шарт:

1) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен;

2) мерзімінен бұрын бұзылған;

3) сот шешімі;

4) Жекеше әріптес таратылған;

5) Заңнамада және Үлгілік шартта көзделген өзге де жағдайларда қолданысын тоқтатады.

209. Үлгілік шарттың қолданысын ұзарту Қазақстан Республикасының "МЖӘ туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 48-бабына сәйкес мүмкін болады.

210. Алдын ала талаптарды орындау кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

211. МЖӘ объектісін салу кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 11-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

212. МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзу Үлгілік шарттың 15-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

213. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі өткен кезде, оның ішінде Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Жекеше әріптестің жабдығы Жекеше әріптеске қайтарылады.

214. Үлгілік шарт 208-тармағына сәйкес іс-қимыл тоқтатылған жағдайда, Жұмыстардың тоқтатылуы мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Жекеше әріптес Үлгілік шарттың әрекет етуінің тоқтатылуы бойынша дереу:

МЖӘ объектісінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажеттілерді қоспағанда, барлық жұмыстарды тоқтатуға;

Жекеше әріптес толық көлемде толық төлем алған Жабдықты, материалдарды және тауарларды Мемлекеттік әріптеске беруге;

құрылыс алаңының қауіпсіз күйін ұстау үшін қажеттілерді қоспағанда, құрылыс алаңынан барлық тауарлар мен материалдарды жоюға міндетті.

2) құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы жұмыстардың тоқтатылуы туралы актпен рәсімделеді, онда міндетті түрде: оны жасау орны, жасау күні мен уақыты, Тараптардың деректемелері, құжаттаманың, Жекеше әріптес төлем алған және осы тармақтың 1)-тармақшасының талаптарына сәйкес құрылыс алаңында қалдыруға міндетті материалдар мен тауарлардың нақты сипаттамасы көрсетіледі. Жұмыстардың тоқтатылуы туралы актқа міндетті түрде Үлгілік шарттың екі Тараптары қол қоюы және Тараптардың әрқайсысының мөрімен басылуы тиіс.

Мемлекеттік жеке әріптестік нысанын пайдалану кезеңінде Үлгілік шарт бұзылған жағдайда, қызмет көрсету Мемлекеттік серіктеске ауысады.

30. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар

215. Мемлекеттік әріптеске Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде өз есебінен алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша мүлдіктік құқықтар өтеусіз беріледі.

216. Жекеше әріптес алған зияткерлік қызметтің нәтижелеріне Мемлекеттік әріптестің құқықтарын тіркеуді Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әріптестен алынған өкілеттіктердің негізінде жүзеге асырады.

217. Жекеше әріптес Үлгілік шарттың 239-тармағында көрсетілген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды беру кезіне ол үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары мен талаптарынан бос зияткерлік қызмет нәтижелеріне барлық айрықша мүлдіктік құқықтың заңды құқық иеленушісі болып табылатынына кепілдік береді. Жекеше әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кез келген үшінші тұлғалардың барлық талаптары, наразылықтары мен талап арыздары бойынша толық жауапты болады.

218. Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелерін берумен бір мезгілде Мемлекеттік әріптеске зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқығы ауысады және оларды пайдаланудың айрықша мүлдіктік құқықтары ауысады.

219. Мемлекеттік әріптес зияткерлік қызметтің нәтижелеріне билік етуге және оларды кез келген нысанда, кез келген тәсілмен және өзінің қалауы бойынша:

зияткерлік қызметтің нәтижелерін қалпына келтіруге (қалпына келтіру құқығы);

зияткерлік қызметтің нәтижелерін кез келген тәсілмен таратуға: сатуға, өзге де операцияларды жасауға (тарату құқығы);

зияткерлік қызметтің нәтижелерін жария көрсетуге (жария көрсету құқығы);

автормен жазбаша келісім бойынша зияткерлік қызметтің нәтижелеріне өзгерістер енгізуге, автормен жазбаша келісім бойынша қайта жасауға немесе басқаша түрде коммерциялық орындылығы үшін зияткерлік қызметтің нәтижелерін қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

зияткерлік қызметтің нәтижелерін іс жүзінде сатуға, пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды іске асыруға құқылы.

31. Үлгілік шарттың тілі

220. Шарт мемлекеттік, орыс және Тараптар үшін қолайлы басқа тілде, бірдей заңды күшке ие төрт түпнұсқа данада, олардың ішінде 2 данасы Мемлекеттік әріптес үшін және 2 данасы Жекеше әріптес үшін жасалды.

221. Үлгілік шарттың мазмұнын айқындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____ тілдегі (керек тілді көрсету) мәтін нұсқасының күші басым болады.

222. Тараптар мемлекеттік және орыс тілдері қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатыны жөнінде уағдаласады.

223. Шарт күшіне енген күннен бастап, Үлгілік шартты орындауға қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

32. Үлгілік шарттың қолданылу мерзімдері

224. Үлгілік шарт тиісті тіркеу органында заңнамада көзделген тәртіппен мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және мыналарды қамтитын ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл ішінде қолданылады:

1) Қаржылық жабу кезеңі – Үлгілік шартты Тіркеу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай;

2) МЖӘ объектісін салу кезеңі – Қаржылық жабу күнінен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) ай;

3) МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі – ____ (жазбаша түрде көрсету) жыл.

225. Жекеше әріптес Үлгілік шартқа қол қою және оны тіркеу кезінде алымдар мен төлемдерді, егер осындайлар заңнамамен көзделетін болса, төлеу бойынша шығыстарды өтейді.

33. Сақтандыру

226. Тараптар сақтандыруға жататын тәуекелдерді айқындайды, оларды Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандырады.

227. Сақтандыру мүліктік тәуекелдер үшін және мыналарға:

1) құрылыс жүргізу орнына жеткізілетін жүктерді тасымалдауға және қоймаға орналастыруға;

2) жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда, Жекеше әріптестің салуда және пайдалануда пайдаланатын мүлкіне;

3) жерді қоса алғанда, қоршаған ортаны ластауға және қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың салдарын жоюға арналған шығыстарға;

4) үшінші тұлғалар алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдері үшін көзделеді.

228. МЖӘ объектісін және Жекеше әріптестің жабдығын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӘ объектісінің зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген залалдан сақтандыру шартын жасасуға міндетті. Сақтандыру шарты Үлгілік шарттың қолданылу кезеңі ішінде қолданыста болуға тиіс;

2) Жекеше әріптес Жекеше әріптестің жабдығының зақымдалуы немесе жойылуы салдарынан оны иеленумен, пайдаланумен, билік етумен байланысты мүліктік мүдделерге келтірілген залалдан сақтандыруға міндетті. Жекеше әріптес жабдығының кез келген заты үшін сақтандыру шарты осы жабдықты құрылыс алаңына тасымалдау сәтінен оны жабдық ретінде пайдалану қажеттігі болмайтын сәтке дейін қолданыста болуға тиіс;

3) Жекеше әріптес жасайтын барлық сақтандыру шарттары, шығынды немесе зақымдалуды өтеудің бір ғана мақсатында Тараптар арасында бөлінуге тиіс сақтандыру төлемдерін алуға ортақ құқыққа ие Тараптардың топтық Үлгілік шарттары ретінде ресімделуге тиіс;

4) мемлекеттік меншікке берілген МЖӘ объектісі бойынша сақтандыру шартында пайда алушы Мемлекеттік әріптес болады.

229. Жеке тұлғаларға және мүлікке зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру:

1) Жекеше әріптес, Жекеше әріптес Үлгілік шартты орындау салдарынан туындауы және Үлгілік шарттың қолданысы аяқталғанға дейін орын алуы мүмкін, кез келген мүлікке (Үлгілік шарттың 228-тармағына сәйкес сақтандырылған заттарды қоспағанда) келтірілген кез келген залал және/немесе зақым, сондай-ақ кез келген жеке тұлғаға (Үлгілік шарттың 229-тармағына сәйкес сақтандырылған тұлғаларды қоспағанда) келтірілген өлім жағдайы немесе дене зақымы үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті;

2) сақтандыру шарттары:

Заңнамаға сәйкес барлық Тараптардың атынан жасалуға;

Жекеше әріптестің Үлгілік шартты орындау нәтижесінде келуі мүмкін Мемлекеттік әріптес меншігінің кез келген жоғалуы немесе зақымдалғаны үшін жауапкершілікті жабуды қамтуға тиіс.

230. Жекеше әріптестің персоналын сақтандыру:

1) Жекеше әріптес заңнаманың талаптарына сәйкес, Жекеше әріптестің персоналына келтірілген жарақат, ауру, сырқат немесе өлім нәтижесінде туындаған талаптардан, залалдардан, шығындардан және шығыстардан (сот шығасылары мен төлемдерін қоса алғанда) Сақтандыру шартын жасасуға міндетті;

2) сақтандыру шарты Жекеше әріптестің персоналы МЖӘ объектісін салуды және пайдалануды орындаумен, оның ішінде Қызметтер көрсету кезінде орындаумен байланысты функцияларды атқаратын уақыт бойы өз күшінде болады.

231. Жекеше әріптес өз қалауы бойынша Заңнамаға сәйкес сақтандыру компанияларын таңдайды.

34. Құпиялылық

232. Үлгілік шарттың ережелері, Үлгілік шартты орындау процесінде қандай да бір Тарап алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады. Тараптар құпия ақпаратты қажетті есептерді жасау үшін пайдалана алады.

233. Тараптардың мына жағдайларды:

1) азаматтық-процестік және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат беруді;

2) ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілетін жағдайды;

3) ақпарат үшінші тұлға осындай ақпаратты құпия ретінде қарау және оны Үлгілік шартта көзделген, Тараптар белгілеген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, Жекеше әріптеске қызмет көрсететін үшінші тұлғаға берілетін жағдайды;

4) инвестор осындай ақпаратты құпия ақпарат ретінде қарау және оны МЖӘ жобасында көзделген мақсаттарда ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Жекеше әріптес МЖӘ жобасына қаржы қаражатын тарту туралы келіссөздер жүргізетін инвесторға берілетін жағдайды қоспағанда, құпия ақпаратты екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

234. МЖӘ объектісін салу мен пайдалануға қатысы бар барлық құжаттар, ақпараттар мен есептер бойынша Үлгілік шарттың қолданылу мерзіміне құпиялылықты сақтау мерзімі белгіленеді.

35. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор)

235. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына:

1) Үлгілік шарт бойынша қандай да бір Тараптың әрекеттерін бақылау шегінен тыс шыққан;

2) Тарап олар туындаған кезде алдын ала болжай алмайтын, құтыла алмайтын немесе еңсере алмайтын;

3) Тараптардың біреуінің бұзушылығының тікелей салдары болып табылмайтын ерекше оқиға немесе жағдаят жатады.

236. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) мынадай ерекше оқиғадан немесе жағдаяттан (бірақ олармен шектеліп қалмай), Үлгілік шарттың 262-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда) тұруы мүмкін:

1) әскери іс-әрекеттер;

2) террористік акт, төңкеріс, көтеріліс;

3) Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала ұйымдастырған тәртіпсіздіктер мен ереуілдер;

4) табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етудің мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлар.

237. Тараптар мынадай оқиғалар:

1) Тараптар жол берген абайсыз немесе қасақана әрекет, қателіктер, әрекетсіздік, Үлгілік шартты бұзу немесе заңнаманы сақтамау;

2) тек Жекеше әріптестің персоналына немесе қандай да бір Қосалқы мердігерге қатысты ереуілдер, жұмыс қарқынының төмендеуі;

3) Жекеше әріптестің күрделі экономикалық жағдайы немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруі Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) болып табылмайтынымен келіседі.

238. Еңсерілмейтін күш жағдаятының орын алу фактісі, мүмкіндігінше, тиісті Еңсерілмейтін күш жағдаятының орын алуын тіркеуге уәкілетті органдардың қорытындыларымен және анықтамаларымен расталуға тиіс.

239. Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алғаны туралы хабарлама:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) әсер еткен Тарап бұл туралы екінші Тарапты, бірінші Тарап мұндай жағдаяттардың орын алғаны туралы білгеннен немесе білуге тиіс сәттен бастап күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күннің ішінде жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарлама Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алу күніне, оның қолданылуының болжамды мерзімін көрсетуге, мұндай жағдаятты және оның Еңсерілмейтін күш жағдаятынан (форс-мажор) зардап шеккен Тараптың Үлгілік

шартты орындауына әсерін егжей-тегжейлі сипаттауға, сондай-ақ Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап қолдануға ниетті әрекеттердің сипаттамасынан тұруға тиіс. Көрсетілген хабарламаға Үлгілік шарттың 238-тармағына сәйкес Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) орын алуының құжаттық растаулары қоса берілуге тиіс.

3) Тарап екінші Тарапқа осындай хабарламаны жолдағаннан кейін, осы Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әрекет ету уақытына Үлгілік шарт бойынша көрсетілген міндеттемелерді орындаудан босатылады.

240. Үлгілік шартты уақтылы орындамаудың барынша азайту міндеті:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаятының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай жағдаяттан туындаған жағдайды түзету үшін бар күшін салуға және оның салдарларын азайтуға тиіс;

2) әрбір Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) орын алуынан туындаған кез келген кідірісті барынша азайту үшін кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

241. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажор) салдары:

1) Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) зардап шеккен Тарапқа әсер етуін тоқтатқан соң және оған Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға одан әрі кедергі келтірмейтін болса, онда мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлауға және Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жаңартуға тиіс;

2) егер Тараптың Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға қандай да бір әсер ететін Еңсерілмейтін күш жағдаяттары (форс-мажор) күнтізбелік ___ (жазбаша түрде көрсету) күннен көп жалғасатын жағдайда, онда Тараптардың кез келген екінші Тараптан кездесу өткізуді талап етуге және қалыптасқан жағдайдан шығуды іздестіру туралы мәселені талқылауға құқылы;

3) Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі және Тараптардың Үлгілік шарт бойынша белгілі бір іс-қимылдарды орындау мерзімі Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тарап Үлгілік шарт бойынша өз міндеттемелерін және тиісті іс-қимылдарды толық көлемде орындай алмаған уақыт кезеңіне тең кезеңге ұзартылуға тиіс. Егер Еңсерілмейтін күш жағдаяттарының (форс-мажордың) әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелері мен әрекеттері ішінара ғана тоқтатылған жағдайда, Тараптар барлық ілеспе жағдаяттарды есепке ала отырып, осындай кезеңнің (немесе сатының) тиісті ұзартылуын талқылау және келісу үшін кездесулері тиіс.

36. Қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

242. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектісін салу, пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде Жекеше әріптес персоналының қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманың нормалары мен талаптарын сақтауға;

2) жұмыстарды жүргізудің оң практикасын басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ меншікті жоюға қауіп төндіретін апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау бойынша қажетті барлық шараларды қолдануға;

3) экологиялық заңнамаға және Қазақстан Республикасының МЖӘ объектісін пайдалану кезінде Жекеше әріптестің қызметімен экологияға келтірілген залалды барынша азайтуға бағытталған экологияны қорғау саласындағы халықаралық Үлгілік шарттарына сәйкес өзге де іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

243. Егер МЖӘ объектілерін салу және пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, аталған жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

244. Үлгілік шарт бойынша жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар:

1) жұмыстарға арнайы даярлығы мен біліктілігі бар адамдарды, құрылыс жұмыстарына басшылық етуге тиісті арнайы білімі бар, заңнамаға сәйкес міндетті медициналық тексеруден өткен адамдарды жіберу;

2) құрылыс жұмыстарында істейтін адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитариялық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен материалдарды қолдану;

4) техникалық құжаттаманы және апаттарды жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шектерін нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

5) ғимараттарды әзірлеу мен жайластырудың жобалау жүйелерін, жобалары мен технологиялық схемаларын сақтау болып табылады.

245. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

246. Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес бұл туралы тиісті саладағы жергілікті атқарушы органдарды (бірақ олармен шектеліп қалмай) дереу хабардар етуге міндетті.

247. Үлгілік шарт бойынша қызмет ықпал ететін аймақтағы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Жекеше әріптес жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша, жұмыстарды бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге де шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде, Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша жұмыстарды халық қауіпті аймақтан көшірілгеннен кейін ғана қайта бастауға құқылы.

248. Жекеше әріптес, заңнамаға сәйкес, оның кінәсінен Жекеше әріптес персоналының денсаулығына келтірілген зиянды өтейді.

249. Жекеше әріптес апаттар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалық құжаттардың құрамында бекітуге міндетті.

250. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды және есептіліктің уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді.

37. Хабарламалар

251. Үлгілік шарт шеңберіндегі барлық хабарламалар мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

252. Кез келген хабарламаны, егер ол кіріс корреспонденция ретінде тіркелген болса, Тарап алған болып есептеледі.

253. Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хабарландыру Жекеше әріптеске және/немесе Жекеше әріптестің өкіліне жолдануға тиіс.

254. Үлгілік шарттың ережелеріне сәйкес Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске жолдаған кез келген хабарлама немесе хабарландыру Мемлекеттік әріптеске және/немесе Мемлекеттік әріптестің өкіліне жолдануға тиіс.

255. Мемлекеттік әріптес және Мемлекеттік әріптестің өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Жекеше әріптес өкілінің кез келген әрекетін Жекеше әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарауға құқылы.

256. Жекеше әріптес және Жекеше әріптестің өкілі Үлгілік шартқа сәйкес Мемлекеттік әріптес өкілінің кез келген әрекетін Мемлекеттік әріптес тікелей мақұлдаған әрекет ретінде қарауға құқылы.

38. Қорытынды ережелер

257. Үлгілік шартқа барлық қосымшалар мен толықтыруларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

258. Үлгілік шарт бойынша кез келген хат алмасу мынадай мекен-жайлар бойынша жіберіледі:

Мемлекеттік әріптес: _____;

Жекеше әріптес: _____.

Тараптардың Үлгілік шарттың талаптарын өзгертетін Үлгілік шарт бойынша хат алмасуының заңды күші болмайды.

259. Тараптардың заңды мәртебесін не ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту Үлгілік шарттың қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Үлгілік шартты бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті құқықтық мирасқорларға ауысады. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан орны мен өзге де деректемелерінің өзгеруі туралы бірін-бірі жазбаша нысанда күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

260. Шарт Тараптар арасындағы толық келісім болып табылады және ол Шарт нысанасына қандай да бір қатысы бар бұрын болған барлық ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтарды, өтініштерді немесе келісімдерді алмастырады.

261. Тараптардың ешқайсысы да Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтармен, өтініштермен немесе келісімдермен байланысты немесе оларға қатысты жауапты болуға міндетті болмауға тиіс.

262. Сондай-ақ Тараптардың әрқайсысы осы Шарт жасалған кезде ол Үлгілік шартта баяндалмаған қандай да бір ауызша немесе жазбаша, айтылған немесе топшыланған уағдаластықтарға, өтініштерге немесе келісімдерге ешқандай сүйенбегендігін және қандай да бір түрде сүйенбейтіндігін мойындайды және онымен келіседі.

263. Үлгілік шарт бойынша Тараптарды құқықтық қорғаудың құқықтары мен құралдары қолданылатын құқықпен көзделген құқықтық қорғаудың қандай да бір құқықтары мен құралдарына қосымша, бірақ оларды алмастырмайтын құқықтар мен құралдар болады.

264. Үлгілік шартқа және заңнамаға сәйкес ресімделетін барлық актілер міндетті түрде төрт түпнұсқалық данада, әр Тарап үшін мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде екі данадан жасалуға тиіс.

265. Үлгілік шарттың барлық қосымшалары және оған қосымша келісімдер Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде заңды күшке ие және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюлары тиіс.

39. Тараптардың мекен жайлары мен банктік деректемелері:

Мемлекеттік әріптес		Жекеше әріптес
(толық атауы)		(толық атауы)
(мекен жайы)		(мекен жайы)
(телефон, факс)		(телефон, факс)
(ТАЖ)		(ТАЖ)
(қолы)		(қолы)
"__" ____, 20__ ж.		"__" ____, 20__ ж.
МО.		МО.

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ объектісі

МЖӘ объектісі _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және сатып өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығы болып табылады.

Сервистік-дайындау орталығының қуаты – ___ тонна сүт және ___ тонна ет өнімі, сондай-ақ ауданы ___ м² азық-түлік қоймасы.

МЖӘ жобасы бойынша сервистік-дайындау орталығы келесі объектілерден тұратын болады:

Объектінің атауы	Саны, дана
Шикі сүтті қабылдау пункті	
Шикі сүтті дайын өнімге өңдеу пункті	
Тірі салмақтағы етті қабылдау пункті	
Етті сатып өткізу үшін өңдеу пункті	
Ауыл шаруашылығы өнімін дайындау және сақтау пункті	

СДО автокөлігі және техникасы

Объектінің атауы	Саны, дана
Сүт өнімдерін тоңазытқыш жабдықтармен тасымалдау үшін жүк машинасы	
Ет өнімдерін тоңазытқыш жабдықтармен тасымалдау үшін жүк машинасы	
Дайын сүт өнімдерін тоңазытқыш жабдықтармен тасымалдау үшін жүк машинасы	

Қоймада жұмыс істеу үшін ашалы жүк тиегіш	
Басшылық үшін жеңіл көлік	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
2-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесі

Жобаны қаржылық жабу	Шарт жасасқаннан кейін ___ ай
МЖӘ объектісін салу кезеңі	20__–20__ (___ ай);
Жекеше әріптестің МЖӘ объектісін пайдалану кезеңі	20__ – 20__ ж. (___ жыл)
МЖӘ объектісін Үлгілік шартта белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге дейін жеткізу мерзімдері	қаржылық жабу кезінен бастап ___ айдан кешіктірмей
Қызметтерді іске асырудың басталу мерзімдері	МЖӘ объектісін пайдалануға берген кезден бастап ___ айдан кешіктірмей
Үлгілік шарттың қолданылу мерзімі	___ жыл.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
3-қосымша
Нысан

Қаржы-экономикалық жоспар

Жобамен Жекеше әріптестің жобаны салу және пайдалану кезеңдерінде басқаруы үшін саны ___ адамды құрайтын (лауазымдарын көрсету) Басқарушы компанияны тарту жоспарланады.

1. Сервистік-дайындау орталығының штаттық бірліктер саны, адам.

Атауы	саны
Әкімшілік-басқару персоналы	
Директор	

Бухгалтер-кассир	
Маркетолог-консультант	
Өндірістік персонал	
Сүт қабылдау пунктiнiң жұмысшысы	
Сүт өңдеу пунктiнiң жұмысшысы	
Ет қабылдау пунктiнiң жұмысшысы	
Ет өңдеу пунктiнiң жұмысшысы	
Өнімді дайындау және сақтау пунктiнiң жұмысшысы	
Өнімді сатып өткізу пунктiнiң жұмысшысы	
Қызмет көрсетуші персонал	
Сүт өнімі бар машинаның жүргізушісі	
Ет өнімі бар машинаның жүргізушісі	
Барлығы	

2. МЖӨ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	МЖӨ объектісінің құны		
1.1	Құрылыс құны		
	Құрылыс-монтаждау жұмыстары		
	Жабдық		
	Өзге шығыстар		
1.2	<p>1) тиісті саланың сметалық нормалары мен бағаларының жинағына, тиісті саладағы жобалау жұмыстары бағаларының жинағына, Жобалау және құрылыс салу жөніндегі қағидалар жиынтығына сәйкес айқындалатын жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу;</p> <p>2) тиісті саланың нормативтеріне сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізу (ведомстводан тыс кешенді сараптама, техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және басқалары);</p> <p>3) МЖӨ объектісін пайдалануға бергенге дейін лицензияларды, патенттерді, рұқсаттарды және де қолданыстағы</p>		

	заңнамаға сәйкес көзделген басқа да құжаттарды алу шығыстары		
1.3	Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес МЖӘ объектісін құру кезеңінде нормативтік мандер шегіндегі техникалық және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құру (салу) кезеңіндегі компанияны басқаруға жұмсалатын шығыстар		
	1) қарыз капиталының нарығында белгіленген нарықтық сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелетін қысқа және ұзақ мерзімге тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге жұмсалатын шығыстар. Инвестицияларды Қазақстан Республикасының қарыз капиталы нарығында тартқан жағдайда қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу шығыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің берілген кредиттер бойынша (орташа өлшенген) сыйақы мөлшерлемелері статистикасының деректері негізінде айқындалады (http://www.nationalbank.kz), шетел капиталы тартылған кезде - сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар		

1.4

LIBOR мөлшерлемесі және 3% мөлшеріндегі маржа ескеріле отырып есептелетін болады;

2) МЖӘ объектісін құру және (немесе) реконструкциялау кезеңіндегі инфрақұрылымдық облигациялар бойынша есептелетін сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығыстар, олар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, мақұлданған тиісті Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес есептеулер кезіндегі қаржы-экономикалық үлгіде (бұдан әрі - ҚЭҮ) болжанатын инфляция (тұтынушылық бағалар) деңгейі + облигациялар айналымының бүкіл мерзімі бойында қолданылатын белгіленген маржа ретінде айқындалады;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің сайтында (<http://economy.gov.kz/kz/>) орналастырылған, мақұлданған тиісті Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамына сәйкес шетел валютасындағы кредиттер бойынша бағамдық айырмашылықтарға жұмсалатын шығыстар

Сақтандыру қызметтерінің нарығын зерттеп-қарау нәтижелері

1.5	бойынша сақтандыру қызметінің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі бойынша сақтандыруды қоса алғанда, МЖӘ объектісін құруға байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне жұмсалатын шығыстар		
1.6	Салық заңнамасында көзделген нормалар шегінде жаңа объектіні құруда (салуда) тікелей қолданылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге есептелетін амортизация		
1.7	1) KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы KASE келісіміне қатысушы банктердің көрсетілетін қызметтерінің орташа тарифтері ретінде айқындалатын қарыздарды тарту бойынша басқа да шығыстар. Тарифтер жария ақпарат болып табылады және тиісті қаржы ұйымдарының сайттарында орналастырылған; 2) нарықты зерттеп-қарау нәтижелері бойынша тиісті көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағаларына сәйкес инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыру; 3) банктік кепілдік беру қызметтері нарығын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша банктік кепілдік беру қызметтерінің нарықтық бағаларына сәйкес		

	<p>банктік кепілдік беру бойынша банктің ақылы көрсетілетін қызметтері мен комиссиялары;</p> <p>4) уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдер;</p> <p>5) аудиторлық компаниялардың бағалық ұсыныстарына сәйкес аудиторлық тексерулер;</p> <p>6) МЖӨ объектісін құруға арналған жоғарыда көрсетілген барлық шығыстар сомасының 1 % аспайтын көлемдегі МЖӨ объектісін құрумен байланысты өзге де шығыстар бойынша басқа да шығыстар</p>		
2	МЖӨ жобасының қаржылық көрсеткіштері		
2.1	МЖӨ жобасының таза келтірілген құны (NPV)		
2.2	Салынған капиталға таза келтірілген құн (NPV)		
2.3	МЖӨ жобасының ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.4	Салынған капиталға ішкі табыстылық нормасы (IRR)		
2.5	Өтелімділік мерзімі: 1) қарапайым; 2) дисконтталған.		
2.6	Қарыз тарту мерзімі		
2.7	Жекеше әріптестің кіріс көздері		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
2.8	Жекеше әріптестің шығыс түрлері		
	1) _____		
	2) _____		

	3) _____		
	...		
	n		
2.9	Түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге тариф:		
	1) _____		
	2) _____		
	3) _____		
	...		
	n		

* барлық шығыстар МЖӨ объектісін салу (құрылысын салу) кезеңіне қабылданады

Ескерту:

Мемлекет Жекеше әріптеске ұзақ мерзімге пайдалануға жер учаскесін беруге дайын. Үлгілік шарттың бітуі бойынша Жекеше әріптес жер учаскесін кадастрлық бағасы (жер учаскесінің 1м² бағасы _____ теңге, ауданы - _____ теңге, жалпы құны - _____ теңге) бойынша сатып алады.

Тараптардың қолдары

_____ Мемлекеттік әріптестің атынан

_____ Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӨ Үлгілік шартына
4-қосымша
Нысан

Алғашқы кепілдік

_____ 20__ ж. "___" _____
(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету)

Кепілгер: (ұйымды көрсету) _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Жекеше әріптес: (атауын көрсету) _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мемлекеттік әріптес: " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан _____ негізінде әрекет ететін _____, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____

Мыналарды:

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып _____ (жазбаша түрде көрсету) теңге сомасына 20__ жылғы "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған "_____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және сатып өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" жобасы бойынша 20__ жылғы "___" _____ № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепілгер мен Жекеше әріптес арасында жасалған Алғашқы кепілдікті беру туралы 20__ жылғы "___" _____ Үлгілік шартты **назарға ала отырып:**

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепілгер өзіне Мемлекеттік әріптеске оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының оннан бір пайызы мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шарт қойылмайтын міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Алғашқы кепілдік бойынша талаптары Кепілгерге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Алғашқы кепілдікте көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қол ақшасыз аударумен жүзеге асырылатын болады.

4. Алғашқы кепілдік Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцепт жүргізген сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ дейін қолданылады және Құрылыс кепілдігін беру күні (немесе қандай күннің ерте келуіне байланысты бұзу күні) аяқталады.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Шартпен және заңнамамен реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен бірге жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілгердің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілгердің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
5-қосымша
Нысан

Жер учаскесі

№ р.с	Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамасы
1	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акт	№ ____, 20__ ж. " __ " _____,
2	Кадастрлық нөмірі	№ ____ - ____ - ____ - ____
3	Жер учаскесін өтеусіз жер пайдалану мерзімі	____ жыл
4	Ауданы	____ га
5	Шекаралардың сипаттамалары	
6	Жерлердің санаты	
7	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	
8	Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар	
9	Жер учаскесінің бөлінуі	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
6-қосымша
Нысан

Қаржыландыру көздері

МЖӘ жобасын қаржыландыру көздері	Жекеше әріптестің меншікті қаражаты МЖӘ объектісін құру құнынан __%. Қарыз қаражаттары – МЖӘ объектісін салу құнынан __%.
Қаржыландыру мерзімдері	__ жыл мерзімге қарыз қаражаты. Жеңілдікті кезең (құрылыс кезеңінде) – __ ай.
Қаржыландыру кестесі	

Тараптардың қолдары

МЖӘ жобасын басқарудың институционалдық схемасы

МЖӘ жобасын іске асыру жоспары мынадай:

Инвестициялық кезең;

Инвестициялаудан кейінгі кезең сатыларын қамтиды.

Құрылыс кезеңінде МЖӘ схемасы бойынша жобаны басқару схемасы 1-суретте келтірілген.



*жобаға қатысқан жағдайда көрсетіледі

1-сурет. Құрылыс кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Схемаға сәйкес жоба қатысушыларының мынадай функциялары көзделген:

Мемлекеттік әріптес – Үлгілік шарттың атқарылуын бақылауды жүзеге асырады, сервистік-дайындау орталығын салу үшін қажетті жер учаскесін беруді және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді қоса алғанда, өзіне Үлгілік шартқа сәйкес міндеттемелерді қабылдайды;

Жекеше әріптес (жобалық компания) – МЖӘ объектісінің құрылысын қаржыландыруды, жоба бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді, "

дайын күйде" тікелей салуды (құрылысты), МЖӘ объектісін пайдалануға беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үлгілік шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды;

Инвестор – МЖӘ объектісін салу құнынан ___ %-дан төмен емес деңгейге дейінгі жобалық компанияның капиталдандырылуын қамтамасыз етеді;

Капитал нарығы – Жекеше әріптес тартатын кредиттік келісім негізінде жобаны іске асыру үшін МЖӘ объектісін салу құнынан ___% мөлшерінде ақша қаражаттарын беретін (қарыз тарту Үлгілік шарттары, негізгі соманы және несие бойынша пайыздарды төлеу) халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер немесе ұлттық компаниялар;


"Даму" КДҚ" АҚ – Заңнамаға сәйкес құрылыс кезеңінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемені _____ ай ішінде ___% мөлшерінде субсидиялайды;

Бас мердігер – МЖӘ объектісін "толық" салуды қамтамасыз етеді;

Мердігер (жобалаушы) – МЖӘ объектісін салу бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттаманы ұсынады;

Субмердігерлер – Бас мердігердің тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайды.

Инвестициялаудан кейінгі кезеңде МЖӘ жобасын басқару схемасы 2-суретте келтірілген.



**жобаға қатысқан жағдайда көрсетіледі*

2-сурет. Пайдалану кезеңінде МЖӘ жобасын басқарудың ұйымдық схемасы

Мемлекеттік әріптес " _____ " мемлекеттік мекемесі атынан – МЖӘ Үлгілік шартының атқарылуын бақылауды жүзеге асырады (сервистік-дайындау орталығы ғимаратын ұстауды, материалдық қамтамасыз етуді, көрсетілетін қызметтердің сапасын қоса алғанда).

Жекеше әріптес – МЖӘ Үлгілік шартының талаптарына сәйкес қызметтер көрсетеді, сондай-ақ сүт және ет өнімін өткізу және ауыл шаруашылығы өнімдерін ұзақ мерзімді сақтау үшін қойма орындарын жалға беру жолымен жобаның кірісті бөлігін қамтамасыз етеді, ғимартты ағымдық ұстауға жауап береді, қарыз бойынша төлемдерді жүзеге асырады. Ауыл шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алады.

Қаржылық институттар – кредиттік келісім бойынша қарыз қаражаттарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін Жекеше әріптес қызметіне мониторингті жүзеге асырады.

Инвесторлар консорциумы – Жекеше әріптестің компаниясына иелік ететін заңды тұлғалардың бірлестігі (үлестік қатысу жолымен немесе акциялар пакетіне мөлшерлес), оның МЖӘ объектісінің құрылысы құнынан ___% мөлшерден төмен емес деңгейге дейін капиталдандырылуын қамтамасыз етеді.

Қызметтерді тұтынушылар – Жекеше әріптес көрсететін сервистік-дайындау орталығының қызметтерін пайдаланатын халық.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
8-қосымша
Нысан

Құрылыс кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл

шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және сатып өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Құрылыс кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт бойынша болжамды инвестициялар құнының ___ % мөлшерінде негізгі қарыз шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Құрылыс кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) жұмыс күні ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша ___ (жазумен көрсету) жұмыс күні ішінде Құрылыс кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қол ақшасыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Құрылыс кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың "___" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, қабылдау актісін шығарған күннен бастап ___ (жазумен көрсету) күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Үлгілік шартта және заңнамада реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында төлем талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және көрсетілген уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариалды куәландырылған құжаттың түпнұсқасымен ілесе жүруі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
9-қосымша
Нысан

**Ұсынылатын қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану әзірлігі
өлшемшарттарын бұзғаны үшін төлем мөлшері**

1. Есеп

1) Жекеше әріптес ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын (автовокзал қызметтерін көрсету бойынша сапа индикаторының атауына байланысты) Мемлекеттік әріптеске осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес (Ақаулық ұпайлар) кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы ілеспе хатпен есеп жолдауға міндетті.

2) Есеп Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың жеткілікті толық сипаттамасын және бұзушылықты жоюдың тиісті мерзімін қамтуы тиіс.

4) Мемлекеттік әріптес есепті алған күннен бастап ___ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн Жекеше әріптеске Ақаулардың болуын/болмауын растау туралы хабарлама жолдайды. Есептің сенімділігі Мемлекеттік әріптестің өкілі тексереді.

4) Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоюға немесе жол бермеуге міндетті.

5) Есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақаулар жойылмаған немесе жол берілген жағдайда Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есепке жазады және бұл туралы Жекеше әріптесті хабардар етеді.

2. Ақаулық ұпайлар

1) Егер Жекеше әріптес есептің келесі кезеңінің (ай/тоқсан/жыл) қорытындылары бойынша анықталған Ақауларды жоймаса, Мемлекеттік әріптес Ақаулық ұпайларды есепке жазуға құқылы.

2) Елеусіз Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

3) Елеулі Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

4) Қауіпті Ақау анықталған жағдайда, осындай Ақау үшін айыппұл санкцияларының сомасы ___ (жазбаша түрде көрсету) Ақаулық ұпайды құрайды.

Көрсетілетін қызмет сапасының индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Ақпараттың кезеңділігі	Ақпарат көзі	Шекті мәні	Ақаудың мәні
1	2	3	4	5	6
1	Мамандандырылған бағдарламалар бойынша оқытылған персоналдың үлестік салмағы	Жылына __ рет	Кадрлар бөлімінің есебі	Индикатордың мәні __ % кем емес	Елеулі
2	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда негізді шағымдардың жалпы саны	Ай сайын	Жекеше әріптес Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеппен бірге тапсырған тиісті қызметтердің есебі.	Индикатордың мәні нөлге ұмтылады	Елеулі емес
3	Өнімді сақтау, өндіру, тасымалдау және өткізу үшін қажетті ветеринарлық, санитарлық-эпидемиологиялық анықтамалардың болуы	Тоқсан сайын	Әкімшілік мөрі, басшының қолы бар шағымдар кітабы. Беттер нөмірленген және тігілген болуы тиіс.	Индикатордың мәні __ % кем емес	Елеулі

1) Жекеше әріптеске Ақаулық ұпайлардың есептелуін алып келетін бұзушылықтар төмендегі кестеде көрсетілген

Ақаулық ұпайлар

Негіздеме	Ақаулық ұпайлардың саны
Кез келген Ақаудың немесе өзге бұзушылықтың болуы/болмауы туралы есепті тапсырудың мерзімін бұзу	Тапсырылмаған есептің өтіп кеткен мерзімінің әр күні үшін __ Ақаулық ұпай
Мемлекеттік әріптеске немесе Уәкілетті органдарға рұқсат беруден бас тарту	Уәкілетті органдардың өкілдерінің қызметіне рұқсат бермеудің немесе кедергі келтірудің әр күні үшін күніне __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің Мемлекеттік әріптеске анық емес ақпаратты әдейі тапсыруы	Әрбір анықталған анық емес ақпаратты беру жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жекеше әріптестің негізгі қызметі бойынша Тұтынушыға ғимараттың немесе ғимарат бөліктерінің қол жеткізе алмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қызмет көрсетудің басталу күніне дейін 1 ай ішінде штаттық кестеге сәйкес кадрларды уақытында жинақтамау	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Штаттық кестеге сәйкес кәсіби кадр персоналының болмауы	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай

"Ауыл шаруашылығы объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған жағдай үшін __ Ақаулық ұпай
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзу	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Сыртқы және ішкі жарықтандырудың болмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жыл бойы абаттандырудың болмауы және ішкі және сыртқы аумақты (оның ішінде МЖӨ объектісіне іргелес жатқан аумақты) тиісті күйде ұстамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Ағымдағы жөндеуді тиісті мерзімінде орындамау	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтың жұмыс істемейтін жағдайы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай
Жабдықтардың қызмет мерзіміне сәйкес олардың уақытында жаңартылмауы	Әрбір анықталған бұзушылық жағдайы үшін __ Ақаулық ұпай

5) Ақаулық ұпайлардың саны бір бұзушылыққа қатысты төленуі мүмкін ең жоғарғы сан болып табылады.

6) Ақаулық ұпайлар ақы төлеуге арналған есепте тиісті бөлшектерді көрсетумен барлық есептелген Ақаулық ұпайларды қосу жолымен есептелетін болады.

7) 1 (бір) Ақаулық ұпай үшін төлем мөлшері 20__ жылдың бағаларында _____ (жазбаша түрде көрсету) теңгені құрайды.

8) Ақаулық ұпайлар үшін ақы төлеу мөлшері инфляцияның жылдық ____% мөлшерлемесіне индекстеледі.

9) Уақытында төлемегені үшін Ақаулық ұпайлар және айыппұлдар мөлшері Пайдалану кепілдігінен ұсталады;

10) Жекеше әріптес Пайдалану кепілдігінен ұстаған кезде ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде Пайдалану кепілдігін тиісті сомаға толтыруға міндетті;

11) Жекеше әріптес Ақаулық ұпайлардың есептелуі туралы хабарламаны немесе ақы төлеу мөлшерін немесе тиісті Ақаулық ұпайлардың санын осындай хабарлама алғаннан кейін ____ (жазумен көрсету) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске дәлелді наразылық жолдап даулай алады.

12) Егер Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес, Жекеше әріптес тарапынан осындай наразылық болған күннен бастап ____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде кез келген осындай мәселе бойынша мәмілеге келе алмаса , тараптардың кез келгені дауларды шешу тәртібін пайдалана алады.

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)
МЖӘ Үлгілік шартына
10-қосымша
Нысан

Пайдалану кепілдігі

(елді мекеннің атауын және орналасқан жерін "___" _____ 20__ ж.
көрсету)

Кепіл: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (ұйымды көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Жекеше әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ (атауын көрсету), заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес: _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін " _____ " мемлекеттік мекемесі, заңды мекен-жайы: _____, банктік деректемелері: _____,

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында 20__ жылдың "___" _____ " _____ (елді мекеннің атауын және орналасқан жерін көрсету) ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау, өңдеу, сақтау және сатып өткізу бойынша сервистік-дайындау орталығын салу және пайдалану" жобасы бойынша барлық өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, _____ (жазумен көрсету) теңге сомасына 20__ жылдың "___" _____ дейінгі мерзімге жасалған № _____ Үлгілік шартты (бұдан әрі – Үлгілік шарт);

Кепіл мен Жекеше әріптес арасында Пайдалану кепілдігін беру туралы 20__ жылдың "___" _____ жасалған Үлгілік шартты

назарға ала отырып:

1. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл өзіне Мемлекеттік әріптеске, оның Үлгілік шарт шеңберіндегі МЖӘ объектісі құнынан ___ % мөлшерінде негізгі борыш шегінде кез келген соманы толық көлемде бірінші жазбаша талап етуі бойынша төлеу жөніндегі кері қайтарылмайтын және шартсыз міндеттемені қабылдайды.

2. Мемлекеттік әріптестің Пайдалану кепілдігі бойынша талаптары Кепілге Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптес алдында Үлгілік шарт бойынша

міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған сәттен бастап _____ (жазбаша түрде көрсету) күнтізбелік күн ішінде қойылады.

3. Мемлекеттік әріптеске төлем Мемлекеттік әріптестің жазбаша талап етуі бойынша күнтізбелік ____ (жазбаша түрде көрсету) күн ішінде Пайдалану кепілдігінде көрсетілген Мемлекеттік әріптестің шотына қолма-қолсыз аударыммен жүзеге асырылатын болады.

4. Пайдалану кепілдігі Мемлекеттік әріптестің жазбаша акцептінің сәтінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "____" _____ дейін әрекет етеді және қандай күннің ерте келуіне байланысты, пайдаланудың аяқталу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнге тең кезең өткеннен кейін немесе Үлгілік шартты бұзу күні бітеді.

5. Осы кепілдікті міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Үлгілік шартта және заңнамада реттеледі.

6. Түпнұсқалылығын анықтау мақсатында ақы төлеу талабына Мемлекеттік әріптестің уәкілетті тұлғасы қол қоюы және аталған уәкілетті тұлғаның қолының үлгісі бар нотариат куәландырған құжаттың түпнұсқасы қоса берілуі тиіс.

Уәкілетті тұлғаның қолы және Кепілдің мөрі

Тараптардың қолдары

Кепілдің атынан

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)

МЖӨ Үлгілік шартына

11-қосымша

Нысан

Төлемдер кестесі

Мемлекеттік әріптес МЖӨ объектісі пайдалануға енгізілгеннен кейін Мемлекеттік әріптес инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, МЖӨ объектісін басқару үшін сыйақыны (қажетін көрсету) мынадай тәртіпте төлейді:

Жылдар	_____ (қажеттісін көрсету), теңге
20__	
20__	
20__	

...	
N ____	
Барлығы	

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

Ауыл шаруашылығы саласындағы
(сервистік-дайындау орталығы)

МЖӘ Үлгілік шартына

12-қосымша

Нысан

Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу

Тәуекелдің атауы	Тәуекелді бөлу		Төмендету бойынша шаралар
	Мемлекеттік әріптес	Жекеше әріптес	
Дайындық кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғанға дейін Мемлекеттік әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзу	•		Жекеше әріптес МЖӘ Үлгілік шартының талаптарын адал сақтауы тиіс.
Құрылыс жұмысы басталғанға дейін Жекеше әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзу		•	Мемлекеттік әріптес: 1) проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) МЖӘ жобасына қатысты толық ақпаратты және материалдарды ұсынуы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
МЖӘ объектісін салу үшін қаржы қаражаттарын тартпау немесе уақтылы тартпау		•	Жекеше әріптес банкпен жобаны іске асыру үшін қаржыландыру беру мүмкіндігі туралы келісім жасауы қажет.
Техникалық тәуекел			
МЖӘ объектісінің құрылыс аймағында инженерлік	•		Мемлекеттік әріптес МЖӘ объектісінің құрылысы үшін бюджеттік қаражаттардың бөлінуін

коммуникацияларды уақтылы жүргізбеу			және барлық инженерлік коммуникациялардың жүргізілуін уақтылы қамтамасыз етуі тиіс
Жекеше әріптестің Жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оған кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу мерзімдерін сақтамау		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің Жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында тапсыруына бақылау жүргізуі тиіс. Жекеше әріптес Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және сараптама кезінде сүйемелдеу мақсатында тартылған мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыс барысын уақтылы бақылап отыруы тиіс.
МЖӨ объектісінің құрылысына рұқсат және өзге де құжаттарды уақтылы алмау		•	Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске МЖӨ объектісінің құрылысына барлық рұқсат құжаттарын тезірек алу үшін жәрдемдесуі тиіс. Жекеше әріптес рұқсат құжаттарын алу үшін тиісті мемлекеттік орган талап ететін құжаттамалар топтамасымен алдын ала танысуы тиіс.
Құрылыс кезеңі			
Заңды тәуекел			
Құрылыс жұмыстары басталғаннан кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасы бойынша Үлгілік шартты бұзуы	•	•	Тараптар: 1) туындаған проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды адал сақтауы тиіс.
Қаржылық тәуекел			
			Жекеше әріптестің тиісті нарықтардағы бағалар

Құрылыс құнының ұлғаюы (құрылыс материалдарына, тасымалдауға, жабдықтарға және т.б. бағалардың артуы)

конъюнктурасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, өзінің ақша ағындарын, сонымен қатар қажетті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жеткізілуін жоспарлауы.

Жұмыстардың/ қызметтерді көрсетуге және тауарларды (құрылыс материалдарын) жеткізуге алдын ала Үлгілік шарттар жасау, оның ішінде аванс төлемінің үлесі жоғары емес (жұмыстардың/ қызметтердің/ тауарлардың құнынан 30%-ға дейін) орындалған жұмыстар/ қызметтер/ тауарлар жеткізу фактісі бойынша есептесуді көздейтін төлем схемасын пысықтау.

Құрылыста тәжірибесі, оң имиджі бар, білікті кадрлары және қажетті техникалық құрал-жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту.

Құрылыс кестесін сақтау, тауарларға/жұмыстарға/ көрсетілетін қызметтерге уақтылы ақы төлеу.

Жекеше әріптес тарапынан құрылыс барысы мен сапасына уақтылы бақылауды қамтамасыз ету.

Құрылыс-мердігерлік келісімшартын тиісінше орындауды сақтандыру, шикізаттар мен материалдарды жеткізуді қоса алғанда бекітілген бағалармен келісім Үлгілік шарттар жасау сияқты құралдарды қолдану.

			Жекеше әріптес атынан жұмыс сапасын бақылау үшін тәуелсіз инженерді тарту. Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.
С а л ы қ т ы қ мөлшерлемелердің ұлғаюы		•	Жекеше әріптес күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құруды көздеуі тиіс.
Жекеше әріптестің н е м е с е субмердігерлердің банкротқа ұшырауы		•	Жекеше әріптес компаниясының банкроттық тәуекелдерін төмендету мақсатында бизнесті сақтандыруды және арнайы резервтік қорларды құруды қолдануы қажет.
Шарт жасасқаннан кейін қарыздың пайыздық мөлшерлеменің өсуі		•	Жекеше әріптестің қаржылық ұйыммен қолайлы жағдайларда, оның ішінде белгіленген п а й ы з д ы қ мөлшерлемелері бар қарыз шартын жасасу.
МЖӨ объектісіне залал келтірілген жағдайда сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуінің мүмкін болмауы		•	Залалдар сақтандыруға жатпаған қауіпке негізделуі мүмкін, осылайша Жекеше әріптес барлық қажетті тәуекелдерді жабатын полистің Үлгілік шарттарымен мұқият танысуы тиіс. Жекеше әріптес МЖӨ жобасының іске асырылуының барлық мерзіміне сақтандыру туралы шарт жасасуы қажет.
Инфляцияның өсуі		•	Жекеше әріптес тарапынан: 1) күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру;

		3) кезең шығыстарын оңтайландыру.
Техникалық тәуекел		
Мердігердің жұмыстарды уақытында орындамауына байланысты құрылыс мерзімдерін ұзарту	•	<p>Оң имиджі, құрылыс жұмыстарында тәжірибесі бар, білікті кадрлары мен қажетті техникалық жабдықтары бар құрылыс компаниясын тарту. Мердігерлермен/ субмердігерлермен Үлгілік шарттың талаптарын тиянақты пысықтау.</p> <p>А й ы п п ұ л санкцияларының қолданылуын және МЖӘ объектісінің құрылысы б о й ы н ш а міндеттемелердің орындалуының қамтамасыз етілуін көздеу.</p> <p>Құрылыс барысы мен сапасын және кестесін уақтылы бақылауды ұйымдастыру.</p> <p>Құрылыстың ауқымын, құрылыс кестесінің сақталуын ескере отырып , жобалық жұмыстарды тиянақты пысықтау.</p> <p>Сақтау орындарында, оның ішінде күзет ұйымдарымен шарт жасасу арқылы тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.</p>
Мемлекеттік әріптестің Жер учаскесін уақтылы бермеуіне байланысты құрылыс мерзімдерін ұзарту	•	Жер учаскесінің уақтылы бөлінуін және оны пайдалану құқықтарының тиісінше рәсімделуін қамтамасыз ету.
		Жабдықтарды жеткізу шартында жеткізуші сапасыз жабдықтарды және/немесе құрылыс материалдарын ауыстыруы не өз есебінен

Сапасыз жабдықтардың және/немесе құрылыс материалдарының жеткізілуі		•	жөндеуі тиіс кепілдік кезеңін көздеу қажет. Қабылдау-беру және жабдықты орнату актісіне қол қойғаннан кейін ғана төлем бөлігіне ақы төленуін көздеу. Жабдықты жеткізу кезінде оның паспортына сәйкестігін тексеру.
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз құрылыс барысында өрттің туындауы		•	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауы; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін, жабдықтарды және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Экологиялық тәуекел			
Материалдар мен жабдықтардың экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		•	Рұқсат етілген, жол берілген, сертификатталған, стандартталған материалдар мен жабдықтарды пайдалану және/немесе қолдану. Жекеше әріптестің немесе қосалқы мердігердің МЖӨ объектісінің құрылыс ерекшелігін ескере отырып, құрылысқа арналған материалдарды сатып алуы.
Апаттық тәуекелі			
Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны,			Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.

<p>көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӘ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Операциялық тәуекел</p>			
<p>Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік қақтығыс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, шерулер және т.б.)</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңбек заңнамасын қатаң сақтау, жұмыскерлердің кәсіпкерлер одағын құру</p>
<p>Әлеуметтік-саяси тәуекел</p>			
<p>Террористік актінің, төңкерістің, бүліктің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p>
<p>Әскери іс-қимылдардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>•</p>
<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала қамдаған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>•</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Пайдалану кезеңі</p>			

Заңды тәуекел

<p>Қызмет көрсетудің басталу күнінен кейін Мемлекеттік/Жекеше әріптестің бастамасымен Үлгілік шартты бұзу</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Тараптар: 1) туындаған проблемаларды шешу бойынша кездесулер өткізуі; 2) қандай да бір ақпаратты беру барысында қате ақпаратты жоюы; 3) Үлгілік шартқа және Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық талаптарды адал сақтауы тиіс.</p>
---	----------	----------	---

Қаржылық тәуекел

<p>С а л ы қ т ы қ мөлшерлемелердің ұлғаюы</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құруды көздеуі тиіс.</p>
<p>Инфляцияның өсуі</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес тарапынан: 1) күтілмеген шығыстарды жабу үшін резерв құру; 2) аталған тәуекелді сақтандыру; 3) кезеңнің шығыстарын оңтайландыру.</p>

Коммерциялық тәуекел

<p>Қызметке сұраныстың/тұтынудың төмендеуі/болмауы</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптестің Қызметтерді сапалы көрсетуі</p>
<p>Халықтың төлемге қабілеттілігінің төмендігі</p>		<p>•</p>	<p>Жекеше әріптес қызметтерге ақы төлеуге жеке тәсіл көздеуі қажет.</p>
<p>Өткізу көлемінің төмен болу тәуекелі</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Кадрлар біліктілігін арттыру, тұтынушыларға қызмет көрсету мәдениетінің деңгейін жоғарылату</p>
<p>Кірістерді алудың кешігу тәуекелі</p>		<p>•</p>	<p>МЖӨ Үлгілік шартында кірістерді уактылы алу жөніндегі нормалары бар тармақтарды көздеу</p>

Техникалық тәуекел

			<p>Ғимаратты, оның ішінде ғимараттың жекелеген конструктивтік</p>
--	--	--	---

МЖӘ объектісіне сапасыз техникалық қызмет көрсету		●	элементтерін, материалдарды және инженерлік жабдықты, энергетика, сумен жабдықтау және су бұру, байланыс және т.б. жүйелерді жарамды күйде ұстау. Ғимарат бойынша қосалқы жұмыстарды, оның ішінде үй-жайларды жинау мен тазалауды ұйымдастыру
Үшінші тұлғалардың қатысуымен немесе қатысуынсыз пайдалану барысында өрттің туындауы		●	Жекеше әріптес: 1) өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтау; 2) жұмысшыларға техника қауіпсіздігі қағидалары бойынша нұсқаулық жүргізуі; 3) мүлікті, салынып жатқан МЖӘ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.
Операциялық тәуекел			
Жекеше әріптес персоналының тарапынан өндірістік қақтығыс (Еңбек заңнамасын бұзу, жаппай жұмыстан шығару, митингтер және т.б.)		●	Еңбек заңнамасын қатаң сақтау
Жекеше әріптес персоналының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі		●	Жекеше әріптес персоналының жыл сайынғы біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету
Әлеуметтік-саяси тәуекел			
Террористік актінің, төңкерістің, бүліктің туындауы	●	●	Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс
Әскери іс-қимылдардың туындауы	●	●	.

<p>Жекеше әріптестің персоналы болып табылмайтын тұлғалар алдын ала қамдаған тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>
<p>Апаттық тәуекелі</p>			
<p>Табиғи апаттар мен қиратушы құбылыстар, оның ішінде жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, көшкіндер, техногендік және экологиялық апаттар, катаклизмдер, өрт, індет, сондай-ақ МЖӨ объектісін қауіпсіз пайдаланудың мүмкін еместігіне алып келетін қолайсыз климаттық жағдайлардың туындауы</p>	<p>•</p>	<p>•</p>	<p>Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) әсеріне ұшыраған Тарап мұндай мән-жайда туындаған жағдайды түзету үшін барлық саналы күшін салуы және оның салдарларын азайтуы тиіс.</p> <p>Әр Тарап Үлгілік шартты орындау барысында, кез келген уақытта Еңсерілмейтін күш мән-жайының (форс-мажор) орын алуымен туындаған кез келген кідірістерді азайту үшін, кез келген мүмкіндікті пайдалануға міндетті.</p> <p>Жекеше әріптес мүлікті, салынып жатқан МЖӨ объектісін және құрылыс материалдарын сақтандыруы тиіс.</p>

Тараптардың қолдары

Мемлекеттік әріптестің атынан

Жекеше әріптестің атынан

